Векторлардың айырмасының ережесі бойынша $\overline{BD} = \frac{1}{2}\bar{a} - \bar{b}$ болады.

CM түзуі BD медианаға перпендикуляр болғандықтан, \overline{CM} және \overline{BD} векторларының скаляр көбейтіндісі 0-ге тең, яғни

$$\overline{CM} \cdot \overline{BD} = 0 \quad \text{немесе} \quad \left(\frac{\bar{a} + \lambda \bar{b}}{1 + \lambda}\right) \cdot \left(\frac{1}{2}\bar{a} - \bar{b}\right) = 0 \quad (1)$$

тең болады.

Бізде \bar{a} мен \bar{b} перпендикуляр болғандықтан, олардың скаляр көбейтіндісі нөлге тең: $\bar{a}(1; 0), \bar{b}(0; 1)$ екенін ескерсек, $\bar{a}^2 = \bar{b}^2 = 1$ болады. (1) теңдікті түрлендірейік.

$$\left(\frac{\bar{a} + \lambda \bar{b}}{1 + \lambda}\right) \cdot \left(\frac{\bar{a} - 2\bar{b}}{2}\right) = 0; \quad \frac{(\bar{a} + \lambda \bar{b}) \cdot (\bar{a} - 2\bar{b})}{2(1 + \lambda)} = 0,$$

бұдан $(\bar{a} + \lambda \bar{b})(\bar{a} - 2\bar{b}) = 0$, $\bar{a}^2 - 2\bar{a}\bar{b} + \lambda \bar{a}\bar{b} - 2\lambda \bar{b}^2 = 0$.

$$\bar{a} \cdot \bar{b} = 0 \quad \text{және} \quad \bar{a}^2 = \bar{b}^2 = 1$$

екенін ескерсек, $\lambda = \frac{1}{2}$ тең болады.

3 – тәсіл. $\angle ACM = \alpha$ деп белгілейміз. Есептің шартында тең бүйірлі тікбұрышты үшбұрыш берілгендіктен, $\angle A = \angle B = 45^\circ$. ACM және BCM үшбұрыштарына синустар теоремасын қолданамыз. Сонда мынаны аламыз:

$$\frac{AM}{\sin \alpha} = \frac{CM}{\sin 45^\circ}; \quad \frac{BM}{\sin(90^\circ - \alpha)} = \frac{CM}{\sin 45^\circ} = \frac{\cos \alpha}{\sin 45^\circ}.$$

$$\frac{AM}{CM} = \frac{BM}{CM}; \quad \frac{\sin \alpha}{\sin 45^\circ} = \frac{\cos \alpha}{\sin 45^\circ}. \text{ Осыдан, } \frac{AM}{BM} = \frac{\sin \alpha}{\cos \alpha}$$

Есептің шарты бойынша $\angle ACM$ және $\angle CBD$ тең. Онда $\triangle BCD$ – дан: $\frac{CD}{\sin \alpha} = \frac{BC}{\sin(90^\circ - \alpha)} = \frac{BC}{\cos \alpha}$; $\frac{CD}{BC} = \frac{\sin \alpha}{\cos \alpha} = \frac{AM}{BM}$. Есептің шарты бойынша $\frac{CD}{BC} = \frac{1}{2}$ екені белгілі. Демек, $\frac{AM}{MB} = \frac{1}{2}$.

Сонымен, берілген есепті координата әдісі, вектор әдісі және тригонометрия көмегі арқылы шешу еш қиындық туғызбайды, оқушының білімін жетілдіруге үлкен ықпал етеді.


Мысал-2. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың биіктігі оның ұзындығы a болатын табан қабырғасына тең. Табан қабырғасы арқылы өтетін, оған қарсы жатқан қырына перпендикуляр қиманың ауданын табу керек. [3]

Шешуі:

1-тәсіл: NH – $NABC$ пирамидасының биіктігі және BCL пирамиданың AN қырына перпендикуляр қима.

Пирамида дұрыс болғандықтан H нүктесі дұрыс ABC үшбұрышының центрі AN кесінділерінің ұзындығын есептеу қажет. (2-сурет)

ABC – дұрыс үшбұрыш және $AB = a$, бұдан:



2-сурет

$$AK = \frac{\sqrt{3}}{2}a, \quad AN = \frac{2}{3}AK = \frac{2}{3} \cdot \frac{\sqrt{3}}{2}a = \frac{\sqrt{3}}{3}a,$$

$AN = \frac{\sqrt{3}}{3}a$ біз оны үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің радиусы деп айта аламыз.

$$\text{АНН үшбұрышынан } AN = \sqrt{a^2 + \frac{a^2}{3}} = \frac{2}{\sqrt{3}}a,$$

$$AN = \frac{2}{\sqrt{3}}a.$$

Содан, AKN үшбұрышының ауданын екі түрлі әдіспен өрнектеп, бір-бірімен теңестіреміз:

$$\frac{1}{2}AN \cdot KL = \frac{1}{2}AK \cdot NH, \quad \text{бұдан} \quad KL = \frac{AK \cdot NH}{AN}$$

болады.

Шыққан мәндерді орнына қойып, $KL = \left(\frac{\sqrt{3}}{2}a \cdot a\right) : \frac{2}{\sqrt{3}}a = \frac{3}{4}a$ мәнін аламыз.

Демек, BCL үшбұрышының ауданы $S = \frac{1}{2}KL \cdot BC = \frac{1}{2} \cdot \frac{3}{4}a \cdot a = \frac{3}{8}a^2$, сонымен берілген қиманың ауданы $S = \frac{3}{8}a^2$.

Бұл есепті шешуде біз кезеңдеп есептеу немесе тікелей есептеу әдісін қолдандық. Ол алгебралық әдістің бір түрі болып саналады. Кезеңдеп есептеуде аралық өлшемдер есептеледі, олардың көмегімен берілген шамалар бастапқы өлшемдермен байланысады.

Есеп шығарылғаннан кейін, шешімнің дұрыстығына көз жеткізіп, есептің шешіміне әкелетін басқа қысқа жолды табуға тырысу қажет.

2-тәсіл: Берілген шешімге қарап, BCL үшбұрышының KL биіктігін басқа жолмен есептеуге болатынын байқауға болады. KL тікбұрышты AKL үшбұрышының катеті, гипотенузасы $AK = \frac{a\sqrt{3}}{2}$, бұдан AN бүйір қыры мен табан арасындағы бұрыш α – ны табуға болады. Демек, мынадай шешімге келеміз:

АНН үшбұрышынан $\operatorname{tg}\alpha = \frac{NH}{AH}$, бұдан $NH = a$ және $AH = \frac{a}{\sqrt{3}}$ болғандықтан, $\operatorname{tg}\alpha = a : \frac{a}{\sqrt{3}} = \sqrt{3}$ және $\alpha = 60^\circ$.

AKL үшбұрышынан $KL = AK \sin 60^\circ = \frac{a\sqrt{3}}{2} \cdot \frac{\sqrt{3}}{2} = \frac{3}{4}a$. Бұдан $S = \frac{3}{8}a^2$.

Есепті екінші тәсілмен шығарғанда, біз дұрыс үшбұрышты пирамиданың мынандай қасиетін білдік: егер оның биіктігі табан қабырғасына тең болса, онда бүйір қыры табан жазықтығымен $\alpha = 60^\circ$ бұрыш жасайды.

3-тәсіл: Бұл есептің шешуін ортогональ проекция әдісін қолдану арқылы тағы біраз жеңілдетуге болады. BCL үшбұрышы ABC үшбұрышының BCL жазықтығына ортогональ проекциясы екенін ескеріп, $S = S_{ABC} \cdot \cos \beta$ формуласын пайдаланамыз.

BCL және ABC жазықтықтарының арасындағы екі жақты бұрыштың сызықтық бұрышы $\beta = \angle AKL$. Сонда $S_{ABC} = \frac{a^2\sqrt{3}}{4}$ және $\beta = 30^\circ$ болғандықтан, $S = \frac{a^2\sqrt{3}}{4} \cdot \cos 30^\circ = \frac{a^2\sqrt{3}}{4} \cdot \frac{\sqrt{3}}{2} = \frac{3}{8}a^2$. $S = \frac{3}{8}a^2$ болады.

Есепті үшінші тәсілмен шығарғанда, біз көпбұрыштың жазықтыққа ортогональ проекциясының ауданы жайлы теореманы қолдандық:

$S_{пр} = S \cdot \cos \varphi$, мұндағы, S – берілген көпбұрыштың ауданы, $S_{пр}$ – жазықтыққа түсірілген проекцияның ауданы, φ – берілген көпбұрыш пен оның проекциясының арасындағы бұрыш. Бұл теореманы мектеп курсына пайдаланбағанмен, оның дәлелдеуін геометрия оқулықтары мен оқу құралдарынан табуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Готман Э.Г. Задачи по планиметрии и методы их решения. - Москва «Просвещение», 1996.
2. «Инновации в науке»: материалы XVIII международной заочной научно-практической конференции. Часть I. (25 марта 2013 г.); Новосибирск: Изд. «СибАК», 2013. — 148 с.
3. Готман Э.Г. Стереометрические задачи и методы их решения. — М.: МЦНМО, 2006. — 160 с.: ил.

УДК: 372.878.

Ж.Н. Айтжанова¹, Г.А. Нугуманова²

¹Государственный университет имени Шакарима
Казахстан, г. Семей

²Детская музыкальная школа №2 города Семей

ПЕРСПЕКТИВЫ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РАЗВИТИИ И ФОРМИРОВАНИИ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ

Дополнительное образование в Казахстане - это сфера, объективно объединяющая в единый процесс воспитание, обучение и развитие, которая располагает богатыми социально-педагогическими возможностями по развитию творческих способностей и реализации интересов детей.

О важности и роли дополнительного образования посвящены диссертационные работы таких российских ученых как В.А. Березиной [1], А.В.Скачкова [2], А.И. Щетинской [3] и др. Проблемам становления и развития дополнительного образования детей в Республике Казахстан посвящены работы таких ученых как Л.А. Дорожкина [4], Н.Д. Жамадиллов [5], В.И. Загайнова [6] и др. Термин «дополнительное образование» очень известен и довольно широко распространен. Однако его практическое использование и законодательное оформление отличаются отсутствием четкости и нормативной корректности исходных понятий, которое несомненно, создает сегодня основное проблемное поле системного становления этого типа образования. Дополнительное образование - реально действующая подсистема образования, для которой не закончился процесс ее теоретического осмысления, социально-культурного самоопределения и нормативно-правового утверждения.

Дополнительное образование как понятие появилось с выходом Закона Республики Казахстан «Об образовании» 7 июня 1999 года [7] и продолжает свое эволюционное развитие.

Дополнительное образование имеет большой педагогический потенциал, выступает как мощное средство формирования мотивации развития личности, неисчерпаемые возможности создания ситуации успеха для каждого учащегося, что благотворно сказывается на воспитании и укреплении его личностного достоинства. Дополнительное образование, исходя из своего своеобразия, стремится к органичному сочетанию видов организации досуга с различными формами образовательной деятельности.

В отличие от общего образования, система дополнительного образования является открытой социально-педагогической системой, не имеющей определенных стандартов, которая развивается по пути свободного и творческого воплощения в педагогическую практику учреждения идей гуманизма и демократии. Занятие в учреждениях дополнительного образования обладает такими особенностями как: оно менее регламентированное, более гибкое, свободное по составу субъектов, по чередованию форм работы, насыщению разными видами деятельности; в отличие от школьного урока, основанного на стандартизованном программном материале, оно носит элемент опережения; имеет другую систему оценивания результатов деятельности обучающихся. Таким образом, занятия в учреждениях дополнительного образования направлены на развитие творческого потенциала обучающихся.

Трудно представить нам жизнь без творчества. Творчество – синоним оригинального склада мышления, то есть способность постоянно ломать привычные рамки.

Педагог дополнительного образования на занятиях осуществляет целостный образовательный процесс, где реальной становится задача всестороннего развития способностей. Но это не означает, что можно ожидать одинакового высокого развития одних и тех же способностей у всех детей, так как все дети индивидуальны. Например, занятия в Детской музыкальной школе по классу гитары выполняют несколько важных функций: с одной стороны они являются носителем духовной культуры, а с другой эффективно развивают творческое воображение, эстетический вкус, эмоциональную сферу, пространственное мышление, художественные потребности, творческие способности.

Развивать ребенка возможно только через деятельность. Ведь именно в процессе творческой деятельности ребенок совершенствует свои способности. На занятиях в детской музыкальной школе обучающиеся получают хорошие практические и теоретические знания. Полученную информацию и практический опыт дети используют в дальнейшем в процессе обучения в школе, гимназии.

Особое значение творческая деятельность имеет для одаренных и талантливых детей. Одаренность и талант тесно связаны с опережающим развитием. Такие дети отличаются более высокими результатами по сравнению со своими сверстниками. И достигают этих результатов гораздо легче. Поэтому в практической творческой деятельности одаренным детям нужно давать усложненные задания и увеличивать объем работы. Как правило, работы именно таких детей жюри отмечает на различных конкурсах, подчеркивая индивидуальность работы. Педагог в своей деятельности должен учитывать возможности каждого обучающегося и находить к каждому ребенку индивидуальный подход.

Не многие дети отличаются ярко выраженной талантливостью и одаренностью. Поэтому главная задача педагога выявить скрытые талантливые личности и дать им возможность дальнейшего развития. Это можно сделать с помощью разных диагностических методик: наблюдение, эксперимент, тест, творческое задание.

В процессе музыкального творчества происходит более полное познание учеником самого себя, своих способностей, формируются навыки невербального, чувственного контакта с окружающим миром. Выполняя творческие задания, юные музыканты имеют возможность выразить себя, свое непосредственное эмоциональное состояние при помощи инструментальной, вокальной, ритмической или двигательной импровизации. Например, это может быть мелодизация собственных имен, эмоционально окрашенных состояний («Какая удача, какая радость!», «Мне так спокойно и хорошо»), мелодизация образов животных, природных явлений (сыграй на открытых струнах как ходит медведь, как капает дождик, как светит солнце).

Очень плодотворна для развития креативного мышления такая форма работы как ансамблевомузыкальное исполнение. Ученик под аккомпанемент учителя исполняет самые простые мелодии, учится слушать обе партии, развивает свой гармонический, мелодический слух, чувство ритма. Творческая деятельность способствует более оптимальному и интенсивному развитию высших психических функций, таких, как память, мышление, восприятие, внимание. Они, в свою очередь,

определяет успешность учебы ребенка, уровень овладения знаниями, умениями и навыками на школьных уроках.

Правильный выбор методов обучения способствует развитию творческих способностей обучающихся. Одним из таких методов является частично-поисковый или эвристический - это импровизационный метод, где ребята на заданную тему могут создавать выразительный образ. Занятия импровизацией знакомой мелодии способствуют развитию у детей творческого воображения. Сам процесс игры на музыкальном инструменте, в данном случае гитары, способствует воплощению замыслов ребенка, созданию образов и развитию воображения.

В условиях творческих объединений обучающиеся обнаруживают более благоприятную динамику показателей развития креативности, личностных качеств и достижений в интеллектуальных и творческих видах деятельности по сравнению со сверстниками, учащимися в общеобразовательных школах. Интеграция основного и дополнительного образования создаёт необходимые условия для развития и воспитания подрастающего поколения, помогая ему тем самым раскрыть свой индивидуально - творческий потенциал.

Список литературы:

1. Березина В.А. Дополнительное образование детей как средство их творческого развития: Дис. ... канд. пед. наук. - Москва, 1998. – 147 с.
2. Скачков А.В. Дополнительное образование как социально-педагогическая проблема: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. - Ростов н/Д, 1996. – 24 с.
3. Щетинская А.И. Развитие творческого потенциала педагога в условиях совершенствования дополнительного образования детей: Автореф. дис. ... д-ра пед. наук. – Казань, 1999. – 34 с.
4. Дорожкина Л.А. Сущность внешкольного воспитания // Менеджмент в образовании. – 2003. - № 4. - С. 18-30.
5. Закон Республики Казахстан «Об образовании»://«Казахстанская правда, 15 августа 2007. – С. 9-11.
6. Жамадилов Н.Д. Позаботимся о нашей опоре и надежде. – А.: Современное столичное образование. – 2004. - №3. – С.25-29.
7. Закон Республики Казахстан «Об образовании»:// «Казахстанская правда, 15 августа 2007. – С. 9-11.

УДК: 159.2

А.А. Акылханова, О.Г. Беленко

Государственный университет имени Шакарима города Семей
Казахстан, г. Семей

ОСОБЕННОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ПРЕДПОЧТЕНИЙ ПОДРОСТКОВ С РАЗЛИЧНЫМИ АКЦЕНТУАЦИЯМИ ХАРАКТЕРА

Существенные изменения социально-политических и экономических условий жизни нашего общества, развитие рыночных отношений оказали большое влияние на преобразование современной общеобразовательной школы. Назрела необходимость создать такую систему образования, в центре которой было бы решение задачи расширения возможностей компетентного выбора каждой личностью своего жизненного трудового пути.

Для выпускника школы очень важно сознание того, что стать успешным человеком в условиях рынка сможет тот, кто имеет хорошую профессиональную подготовку, владеет умениями и навыками общения, обладает способностью адаптироваться к новым условиям труда, быть конкурентоспособным, мобильным. Наиболее перспективным направлением для современной школы может стать профильное дифференцированное обучение, которое требует организации профориентационной работы, ориентированной на учет индивидуальных особенностей школьника. Оно способно повысить эффективность профессионального самоопределения, сделать его более адекватным особенностям личности, может обеспечить здоровье учеников ценой наименьшего напряжения их в ходе обучения.

В процессе личностно ориентированного образования и профессионального самоопределения становится наиболее значимой диагностика. Она используется для оценки возможностей ученика, для решения пригодности какой-либо образовательной программы, для нацеливания обучения на

поддержку и развитие самых разных возможностей ученика через процесс его сотрудничества со взрослыми и сверстниками.

Одной из важных целей образования является идея самореализации, жизненного трудового самоопределения, но, к сожалению, воплощение этой идеи либо находится в сильной зависимости от мастерства педагога, либо вообще не обеспечено эффективными психолого-педагогическими методиками и технологиями, тем более профориентационного плана, которые бы позволили говорить о практическом решении проблемы профессионального самоопределения подростков. Поиски новых методов и форм активизации профессионального самоопределения учащихся имеют важное значение для теории и практики обучения и воспитания. Нужно признать, что труд, профессиональная деятельность из личностно значимых все более превращаются в средство построения успеха, то есть становится чем-то внешним по отношению к внутреннему миру, к душе самоопределяющегося школьника [1].

Фундаментальные вопросы профессиональной ориентации и профессиональной подготовки учащихся получили обоснование в трудах П.Р. Атутова, С.Я. Батышева, В.А. Полякова, А.Д. Сазонова, М.Н. Скаткина, Н.Н. Чистякова, С.Н. Чистяковой и др. Методологические проблемы профориентации освещены в трудах А.В. Ботяковой, А.Е. Голомштока, Л.А. Йовайши, Е.А. Климова, П.А. Шахира и др.

Проблемы формирования у школьников профессиональных интересов и намерений, мотивов выбора профессии нашли отражение в работах М.А. Весны, В.Д. Витиньиной, А.Л. Михашенко, М.В. Ретивых, В.Л. Савиных, Б.А. Федоришина и ряда других. Мы опирались в ходе изучения этих трудов на вопросы взаимосвязи психофизиологических особенностей и желаний человека в решении проблемы профпригодности.

В настоящее время многие подростки 14-17 лет уже делают свой первый профессиональный выбор, от которого может зависеть последующее их отношение к труду.

Актуальность данной статьи в том, что этот выбор приходится на один из самых сложных социально-биологических периодов в жизни человека. Выбор связан со сменой социальных ролей, с переходом от одной системы зависимостей, связанной с детским возрастом, к другой, отчасти характеризующей уже взрослого человека, с необходимостью прогноза соответствия собственных возможностей требованиям выбранной профессии, с пубертатными сдвигами и т.д. Все эти факторы предъявляют особые требования к механизмам адаптации личности для обеспечения возможности успешно справляться с вызванными таким образом «психическими перегрузками».

В теоретическом аспекте проблема профессионального самоопределения - это одна из ключевых проблем психологии профессионального становления личности, в которой профессиональное самоопределение рассматривается, с одной стороны, как наиболее значимый компонент профессионального развития человека, с другой - как критерий одного из этапов этого процесса. Само профессиональное становление личности, в свою очередь, является составной частью общего ее развития, и др. Оно проходит в своем развитии четыре основные стадии: формирование профессиональных намерений, профессиональное обучение, профессиональную адаптацию и частичную или полную реализацию личности в профессиональном труде. В соответствии с этими стадиями выделяются уровни профессионального самоопределения. В последние 20 лет в исследованиях профессионального самоопределения в нашей стране можно условно выделить два основных направления. Первое направление связано в основном с исследованием возрастных особенностей развития школьников. Эти исследования сводят данную проблему к анализу подготовки выпускников школы к выбору профессии и самого акта выбора. С одной стороны, процесс профессионального самоопределения весьма длителен и не завершается выбором профессии. Вопрос о выборе профессии или об уточнении этого выбора может возникать в течение всей жизни человека [2].

С другой стороны, результаты экспериментальных исследований показывают, что многие выпускники средней школы выбирают профессию без достаточного основания, затрудняясь мотивировать свой выбор. Этот выбор в подростковом возрасте может быть осуществлен под влиянием случайно возникшего интереса или внешних обстоятельств, под влиянием родителей и, что весьма часто встречается, может являться актом подражания сверстникам. Даже в том случае, если выбор профессии мотивирован, успешность профессионального самоопределения не может быть до конца гарантирована. Формирование устойчивого положительного отношения к профессии - и это надо особо подчеркнуть - происходит только в ходе самой профессиональной деятельности.

В рамках второго направления в отечественной литературе неоднократно обсуждались результаты экспериментальных исследований зависимости профессионального самоопределения от

таких факторов, как характер взаимоотношений учащихся друг с другом и с преподавателями (на стадии формирования профессиональных намерений), специфика дидактической системы профессионального обучения (на стадии подготовки к избранной профессиональной деятельности), характер требований, предъявляемых к работнику, особенности сферы межличностных отношений на производстве (на стадии вхождения в профессию) [3].

Вместе с тем существует острый недостаток в исследованиях, представляющих целостную картину влияния различных факторов на динамику профессионального самоопределения на всех стадиях профессионального становления личности.

Именно в школьном периоде складываются основные компоненты личностной структуры. Наряду с направленностью происходит интенсивное формирование характера, тесно связанного в это время со становлением субъекта учебно-познавательной деятельности.

Выступая как прижизненное образование человека, характер определяется и формируется в течении всей жизни человека. Образ жизни включает в себя образ мыслей, чувств, побуждений, действий в их единстве. Поэтому по мере того как, как формируется определенный образ жизни человека, формируется и сам человек. Большую роль здесь играют общественные условия и конкретные жизненные обстоятельства, в которых происходит жизненный путь человека, на основе его природных свойств и в результате его деяния и поступков.

Содержание характера, отражающее общественные воздействия, влияния, составляет жизненную направленность личности, т.е. ее материальные и духовные потребности, интересы, убеждения, идеалы и т.д. Направленность личности определяет цели, жизненный план человека, степень его жизненной активности. Характер человека предполагает наличие чего-то значимого для него в мире, в жизни, что-то, от чего зависят мотивы его поступков, цели его действий, задачи, которые он себе ставит [4].

К характеру относятся не все относительно устойчивые свойства личности, которые выделяются и закрепляются в человеке, по мере того как складывается его образ жизни, а только те, которые обуславливают, какие побуждения по преимуществу определяют его действия. В характер включаются только те свойства, которые выражают его направленность.

Не всякое проявление направленности личности, не всякая установка и не всякое побуждение относятся к характеру. К характеру относятся лишь те проявления направленности, которые выражают устойчивые свойства личности и вытекающие из них устойчивые личностные, а не только случайные ситуационные установки. Относительно устойчивые свойства личности, которые определяют ее качественное своеобразие и выражают ее направленность, составляют ее характер. Характер выражается в направленности личности, в тех основных действиях ее установках и тенденциях, которые контролируют и регулируют все направления человека, через которые преломляется и фильтруется то, что он делает. Характерологические свойства личности обуславливают ее направленность, накладывают определенный отпечаток на ее поведение и проявляются в отношении человека к другим людям, к миру и к себе самому [4, 176].

Поскольку в характере сосредоточены стержневые особенности личности, все индивидуальные отличия в характере приобретают особую значимость и выраженность. Поэтому вопрос о характере нередко ошибочно даже целиком сводился к одному лишь вопросу о межличностных различиях или индивидуальных особенностях личности. Между тем вопрос о характере - это, прежде всего вопрос об общем строении личности. Характер - это единство личности, опосредующее все ее поведение.

У подростков от типа акцентуации характера зависит многое - особенности транзиторных нарушений поведения ("пубертатных кризисов"), острых аффективных реакций и неврозов (как в их картине, так и в отношении вызывающих их причин). Тип акцентуации также в значительной мере определяет отношение подростка к соматическим заболеваниям, особенно длительным. Акцентуация характера выступает как важный фактор фона при эндогенных психических заболеваниях и как фактор предрасполагающий при реактивных нервно-психических расстройствах. С типом акцентуации характера необходимо считаться при разработке реабилитационных программ для подростков. Этот тип служит одним из главных ориентиров для медико-психологических рекомендаций, для советов в отношении будущей профессии и трудоустройства, а последнее же весьма существенно для устойчивой социальной адаптации. Знание типа акцентуации характера важно при составлении психотерапевтических программ в целях наиболее, эффективного использования разных видов психотерапии (индивидуальной или групповой, дискуссионной, директивной и др.) [5].

Тип акцентуации указывает на слабые места характера и тем самым позволяет предвидеть факторы, способные вызвать психогенные реакции, ведущие к дезадаптации, - тем самым открываются перспективы для психопрофилактики. У большинства старшеклассников появляется избирательная уязвимость в одних ситуациях и невероятная устойчивость в других. Иными словами, для человека, имеющего определённую акцентуацию характера, бывает психологически трудно переносить некоторые ситуации. Он чувствует растерянность, неуверенность, терзается сомнениями, теряет работоспособность, в то время как в других ситуациях он напротив, чувствует себя адекватно или даже испытывает прилив сил и бодрости. Попытки построения типологии характеров неоднократно предпринимались на протяжении всей истории психологии.

Таким образом, своеобразие данного возраста заключается в том, что в это время происходит активное включение в жизнь общества через развитие и использование способностей в профессиональной деятельности. А это предполагает более высокий уровень воспитания человека как личности и субъекта учебно-познавательной деятельности, формирование их основных компонентов - характера, способностей, социальной и профессиональной направленности, ценностных ориентаций и самосознания. Их тесная взаимосвязь необходима, поскольку определение жизненной позиции, выбор специальности и реализации способностей требуют направленных усилий личности, достаточно развитых волевых черт характера, социальной зрелости.

Список литературы:

1. Психология подростка Учебник / под ред. А.А. Реана. – СПб., 2003.
2. Абрамова Г.С. Возрастная психология: Учебное пособие для студентов вузов. - М.: Академия, Раритет - 1997.
3. Кулагина И.Ю., Колюцкий В.М. Возрастная психология. Полный жизненный цикл развития человека. Учебное пособие для студентов ВУЗа. - М., 2001.
4. Рыбалко Е.Ф. Возрастная и дифференциальная психология. - СПб.: Питер, 2001. - 242 с.

ӘӘЖ: 32.573

М.К. Алимходжаева

Балтабай орта мектебі

Алматы обылысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Балтабай ауылы

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ - НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

Мемлекетіміздің дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы еліміздің жаңа сапалық деңгейге жылдам өту қажеттілігін туындатады.

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Қазіргі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзінің «Менің» сезінуге, толықтыруға көмектесетіндей, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс. Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін - әрбір мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс.

Білімін тұрақты көтеріп отыру – мұғалімдердің құқықтары әрі міндеттері, білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзіреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзіреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық- белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің негізгі шарттары: тұлғааралық және еңбектегі байланыс; қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі; қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы; практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті; нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі; тиімді шешім қабылдау қабілеті.

«Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі оқымысты Т.Г. Браже. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет.

Қазіргі оқытудың жаңаша технологиясын меңгерудің өзі ұстаздан шығармашылықты талап етеді. Ал шығармашылықпен жұмыс жасау үшін мұғалім өзінің кәсіби біліктілігін арттырып отыруы қажет. Мұғалімнің өз кәсіби қызметтерін шығармашылықпен атқаруына әр деңгейдегі әдістемелік жұмыстарды инновациялық бағытта ұйымдастырып өткізудің ықпалы мол. Біліктілігін арттырушы мұғалім өзінің білімін, жалпы дүниетанымын кәсіби және әдіснамалық деңгейін жоғарлатады, психологиялық-педагогикалық сонымен қатар әдістемелік сауаттылығын жетілдіреді. Ең бастысы бұл білімдер мен білік дағдыларды құзырлылық ұстанымдарының талаптарына сәйкес өздерінің меңгеруі және сол жолдар арқылы өздерінің ойлау жүйесін, шығармашылығын өнертапқыштығын, рефлексиялық машығының дамуына жол ашады.

Сол кезде ғана мұғалімнің өзіне-өзі баға беру деңгейі артып, өзін-өзі анықтап, үздіксіз өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік туады.

Білім-тоқтаусыз толассыз үрдіс. Білім – мұғалім үшін оның шығармашылық әлеуетін дамытудың үрдісі. Шығармашылық әлеуеттің дамуы өз білімін көтеруге негіз болады. Мұғалім шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, өзінің құзіреттілік аясын кеңітеді. Кәсіби құзіреттілік маманның әлеуметтегі дәл осы уақыттағы қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес өзінің кәсіби педагогикалық қызметін атқаруға дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер жиынтығы немесе жекелік-кәсіби сипаттама. Кәсіби құзіретті еңбек деп мұғалімнің педагогикалық әрекетті өте жоғары деңгейде атқара алуы, педагогикалық қарым-қатынасқа түсе алуы нәтижесінде оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейінің жоғары болуы.

Кәсіби құзіреттілік бір нәрсе жайлы беделді ой, кесімді пікір білдіруге мүмкіндік беретін білімділердің сипаттамасы ретінде қарастырылады. Сондықтан оның құрылымына әлеуметтік психологиялық, аутопсихологиялық, коммуникативті, педагогикалық-педагогикалық, әлеуметтік, перцептикалық құзіреттілік жатады.

Мұндағы әлеуметтік-перцептикалық құзіреттілік байқампаздық пен өткірлік яғни тұлғааралық қарым-қатынаста баға бере алушылық, салыстыра білушілік, талдау мен рефлексиялау нәтижесінде басқаның образын қалыптаструдан түзіледі.

Аутопсихологиялық құзіреттілік-тұлғаның өзінің сапаларын өзгертуге дайындығы мен қабілеттеріне бағытталған психологиялық жұмыс. Оның нәтижесінде өзін-өзі дамыту мен жетілдіру, өзіндік ресурстарына әсер етуі қамтамасыз етіледі. Аутопсихологиялық құзіреттіліктің жүйе ретіндегі құрылымдық компоненттеріне: рефлексивтік - өзін-өзі бағалау, бақылау, жобалаушылық - өзін-өзі өзгерту әрекетін жоспарлау, өзара коммуникативтілік – ішкі диалог, ұйымдастырушылық – ішкі ресурстарын өзін дамыту үшін аша алуы, прогностикалық - өзінің даму сәттеріне сүйсінуге қабілеттілік жатады.

Аутопсихологиялық құзіреттілік-тұлғаның өз білімділігін өзі танып, бағалап, бақылап, дамытуға бағыттауы, мұның нәтижесінде шығармашылық әлеуеттің дамуы жеделдейді.

Рефлексивті құзіреттілік-шығармашылық әрекетті жоғарылататын кәсіби-тұлғалық дамуды жеделдететін рефлексивтік үрдістерде көрінетін тұлғаның кәсіби сапасы. Ол маманның өз тәжірибесін талдау арқылы дамуды ынталандыратын жаңа кәсіби этолондар мен стандарттарды белгілеудегі рөлін арттырады.

Рефлексиялық қабілеттері дамыған мұғалімде оған деген тұрақты қажеттілік сезіліп тұрады. Кез келген істі ол өзіне өзі сұрақ беруден бастайтындай дәрежеге жетеді. Бұл мұғалімнің шығармашылық әрекетке қосылуының құралдарының бірі - одан өзіне қатысты белсенді позицияны таңдауды талап ететін рефлексиялық өзіндік диагностика жасауға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің белгілі бір педагогикалық мәселелер туралы барлық ақпаратты жинақтай алуы, оның тиімдісін таңдай білуі, нақты жағдайды шешуге байланысты оған өзіндік қолтаңбамен өзгерістер енгізе алу, осылайша мәселені шешудің өзіндік жолын таба білу сыни ойлау нәтижесінде жүзеге асады. Бұл жағдайда сонымен бірге тапқырлық пен өнертапқыштық сияқты сапалар қатар дамуға мүмкіндік алады.

Шығармашылық әлеуеті дамыған мұғалім үшін білім мазмұнын, әр оқушының өзіндік ерекшелігін, оқушылар ұжымының артықшылықтарын, соған сәйкес оқуды ұйымдастырудың формалары мен тактикалары жайлы ақпараттарды есінде ұстау қажет.

Кез келген жаңалық ең алдымен адамның қиялында пайда болатындықтан шығармашылық әлеуеттің құрамдас бөлігінің бірі – фантазия. Бұған дейін белгілі фактілерге қатысты жаңа көзқарас тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді. Сондықтан оның көркемдік және ғылыми-танымдық құндылығы орасан зор. Қиялдаудан туындаған шығармашылық белсенділік едәуір шамада ішкі ниеттерге, жекелей дарындылыққа және адамның қызметі үрдісінде қалыптасатын даралық

тәжірибесіне байланысты. Фантазия арқылы адамның есінде сақталған қабылдау, елес бейнелері қайтадан өңделіп, сұрыпталып, жаңартылып, солардың негізінде мида жаңа бейнелер жасалады.

Фантазия-педагогикалық актінің құрамдас бөлігі. Ол жаңа жоспарлар, бағдарламалар, технологиялар, т.б. жасауда, оны жүзеге асыруда іске қосылады. Нәтиженің қолдай болатынын болжау, бұрынғы елес-бейнелерді өзгертіп бір-біріне қосып, қайтадан бейнелеу арқылы, оқытуда жаңа жолдар табуға көмектеседі. Фантазия арқылы көрнекті ақын, педагог, психолог Мағжан Жұмабаев «Мылқау өмірге үн, сақау өмірге тіл беретін», жоқты бар, ал барды гүлді, көрікті қылатын, бізді асыға аяқ бастырып тәңірмен тілдестіретін сол фантазия» - деген. Шығармашылық әрекет жоғары әлеуметтік қажеттіліктерден туатындықтан оның нәтижесіне қарай қанағаттану немесе қанағаттанбау реакцияларын бастан өткізеді. Бұл эмоциямен тығыз байланысты. Эмоция – толғану, сезім, көңіл-күй деген мағына береді. Эмоцияның жоғары түрі адамның іс-әрекетінің өнімді болуына мүмкіндік туғызады. Эмоциясыз, сезімсіз ізденушілік болмайды.

Жаңалық ашу өздігінен келе салмайды, оған алдын-ала жасалған қажырлы еңбек құлшындырады десек, дәл сол сәтті шабытты шақ деп сипаттауға болады. Шабыт – адамның рухани күштерінің ширығып өрлеуі, шығармашылық толғанысы. Шабыт жаңа туындының пайда болуына, бастайды. Ол адамның жоғары белсенділігінен, әрекеттің өнімділігімен, шығармашылықтың шаттығын сезінумен «құштарлық» пен эмоциялық ойға шолумен ұштасады. Шығармашылық үрдістің санадан тыс тәрізді болып көрінуі шығармашылықтың өзінің барынша саналығының нәтижесі, сананың ерекше айқындылығының, ойлар мен бейнелердің өзінше бір үлгіде лықси келіп, айшықтана көрінуінің, естің, зейіннің, идеяны орындауға бағытталған құлшыныс пен ерік-жігердің жемісі. Шабытты шақтарында адам бойындағы бар күш жігермен әрекет етеді.

Шығармашылық әлеует ұғымының құрамалары ретіндегі адамның тұлғалық сапаларының: еркіндік, шешімділік, тәуекелшілдік, тапқырлық, өнертапқыштықтың алатын орны ерекше. Адамның еркіндігі өмірдегі, кәсіби әрекеттегі мәдени әлемдегі өз орнын анықтай алу қабілетінде жатыр. Оның ойлау, пайымдау және әрекеттену еркіндігі жеке кәсіби жауапкершілікті сезінумен сәтті байланысады. Рухани және материалдық құндылықтар әлемінде еркін бағдарлай алу, педагогикалық догмалардан еркін тұлға ғана тәуекелді талап ететін шешімдерді өз мойнына ала алады. Еркін адам өзінің өмірлік позициясы, ұстанымы болғандықтан өзгелерді қайталамай, жаңаша тың жолдармен жүреді. Дәл осы сапа шығармашыл мұғалім үшін аса маңызды.

Шешімділік – адамның өз бетімен жауапты шешімдер қабылдауға және іс-әрекетке оларды бұлжытпай жүзеге асыруға қабілеттілігі. Әрекет белгілі бір шамада тәуекелге барудың және бірнеше баламадан біреуін таңдаудың қажеттілігін туындатады. Осы кезде шешімділіктің маңызы зор. Сол қабылданған шешім үшін жауапкершілікті өзіне батыл алуды, іс-қимылдың дер кезінде болуын оны тез орындай білуді білдіреді. Шығармашылық әлеует-шығармашылық әрекетке негіз бола отырып, шешімді әрекеттің орын алуын қамтамасыз етеді.

Мұғалімнің шығармашылық әлеуетінің құрамына оның кәсіби мәнді сапаларын жатқыза отырып, олардың бастылары ретінде: шеберлік, импровизация мен интуицияны атап өтеміз.

Шығармашыл тұлғаның ерекше қасиеттерінің қатарына педагогикалық импровизация жасай алуы жатады. Педагогикалық импровизация дегеніміз-мұғалімнің алдын-ала жоспарланбаған тосыннан пайда болған педагогикалық мәселені шешу үшін өзінің білік, дағдысы мен іскерлігін шығармашылықпен іске қосуы. Педагогикалық импровизация мұғалімнің шығармашылықпен өзін-өзі дамытуына әсер етуші фактор. Өйткені импровизация кезінде мұғалімнің ішкі күштері мен қабілеттерінің жұмылуы маңызды орын алады. Дәл осы жағдайда шығармашылық туады да әлеуеттің дамуына мүмкіндік жасалады.

Педагогикалық шығармашылықтың орын алуына септігін тигізетін тағы бір басты мәселе – мұғалімнің әртістік қасиеті. Мектеп әрине, театр емес. Дегенмен мұғалім үнемі халық алдында тұратын танымал адам. Олай болса ол аудиторияны меңгере алуы, иландыра білуі, шабыттандыра алуы тиіс.

Педагогикалық әртістік тек әрекетте педагогикалық білім, білік, дағдыны тиімді пайдаланып қою ғана емес, тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуды қамтамасыз ететін эмоцияналдық-бейнелік тетіктер жүйесі арқылы педагогикалық міндеттерді шешу барысында көркемдік логиканы пайдалану.

Педагогика ғылым ретінде ой мен сезімдерді дамытады, адамның құндылық негіздерін бекітеді. Ол педагогикалық үрдістің руханилығын арттырады, оның мазмұны мен формаларын адамсергіткіштік пен мейірімін қанықтырады, шығармашылық, шеберлік сияқты педагогикалық кәсібиліктің жаңа сапасы арқылы жасампаздыққа жеткізеді. Шығармашылық әрекет жоғары

әлеуметтік қажеттіліктерден туатындықтан, сол қажеттіліктерді жүзеге асыру арқылы мұғалімнің күзіреттілігі қалыптасады.

Шығармашылық әлеуеті дамыған мұғалім өз кәсібін жете меңгеріп қана қоймай, өзін-өзі жан-жақты дамытуға қол жеткізеді. Нәтижесінде мұғалім кәсіби күзіреттілікке қол жеткізеді. Мұғалімнің кәсіби күзіреттілі-бүгінгі ғасыр талабына сай белгілі бір нәтижеге бағытталған білім берудің негізі болмақ.

Бүгінгі заман талабы - жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан «тұлға» тәрбиелеу. Оқушы «тұлға» болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге жалпы алғанда жеке адамның күзіреттіліктері қалыптасуы қажет.

Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді – кәсіби күзіреттілігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ .

Әдебиеттер тізімі:

1. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. – Алматы, 2007.
2. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. –Алматы, 2007.

ӘӨЖ: 159.96

А.Т. Алпиева

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
Қазақстан, Семей қаласы

СТРЕСС – ПСИХОЭМОЦИОНАЛДЫ КҮЙ РЕТІНДЕ

Қоршаған әлеуметтік ортамен күнделікті қарым-қатынасқа түсу барысында адамдар бір-біріне әртүрлі ықпал етіп, әсерлер алады. Олардың жағымды, жағымсыздығына қарай ішкі жан дүниеміз жауап қайтарады. Жүйкелік- психикалық эмоциональды қозу – стресс деп анықталған. Стрестің деңгейлеріне қарай, психикаға әсері де әртүрлі: физиологиялық және психикалық. Стреске ұшырамайтын адам жоқ және одан қорғану мүмкін емес.

«Стресс» атауын медицинаға Канада ғалымы Г. Селье алғаш ХХ ғ. 60-шы жылдары енгізді [2]. Бұл ғалымның байқауы бойынша әсер еткен қолайсыз ықпалдардың (ол жаракат, жұқпа, химиялық улану немесе ауыр қайғы-қасірет) түріне қарамай оларға организм әрқашан бірбеткей жауап қайтарады. Жоғарыда айтылғандай, алғашында стрессордың ағзаға әсері бейсаналы деңгейде болады. Дегенмен де, стрессордың әсері қауіпті, зақымдаушы фактор ретінде түсіну процесі жүреді және түрлі психикалық және психосоматикалық бұзылыстармен сипатталады. Ал бұған дайын емес адамдардың автономды жүйке және гормональды жүйелері әдетте саналы басқаруға түспейді. Сонымен қатар қазіргі кезде стрестік және дистрестік күйлер дамуының алдын алуда қолданылатын, стрестік қысымның деңгейін саналы басқаруға мүмкіндік беретін белгілі бір техниканы қолдана отырып, әдістемелерді меңгеруге болады.

Г. Селье «стресс» және «дистресті» бөліп көрсетті. Стресс пайдалы ол адаптацияға апарды, дистресс зиянды, ол әр түрлі психосоматикалық ауруларға әкеледі. Г. Селье стресті - физикалық және психологиялық қысым, басымдылықтың синонимі деп түсінсе, ал дистресс қайғы, жетімсіздік, мұқтаждық деп түсінді. 1936 ж. Г. Селье бейімделу ауруларын зерттей отырып, «жалпы бейімделу синдромының» бар екендігіне көзі жетеді. Мұндағы басты орынды стресс алды. Мұнда стресс ағзаны ортаның өзгеріп отыратын жағдайына дайындап отырады деп түсіндіріледі. Бейімделу синдромы - күші және ұзақтығы бойынша маңызды жағымсыз әсерлер - стрессорларға жауап ретінде пайда болатын және жалпы қорғаныш мінезге ие, адам және жануарлар ағзасының бейімделу реакцияларының жиынтығы [2].

1. Бейімделу синдромының дамуында 3 кезең бөліп қарастырылады:
2. Үрей кезеңі - бірнеше сағаттан - бірнеше тәулікке дейін созылып, шок және шокқа қарсы фазаларынан тұрады. Шокқа қарсы фазасында ағзаның қорғаныштық реакциялары жүйеленеді.
3. Қарсылық көрсету кезеңі - ағзаның түрлі әсерлерге табандылығының жоғарылауымен сиптталады.

Стрессор түрі мен оның әсер ету сипатына қарай стрестің физиологиялық және психологиялық түрлерін ажыратады. Психологиялық стресс ақпараттық және эмоционалды болып екіге бөлінеді. Ақпараттық стресс - ақпараттық жүктің тым артылып кеткен кезде, адам тапсырманы

орындай алмаған кезде, қабылдаған жауабы үшін тым жоғары жауапкершіліктегі талап етілетін қарқында шешім қабылдауға үлгермеген кезде пайда болады. Эмоционалды стресс қауіп - қатерлі сезім, ренжу жағдайларында көрінеді.

Стресстік реакцияның бірінші фазасында стресстік механизмге патология немесе орындаушы механизмдердің таусылуы жүктелмейді. Ал кейінгі фазалардың дамуында, ағза қалыпты жағдай мен патология шегінде болғанда (шекаралық күйлер) бір қатар авторлар жасақтаған топтық белгілердің жүйесін қарастыруға әкеп соғады:

1. клиникалық - жеке және реактивті үрей, эмоционалды тұрақтылықтың төмендеуі;
2. психологиялық - өзін-өзі бағалаудың, әлеуметтік бейімделу деңгейінің, фрустрациялық толеранттылықтың төмендеуі;
3. физиологиялық-симпатикалық жүйке жүйесінің тонусының парасимпатикалық жүйке жүйесіне үстем етуі, гемодинамиканың өзгеруі.

Стресстік реакция - белгілі стрессорлардың әсерінен белсенділік деңгейінің өзгеруі. Сөйтіп, әдебиеттерде бар стресс анықтамаларын қарастыра отырып, стресс термині арқылы реакция емес, ал ортаның белгілі жағдайларында адамға қажетті белсенділікті қамтамасыз ететін гомеостаз күйі болып табылады деген қорытынды жасадық.

Дистресс - бұл шекаралық күйлердің және психосоматикалық ауруларға әкелетін ағзаның түрлі құбылыстарының (функционалды немесе морфологиялық) қызметіндегі бұзылыстарға әкеп соғатын нейроэндокринді механизмдер жұмысының қалыптан шығуы.

Г. Сельенің сипаттауы бойынша стрестің ортақ адаптациялық синдромы бойынша қобалжу сатысы (шок, контршок) және төзімділік сатысы мен әлсіреу сатыларынан тұратын фазалы реакция. Стрестің бейімделу сатысы даму заңдылықтарында салыстырмалы түрде терең зерттелген. Стрестің психофизиологиялық механизміне медицина саласы ғалымдарымен қатар, психологтар, әлеуметтанушылар ерекше мән беруде. Сондықтан адамның қалыпты психикалық дамуы үшін стрестің ықпал ету деңгейі бар. Стрессорлардың белгілі әсерінен туындаған стресстік реакция белсенділік деңгейінің өзгеруіне әкеледі. Стрестің адам ағзасына жағымды және жағымсыз (дистресс) әсерлері бар. Стресстік реакцияның қажетті деңгейі организмге қажетті белсенділікті қамтамасыз ететін гомеостаз күйін тудырады.

А.А. Суворова зертханалық жағдайда алынған стресті зерттеді. Ол стресті, адамға қиын және жағымсыз эксперимент жағдайында туындайтын, күй ретінде анықтайды. В.С. Мерлин стресті «өте қиын ситуацияда» туындатын жүйкелік қысым емес, психологиялық күй деп табады. «Стресс» түсінігінің түрлі талқылауында барлық авторлар стресс - бұл өте қиын ситуацияларда туындайтын қатты қысымдағы жүйке-жүйесі деген пікірге келіседі. Стрессті мазасызданумен сәйкестендіруге болмайды, өйткені стресс әр уақытта да шынайы қиындықтардан негізделген, ал мазасыздану олар болмаған кезде де көрінуі мүмкін. Күші жағынан да стресс пен мазасыздану күйлері түрліше. Егер стресс –жүйке жүйесінің өте қатты қысымы болса, ал мазасыздану үшін мұндай қысымның күші тән емес. Осыдан стресс кезіндегі үрейді қатер немесе сәтсіздікті күтуден, оны алдын ала сезінуден туындайды деп есептеуге болады. Алаңдау, үрейді зерттеудегі екінші бағыт берілген уақыттағы деңгейді шарттайтын тұлғаның психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін оқып - білу жолы бойынша жүреді. Стресс жағдайындағы үрейдің болуы қауіп немесе жағымсыздықты күтумен, оны алдын-ала сезумен байланысты деп санауға болады. Сондықтан үрей дәл стресс жағдайында емес, ал осы күйдің бастауына дейін пайда болуы мүмкін. Мазасыздық – күй ретінде қолайсыздықты сезу деген сөз. Бірақ үрей субъектінің кімнен қолайсыздық күткеніне байланысты әртүрлі болуы мүмкін: өзінен (өзінің құралмағандығынан), объективті жағдайлардан немесе басқа адамдардан. Осы арқылы мінез-құлықтың кері формаларында мыналар жатыр деп шешім шығаруға болады: мазасызданудың көрінуі ретінде қарастырылуы мүмкін эмоционалды күйзелу, тынышсыздық, қолайсыздық және өз аман-саулығына сенімсіздік. Қорқыныш, алаңдау, әлсіздік және оңашалану сезімдерінен қорғану мақсатымен индивидте тәжірибе нәтижесіне меңгерілген тұлғаның невротикалық белгілері деп атаған «невротикалық, қажеттіліктер» пайда болады.

Стрессті басқарудың ерекшеліктері жайлы маңызды ойларды О.М. Радюк зерттеген. П.К. Анохин, П.В. Симонов, К.В. Судаков стресстік, дистрестік күйлермен байланысты психосоматикалық аурулардың дамуындағы орнын зерттеген ғалымдар.

«Физиологиялық терминдер сөздігінде «стресс» терминіне анықтама берілмеген, бірақ синонимдер көмегімен «эмоционалды стресс» ұғымы баяндалған: психологиялық стресс, жүйкелік-психикалық эмоционалды қозу, психофизиологиялық стресс. Бұдан басқа: физикалық, психоэмоционалды, ақпараттық стрестер сияқты терминдер кездеседі. Сөздікте «эмоционалды» сын есімі стресс генезінде ерекше орын алатыны жайлы көрсетіледі.

Эмоционалды стресс - бұл үрей, қорқыныш, конфликт, эмоционалды бұзылыс күйі, яғни адам нақты психологиялық тұрғыдан күрделі жағдайларымен кезіккенде, оларды шешілмейтіндей деп көруіндегі эмоционалды күй. Басқаша айтқанда, стресс ол эмоция және жағымсыз эмоция есебінен пайда болатын күй. Біріншіден, стресс - ағзаның белгілі бір белсенділік деңгейін қамтамасыз ететін өзіндік психофизиологиялық процесс. Үрей, қорқыныштың эмоциялары оған қатысты екінші орында. Екіншіден, стресс ылғи да зиянды емес.

Психопрофилактикалық шаралардың негізгі мақсаты – адамның өміріне өзгерістер енгізуіне көмектесіп, стресс деңгейін төмендету және болдырмау.

Сендіру (суггестия) ұйқы бұзылғанда, стрестің жоғарғы деңгейінде жиі қолданылады. Сөз арқылы позитивтілікті, адамның өз - өзіне жағымды көзқарасын орнату үлкен жұмыс. XXғ. 20 ж.ж. У. Кеннон жұмыстарынан кейін нейроэндокринді жүйе басқарушы қызметті атқарады деген түсінік пайда болды. Мұндағы жоғары жүйке жүйесінің нейрондары нейроэндокринді қызмет атқарады. Психопрофилактикалық шараларды қолдана отырып, стресс жағдайындағы адамның психикалық саулығын нығайту және өз - өзіне позитивті қасиеттерін жақсарту, өмір сүру әрекетінде табысқа жету деңгейін, творчестволық мүмкіншіліктерін қолдана білуге, жеке басылық дамуына жағымды ықпал ету.

В.М. Бехтерев, В.Н. Мясичев, М.С. Лебединский, Н.В. Иванов психотерапия әдістерін стрестік жағдайда қолданудың тиімді жолдарын ұсынады. Стресті қалыпқа келтіру және болдырмауда қолданылатын әдістемелер әртүрлі. Психологиялық-тәжірибелік жұмыста психогигиена мен психопрофилактиканың, психотерапияның әдістері кең қолданылуда. Ең тиімдісі психотерапияның сендіру, өзін-өзі жаттықтыру, медитация әдістері. Психотерапия грек тілінен аударғанда «жанды емдеу» деген мағынаны білдіреді, адамды емдеу үшін қолданылатын ғылымға негізделген жүйелі психикалық әсер. Негізінен сөзбен әсер ету. Тәжірибелік психологиялық жұмыста аутогендік жаттығулар, релаксация және суггестия әдістері стресске қарсы психопрофилактикалық шаралар екендігі дәлелденген.

Символикалық қауіп, басқа стрессорлар әсері кезінде стрессорлық механизмдер қызмет жемісінің нәтижелерінің жиналып, шоғырлану процесі жүреді. Ал қазіргі заманда қоғам ортасында қашу немесе күрес реакциясы өте сирек қолданылады. Мұның нәтижесінде жоғарылаған стрестік реакция ұзақ уақытқа созылып, дистрестің жетілуіне әкеледі. Дистресс болса, түрлі аурулардың қоздырғышы болып табылады. Мұнда стрестің екі мінездемесі - мерзімі және әсер ету күші арасында ұзақтық маңызы жағынын күшті. Стресс адамға ұзақ әсер еткен сайын дистрестік бұзылыс соншалықты күшті болады.

Сонымен, стрессорлардың табиғаты түрлі болады, олар ағзаға генетикалық детерминантталған спецификасыз қорғаныс реакциясын жібереді. Әдебиеттерде кездесетін «психоэмоционалды стресс» ұғымы стресс және эмоцияның ажырымастай байланысын көрсетеді.

Стрестің тек жағымсыз әсерлеріне зейінді акценттеу стресс, дистресс және психосоматикалық аурулар терминологиясын шиеленістіріп жіберді. Стресс деңгейінің өзгеруі - бұл ең алдымен ағза үшін пайдалы реакция, ол эволюция процесінде пайда болып, ағзаның өмірдегі өзгерістік жағдайларға оптималды бейімделуге жағдай жасайды. Сондай-ақ күшті әрі көп қайталанатын стрессорларының қайталанатын әрекеттері қазіргі кезде мамандар көп жазып жүрген қорқынышты нәтижеге әкелуі мүмкін.

Стрестік жағдайдың алғашқы минутында гормондар саны артық бөлініп, содан кейін ғана реакция ағзаның адекватты жауап беруін бақылайтын жүйелердің активациясы мен регуляциясының негізінде жүзеге асатыны туралы анықталған.

Стрестің организм тіршілігінде маңызы өте үлкен. Оның әсерінен организмнің тіршілігіне қажетті барлық мүмкіншіліктерінің жұмылдырылуы болады. Осыдан ұдайы өзгеріп тұратын қоршаған ортаның жағдайларына организмнің икемделіп, бейімделу мүмкіншіліктері артады. Қазіргі көзқарастар бойынша стресс жүйке жүйесі мен эндокриндік бездердің қатысуымен дамитын организмнің күрделі нервтік-гуморалдық серпілісі. Шын мәнінде көпшілік жағдайларда ұзаққа созылған және жиі қайталанған қолайсыз стресстік әсерлерден кейін де организм тіршілігін жоғалтпай, өмір сүре береді. Демек, организм стресстік жағдайларға бейімделе алады деп тұжырымдауға болады. Бұл кезде жағымсыз әсерлерге жауап ретінде организмде стресс дамытатын жүйенің белсенділігі артуымен қатар стрессті шектейтін жүйенің қызметі көтеріледі.

Қорыта айтқанда, *стресс* – ағзаның нақты бір проблемаға берген жауабы. Стресс неғұрлым ұзақ, көп болса, ағза соншама күйзелісте болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Березин Ф.Б. Психическая и психофизиологическая адаптация человека. - Л.: Наука, 1988.
2. Селье Г. Стресс без дистресса. - М., 1982.
3. Дарвин Ч. О выражении эмоций человека и животных. - СПб.: ПИТЕР, 2001.
4. Рибо Т. Психология чувств: В 2ч. Киев: Южно-русское книгоиздательство Иогансона, 1997. - 378 с.
5. Кеннон В. Физиология эмоций. Телесные изменения при боли, голоде, страхе и ярости. - Л.: Прибой, 1987.

ӘӨЖ: 37.03:37.032

Г.А. Амзеева, Ә.М. Өмірзақова

Қызылорда қаласының Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Қазақстан, Қызылорда қ.

ТҰЛҒАНЫҢ ЖОБАЛАУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі заманда адамның қызметі әлеуметтік практиканың әр саласында (кәсіби, саяси, тұрмыстық, т.б) әдетте алуан түрлі сипаттағы және бір-біріне тәуелді көптеген факторлардың өзара әрекетінде жүзеге асады. Осыған орай тұлғаның табыстылығының бір шарты ретінде оның жобалау қызметіне қабілеттілігі болып табылады, бұл оның кәсібіне шығармашылық сипат береді, әрі оның инновациялық потенциалын анықтайды. Жобалау мәдениетінің болмауы жеке адамның, сондай-ақ әртүрлі кәсіби, бос уақытты өткізу ортасы мен өзге де қауымдастықтардың іс-әрекетіндегі мақсаттары мен нәтижелері арасында айтарлықтай сәйкессіздіктерге әкеп соқтырады. Осының салдары түрлі жобалардың тиімсіздігінен, тіпті мүлде құлдырауынан көрініс табады – тұлғалықтан әлеуметтік маңыздыларына дейін, ресурстарды дәйексіз босқа шашуға әкеледі. Көрсетілген проблемалардың негізінде кәсіби, әлеуметтік, тұлғааралық және өзге де қарым-қатынасқа түсетін адам бойындағы жобалау мәдениетінің жеткіліксіздігі, кейде мүлде болмауы жатыр.

Айтылғандардың барлығы толығымен педагогикалық салаға қатысты, мұнда мамандардың жобалау мәдениетінің болмауы білім беру орталықтарының, институттардың, жоғары оқу орындарының, ондағы факультеттердің, кафедралардың және бақа да оқу мекемелерінің қызметінің тиімсіздігіне әкеп соғады, педагогикалық нәтижелердің жоғарғы жетістіктеріне жетуге жол бермейді. Жеке тұлғаға келсек, жобалау мәдениетінің болмауы өз қызметінің мақсатын айқындай алмауға, ресурстарды дұрыс ескере алмауға, кәсіби және құндылық жағынан өзін-өзі таба алмауға әкеледі, нәтижесінде кәсіби, сондай-ақ өмірдің басқа тұстарынан көңілі қалып, апатияға, табыссыздыққа душар етеді.

Білім саласындағы кәсіби қызметтің нәтижесі жобалаудың құрылымдық базасын құрайтын технологияларды меңгеру мен тиімді пайдалану деңгейіне тәуелді. Жоба кезеңдерінің сапасы түпкі ойды жүзеге асырудағы барлық қалған әрекеттері мен қадамдарының нәтижелілігін қамтамасыз етеді. Осыдан барып, жобалауды кәсіптердің тұтас қатарының технологиялық негізі ретінде қарастыруға болады.

Бұл жағдай білім беру саласындағы мамандарды даярлаудың қалыптасқан жүйесі жобалау мәдениетін дамытудың қажетті деңгейін қамтамасыз ете алмауымен күрделенеді. Кәсіби білім шеңберінде тұлғаның жобалауға деген қабілеттері қалыптастырудың объектісі ретінде қарастырылмайды, яғни келешекте білім беру мекемелер жұмысының мазмұны мен формасын біріктіреді, қызметтің табыстылығына жағымсыз ықпал етеді және кәсібімен қанағаттану деңгейін төмендетеді.

Білім беру кез келген қоғамның маңызды құрылымы болып табылады. Себебі ол болашақ ұрпақты дайындаудың формасы ғана емес, құндылықтар мен нормалардың мәдениетке трансформациялануының формасы. Осы ретте, білім беруді үлкен әлеуметтік контекстіден тыс қарау зерттеушіні маңызды әдіснамалық кеңістіктен тысқары шығарып, бағалау мен болжамдарды біржақты етіп береді. Алайда тұтастық кеңістігіне алдағы мақсаттар мен міндеттерді нақты анықтап алмай ену еш нәтиже бермеуі мүмкін.

Кәсіби білім беру мекемелерінің іс-әрекеті экономикалық заңдылықтарға бағынады және елде жүріп жатқан экономикалық процестердің көпшілігінің ықпалын сезінеді. О.А. Свиридов білім берудің даму деңгейі мен мемлекет масштабындағы шаруашылық механизмдердің жағдайы арасындағы байланысты және білім беру жүйесінің білім беру қызметі тұтынушыларының нақты

мүдделеріне тәуелділігін айта келе, білім берудің әрі әлеуметтік институт, әрі өндіріс саласы және қызмет көрсету саласы ретінде анықтайды [1]. Демек, кәсіби білім беру жүйесіндегі дағдарыстық құбылыстардың түп мәнін экономикадан іздеген жөн. Мұндай түсіндірмелік байланыс бойынша ізденуде «адами капитал» теориясы бағыт нұсқаушы бола алады. Бұл амал дағдарыс себептерін анықтап қана қоймай, одан шығу жолдарын іздестіруде де көмек болады.

Білім беру саласындағы дағдарыс мәнін ағылшын ғалымы Ф.Г. Кумбс ХХ ғасырдың 70-жылдары әлемде орнаған жағдайға сүйене отырып, оқушылардың білім, білік, дағдылары мен шынайы өмірдің шапшаң өзгермелі талаптары арасындағы алшақтық ретінде көрсеткен. Сол тұста бастапқыда негізін неміс педагогы И.Ф. Гербарт салған деп саналатын білім беру процесінің субъект-объектілі парадигмасы (оқытушы да, білім алушы да жетекші звено деп қарастырылатын) әбден ескіргендігі көрінді. Рим клубы баяндамаларының бірінде «қолдай оқыту» деген атауға ие болған бұл парадигманың мәні таза репродуктивтік әдіске негізделген оқыту процесі технологиялар, білім көлемі мен құрылымының шапшаң өзгеруі жағдайында еңбек нарығы талаптарына жауап беретіндей мамандарды дайындауда қауқарсыз болды. Осы мәселе кейін келе көптеген маманның өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмауының себебіне айналды. Ф.Г. Кумбс осыған дейін оқу-әдістемелік процесс шеңберінде шектеліп келген бұл дағдарыстың жүйелілігін ашты. Өткен ғасырдың 80-жылдары білімді тек шығарып отыратын репродуктивтік әдістеме орнына білім беру процесіне білім механикалық меңгеру ғана емес, проблема шешуін іздеу технологиясын негіз ретінде алған «проблемалық оқыту» ұсынылды. Қарабайыр шығарып беруді өзіндік сипатқа ие «кеңінен» іздестіру алмастырды, әрі жоғары оқу орындары студенттерді тұрақты білім көлемін меңгеріп қоймай, «ізденісті үйретуге» көше бастады [2].

Оқытудың жаңа парадигмасымен байланысты парадигма көпке созылған жоқ. Репродуктивтіге қарағанда табиғаты жағынан прогрессивті саналатын мұндай амал жеткілікті және әмбебап емес екендігі анықталды. Білім берудің жаңа әдістемесі ғана емес, жаңа парадигмасын жасау қажеттілігі барынша анық сезіле бастады. Мұндай парадигмаға американдық педагог Джон Дьюидің идеяларын негіз ретінде алынды. Ол бойынша студент белгілі бір көлемдегі білімді ғана емес,

а) Ойлау тәсілдері (теориялық, диалектикалық, логикалық, талдау мен жинақтау (синтез), жүйелік тұрғыдан келу);

ә) шығармашылық қабілетін дамыту (меңгерілген білімді түрлі жағдайларда, оның ішінде өз бетінше міндет белгілеуде, сондай-ақ міндетті шешудің жаңа тәсілдерінде қолдана білу);

б) кәсіби шеберлігін дамыту (тиісті әрекетті стандартты және стандартты емес ситуацияларда еркін жүзеге асыра білу)

Жаңа парадигманың мәні білім беру процесінде білім, білік, дағдыларды беруден қабілеттерді дамыту процесіне көшумен анықталды [3].

Мұндай парадигма өз заманында инновациялық болды, алайда оны жүзеге асыруды белгілі бір объективті де субъективті кедергілер туындады. Мәселе ғасырлар бойы педагог пен студенттер арасында орнаған қатынастардың, ол қатынастар мәнінің мүлде өзгеруінен туындады. Егер білім, білік, дағдыларды оқыту субъектісінен объектісіне белгілі бір коммуникация құралдары (мәтін, сөз, көрнекілік құрал) арқылы берілген болса, қабілеттерді беру мүлде мүмкін емес еді. Оларды тек қана бірлескен ісәрекет барысында дамытуға талпыну мүмкін еді. Сәйкесінше, оқытушылар мен студенттер арасындағы қатынастар жүйесі иерархиялықтан (субъект-объектіліден) әріптестік (субъект-субъектіліге) қатынастарға көтерілуге тиіс.

Сонымен қатар, білім берудің жаңа парадигмасы жоғары оқу орындарын ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етудің жаңа амалын талап етті. Егер бұған дейін жоғары оқу орындарының ақпараттық базасы студенттердің мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы бойынша игеруге тиіс ғылыми, оқу, әдістемелік және арнайы ақпаратпен шектелсе, дамыта оқыту жағдайында ол іс жүзінде шексіз еді, ал бұл жайт ақпаратты іздеу, жүйелеу, талдаудың жаңа технологияларын, яғни жаңа ақпараттық ресурстар мен технологияларды талап етті.

Сонымен, аталған өзгерістер оқытушыдан жаңа біліктерді, оқыту процесін ұйымдастыру, білімді тексерудің жаңа формаларын, көмекші қызметкерлер әрекеті мен қызметінің жаңа технологияларын талап етті, мұның барлығы білім беру мекемесін басқару жүйесін қайта құруды талап етті.

Қайта құру кезеңі білім беру саласын да қамтығаны белгілі. Өзгерістер «ақпараттық қоғамның» соққысын сезінді. Батыстың дамыған елдері ақпараттық өркениетке 40-50 жыл аралығында өткен болса, посткеңестік елдер ақпараттық қоғамға беталғанымен, оның басты ерекшеліктері, мәселен, интеллектуалдық капитал мен экономикалық инновациялық өркендеуі кеш байқала бастады. Бірінші заңдылықтың мәнін Э. Тоффлер «Білім – тұтас экономикалық жүйе

негізделген іргетас. Әрі барлық іскерлік бірлестік қоғамда қалыптасқан осы факторға тәуелді. Капитал, жұмыс күші мен жерге салыстырғанда, бұл факторды экономистар мен іскер адамдар өнім өндірісіне кететін шығынды есептегенде аз ескереді. Бірақ бұл аса маңызды ресурстардың бірі» деп сипаттаған. Бұл қорытынды жаппай өндіріс экономикасынан «білім экономикасына» өту кезінде көрінді.

Мұның барлығы біз қарастырып отырған кәсіби ісәрекет саласына тікелей қатысты. Д.Бэлл өз «телекоммуникациялық революция» деп атаған өтпелі кезеңнің үш аспектісіне назар аударады. Бірінші аспектісі «постиндустриалды қоғамнан қызмет көрсету қоғамынан өтуді» білдіреді, оны АҚШ-та 1970 жылы жұмыс күшінің 65% өндіріс пен құрылыста қызмет етсе, тек 5%-ға жуығы ауыл шаруашылығында болды. Өз зерттеушілер өндірістің құрылымы ғана емес, сипатында да түбегейлі өзгерістер болғанын көрсетеді. Олардың қатарында Адлер Ю.П., Аронов И.З., Шпер В.Л. әлем XX ғасыр аяғы XXI басынан бері жаппай өндірістен бас тарту алдында тұр. Оны алмастырған өндірістің жаңа типіне батыс зерттеушілері «lean production», яғни тұтынушы өзіне лайығын таңдап алуға тиіс техникалық құжаттарға сай біртекті бұйымдардың жиынтығын әзірлеуді көздейтін дәстүрлі «қамқоршы, үнемді өндіріс» деген атау берді. Оны әрбір тұтынушының қажеттілігін жеке-дара қанағаттандыратын, қажет көлемде және қажет уақытында өндіретін міндет алмастырды. Мұның барлығы мекеменің бәсекелестігінде де, экономикасында да сан емес, сапаны бірінші орынға шығарумен байланысты еді. Білім беру саласында мұндай жағдай XX ғасырдың 90-жылдары орнай бастаған болатын. Отандық білім беру жүйесінің тарихына шегініс жасайтын болсақ, кеңестік дәуірдегі тәжірибеде түрлі ғылыми-әдістемелік орталықтардың қызметі бір ғана табысты шыққан тәжірибені жаппай қолдану еді. Ал қазіргі заман білім беру мекемелеріне бұқара сұранысына қарай бағытын өзгертіп отыруға мүмкіндік жасады [4].

Д. Бэлл белгілеген екінші аспект технологиялық инновацияны жүзеге асыру үшін теориялық білімнің шешу маңыздылығын белгілейді. Ресейлік ғалым С.В, Лапшин «Бүгінде дамыған елдердің стратегиялық ресурсы ғылым мен еңбек сапасын олардың технологиялық бірлігінде» деп санайды. Егер талдай қарасақ, білім беру саласы менеджерлерін дайындау мен олардың практикалық әрекетін қамтамасыз ететін ғылымның теориялық базасы түбегейлі өзгермегенін байқаймыз. Бұл сала үшін базалық ғылым идеологияланған, әрі технологиялардың тиісті спектрімен қамтамасыз ете алмайтын кеңестік педагогика болды. 1950-1990 жылдар арасында жарияланған ғылыми зерттеулерді қарастырсақ, білім беру саласы менеджерлерін дайындаудың теориялық, практикалық, әдістемелік мәселелерін нысанға алған зерттеулер санаулы, олар ішінде тәуелсіздікке дейін жазылған еңбектер әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану талаптарын аз ескерген. Демек, практикалық маңыздылығы төмен болатын «Менеджер» ұғымы ең алдымен, кәсіби басқарушылық базалық білімі сипатындағы жаңа типтегі басшы ретінде түсіндіріледі. Білім беру мекемелерін басқару – кез келгені жинақтай алатын тәжірибе ғана емес, ол терең меңгеруді қажет ететін ғылыми білімдер жүйесі, және туа біткен қабілетті, ерекше дарындылықты, лидерлік қасиеттерді талап ететін өнер. Заманауи білім беру мекемесінің басшысы – ол тек қызмет қана емес, кәсіп те, өйткені бұл қызмет кәсіптің барлық белгілеріне ие: жетекші іс-әрекет, арнайы білімді, білік пен дағдыны, арнайы тұлғалық әрі кәсіби сапаларды міндеттейді [5].

Қорыта айтқанда, жобалау мәдениеті барлық педагогикалық технологиялардың мәнін айқындайды, білім беру саласындағы мамандардың білік пен дағдыларының іргесін қалайды, ал бұл өз кезегінде субъектінің қоғамның өзге де элементтерімен өзара әлеуметтік-мәдени әрекеттесуінің технологиялық және құндылықтық формасы болып табылады. Білім беру саласындағы мамандардың жобалау мәдениеті тұлғаның барлық құрылымдарын қамтитын және маманның диагностикалық, педагогикалық, басқарушылық, сондай-ақ басқа да функцияларды жүзеге асыруының негізі, әлеуметтік-кәсіби рольдердің негізгі репертуарын меңгеру мен іске асырудың базалық жағдайы болып табылатын күрделі жүйелі білім. Бұл білім беру жүйесіне сәйкес, сонымен қатар оқудан тыс іс-әрекеттің мүмкіндіктерін пайдаланудың қажеттілігіне әкеп соғады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Свиридов О.А. Особенности экономики вузов в условиях перехода к рынку //Качество, инновации, образование. - №1. - 2004. - 21 б.
2. Кумбс Ф.Г. Кризис образования в современном мире. Системный анализ. - М., 1970.
3. Дьюи Д. Школа и общество. - М.: Просвещение, 1970.
4. Бэлл Д. Социальные рамки инфромационного общества //Новая технократическая волна. - М., 1986. – 122 б.
5. Исаева З.А. Подготовка менеджеров в образовании в высшей школе. - Алматы, Қазақ Университеті, 2005.

А.А. Баелов, Г.К. Джумажанова
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Қазақстан, Семей қаласы

БІЛІМ БЕРУ СУБЪЕКТІЛЕРІ ТҰРҒЫСЫНАН ЖОО ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ-КӘСІБИ ҚАСИЕТТЕРІ

Қазіргі жаһандану жағдайында мемлекеттің әлемдік білім кеңістігіне енуі барысында болашақ мамандарды даярлаудың сапасын жақсарту мәселесіне баса назар аударылып отыр. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасында «Ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі үшін адам капиталының сапасын көтеріп, кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыруымыз қажет» – деп, нақты тапсырмаларды міндеттеген болатын.

Осыған орай, ағымдағы заманауи білім беру әлемнің жетекші мемлекеттерінің бәсекеге қабілетті талаптарына және инновациялық даму моделінің стратегиялық дамыту бағытына сәйкес құрылуы қажет. Осы жағдай әлемдік білім беру кеңістігінде жан-жақты интеграциялық білімге құмар, күнделікті өзгерістерге тез бейімделетін, өз бетімен шығармашылық іс-әрекеттер жасай алатын, әлеуетті, зияткер ұлтты қалыптастыруды қажет етіп отыр.

Бұл болса, білім беру субъектілері бойында белсенділік, бастамашылдық, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі белсендіру, өзбетімен шешім қабылдау сияқты тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту қажеттілігін арттырады.

Жоғары оқу орнындағы (ЖОО) білім беру субъектілерінің негізгілерінің бірі болып оқытушы екені белгілі. Ал заманауи педагогтың білім беруді ізгілендіруде, білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде олардың әлеуметтік рөлінің басымдығы маңызды болып табылады. Осыған байланысты олардың құзыреттілігінен, шығармашылығынан және тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің дамуынан білім беру сапасын артуы мен нәтижелігі талап етеді.

Барлық уақытта да білім беру үдерісінің негізгі мақсаты болып халықпен, қоғаммен, өркениетпен жинақталған қоғамдық тәжірибені сақтау және әрі қарай дамыту табылды. Білім беру белгілі бір оқу орындарында білімдерді меңгеру, ақпараттарды жеткізу және қабылдау, аталған тәжірибені игеруді ұйымдастыру үдерістері арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамның қазіргі кезеңіндегі білім беру біртұтас тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың факторы және нәтижесі тұрғысынан анықталып отыр. Осыған орай кәсіби білім беру мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан реформаларды дамытудың маңызды стратегиялық бағыттарының біріне айналды.

Болашақ маманды кәсіби даярлау мәселесінің тиімді де табысты шешілуі білім беру үдерісінің субъектілеріне тәуелді екендігі анық. Тұлғаның таным субъектісі, еңбек субъектісі, қатынас субъектісі болып табылатындығы мазмұнды баяндалған. Сол талдаулар нәтижесінде біз зерттеу пәнімізге сәйкес педагогикалық сөздіктегі «субъект – іс-әрекетті өзгертіп, түрлендіре алатын, жеке көзқарасын айтатын, шешім қабылдап, өзінің іс-әрекеттерін бағалап, өзін өзгертіп, өзін-өзі жүзеге асыра алатын белсенді саналы адам немесе ұжым», делінген анықтаманы басшылыққа аламыз.

Өйткені мұнда субъектінің өзінің іс-әрекеттеріне есеп бере алатындығы, өзін-өзі тануға қабілеттілігі, өзінің санасы мен жауапкершілігі туралы айтылып тұр. Ол өзінің өткен, осы және келер шақтарын сәйкестендіре алады. Ал оның өзгеруі оның ойларына, өзіндік стратегиясына сәйкес жүзеге асырылады.

Субъект психологияда «белсенділіктің, тұтастықтың, автономдылықтық жоғары деңгейіндегі адамдар» деп түсіндіріледі. Ал бұл болса, бізге білім беру субъектісі туралы сөз қозғауымызға мүмкіндік береді.

Психологияда жан-жақты зерттеліп келген субъект категориясы (А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, К.А. Абулханова-Славская, А.В. Брушлинский) философиядағы (Аристотель, Декарт, Кант, Гегель) басты ұғымдардың бірі болып санады. Білім беру субъектісі мен субъектілерарасындағы қатынастарды зерттеуде біршама қиындықтар туындайды. Өйткені субъектілердің әрбірі басқа субъектімен және бір мезгілде «өзін-өзі» жасау атты ортамен қатынасқа түседі.

Осы мәселе ғылымда «субъект-субъектілік қатынастар» деп белгіленіп, педагогика мен психологиядағы маңызды және жете зерттеле қоймаған мәселе болып қалып отыр.

Ж. Пиже субъектінің өзінің ішкі құрылымы өзіне түгелдей «бағынбайтындығын», өзін-өзі шындыққа айналдыратындығын, өз объектісі мен операцияларын өзі ұйымдастыратындығын айтады. Ал, біздің ойымызша, субъектінің ықпалды белсенділік пен қайта жасауға бейімділік сипаттарыаса маңызды саналады. Белгілі бір сипаттарды бойына жинақтай алған субъектілікті жеке бір функция ретінде қарауға болады. Білім кеңістігіндегі субъектілік көпфункционалды саналады. П.Ф. Каптеревтің пікірінше: «білім беру үдерісіндегі субъектілер өзін-өзі дамытуға міндетті, оның ішкі қайрат-күші басқаның дамуының бастауы мен қуат беруші импульсы бола алады» деген қорытындыға келген [3].

«Адам - адам» типтегі мамандықтардың кәсіби әрекеті тиімділігінің субъективті көрсеткіштерін қарастырған Ю.Е. Якунин «субъект - іс-әрекет –объект - қоршаған әлем» ұғымының орнына енді «субъект – іс-әрекет, субъект - қоршаған әлемді» қойды. Субъект - еңбек субъектісі болып табылады, субъект – еңбекті тұтынушы, бірақ кәсіби әрекеттің субъектісі тек кәсіби маманы (субъект ғана бола алады, өйткені ол белсенді, барлық үдерісті жоспарлайды, реттейді, бақылап түзету енгізеді. Субъект - субъект қатынасына бағынышты іс-әрекеттер кейпінде ғана. Бірақ іс-әрекеттерінің мақсаттарына жететін ортақ нәтижелері екі субъектінің өзара біріккен іс-әрекеттеріне тәуелді [4].

И.А. Зимняя білім беру үдерісіндегі субъект категориясын психологиялық-педагогикалық тұрғыдан былайша сипаттайды:

- 1) субъект үшін объект қажет;
- 2) өзінің іс-әрекеті (танымдық немесе эксперименттік) формасында (құралдар, тәсілдер) субъект қоғамдық болып табылады;
- 3) қоғамдық субъектті жүзеге асырудың нақты жекелік өзіндік формасы болады; ұжымдық субъект әр индивидтің бойында және керісінше орын алуы мүмкін;
- 4) саналы реттелетін өзара әрекет әрқашан субъективті, сол әрекеттің өзінде субъекттің өзі де қалыптасады;
- 5) жекелік әрекеттің субъектісі – саналы іс-әрекеттенетін жан;
- 6) субъектілік өзге адамдармен қарым-қатынас барысында анықталады – белсенділік, біреуге баулушылық;
- 7) субъектілік қарым-қатынастың, іс-әрекеттің, өзіндік сана мен болмыстың ажырамас тұтастығы;
- 8) субъектілік өзара әрекеттен тыс жүзеге асырылмайды, динамикалық басталады, тұрақталады және өзгереді;
- 9) субъектілік-интрапсихикалық категория [3].

И.А. Зимняяның тұжырымдауынша субъектінің іс-әрекеттеріне мақсат қоя білу, жоспарлау, орындаушылық іс-әрекеттер, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау жатады. Осыған сәйкес білім беру субъектісі тұрғысынан ЖОО оқытушыларының кәсіби іс-әрекетте мақсат қоя білуі, жоспарлай алуы, оны жүзеге асырудың тәсілдерін білуі, өзбетімен нәтижелерін бағалауы, кәсіби әрекеттің талаптары мен өзінің мүмкіндіктерін білуі, қиыншылықтар пайда болғанда оларды талдау және жеңу жолдарын таба білуі сынды қасиеттермен сипатталады [3].

Сонымен білім беру субъектісі дегеніміз оның іс-әрекетінің нәтижесі, ортаны өзгертуші, оны жасаушы немесе түрлендіруші. Өзіндік әрекеттер жасай алған адам субъектінің мәніне айналады. Адам өмірінде осы өмірдің субъектісіне айналатын белгілі бір сәті (жол басы) болады. Мүмкін тұлғаның даму динамикасы осындай сәттен басталып, «субъектілік» іс-әрекетке түседі, соның нәтижесінде тұлға ретінде дамығаны байқалады. Ал бұл әрекет субъектілік қарым-қатынастар (яғни, эмпатиялық, фасилиттенген) арқылы өзіндік ішкі жағдайдың табиғатына сай туындауы тиіс. Осыған орай, білім беру кеңістігіндегі субъект-субъектілік қатынастарды түсіну негізінде білім мен тәрбие пассионарлықты (баланың еңбектегі, танымдағы, еркін рухты тұлға ретінде қалыптасуындағы жекелей әлеуметтік қажеттіліктерін дамыту) жүзеге асыруға болады, сондай-ақ синергиялықты (үдеріске қатысушы – мұғалім, оқушы, ата-ана арасындағы өзара әрекеттесуден туындайтын энергетика) өркендетуге де мүмкіндік туындайды.

Зерттеу проблемасына қатысты ғылыми әдебиеттер талдау барысы ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін тұтас тұрғыдан зерттеудің маңыздылығын байқатты. Өйткені оқытушылардың бойынан көрініс алып қалатын жағымсыз қасиеттерді болдырмау білім беру үрдісін әлеуметтікпсихологиялық тұрғыдан кешенді қамтамасыздандыруға арналған ғылымиәдістемелік құралдарды талап етеді.

Осы айтылғандардың барлығы, ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытуда мынадай қарама-қайшылықтардың бар екендігін көрсетті:

- ЖОО-да педагогикалық іс-әрекеттегі қарым-қатынасты ізгілендіру қажеттілігі мен оқытушылардың басым бөлігінің оны жүзеге асыра алмауы арасында;

- ЖОО-ның педагогикалық іс-әрекеттегі қарым-қатынасты ізгілендіруде оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін тұтастық тұрғыдан зерттеу қажеттілігі мен оның ғылыми-практикалық тұрғыдан жеткіліксіз зерттелгендігі арасында;

- ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін тұтастық тұрғыдан қарастыруда өзін-өзі белсендірудің маңыздылығы мен оның ғылыми-әдіснамалық негіздерінің жасалмауы арасында;

- ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытуға арналған психотехнологияны қолдану қажеттілігі мен олардың жеткілікті өңделмеуі, сонымен қатар мақсатты, жүйелі жүзеге асырылмауы арасында.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені Қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқытушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу ғана емес білім беру субъектілерінің тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оқытушы бойындағы тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту маңыздылығы да міне, осында.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 15.08.2007.
2. Краевский В.В. Общие основы педагогики. - М.: Издательский центр «Академия», 2005. - 256 с.
3. Поваренков Ю.П. Психологическая характеристика профессиональной толерантности учителя // Вопросы психологии внимания: сб. науч. трудов / под ред. проф. В.И. Страхова. – Саратов: изд-во Саратов. ун-та, 2003. – Вып. 21. – 256 с.
4. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. - М.: Педагогика, 1981. - 186 с.
5. Развивающее обучение в вузе: [Сб.ст.]/ Тюмень гос.ун-т; [Редкол.: Загвязинский В.И. (Отв.ред.) и др.]) - Тюмень: ТГУ, 1983-112 с.
6. Колесникова И.А. Педагогическое проектирование Учеб. пособие для высш. учеб. заведений. - М.: Издательский центр Академия, 2005. - 288 с.

ӘӨЖ: 158.36

А.Т. Байболова

«Беген орта мектебі» КММ

Шығыс Қазақстан облысы, Бесқарағай ауданы

ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Хош иісті заттар дегеніміз иісі жағымды органикалық заттарды айтамыз. Ал хлорды немесе меркаптанды өздеріне ғана тән иісі болса да хош иісті зат деп атауға келмейді. Иісі сезілетін заттарды иісті заттар деп атайды. Химиялық тұрғыда еш айырмашылық жоқ. Бірақ егер ғылыми тұрғыда иісті заттарды зерттеу керек болса, онда өндірісте иісті заттарды қарастыру негіздеген. Аса танымал мускус иісі - парфюмерияның негізі- иісі өте өткір, тіпті жағымсыз, бірақ та өте аз мөлшерде эфирлердің құрамына қосқанда, олардың иісін күшейтіп, жақсартып жібереді. Индолдың иісі де жағымсыз, ал «Белая сирень» атты этірге қосқанда иісі білінбей де қалады.

Хош иісті заттар – парфюмериялық және косметикалық бұйымдарға, тағамға жағымды иіс беретін органикалық қосылыстар. Хош иісті заттар табиғатта кең тараған, олар көбінесе өсімдіктер мен жануарлар организмдерінде болады, жасанды жолмен алынатын, бірақ олар жеке құраушыларға бөлінбейді. Эфир майлары, табиғи хош иісті заттар құрылысы зерттеліп, олардан жеке қосылыстар бөліп алу нәтижесінде 19 ғасырда бірнеше хош иісті заттардың құрылысы анықталып, жай химиялық шикізаттардан синтезделе басталды. Алғаш ванилин, -фенилэтил спирті, индол синтезделді. Кейбір хош иісті заттарды табиғи заттардан алу тиімді болса, көптеген хош иісті заттарды синтездеп алу тиімді. Мысалы, 1 килограмм жұпар 30 мыңдай құдырдан алынады. Ал өнеркәсіпте жұпарға ұқсас хош иісті заттар синтездеу өте арзан., әрі тиімді. Хош иісті заттарды зерттеу, синтездеу нәтижесінде, олардың иісі мен құрылыстарында кейбір заңдылықтар бар екені анықталады. Әр түрлі хош иісті заттарға тән иіс сол заттың молекуласындағы функционалдық топтарға (карбинольдік-, карбонильдік-, күрделі эфир-) зат молекуласының көлеміне, тармақталу, тармақталмауына байланысты. Парфюмерия өнеркәсібінде қолданылатын қосылыстар молекуласында циклдік топшалар болады., яғни иісі бүтіндей алынған молекула құрылысына байланысты. Кейде құрылысы

ұқсас қосылыстардың иісі әртүрлі де, химиялық табиғаты бойынша алшақ заттардың иісі ұқсас болады. Табиғатта кездесетін және кездеспейтін көптеген хош иісті заттар синтезделіп алынды. Өтір, иіс су өндіру үшін негізгі процестердің бірі- «парфюмерлік композиция» деп аталатын аралық өнім жасау. Ол үшін белгілі мөлшерде алынған әр түрлі хош иісті өнімдер араластырылады. Парфюмерлік сұйық алу үшін алынатын өтір немесе иіс су түріне қарай оны спиртте ерітеді. Бір парфюмерлік композиция жасау үшін әр түрлі хош иісті заттар және хош иісті өнімдер керек.

Эфир майлары негізінен парфюмерия, клсметика және тамақ өнеркәсібінде органикалық синтезде, мысалы, пинен-камфора синтездеуде, скипидар-сыр, бояу өндірістерінде, тағы басқа еріткіш ретінде қолданылады. Көптеген тамақ өнімдері үшін олардың мөлшер пайыз бөлігімен анықталады. Тамақ өнімдерінің хош иісі маңызды сапа көрсеткіші болып табылады. Жағымды хош иіс тәбетті ашады және тағамның сіңімділігін жоғарылатады. Хош иісті заттардың жеңіл булануын кейбір тамақ өнімдерін аспаздық өндегенде және сақтағанда ескеру қажет. Тамақ бұзылғанда жағымсыз иістер пайда болады, ол күкіртсутек, аммиак, индол, скатол және т.б. заттардың түзілуіне негізделген.

Хош иісті заттардың жіктелуі


Хош иісті заттар көптеген органикалық қосылыстарда кездеседі. Олардың құрылыс әр түрлі болып келеді: көбінесе қаныққан және қанықпаған ашық циклді сипатта, ароматты қосылыстарда, тұйық тізбегінде әр түрлі санды көміртекті атомдары бар тұйықталған тізбектерде кездеседі. Хош иісті заттарды олардың иісіне қарап жіктеу қарастырылған еді, бірақ ол нәтиже бермеді, себебі ғылыми негізге бағынбайды және де көптеген қиындықтарға тап болды. Қажеттілігіне қарай хош иісті заттарды жіктеу де шартты болып табылады. Өйткені бір топтағы хош иісті заттардың қажеттілігі де әр түрлі: мысалы, парфюмерия үшін, тамақ өнеркәсібі үшін.

Хош иісті заттарды органикалық қосылыстар кластарына жатқызып жіктеу тиімді. Мұндай жіктеу заттың иісін оның молекуласының құрылысмен және функционалдық топтың табиғатымен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Хош иісті заттардың ішінде ең үлкен топ – күрделі эфирлер. Көптеген хош иісті заттар альдегидтерге, кетондарға, спирттерге және кейбір басқа органикалық қосылыстарға жатады. Төменгі май қышқылының эфирлерінің және майлы спирттердің иістері жеміс-жидек тәрізді (жеміс-жидек эссенциясы, мысалы изоамилацетат), алифатты қышқылдардың эфирлері және терпенді немесе ароматты спирттердің иістері- гүлдің иісі тәрізді (мысалы бензилацетат, терпинилацетат), бензойды, салицилды эфирлердің және басқа да ароматты қышқылдардың иістері – тәтті бальзамдалған иісті болып келеді. Кетондардан көп тараған және алициклді маңызы бар, тұйық тізбек құрамында ктотобы бар (ветион, жасмон) немесе тізбектің шетінде (ионондар), және майлы-ароматты (п-метоксиацетофенон), спирттерден-бірағанды терпенді (ераниол, линалоол) және ароматты қосылыстардан –(бензил спирті) жатқызуға болады.

Заттың иісі мен оның құрылысы арасындағы байланыс

Заттың иісі мен оның құрылысы арасындағы байланыс туралы көптеген экспериментті жинақтар (түрі, функционалдық топтың орналасуы мен саны, көлемі, тармақталуы, кеңістіктік құрылымы, қосарланған байланыстар және т.б.) мәліметтер бойынша заттың иісін болжауға жеткіліксіз. Соған қарамастан кейбір қосылыстар топтарына белгілі заңдылықтар айқындалды. Бір молекулада бірнеше бірдей функционалдық топтардың жинақталуы иістің әлсіреуіне немесе тұтастай жоғалып кетуіне әкеп соғады (мысалы бір атомды спирттердің көпатамды спирттерге ауысқан жағдайда). Қалыпты құрылысты изомерлерге қарағанда изоқұрылысты альдегидтердің иістері көбінесе күшті және жағымды болады. Иіс шығару қабілетіне көбінесе молекуланың көлемі әсер етеді. Көбінесе гомологиялық қатарда орналасқан көршілес заттардың иістері ұқсас болып келеді, бірақта иістің күші бір мүшеден екіншісіне ауысқанда өзгеріп отырады. Молекула қандай да бір көлемге жеткенде иіс жоғалады. Айталық, 17-18 көміртек атомдары бар алифатты қатардағы қосылыстардың иістері мүлдем жоқ. Иіс, сонымен бірге, тізбектегі көміртек атомдарының санына да байланысты. Мысалы, макроциклды кетондардың C_{5-6} ащы миндалдың иісі тәрізді немесе ментолға ұқсас. C_{6-9} – ауыспалы иістер береді, ал C_{9-12} – камфараның иісі немесе жалбыздың иісіне ұқсайды, C_{13} – шайырдың немесе кедрдің иісін береді. C_{14-16} – мускустың немесе шабдалының иісі, C_{17-18} – пияздың иісі, ал C_{18} қосылыстардың иістері мүлдем сезілмейді немесе өте әлсіз.



Басқа жағынан қарасак: кейбір органикалық химиялық қосылыстардың құрылысы ұқсас болса да, иістері әрүрлі, ұқсамайтын болып келеді. Мысалы, раушан гүлді тәрізді иіс розоацетатқа тән:

$C_6H_5CH(CCl_3)OCOSCH_3$ 3-метил-1-фенил-3-пентанол, ал оның цис-изомері –гераниолдың –нерол, розеноксидтің формуласы мынадай: $C_6H_5CH_2CH_2C(CH_3)(C_2H_5)OH$.

Заттардың еру дәрежесі де иістерге әсер етеді. Айталық, кейбір иісті заттар таза күйінде иістері жағымсыз (мысалы, цибет, индол). Әр түрлі хош иісті заттарды әр түрлі көлемде араластыру арқылы жаңадан бір иістің әкеп соғуына, немесе мүлдем жойылып кетуіне ықпал етеді.

Стереохимиялық теориясы бойынша (Дж.Эймур, 1952) алғашқыда 7 иістің бар болуы болжанған еді, олар 7 типті рецепторларға сәйкес келеді; соңғылардың хош иісті заттардың молекулаларымен әрекеттесу нәтижесі геометриялық факторларымен анықталады. Мұнда хош иісті заттардың молекулалары қатты стереохимиялық модель тәрізді көрсетілген, ал иіс сезу рецепторлары – әр түрлі пішінді ойықтар тәрізді, әр иістің өзіне сәйкес ойығы болады деп есептелінген. Қазіргі ғылым да осы теорияға негізделеді, ол «кілттің құлыптың аузына сәйкес келу» принципі деп аталады. Иістер бірнеше топтарға бөлуге болады: камфоралы, эфирлі, гүл иісі, өткір, шіріген, жұпар иіс, күйдіргіш, ащы т.б. Иіс молекулаларының белгілі бір пішіні бар деп есептеледі, мысалы: камфора иісі домалақ, мускус –дискі тәрізді, гүл иісі –құйрығы бар батпырауық тәрізді. Иіс сезу мүшелеріндегі сезгіш ойықтар иіс молекулаларына сәйкес келеді.

Адамға иістің бір молекуласы жеткіліксіз, сигнал миға жету үшін 320 дана керек. Ал итке иіс молекуласының 8 ғана жеткілікті, өйткені оларда 220 млн. иіс сезу жасушалары бар, ал адамда 6 млн. ғана. Жер шарында ауаның бір куб метрінде бір молекула иісті сезе алатын жануар да бар. Мысалы: жібек құртының аталығы аналығының бөлетін 10000 нан 1 мг иісті 10 км жерден сезе алады. Жануарлардың сезетін иістері шектеулі, олар: қарсы жыныстың иісі, тамақ, ұрпағының иісі, үйге қайтар жолдың иісі, қауіп-қатер т.б. Иттер иісті 10 м жерден, альбатрос балық иісін 3-км ден, ал акула теңіз суындағы бір тамшы қанды 4 км жерден сезеді. Адамның иіс сезуі қандай да бір затпен немесе оқиғамен, эмоциялық күймен байланысты. Түрлі ағзалардың иіс сезу аймағы әр түрлі, мысалы адамда- 4,8 см², итте 64,5см², акулада- 130см². Бұл жерде әртүрлі ағзалардың иісті сезіп қабылдауына тіршілік ортасы мен өмір сүруге бейімділіктері де әсер етеді. Мысалы, акуланың иісті қабылдауына судың тығыздығы кедергі келтіреді, ал иттерде иіс сезім тек қорек іздеу қызметін ғана атқарады. Ал адамдар да ерекше денсаулықтарын сақтауда маңызды, кейде иіс сезім арқылы адам өмірін де қауіптен сақтап қалады.

Иіс түйсігі Иіс, иіссезімі, иіс түйсігі- адамның және жануарлардың иіс органдары арқылы сезу процесі. Иіс сезіммен беріліп отырады. Заттың мұрынға, танауға тартылған ауамен бірге, ал ауыздағы тағам иісі көмей алдындағы таңдай тесігінен өтіп, кеңсірік ішіндегі кілегей қабықтың таяқша тәрізді клеткаларындағы сезу рецепторларына әсер етеді. Әдетте, тыныс алу кезінде иіс аз сезіледі де, ауаны күштірек тартқанда көбірек білінеді. Адам әртүрлі иісті едәуір ажырата алады және бұл адамның тұрмыс-салтына, кәсібiне қарай ерекше дамиды. Адамның иіс сезу қабілетін жаттықтыруға, күшейтуге болады. Мысалы, тәтті тағам, шарап, темекі, парфюмерия кәсіптеріндегі иіс талдаушы мамандар иісті жақсы ажыратады. Иіс сезімнің адамның сыртықы дүниені тануда, азық-түліктің, дәрі-дәрмектің сапасын анықтауда маңызы зор. Иіс адамның көңіл күйіне, жалпы мінез-құлқына жағымды (қолайлы), не жағымсыз (қолайсыз) әсер етеді. Мысалы, жұпар иісті заттар адамның көңілін сергітсе, шылым түтіні, газ иісі басты ауыртады, көңіл-күйді төмендетіп, адам селқостанады, жүрегі айниды. Иіс сезімі соқыр, мылқау, керең адамдарда ерекше жетілген. Иіс сезімі темпeртаура ауытқуына, ауа ылғалдылығына, орта жүйке жүйесі жағдайына, түрлі ауруларға байланысты өзгереді. Сүтқоректілердің иіс сезімін үш түрге бөледі: макросоматикалылар- иісті күшті сезетіндер (сүтқоректілердің көпшілігі, әсіресе жыртқыштар, тұяқтылар). Жылқы – макросоматиктерге жатады. Жылқының иіс сезу мүмкіндігі өте жоғары деңгейде дамыған. Оның желбезекті кең танауы бір емес бірнеше иісті қатар сезеді. Жылқы иесінің ішкі түйсігін (көңілауанын, алаңдауын, жайбарақаттығын) иісі арқылы айыра алады. Егер мініп жүрген атыңыз үркісе, жүруден тартынса, қашса, онда жайсыз иіс сезгені. Жалпы, жылқы малы иістенген, ескірген шөпті жемейді. микросоматикалылар – иісті нашар сезетіндер (мысалы ескекаяқтылар, тіссіз киттер, приматтар) және аносоматикалылар – иіс сезбейтіндер (мысалы, тісті киттер, дельфиндер). Иіс сезімі, әсіресе, жәндіктерде жақсы дамыған, себебі, олар тозаңмен қоректенетіндіктен және бір гүлдер (мысалы, орхидея) жәндіктер арқылы тозаңданатындықтан гүл иісін сезудің маңызы зор. Организмнің иіс газы мен улануы – иіс тию деп аталады. Иіс газы өндіріс орындарында, үйде отынның толық жанбауынан, яғни оған ауаның толық түспегендіктен пайда болады. Газ плитасын дұрыс пайдаланбаса, пештегі отын (көмір, тезек, ағаш) әбден жанбай, мұржан ерте жапса, үй ішінде улы газ жиналып, адамға иіс тиеді.

Иісті сезу үшін иісті заттың молекулалары иіс сезгіш рецептерлерімен байланысқа түсу керек. Сондықтан да иісті заттардың қасиеттері- ұшқыштығы, липидтерде ерігіштігі иіс сезу қабатында

адсорбцияланады. Бірақ та белгісіз жайт ретінде иіс сезу қоздырғышының механизмі химиялық па, әлде физикалық қасиеттері механизмнің тиімділігіне жеткізері белгісіз.

Ғалымдар бүгінгі күні иісті заттың рецепторлармен әрекеттесуден кейін мидағы анықталатын жолдың тізбегін анықтап ашып берді. Айталық, америкалық ғалымдар Ричард Аксель және Линда Бак осы салада жүргізген зерттеулері бойынша Нобель сыйлығына 2004 жылы ие болды. Әрине бұл физиология және медицина саласы. Иісті қабылдау механизмін негіздеу мақсатында екі түрлі теория ұсынылған. Олар химиялық және физикалық теориялар. Химиялық теорияға сәйкес иісті қабылдау механизмінің негізінде иісті заттардың молекулаларының құрылысымен сипатталады. Физикалық теория иісті заттар молекуласының төменгі жиілікті тербелісінен туындайтын электромагниттік тербеліспен түсіндіріледі. Қазіргі кезде иіс сезу механизмін түсіндіретін теорияға сәйкес адекватты тітіркендіргіштер молекуласы иіс торшаларының хеморецепторлық мембранасымен әрекеттеседі. Иіс торшаларында арнаулы нәруыздардан құралып, тітіркендіргіш молекуласымен, атомымен немесе иондармен жылдам әрекеттесетін белсенді рецептивтік орталық немесе бөлім болады. Хеморецепторлар беткейкілегей қабатымен қапталған. Осы кілегей қабаты торшаның рецептивтік беткейінің тітіркендіргіш молекуласының әсерін қабылдау мүмкіндігін реттеп отырады. Иісті қабылдау теориясына сәйкес процесі екі түрлі әрекеттесудің нәтижесінде жүреді. Иісті заттар молекуласының қабылдаушы учаскемен түйісуінің салдарынан пайда болған зарядты контакты түрде өткізу және зарядтарды беретін молекулалық кешендер түзу арқылы. Бұл кешендердің құрамына әр уақытта рецепторлар нәруыз молекулаларына енеді. Олардың белсенді бөліктері электрондар доноры мен акцептор қызметін атқарады. Бұл теорияға сәйкес рецептивтік бөлікте иісті заттар молекулаларымен бірнеше жерден әрекеттеседі.

Иіс сезу жүйесінің қызметін зерттеудің кілтін ашуда иіс сезетін рецепторлардың жұмысын бақылайтын мындаған гендердің жауап беретіні табылды. Л. Бактың және Р.Аксельдің 1991 жылы жариялаған мақаласында сипатталды. Иісті сезуде ағзадағы барлық гендердің 3% араласады. Әрбір геннің бір ғана иіс сезетін рецепторға жауап беретін ақпараты бар - иісті шығаратын затпен әрекеттесетін нәруыз молекуласы. Иіс сезгіш рецепторлары рецептор жасушаларының мембранасына бекиді де иіс сезгіш эпителий түзеді. Әрбір жасуша тек арнайы түрдің ғана рецепторына жауап береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Р.М. Абдуллабекова «Табиғи шикізаттан алынған биологиялық белсенді қоспаларды жасап шығарудың технологиялық және гигиеналық негіздері». – Шымкент, 2002
2. М.Н. Аширматова, Ф.И. Шарипова, Б.К. Махатов «Влияние фитопре-паратов на обменные процессы». - Алматы. 1999.
3. Қ. Рахимов «Қазақ халық емшілігіндегі өсімдіктердің шипалық қасиеті» зерттей түсу - негізгі мақсаттардың бірі //Денсаулық журналы. - №3. - 2002.
4. А. Исин «Дәстүрлі қазақ медицинасының ерекшеліктері» //Абай журналы. - №2. -2002ж.
5. А. Отарбаев «Жабайы өсімдікті шетке теппейік» (өсімдіктердің емдік қасиеті туралы) //Жаршы. - №2. - 2002.

УДК: 35.81

А.Р. Байрамова
КГУ «Борасинская СШС»
Казахстан, Бескарагайский район

ПРИЗНАКИ МЕСТОИМЕНИЙ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Проблема местоимений – одна из наиболее сложных проблем грамматики английского языка. Местоимения по традиции определяются как часть речи, которая указывает на предметы, признаки и количества, но не называет их (кто, ты, этот, некоторый, несколько). Такое понимание не является в настоящее время общепринятым. Для того чтобы включить местоимения в систему частей речи, следует подробнее рассмотреть особенности значения и формальных показателей местоименных слов.

При изучении особенностей значения местоименных слов необходимо принимать во внимание, что для местоимений характерны три основные семантические функции:

1) дейктическая функция (< гр. *Deixis* - указание) – указание на условия речевого акта, соотношение того, о чем говорится, с условиями речевого акта и его участниками (я "говорящий", ты

"слушающий", вам "принадлежащий вам, т.е. слушающий", этот "находящийся вблизи от места речевого акта", тот "находящийся вдали" и т. п.);

2) анафорическая функция (< гр. Anaphora - отнесение) – соотнесение элементов данного высказывания с другими частями текста, отсылка к сказанному ранее (такой "подобный или равный тому, о чем говорится", другой "не такой, о котором говорилось" и т. п.);

3) кванторная функция – указание на тип предметной отнесенности имени, т. е. соотнесение имени с различными классами предметов и их признаков: с классом предметов или признаков, о которых говорящий хотел бы получить информацию от слушающего (кто?, какой?, сколько?), с классом не известных говорящему или слушающему (и поэтому неопределенных) предметов либо признаков предмета (кто-то, что-нибудь, какой-либо, сколько-то); с классом универсальных, всеобщих признаков (все, любой, всякий);

По характеру выполняемых функций местоименные слова делятся на восемь функционально-семантических разрядов:

1. Личные: я, мы (1-е лицо) – указывают на говорящего; ты, вы (2-е лицо) – указывают на слушающего;

2. он, она, оно, они (3-е лицо) – указывают на того (на то), о ком-чём говорится. Местоимения 1-2-го лица имеют дейктическую функцию отсылки к участникам акта речи; местоимения 3-го лица называются иногда лично-указательными, они совмещают лично-дейктическую функцию с ситуативно-указательной (Вот он идет) и даже анафорической (Это Петров. Он уходит).

3. Возвратное местоимение себя выполняет дейктическую функцию и указывает на отношение производителя действия себе: Издревле сладостный союз поэтов меж собой связует (Пушкин); Везде Онегина душа себяневольно выражает (Пушкин).

4. Притяжательные: мой, твой, наш, ваш, свой; его, её, их (три последних слова – несклоняемые: вот его дом, вижу его дом, обрадоваться его дому) связаны с дейксисом и анафорой – указывают на принадлежность чего-либо говорящему, слушающему или тому о ком-чем говорится.

5. Указательные: этот, тот, такой, таков, столько; устар. экий, этакий, сей, оный – имеют общее значение указания на предметы, их качество и количество. В зависимости от ситуации речи они выполняют либо дейктическую (Это дерево ближе, чем то), либо анафорическую функцию (Дети разбежались, и этоозадачило воспитателя).

6. Вопросительно-относительные:

1) вопросительные, содержащие количество: кто, что, какой, каков (устар. каковой), чей, который, сколько (кванторная функция);

2) относительные – перечисленные выше местоимения в функции союзных слов, соединяющих главную часть сложноподчиненного предложения с придаточной: Кто не может взять лаской, тот не возьмет и строгостью (Ч.); О вы, которых ожидает отечество из недр своих! (Лом.) – анафорическая функция.

Определительные: весь, всякий, каждый, сам, самый, любой, иной, другой; всяк, всяческий – указывают на обобщенный признак предмета (кванторная функция).

7. Отрицательные: никто, ничто, никакой, ничей, а также некого, нечего, не имеющие формы именительного падежа (кванторная функция).

8. Неопределенные: некто, нечто, некоторый, некий, несколько, а также местоимения, образованные от вопросительно-относительных местоимений с помощью словообразовательных элементов кое-, -то, -либо, -нибудь (кто-то, кто-либо, какой-нибудь, сколько-нибудь, кое-кто и др.) – указывают на неизвестные, неопределенные предметы, признаки или количества. Местоимения этой группы также выполняют кванторную функцию.

Местоименные слова – замкнутая, непродуктивная лексическая группа; новые местоименные слова в русском языке не появляются. Однако местоименные значения могут развиваться у некоторых прилагательных, существительных, числительных: данный вопрос (этот); известный просчет (некоторый); определенный определенный успех (какой-то); смех – дело серьезное(нечто); жил-был один человек (какой-то).

По грамматическим свойствам местоименные слова обычно делятся на три разряда:

1. Предметно-личные местоимения-местоименные существительные кто, что, я, мы, ты, вы, он, она, оно, они, себя, никто, ничто, некто, нечто, кто-то, кто-либо, кое-кто, кто-нибудь, что-то, что-либо, что-нибудь, кое-что, а так же всё (Всё пройдет), все, то, это – по частеречному значению близки к существительным, так как указывают на предметность. В предложении эти местоимения

выполняют те же функции, что и существительные, - являются подлежащими или дополнениями: Я вас любил... (П.)

2. Признаковые местоимения-местоименные прилагательные: мой, твой, наш, ваш, его, её, их, свой, этот, тот, такой, таков, экий, этакий, сей, оный, какой, чей, который, каков, каковой, сам, самый, весь, всяк, всякий, всяческий, любой, иной, другой, некоторый, некий, какой-то, какой-либо, какой-нибудь, чей-либо, который-нибудь и др. – в грамматическом плане не противопоставлены прилагательным. Они имеют частеречное значение признака предмета, не называя этот признак прямо, но, указывая на него (отвечают на вопрос "какой?"); согласуются с существительными в роде, числе, падеже и по одушевленности \ неодушевленности (мой дом, моя страна, моё отечество; такой город, такие города; вижу этот стол, но этого коня); в предложении являются определением или именной частью составного сказуемого (Это письмо – Ваше).

3. Количественные местоимения (местоименные числительные): сколько, столько, несколько, сколько-нибудь, как уже отмечалось, по грамматическим свойствам не противопоставлены числительным.

Кроме того, местоименные слова устанавливаются в рамках таких частей речи, как наречия (местоименные наречия где, куда, как, зачем и т. п.), безлично-предикативные слова (Каково ему сейчас?) и даже глагол. Многие ученые (в частности, М.В. Панов) полагают, что используемые в практике грамматического анализа вопросительные обороты "что делать?" и "что сделать?" [Петя (что делает?) рисует] являются не чем иным, как местоименными глаголами.

4.1 Начальная форма местоимений

Начальная форма местоимения – форма именительного падежа, единственного числа, мужского рода: мой, наш, какой, который. В тех случаях, когда местоимение не изменяется по числам или не имеет числа и рода, начальной является форма именительного падежа: я, ты, мы, вы, кто, что, кто-нибудь и др. Некоторые местоимения (себя, нечего, некого) не имеют формы именительного падежа. В этих случаях следует отметить, что начальной формы нет, и надо назвать первую словоформу имеющейся парадигмы. Начальной формой местоимений его, её, их (со значением притяжательности) принято считать формы он, она, они. Однако формыего, её, их со значением притяжательности можно считать неизменяемыми местоимениями, лишь по своему происхождению связанными с лично-указательными.

Постановка вопросов к местоимениям затруднений обычно не вызывает. Исключение составляют относительные местоимения: Пока еще я сам не знаю, что буду писать (К. Паустовский) (буду писать что? – повесть, рассказ); А это синица, которая часто ворует пшеницу, которая в темном чулане хранится в доме, который построил Джек? (С. Маршак). Вопросы – кто ворует пшеницу?- которая (синица); что построил Джек? – который (дом). Местоимения указывают на предметы и замещают в предложениях существительные, называющие эти предметы. Следует задавать вопросы к т о? и ч т о?

4.2 Одушевленность и неодушевленность местоимений

Личные местоимения я, мы, ты, вы служат для обозначения лиц говорящих и слушающих, т.е. живых существ, они отвечают на вопрос к т о? У этих местоимений В.=Р., поэтому они считаются одушевленными. Однако в языке художественной литературы эти местоимения могут явиться средством выражения олицетворения и указывать на предметы неживой природы.

Местоимения **он, она, оно, они** регулярно употребляются для указания как на живые, так и на неживые предметы и соответственно отвечают на вопрос к т о? или ч т о? У этих местоимений всегда В.=Р.: вижу его – стол, человека, т.е. формы падежей не могут дифференцировать одушевленность \ неодушевленность, показателем категории является вопрос к т о? или ч т о?

Относительные местоимения кто и что и вопросительные кто? что? существенно различаются по признаку одушевленность \ неодушевленности. Относительное местоимение кто используется только для указания на лица. Относительное местоимение что – для указания как на живые, так и на неживые предметы, т.е. это слово утрачивает семантику неодушевленности.

Методика предлагает разнообразные приемы и средства обучения, раскрывает существенные связи между различными по характеру и содержанию материалом и соответствующими ему способами организации учебной деятельности.

При изучении процесса обучения географии методика учитывает познавательные, возрастные особенности учащихся, руководствуясь общей теорией педагогики [4].

Школьники под руководством учителя открывают для себя сущность тех или иных законов, явлений, уже открытых наукой. Чтобы добиться успеха в обучении географии, надо учитывать данные педагогики и методологических исследований в решении проблемы, чему и как учить.

Следует помнить, что число применяемых на уроке различных методов обучения не должно выходить за рамки разумного, так как учащиеся, занятые выполнением разнородных заданий, могут не уловить основную идею урока.

Учебная деятельность на уроке сводится в основном к преподаванию учителем и усвоению школьниками программного учебного материала.

В методике разработано множество путей повышения эффективности урока географии. К основным из них относятся:

- умение учителя ярко изложить материал
- организация активной познавательной деятельности учащихся
- использование технических средств обучения
- систематическое повторение и обобщение изученного материала.

Усовершенствованные программы по географии, их методический аппарат помогают совершенствованию учебного процесса, в частности, в отборе оборудования, межпредметных связей, содержания для обобщающих уроков.

Список литературы:

1. Шамова Т.И. Активизация учения школьников. - М.: Просвещение, 1983. - С. 85.
2. Кудрявцев В.Т. Проблемное обучение. - М.: Знание, 1991. - С. 64.
3. Барина И.И. Современный урок географии. Часть 6. Методические разработки уроков для 7 класса: Материки и океаны. - М.: Школа-пресс, 2003 – 112 с. («География в школе. Библиотека журнала». Вып. 9).
4. Баранский Н.Н. Методика преподавания экономической географии.– М.: Просвещение, 1990.

ӘӨЖ: 371.13:378

Г.Е. Берікханова, О.М. Жолымбаев

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Қазақстан, Семей қаласы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЙЫНДАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі таңда математика саласында мамандар даярлау классикалық университеттер мен мемлекеттік педагогикалық оқу орындарында жүзеге асырылады. Мектептің математика пәні мұғалімін дайындау мәселесі педагогикалық оқу орындарында шешіледі. Жоғары педагогикалық оқу орындарындағы білім берудің мақсаттарының бірі орта мектептегі болашақ математика саласының білім деңгейін көтеріп, яғни мектеп мұғалімдерін дайындау және тәрбиелеу. Осы мақсатта болашақ педагог мамандар дайындау деңгейін Еуропалық білім беру жүйесіне жақындастыруды ескере отырып, педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру мазмұны, оқу бағдарламасы реформалануда.

Болашақ мамандарға математикалық білім берудің педагогикалық үрдісін қарастырсақ, оның мәселелері, жоспарлануы, білім беру технологиялары ғылыми білімді толық қалыптастыруға мүмкіндік жасайтын оқыту формасын, әдістердің, құралдардың жаңа, әрі тиімді түрлерін табу ізденістерін туғызып отыр. Бұл ізденістердің бағыты мен шешімі бірқатар субъективті және объективті факторлармен тікелей байланысты.

Заман талабына сай педагог мамандарды даярлау мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары педагогикалық білім беру стандартымен анықталады. Бұл стандарттарды жетілдіру мақсатында көптеген шаралар жүргізілуде.

Бірақ олардың өте жиі ауысуы (2004, 2006, 2009, 2010), әр пәнге берілетін кредит сандарының өзгеруі пәндерді әдістемелік қамтамасыз етуге кері әсерін тигізеді, оқытушылардың ғылыми*әдістемелік даярлығының толық деңгейде жүзеге асырылуына мүмкіндік бермейді, ол өз кезегінде студенттерде қалыптастырылатын мамандықты меңгеруге бағытталған іскерліктер мен дағдыларына байланысты қойылатын талаптардың әлсіреуіне әкеледі. Жоғары педагогикалық білім беру стандарты мазмұнының өзгермелі сипаты осындай субъективті факторларды ескеруі қажет.

Заманауи білім беру біздің қоғам және мәдениеттің қажетті элементі болып табылады. Ол еліміздің әлеуметтік-мәдени спецификасын сақтауға, жастар мен олардың дәстүрлі мәдениеттегі интеграциясының дамуына ықпал етуге, болашақ жас ұрпақтың салауатты өмір салтын таңдауға көмек көрсетуге қабілетті болуы керек. Осы орайда педагогикалық оқу орындарында жан-жақты жетілген, ой-өрісі кең, терең теориялық білімді және математикалық мәдениетті иеленген болашақ математик мұғалімдерді дайындауды іске асыруда олардың білімнің интегративті жүйесін игеруі өте маңызды.

Білімнің интегративтік ұстанымы математиканы оқып үйретуде пәнаралық байланысты кеңінен пайдаланады. Бұл математикалық басқа ғылымдарды дамыту үшін ғана емес, әлемдік мәдениеттің дамуы үшін маңызын ашады. Бұл ретте жалпы білім беру циклы және кәсіптік пәндер мазмұнының ұштастырылуы аса маңызды.

Қазақстан Республикасы жоғары педагогикалық білімінің тұжырымдамасында: «Бүгінгі мұғалім рухани дамыған, шығармашыл, кәсіби дағдыларды, рефлексия қабілетін меңгерген, жаңалыққа ұмтылғыш, білім құндылығын түсінетін, мәдениетті, педагогика мен психологияны, өз пәнін, оны оқыту әдістемесін терең білетін болуы тиіс» деп атап көрсетілген.

Сапалы маман қазіргі ақпарат ағымының көшінде үнемі өзі ізденіп, кәсіби және рухани өсу үстінде бола білуі қажет. Ол негізге болашақ маман жоғары оқу орнының қабырғасында жүргенде ие болуы керек. Бұл бүгінгі күнде мұғалімдерді дайындаудың ең өзекті мәселесі болып отыр.

Қазіргі уақытта 12 жылдық білім беру жүйесінде оқытудың озық технологияларының меңгермейінше, сауатты жан-жақты маман болу мүмкін емес.

Сонымен, бүгінгі күнде жоғары оқу орнының алдында тұрған басты міндет – өзіндік айтар ой-пікірі бар, жоғары сапалы, белсенді азамат, білікті маман тәрбиелеп шығару болып табылады. Жастардың ойлау әрекетін дамыту, ой-пікірінің дербестігі мен еркіндігін кеңейту, олардың өз бетімен білім алуға деген ынтасын арттыру, оны өз тәжірибелерінде жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, яғни біліктерін қалыптастыру және дамыту – маңызды және күрделі мәселелер болып отыр. Қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге шығармашылық тұрғыдан қарай алатын, қойылған мәселені дәстүрлі емес түрде және сапалы шеше білетін тұлғалардың мамандардың талап етілуі қоғамның даму жылдамдығына және тез өзгеріссіз жағдайында адамдарды өмірге дайындай білу керектігіне байланысты.

Студент болашақта талап деңгейінен табылуы үшін ол нормативті, әдістемелік және материалды – техникалық қамтамасыз етілген кәсіби педагогикалық ортада дайындалуы керек.

Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлау үшін тек оқу бағдарламаларын сәйкестендіріп қана қоймай, сондай-ақ ол қоғамдық, іскерлік қарым-қатынас, компьютерлік, өндірістік, технология тағы басқалары бойынша да дайындық мазмұнында міндетті көрінуге тиіс.

Қазіргі таңда қоғам алдында қойылған басты міндеттердің бірі – бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып дүние жүзілік деңгейге сәйкес келетін, жастарға сапалы білім беруге жағдай жасайтын және олардың үйлесімді дамуына, жеке бастың тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жаңа үлгідегі мектеп құру болып отыр. Осы мақсатқа жету және оны орындау білімнің 12 жылдық мерзімге өтуімен астасып жатыр. Ал 12 жылдық орта білімге көшу жеңіл түрде іске аса қоятын мәселе емес. Бұл білім беру орындарының үйлесімді дайындығын, әрбір мұғалімнің өз ісін қайта қарауын, білімнің теориялық және әдістемелік тұстарын жетілдіруді талап ететін мәселе. Сондай-ақ 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу осыған байланысты жарық көретін әрбір мемлекеттік құжаттар талаптарының дер кезінде орындалуын және мұғалімдер мен оқушылар қауымына ұсынылатын оқулықтардың, оқу-құралдардың педагогикалық, әдістемелік, психологиялық тұрғыдан негізделуін керек етеді.

Болашақ маманның бүгінгі әлеуметтік білім беру кеңістігіне сай білім алу мен іскерлікті, жеке тұлғалық және кәсіби сапалық қасиеттерді меңгеруі қоғамның негізгі талабы ретінде қарастырылуда. Осы себепті, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқыны ғылыми зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктермен тығыз байланысы, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады» деп атап көрсетілген.

Оқыту үрдісінде студенттерге білімді игерту, мамандықты меңгеруге бағытталған іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру оңай білу үшін оны жүзеге асырудың психологиялық және педагогикалық негіздерін, соларға сәйкес әдістері мен тәсілдерін дұрыс тандап, қолдана білу керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2006.

ӘӨЖ: 371.13

Г.Е. Болесова

Семей қаласының №25 ЖОББМ. КММ

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Бастауыш мектепте математиканы оқытудағы, негізгі міндеттердің бірі - оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту екендігі айқын. Бұрынғы көрнекі – бейнелі оқыту жүйесі кезінің өзінде-ақ бар оқытудың бұл міндеті соңғы жылдары оқытудың дамыта оқыту жүйесіне көшуіне орай тіпті де көкейкесті жағдайлардың біріне айналды.

Осыған байланысты «жаңа буын» оқулықтар авторлары бастауышта 1-4-сынып математика сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған, яғни шешімін табу үшін стандартты емес тәсілдер қолдануды қажет ететін логикалық тапсырмаларға ерекше ден қойған. Негізінен әр сабақта кездескенімен барлық оқушылар үшін міндетті болып саналмайтын бұл тапсырмаларды іріктеп, таразылау үшін Тапсырма баланың танымдық мүмкіндігі аймағында болу қажеттілігі, осы мазмұндағы тапсырмалардың үздіксіздігі; тапсырмалардың әр түрлі мазмұнда, әр түрлі бағытта болу қажеттілігі; тапсырмалардың математика сабақтарындағы негізгі материалмен байланыста болу қажеттілігі сынды қағидалар басшылыққа алынды.

Бұл тапсырмалардың біразы күнделікті тұрмыс-тіршіліктен алынса, елеулі бөлігі математикалық мазмұнды құрайды. Сонымен бірге көптеген тапсырмалар теориялық мәселелерді қамтиды. Әрине, теориялық мәселелерді қамтитын тапсырмалардың өзі бастауыш мектепте жалпы түрде дәлелденбейді. Олар жеке жағдайлар ретінде көбінесе «сынап көру» тәсілімен шешіледі.

Оқушының шығармашылық іс-әрекетіне жағдай туғызу дегеніміз — оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннен шығармашылық қабілетті талап етпес бұрын, оны соған үйреткен жөн. Оқушының зейінін, есін, қиялын, интеллектін дамыта отырып, ойлау қабілетін, шығармашылық іс-әрекетін жоғары деңгейде көтеруге болады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда оқытудың жаңа технологияларын пайдаланған дұрыс. Шығармашылық - өзіндік әрекет пен белсенділіктің жоғарғы формасы. Шығармашылық қабілет – мәселені көре білу, нақтырақ айтқанда, таба білу, тұжырым жасауға қажетті білімді мобилизациялау, оны теория және тәжірибеде тексеріп нәтижесінде ерекше бір жаңалық жасап шығару қабілеті. Біздің осы ғылыми жұмысты жазу барысында негізгі басшылыққа алған ұстанымымыз да оқушының шығармашылық қабілетін математика пәні арқылы ұштау, дәлірек айтқанда математика сабағында баланың шығармашылық белсенділігін дамыту мәселесін зерделеу еді. Өз тәжірибеде математика сабағын өткізуде пайдаланған әдіс-амалдардың, сабақ жоспарларының бір үлгісін беріп отырмын.

Сабақтың тақырыбы: 7 саны мен цифры

Сабақтың мақсаты:

Білімділігі: 7 санының құрамын анықтай отырып, өрнек құру арқылы мәнін табу. Теңдік және теңсіздік таңбаларын дұрыс қоя білу (салыстыру арқылы) Геометриялық фигураларды атау.

Дамытушылығы: танымды ойындар ойнату арқылы ойлау қабілеттерін жетілдіру, есептеу дағдылары арқылы білімдік дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиелігі: оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру арқылы еңбекке баулу, ынтымаққа, жолдастық көмекке жетелеу. Оқушылар өзі шыққан тегін, ата-бабасын білгенде ғана өскенде туған-туысына мейірімді, жақынын таныйтын, жақсы азамат болып өсетінін түсіндіру.

Сабақтың түрі: саяхат сабақ

Сабақтың типі: жаңа білімді дамыту

Пән байланысы: ана тілі пәнімен байланыс.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, көрнекілік

Сабақтың көрнекілігі: Тірек сызба, санау материалдары, сандар құрылымына арналған кестелер, есеп шығаруға арналған кестелер, перфокарталар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылардың сабаққа әзірлігін шолу.

Кезекшінің мәліметі.

II Өтілген тақырыптарды қайталау

III. Жаңа тақырып:

Бүгінгі жаңа тақырыпты бастамас бұрын, жұмбақ шешіп көрейік:

Есек құлақты,

Мысық аяқты,

Түйе ерінді,

Ешкі құлақты.

Бұл не? (Қоян)

Қоян: Мен қоянмын әндеткен,

Өмірді сәнді еткен


Аяқты қарғып басып,

Қасқырдан құтылдым қашып.

Сендердің жауаптарыңды тыңдап,

Әкелдім бағалар сыйлап

Бәрің маған қарайсыңдар.
 Есеп шығаруға қалайсыңдар?
 Бүгін 7 ата ауылына саяхатқа барасыңдар.
 1,7 саны мен цифрымен танысу



Тақтадағы сызбаға назар аударылып, туыстық атаулар түсіндіріледі.

Ал енді, саяхатқа шығайық.

1. - «Ата» ауылында мынадай тапсырма бар екен

а) Өлең есеп «Қосу» Тыңдандар:

Дүкеннен келіп сабын алдым,
 Оның және қабын алдым,
 Екі дәптер, бір қарындаш,
 Тіс ысқышты тағы да алдым.

Есептеші сонда бәрі,

Қанша болды,

Қолда бары? (Жауабы 6)

Қолда 5 қаз қалыпты,

3 үйрек ұшып келіпті.

Жүзіп кетті 2 қаз,

Енді санап көрейік,

Неше үйрек,

Неше қаз?

Мен бір сан ойладым. Ол санды төртке арттырғанда 7 шықты. Мен қандай сан ойладым?

ә) Геометриялық фигураларды ата.

2. - Одан әрі жүре отырып, міне әке ауылына да келдік.

Бұл жерде мынадай тапсырма бар екен – жұмбақ шешу:

(математикалық жұмбақтар),

Арқаным тым ұзын,

Ала алмайсың бір үзім (Жол)

Үш көзді батыр,

Жолды аңдып жатыр. (Бағдаршам)

Есепке де кіремін,

Әріп те боп жүремін.

Батыр, жауларына алғызбай тұр (Кірпі)

Сансызбыз.

Жансызбыз.

Мың-мыңбыз,

Жасырымбақ ойнаймыз

Күндіз біз. (Жұлдыздар)

Төртаяқты дөңгелек,

Адамсыз жүрмес дөңгелек.

(Машина)

3. – Дұрыс. Одан әрі жүреміз. Міне, «Бала» ауылына да келдік. Бұл ауылдың тапсырмасы:

$$a + 5 = 7$$

$$a + 5$$

$$3 - 2 = 1$$

$$5 - a = 3$$

$$4 + 1 = 5$$

$$7 < 9$$

$$4 > 3$$

$$5 - a = 3$$

$7 - 5 = 2$

$6 > 9$

$3 + a$

$a + 1 = 7$

1. Санды өрнекті тауып жаз.

2. Өріпті өрнекті тап.

3. Теңдеуді тап.

4. Теңсіздікті тап.

4. - «Немере» ауылына саяхат. Бұл ауылда мынадай тапсырма бар екен. Перфокарталармен жұмыс. Сергіту жаттығуларын жаса. Дем ал.

Күйтабақты пайдалану.

5. - «Шөбере» ауылына саяхат. Міне, көзді ашып-жұмғанша «шөбере» ауылына да келдік (Перфокарталармен жұмыс).

Тест сұрақтары:

1. Көп нүктенің орнына қалып қалған сандарды жазыңдар

3.....,7

7,....., .., 2

2.7 санынан үлкен санды дөңгелекте:

а) 8,7,3,5

ә) 1,4,6,8

4. Көп нүктенің орнына + таңбасын қой.

3... 1=2

6... 1=7

9...1=8

6.- «Шөпшек» ауылына саяхат

а) Сандар құрамын тап

ә) Жаңылтпашты жатта

Үш ұшқыш алды,

Бір қысқыш қымбат па?

Тіс ысқыш қымбат па?

Пеш түбінде бес мысық,

Бес күзетші - бес мысық,

Тышқан аулап жемесе,

Бола қоймас еш қызық.

8. б) Сергіту «Тышқан».

«Немене» ауылына саяхат.

Міне балалар, ең соңғы ауылға да келдік.

ІҮ. Сабақты бекіту. Мұндағы тапсырма:

1) Есепті құрастырыңдар, шығарыңдар.

2) Сөз жұмбақты шешіндер.

1. екеу /біреудің сыңары/

2. Үштен кем

3. Ертегідегі..... тоқылдақ

4. Қаңтардан кейінгі ай

5.1 минутта бірнеше шақырым жүгіретін аң

Шешуі «ЖЕТІ» деген сөз шықты, ендеше ол қоянның әкелген сыйлығын алып, оқушыларға үлестіріп береді.

Ү. Бағалау

ҮІ.Қорытынды

- Міне балалар, саяхатты аяқтап, сыныпқа да келдік. Жеті ауылдың адамдары білімдеріңе риза. Бүгін сендермен 7 санын өте отырып, 7 атамызбен таныстық. Қазақ халқы 7 санын өте қасиетті

сан деп білген. (Нәрестенің шілдеханасы. Қайтыс болған адамның жетісі, 7 қазынаң, 7 жұт т.б. «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер», - дегендей, шыққан тегін, ата – бабасын білген оқушы, кейін үлкенді сыйлап, құрметтейтін, қамқор болатын біз қандай баламыз?

- Әдепті баламыз.

«Мен әдепті баламын» әнін хормен айытқызу (күйтабақты пайдалану).

ҮІІ. Үйге: 7 аталарыңды біліп келіндер.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оспанов Т.Қ., Кочеткова О.В., Астамбаева Ж.Қ. Жаңа буын оқулықтары бойынша бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі.
2. Керейкүлова Б.Б. Инновациялық технологиялар және оны меңгеру жолдары. //Әдіскер мұғалім. - 2004. - №4. – 45-47 б.

УДК: 159.9

Г.С. Вишневская, Г.С. Турсунгожинова

Государственный университет имени Шакарима города Семей

Казахстан, г. Семей

РАЗВИТИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ СЛУЖБЫ В ОБРАЗОВАНИИ

Современное общество предъявляет к человеку всё более выраженные требования формирования широкого круга компетентностей и способности выстраивать субъектную стратегию жизнедеятельности. Отсюда вытекает всё более настоятельная необходимость развития профессиональной помощи людям в повышении их самоэффективности. Не случайно столь быстрыми темпами развиваются в самых различных сферах человеческой жизнедеятельности психологические службы. В наибольшей степени задействован потенциал психологической службы в сфере образования.

Психологическая служба школы развивается вот уже более ста лет. Её проблемы активно обсуждаются практиками и учёными. Вузское образование в этом ключе обделено вниманием психологов. Вместе с тем развитие психологической службы в высших учебных заведениях весьма перспективно с точки зрения важнейших целевых направлений: повышение эффективности взаимодействия участников педагогического процесса; расширение возможностей вуза в развитии жизненных компетентностей своих воспитанников; повышение эффективности функционирования психологических служб образовательных структур и предприятий (когда молодые люди уже в вузе получают опыт взаимодействия с психологом, формируют представление о его возможностях, и, возможно, личный опыт психологической помощи другим людям). Развитие психологической службы вуза может опираться на широкую кадровую базу, включая, как собственных сотрудников, так и высококвалифицированных преподавателей, и заинтересованных студентов.

Следует определиться, что же представляет собой психологическая служба вуза. «Психологическая служба вуза - система научно обоснованных организационных видов деятельности по внедрению достижений психологической науки в жизнь вуза. Психологическая служба вуза направлена на оптимизацию деятельности всех подразделений и отдельных личностей, повышение эффективности выполнения стоящих перед вузом задач. Объективно существуют условия, определяющие необходимость привлечения психологии к совершенствованию учебно-воспитательного процесса и всей системы управления вузом. Деятельность вуза зависит от психологического климата в нем, активности, самостоятельности и ответственности его работников, учета руководителем интеллектуальных, эмоциональных и волевых резервов человека. В каждом вузе должны проводиться профотбор, исследование развития личности студента, пути предупреждения неуспеваемости, ускорение адаптации первокурсников, формирование у выпускников готовности к труду, психологические вопросы методики преподавания, компьютеризации обучения и др.» [1, с.4].

Во многих странах СНГ, Европы и США практическая психология, а в частности психологическая служба занимает немаловажное место в системе образования. В Казахстане она только крепнет и нуждается в четком определении приоритетных задач исследований. На сегодняшний день уже законодательно закреплена психологическая служба школы, внедрена психологическая служба в дошкольные образовательные учреждения, и медленными, но верными шагами психологическая служба приходит в высшие учебные заведения.

«Психологическая служба – система практического использования психологии для решения комплексных задач психологической экспертизы, диагностики, консультации в сферах производства, медицины, образования, культуры, спорта, правоохранительных органах» [2, с.18].

Впервые психологическая служба как структура появилась именно в сфере образования, как служба помощи ребенку, испытывающему различные трудности в процессе его развития.

В Европе, США и некоторых странах Азии психологическая служба представляет собой консультативные центры психологической помощи. Такие центры функционируют непосредственно в университетах, также в общежитиях этих вузов.

Особое внимание хотелось бы уделить тому, что школьные психологические службы начали функционировать примерно на 50 лет раньше, чем аналогичные службы вузов. В конце XIX века начала интенсивно развиваться педагогическая психология, сближаясь со школьной педагогикой под давлением потребностей общества. Американский психолог Стэнли Холл в 1891 г. издавал журнал «Педагогический семинар» – первый журнал, посвященный проблемам педагогической и детской психологии. Во Франции проблемами школьной психологической службы в конце XIX века занимался А. Бине. К исследованиям в этой области он приступил в 1894 г., а в 1897 г. вышла его работа, посвященная психологическим проблемам начальной школы. В Германии исследованиями в области педагогической психологии активно занимался Э. Мейман, в России – А.П. Нечаев

В начале XX века была осознана необходимость работы психологов в педагогической сфере. Актуальным стало решение многих психологических проблем, связанных со школой, с обучением и развитием детей. Наиболее давние традиции школьной психологии существовали в Англии, США, Франции, Швейцарии. В 1909 г. открылась первая во Франции школьная психологическая служба. В 1913 г. в Англии приступил к работе первый школьный психолог – Цирил Бэрт. В 1915 в США, в штате Коннектикут, начал работать первый американский школьный психолог – Гессель. В 1920 г. в Швейцарии, в Берне, открылся консультационный пункт по проблемам педагогической и детской психологии. В течение 10–15 лет психолого-педагогические службы возникли во многих странах.

В американских школах в работе психологов широко использовались тесты и, прежде всего, тесты на определение коэффициента умственной одаренности (IQ). Возникла и развивалась служба «guidance» (служба «сопровождения»). С 1945 по 1960 гг. в практику специалистов-консультантов «службы сопровождения» прочно вошли батареи тестов. Применение «службой сопровождения» метода тестирования в качестве основного инструмента своей деятельности сделало ее механизмом отбора в американских школах [3].

Развитие школьной психологической службы во Франции привело к тому, что в 1951 г. Министерство образования впервые представило описание функций школьных психологов. Этот документ стал основой дискуссии на 1-ом (в 1952 г.) и 2-ом (в 1954 г.) Международных коллоквиумах по школьной психологии, организованных ЮНЕСКО в Гамбурге.

Если рамки, в которых действовали первые школьные психологи, были довольно узкими, то в 1950–60-е годы происходит их расширение. Перед психологической службой в это время ставились следующие основные задачи: 1) помощь учителям в индивидуализации содержания и методов обучения; 2) помощь детям в выборе наиболее подходящих путей образования в школах [4].

Специфической задачей психологической службы школы было раннее выявление детей с существенными отклонениями в развитии, которых невозможно обучать в обычной школе из-за физических, умственных или аффективных сдвигов. Статистические данные показывали, что дети, которым требуется специальная помощь в виде особых программ обучения и воспитания, составляют 10% всех школьников.

Школьные психологи решали разные задачи в зависимости от возраста учащихся. В работе с детьми дошкольного и младшего школьного возраста основной была задача содействия эмоциональному воспитанию детей, формированию их личности, обучению основным приемам умственной работы. Психологи должны были облегчить адаптацию при переходе детей в школу. В среднем школьном возрасте психологическая служба выполняла две основные функции: 1) выявление детей, испытывающих трудности в общении, в отношениях; 2) изменение установок учителей, чтобы они уделяли больше внимания эмоциональным реакциям ученика на школьную жизнь. Особенно важные задачи стояли перед школьными психологами в связи с выбором учащимися профессии.

Однако к середине XX века ни в одной европейской стране психологическая служба в школе не была достаточно развитой, чтобы выполнять все вышеперечисленные задачи в полной мере. В реальной практике школьный психолог порой оказывал лишь повседневную помощь учителю, то есть играл роль советчика, исправляющего и координирующего работу педагогов.

На рубеже XX века особенно ярко проявилась тенденция к усилению практической направленности психологической науки. Чем большими знаниями о человеке и средствами их получения располагала психология, тем естественнее проявлялась потребность в соединении добытых знаний, их логической организации в соответствии со спецификой решаемых практических задач». В это время проявилась потребность в превращении психологии из теоретической в практическую науку, не только обслуживающую человеческую деятельность, но и обладающую средствами ее регуляции, в орудие преобразования этой деятельности. Вместе с тем, подчеркивалось возрастающая роль практики в развитии теории, наличие прямых и обратных связей прикладных проблем [5].

Практически одновременно в различных областях психологии обострилось понимание необходимости всестороннего и комплексного применения ее выводов и рекомендаций в человеческой деятельности. И ученые и практики ощущали, что «необходим решительный поворот к реальным практическим задачам, которые жизнь ставит перед нашим обществом». Ломов Б.Ф. определил место практической психологии в системе образования: «включение психологической науки непосредственно в решение практических задач, использование достижений психологии в общественной практике становилось важнейшим условием роста производительности и улучшения качества труда, повышения эффективности производства и управления, сохранения здоровья, развития техники и технологии, совершенствования общественных отношений». Отмечалось важное место психологического обеспечения в деятельности психологических учреждений и организаций, усилия которых в этой области объединяет Институт психологии РАН [6].

Общая проблематика психологических служб вузов в странах СНГ – это отсутствие единой методологической основы, отсутствие единых целей и задач, форм и методов работы. В основном, все службы работают самостоятельно, не завися от конкретных органов надзора по образованию, и не имеют региональных центров.

Как отмечает А.А. Тынышбаева: «В нашей республике экспериментальные исследования в области психологии развития, педагогической психологии осуществлялись в лаборатории возрастной и педагогической психологии, которая была образована в 1993 г. на базе научно-исследовательской группы, работающей по теме «Поиск, обучение и воспитание одаренных детей». В настоящее время это лаборатория семейного воспитания и психологии Казахской академии образования им. И. Алтынсарина, она имеет статус единственной в своем роде научно-исследовательской, практико-ориентированной структуры в Казахстане. Как видно из названия лаборатории, ее научная деятельность отражает специфику и область проводимых научных исследований. По существу, в Казахстане не было и нет в настоящее время такого научного коллектива, который системно и целенаправленно разрабатывал проблемы в данной области, и имел непосредственную связь с образованием» [7].

«Научная работа лаборатории связана с исследованием конкретных научных задач, а проблемы и потребности в образовательной системе многоаспектные и деятельность одного только коллектива не может их исчерпать. Тем не менее, результаты НИР позволяют говорить о том, что в КАО им. И. Алтынсарина имеется научный задел и опыт организации экспериментально-психологических исследований, образующих главные направления исследований лаборатории в области практической психологии. До настоящего времени значение психологической службы в нашей республике не учитывалось. Опыт плодотворного практического влияния такой службы во многих республиках СНГ и других странах показывает необходимость развития отечественной психологической службы, направленной на охрану психического здоровья нации, профилактики отклонений в развитии и поведении личности, психологической коррекции и реабилитации детей из «группы риска»».

Анализ показывает, что служба в каждой стране организуется по-своему, одной стороны она определяется конкретными психологическими концепциями, с другой потребностями образования, целями воспитания и формирования личности. Внедрение психологической службы вуза очень важный и актуальный вопрос для Казахстанского общества. Требуются многолетние разработки и серьезный подход к организации централизованной системы психологических служб не только в высших учебных заведениях, но также и в остальных единицах образования.

Список литературы:

1. Лукьянченко Н.В. Перспективы развития психологической службы в ВУЗе. – СПб.: Речь, 2003. – 315 с.
2. Жидкова В. В. Развитие психологической службы педагогического вуза: автороферат к канд.дис. - Курск, 2006. - 36 с.

3. Большой психологической словарь/под.ред. Мещерякова Б.Г., Зинченко В.П. – М.: АСТ: АСТ МОСКВА; Спб.: Прайм-ЕВРОЗНАК, 2009. - с. 528.
4. Дубровина И.В. Школьная психологическая служба: Вопросы теории и практики. – М.: Педагогика, 1991. - 246 с.
5. Кала У.В., Раудик В.В. Психологическая служба в школе. – М.: Знание, 1983. - 198 с.
6. Психологическое обеспечение профессиональной деятельности /под.ред. Никифорова Г.С.- Спб.: Речь, 1991. – 335 с.
7. Тынышбаева А.А. Модель психологической службы в организациях образования Республики Казахстан - Алматы, 2001.

ӘӨЖ: 37.02; 371

М.З. Джанбубекова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Қазақстан, Семей қаласы

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қашықтан оқыту технологиясы – оқу үрдісі кезінде оқып үйренушілер мен оқытушылар арасында интерактивті өзара іс – әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін оқып үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалдарды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология.

Қашықтан оқыту – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістер қолданылатын, күндізгі және сырттай білім алу ретінде білімді қабылдау түрі болып табылады.

Қашықтан оқыту кезіндегі білім беру үрдісінің негізін жеке кесте бойынша өзіне ыңғайлы жерде оқуға мүмкіндігі болатын, оқытудың арнайы құралдары жиынтығы өзінде бола отырып, электронды және қарапайым пошта, телефон арқылы оқытушылармен келісілген байланыс жасауына, сонымен қатар, күндізгі білімде де мүмкіндігі болатын, оқып үйренушінің мақсатқа бағытталған және бақыланатын қарқынды өзіндік жұмысы құрайды. Қашықтан оқыту білім жүйесі жоқшылыққа, географиялық немесе уақытша

оқшаулануға қатысты себептермен, әлеуметтік қорғаны жоқ және дене бітімі жетілмеуіне байланысты білім мекемелеріне бару мүмкіндігі жоқ немесе өндірістік және жеке жұмыстары болу себебінен, ешкімнің оқуға мүмкіндігін шектеуге болмайды деген гуманистік қағидаларға жауап береді.

Қашықтан білім беру – жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық жүйелер негізінде күндізгі, күндізгі-сырттай, кешкі және сырттай оқытудың элементтері үйлестірілген ерекше, жетілген түрі. Қазіргі замандағы телекоммуникациялық және электронды басылымдар дәстүрлі оқыту түрінің барлық құндылықтарын сақтай отырып, кемшіліктерін жеңіп шығуға мүмкіндік береді.

Қашықтан оқытудың ерекшеліктері классикалықпен қатар салыстыру бойынша мынандай жетістіктерге ие:

- Жеке адамның үздіксіз әлеуметтену мүмкіндігі;
- Икемділік (оқытудың уақыты, орны, көлемі және қимылы бойынша);
- Жеке оқу жоспарын қолдану мүмкіндігі;
- Оқу ақпаратына қол жеткізу, оны жедел жаңарту;
- Экономикалық (оқу алаңы, транспорты, техникалық құралдардың шығынын қысқарту есебінен);
- Жаңа технологияларды қолдану;
- Оқып үйренушілердің әлеуметтік құқығының теңдігі (олардың тұратын жерлері мен денсаулық жағдайына қарамастан);
- Барлық елдегі ақпараттық – оқыту ресурстарының шығысы мен кірісі;
- Материалдарды көбейту мәселелерінің жоқтығы, оларды тарату ыңғайлылығы;
- Оқып үйренушілердің өз-өзіне бақылау жасауын қамтамасыз ету.

Ақпараттық технологиялармен оқытудың айрықша тиімділігі, қашықтықтан оқыту үрдісін автоматтандыру үшін, барлық қажетті компоненттерді шоғырландырушы қашықтан оқытудың арнайы ақпараттық жүйесі бағдарламаларын қолдану болып табылады.

Кез-келген қашықтан оқыту жүйесіне қажетті, аса маңызды сипаттары:

- *Құрылымының ашықтығы.* Жүйе ашық жүйе үрдісіне сәйкес құрылуы тиіс.

- *Сәйкестілігі.* Ақпараттық ресурстарды сақтау форматы сәйкес келуі тиіс. Халықаралық стандартты қолдану керек.

- *Кеңейгіштігі.* Жүйенің құрылымы модульді болуы керек және жүйенің функционалды компоненттерін өсіруге мүмкіндік беру.

- *Жан-жақтылығы.* Жүйе көп функциялы және қолданыста жан-жақты болуы керек.

- *Сенімділігі.* Ақпараттар ресурстарын сақтау сенімді болуы керек. Мүмкін болатын қауіптер әсерінен ақпараттар жоғалмауы тиіс.

- *Үлестірімділігі.* Жүйе әртүрлі желі конфигурациясы жұмысына бағытталуы керек (әртүрлі жедел жүйелерді басқаруға негізделген Интранет, Интернет) және үлестірілген ақпараттық ресурстарды сақтауды қолдауы керек.

- *Масштабталуы.* Әртүрлі конфигурация жұмысы үшін жүйенің құрылымы масштаб жүйесін өзгерте алуы тиіс.

- *Қолданушының ортақ интерфейсі.* Қолданушының интерфейсі қарапайым, түсінікті болуы тиіс.

- *Өңдеудің қарапайымдылығы.* Өңдеу жылдам және тиімді болуы тиіс.

- *Тасымалдануы.* Жүйе әртүрлі аппараттық-бағдарламалы тұғырнамада жұмыс істеуі қажет.

- *Жүзеге асыруды орындау тәуелсіздігі.* Жүйені ақпараттық толықтыру оны нақты жүзеге асырудан тәуелді болмауы тиіс.

- *Қауіпсіздігі.* Ақпараттық ресурстарды сақтау қауіпсіз болуы тиіс.

- *Басқару қарапайымдылығы.* Интерфейс басшысы жеткізерліктей, қарапайым және ыңғайлы болуы тиіс.

- *Көпмәнділігі.* Жүйе бірнеше қолданушылардың сұранысын қатар өңдеу керек.

- *Жұмыстың тиімділігі.* Жүйенің құрылымы оның аталуын (аты-жөнін) әдеттегі аппараттық-бағдарламалы тұғырнамасы есінде тұту керек.

Жүйенің кеңінен дамуы үздіксіз оқыту мен ақпараттық ортада жеке тұлғаны әлеуметтендіру табысын қажетті мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді.

Қашықтан оқыту жүйесін құру қағидалары:

1. *Оқытудың адамгершілік қағидасы.* Оның ішкі мазмұны оқытуға үндейтін және әлеуметтік жинақталған тәжірибені оқып үйренушілердің меңгеруі үшін жоғары қолайлы шарттарды туғызып, білім беру үрдісіндегі бүтіндей адамға бағытталады.

2. *Қашықтан оқыту жүйесінде білім беру үрдісін жобалау кезінде педагогикалық көзқарастың басымдылығының қағидасы.* Бұл аталған қағиданың мәнісі, қашықтан оқыту жүйесін жүзеге асыруға болатын көріністердің дидактикалық үлгілерін құрайтын теориялық тұжырымдамаларды талдаудан бастау қажет екендігінен тұрады.

3. *Педагогикалық мақсатқа лайықты жаңа ақпараттық технологияларды қолдану қағидалары.* Ол жобалаудың әрбір қадамының тиімділігіне және қашықтан оқыту жүйесін жасауға педагогикалық баға беруді талап етеді. Сондықтан да, ең бірінші жоспарға техниканы енгізуді емес, білім беруге қызмет ететін және оқу курстарының сәйкес мазмұнды толықтыруларын қою қажет.

4. *Білім беру мазмұнын таңдау қағидалары.* қашықтан оқыту жүйесінің білім мазмұны ҚР – ның Мемлекеттік білім беру стандартымен сәйкес келуі тиіс.

5. *Қашықтан оқыту жүйесінде таралатын ақпараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидалары.* Ұйымдастырушылық және техникалық тәсілдердің қажеттілігі жағдайында керекті мәліметтерді қауіпсіз және құпиялы сақтауды, қолдану мен беруді қарастыру, оның қауіпсіздігін сақтау, беру мен қолдану кезінде қамтамасыз ету қажет.

6. *Білім беру деңгейінің бастапқы қағидасы.* қашықтан оқыту жүйесінде тиімді оқыту білім, білік, дағдыларының нақты жиынтығын талап етеді. Мысалы, оқуға, кандидаттың нәтижелі оқуы үшін, өзіндік оқу еңбегінің ғылыми негіздерімен таныс болуы керек, компьютермен және т.б.жұмыс жасай алатын нақты дағдыларына ие болуы тиіс.

7. *Оқыту технологиясының сәйкестендіру қағидалары.* Оқыту технологиясы Қашықтан оқыту үлгілерімен сәйкес болуы қажет. Сонымен, дәстүрлі пәндік үлгіде оқытуда ұйымдастыру түрін оқыту ретінде дәрістер, семинар және практикалық сабақтарда, боямалы немесе іскерлік ойындар,

зертханалық сабақтар, өзіндік жұмыстар, өндірістік тәжірибелер, курстық және дипломдық жұмыстар, білімдерінің меңгерілуін бақылау қолданылады. болу керек, қашықтан оқыту жүйесі қалыптасу барысында, қажет жағдайда оған қосуға болатын жаңа үлгілері пайда болуы мүмкін. Оқытудың ұйымдастырушы түрі қатарындағы осы үлгілерінде компьютерлік конференциялар, телеконференциялар, ақпараттық сеанстар, телеконсультациялар, жобалау жұмыстары және т.б. қолданылатын болады.

8. *Оқытудың ұтымды қағидалары.* Қашықтан оқыту жүйесі жобасы қажетті әлеуметтік және экономикалық тиімділік шарты бойынша, егер Бұл білім алушының оқып жүрген оқу орнында сәйкес қызмет көрсетулер болмаған жағдайда, қажетті бағыттағы өзінің білім беру бағдарламасын түзетуге немесе толықтыруға ықпал ететін ақпараттық жүйелерді және қашықтан оқыту үшін берілген білім базалары мен банктерін құруда жасалады.

9. *Білім берудің ҚО қолданылатын түрлеріне қайшы емес қағидалары.* Егер жасалған және енгізілген ақпараттық технологиялар жоғары білім берудің дәстүрлі жүйесінде бөтен емес элемент болып, яғни оған біріктірілетін табиғи бейнеде болса, ҚО жобасы қажетті әлеуметтік және экономикалық тиімділігін бере алады.

10. *Білім берудің алдына шығу қағидалары.* Бұл оқытудың қағидасы өткен ұрпақтан қалып жинақталған ғылыми және мәдени мұраларын кейінгі буындарға жеткізу ғана емес, сонымен қатар, қазіргі ұрпақтың өзгеріп отыратын заманға тез бейімделіп, оның сана-сезімі мен дүниетанымын қалыптастыруға көмек жасау болады.

Қашықтан оқыту типтерін бірнеше көзқарас төңірегінде көрсету мүмкін. Қашықтан оқытуды тағайындау бағдарында білім берудің толық масштабтағы және сайланатын жүйесі деп бөлуге болады. Білім берудің толық масштабтағы жүйесінде белгілі бір бағыттағы бакалаврларды немесе нақты мамандықтың инженерлерін дайындау бойынша оқу жоспарыны толық орындалуын қамтамасыз етеді. Демек, мұндай жүйеде барлық жоспарланған пәндерді оқып үйрену үшін, құралдардың жеткілікті түрде (оқулықтар мен оқу құралдары, зертханалық практикумдер, курстық және дипломдық жобаларды орындау үшін құралдар) бар болуы қажет. Білім берудің сайланатын жүйесі деп аталған шартты жүйесі өнеркәсіп қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату үшін, қосымша (екінші) жоғарғы білім алу үшін, білім беру қызметін пайдаланатындарға жеке сауалдарын қанағаттандыру үшін бағытталады. Қашықтан оқыту жүйесінің әрбір типтерінен оқу үрдісін жабдықтау және ұйымдастырудағы ерекшеліктері қатарына қарамастан, орындалатын функциялар мен ұқсас тағайындауларының құрылымды компоненттерін көрсету керек.

Қашықтан оқыту жүйесінің құрылымына келесі элементтер кіреді:

- Оқыту мақсаты. Маманның үлгісімен және мемлекеттік тапсырыспен сәйкес қалыптасатын, білім және білік жүйесін оқып үйренушілердің меңгеруі.

- Оқыту мазмұны. Әлеуметтік сұраныстың педагогикалық үлгісі. Оқыту үрдісі, әдістері мен ұйымдастыру түрлерінің жүзеге асырылуы оның мазмұнымен анықталады.

- Оқыту объектісі. Қашықтан оқыту білім беру қызметін пайдаланушылар білім алатын берілген түрінің объектісі болып табылады (студенттер, тыңдаушылар, оқушылар және т.б.). Қашықтан оқыту тыңдаушылары білім алудың дәстүрлі түрі студенттерінен өзгешелігі, ерекше қайсарлық, білімге деген құштарлық, ұйымдастырушылық көрсетіп, өз бетімен жұмыс істей білу, компьютермен жұмыс істей білу және телекоммуникациялық байланыс құралдарымен дағдысы болу керек.

- Оқыту субъектісі. Қашықтан оқыту субъектісі оқытушылар болып табылады. Оқытушы - қашықтан оқыту білім беру үрдісінің жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін басты буын. Қашықтан оқыту оқытушысы іс-әрекетіне тән бірқатар ерекшелік тьютор терминін енгізу қажеттілігін туғызды. Ол - кеңес беруші, оқытушы, информатика және телекоммуникация іргетасы негізін білетін болу керек, оның білімділігі алдыңғы озық сипатта болу керек.

- Оқыту әдістері. Қашықтан оқыту түрі: ақпараттық – ереже жиынтығы, репродуктивті (дауыс күшейткішін реттеу), мәселелі мазмұндау, теориялық зерттеудегі логикалық тәсілдер мен ережелер жиынтығы мен зерттейтін 5 жалпы дидактикалық оқыту әдістерінен тұрады. Олар оқытушы мен білім алушылардың өзара іс-әрекеті педагогикалық актілерінің барлық жиынтығын қамтиды.

- Оқыту құралдары. Қашықтан оқыту білім беру үрдісінде оқытудың дәстүрлісі қалай қолданылса, компьютерлік техниканы және телекоммуникацияны, сонымен бірге білім беру технологиясы облысындағы соңғы жетістіктерін қолдануға негізделген инновациялық оқыту құралдары да солай қолданылады.

- Ғылыми – білім материалдық базасы. Оқу бағдарламасына сәйкес оқу үшін қажетті материалдық және техникалық құралдар жиынтығы. Олар оқу және оқу-көмекші бөлмелері;

зертханалық қондырғылар, техникалық оқыту құралдары, оқулықтар, оқу құралдары және басқа да оқу – әдістемелік материалдардан тұрады.

- Идентификациялық бақылау жүргізу жүйесі. Қашықтан оқыту кіретін бақылаудың ерекшелігі абитуриенттің кәсіптік сапалары мен қабілеттерінің даму деңгейін бағалау, тиімді құралдар мен оқыту әдістерін таңдайтындай, онымен сәйкес әлеуметтік психологиялық бейнесін құру болып табылады.

Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту технологиясын пайдаланумен ұйымдастырудың негізгі міндеттері келесілер болып табылады:

- ақпараттық технологияларды білім беруге енгізу;
- білім беруді жекелеу;
- білім берудің тиімділігін (сапасын) арттыру;
- дәстүрлі білім беру түрлеріне қолы жетпейтін адамдарға білім беру қызметтерін ұсыну.

Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үрдісін ұйымдастырудың қажетті шарты білім беру ұйымында:

- білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әкімшілік ақпараты бар парақтарымен білім беру Интернет-порталы;

- телекоммуникациялық желіге шығатын жабдықтың (Интернет, спутниктік теледидар);
- әртүрлі терминалдардың: мультимедиялық сыныптар, электрондық оқу залдарының;
- CD, DVD дискілердегі оқу контентінің (жеке және/немесе сатып алынған);
- контенттің желілік оқу мультимедиясының (жеке және/немесе сатып алынған);
- тиісті дайындықтан өткен оқытушылық, оқу көмекші және техникалық персоналдың;
- меншік контент (локалді және желілі) құру үшін зертханалар мультимедиясының;
- желілік тестілеу кешендерінің;
- оқытуды басқарудың желілік жүйесінің (Learning Management System – LMS);
- оқу контентін басқару жүйесінің (Learning Content Management Syst– LCMS) болуы қажет.

Қашықтан оқыту үлгілері. Педагогикалық практикада танымал оқыту түрлері қалыптасқан.

Олардың ішіндегі ең кең тарағандары: дәрістер, семинарлар, зертханалық жұмыстар, бақылау жұмыстары, емтихандар және т.б.

- Қашықтан оқыту дәрістері, дәстүрлі дәрісханалықтан айырмашылығы, оқытушымен бетпе-бет қатынасуды болғызбайды. Дегенмен, бірнеше артықшылық жақтары да бар. Дәрістерді жазу үшін аудио және бейне-кассеталар, CD-ROM дискілерді және т.б. қолданады. Жаңа ақпараттық технологияларды (гипермәтін, мультимедиа, ГИС-технологиясын және т.б.) қолдану дәрістерді көрнекі және мазмұнды түрде береді. Мұндай дәрістерді кез-келген уақытта, кез-келген қашықтықта оқуға болады.

- Қашықтан оқыту семинарлары оқу сабақтарының белсенді түрі болып табылады. Қашықтан оқыту семинарлары бейнеконференциялардың көмегімен жүргізіледі. Олар пікірталасқа оның дамуының кез-келген жерінде кіруіне мүмкіндік береді және бұдан бұрынғы айтылған сөздерді оқып, бірнеше қадам артқа қайта оралады. Оқытушы материалдың меңгерілуін пікірталасқа қатысушының белсенділік дәрежесі бойынша бағалай алады. Студенттердің арасында өзара іс-әрекет ету саны артады, ал оқытушы тең құқылы әріптес ретінде көрінеді.

- Қашықтан оқыту кеңестері пәнді өз бетімен оқып үйренуде білім алушыларға жетекшілік жұмысын жасау және оларға көмек көрсету түрлерінің бірі болып табылады. Телефон және электронды пошта, сонымен бірге телеконференциялар қолданылады.

- Қашықтан оқытудағы зертханалық жұмыстар материалды тәжірибелік меңгерілуі үшін беріледі. Дәстүрлі білім беру жүйесінде зертханалық жұмыстар мынаны талап етеді: арнаулы жабдықтарды, макеттер, имитаторлар (бірдемені мүмкіндігінше дәл қайталайтын аспап), тренажерлар, химиялық реактивтер және т.б. қашықтан оқыту жүйесінің келешекте мультимедиялық технологиялар, имитациялық үлгілеулер және т.б. қолдану есебінен зертханалық практикумдарды жүргізу міндеттерін қысқартуға маңызды мүмкіндігі болады. Білім алушыларға қарапайым жағдайда көрсетуге өте күрделі немесе мүлде мүмкін емес құбылыстарды виртуалды шындық көрсететін мүмкіндігі бар.

- Қашықтан оқытудағы бақылау – бұл білім алушының оқу материалын теориялық және практикалық меңгеруі нәтижелерін тексеру. Қашықтан оқыту өзін дәлелдете білді және тестік бақылаудың лайықтылығын құптайды. Тест ережесі, пән бойынша кеңейтілген сұрақтар тізімін камтиды, олардың әрбіреуіне бірнеше жауаптар нұсқасы ұсынылады. Студент осы нұсқалардан дұрыс жауапты таңдауы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы/ Қабдықайыр, В.М. Монахов. – А., 1999.
2. Қалиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу-тәрбие үрдісіне ендіру. - А., 2002
3. Полат Е.С. Теория и практика дистанционного обучения. - М., 2004. –248 с.
4. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. - М., 2002. – 279 с.

ӘӨЖ:317:65

Е.Ч. Жакпаров

Семей қаласының Құқық және бизнес колледжі
Қазақстан, Семей қаласы

КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІ МАМАН ДАЯРЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің даму қарқыны, білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ең бастысы - өз жұмыс орнына және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне тез бейімделе алатын орындаушының тұлғасын қалыптастыру міндеті. Біліміне, біліктілігіне, парасатына пайымы сай ұстаз бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістерге байыппен қарап, оның заман талабына сай мән-маңызын түсінеді. Әлемдегі озық, бәсекелестікке қабілетті елдердің қатарына еніп, өркениетті елдермен иық тіресе тұру міндеті еліміздің ертеңгі азаматтарының қолында. Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті [1]. Сондықтан да ұстаздарды серпілістер мен жаңарулардың қарсаңындағы басты тұлға дей аламыз. Ендеше жүктеліп отырған аса жауапты міндет, білім саласындағы реформалар, педагогикалық әдіс – тәсілдердің тың, мәнді, әрі сапалы болуын талап етіп отырған осы бір айтулы кезеңде, мұғалімдер жылдар бойы жинақтаған іс-тәжірибесін жаңа технологияларға ұштастыруы қажеттігі туындайды. Қазіргі педагогика ғылымында негізгі базалық ілімдердің бірі «құзыреттілік» болып отыр. Құзыреттілік дегеніміз - тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің болуы. Құзыреттілік жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда аман қалуды қамтамасыз етеді және олар бәсекеге қабілетті маманмен қамтамасыз-дандырады. Көптеген елдерде құзыреттілікке жаңаша мән беру білімді жоғары дәрежеге көтергені мәлім. Құзыреттілік еңбек нарығында тұрақты өсіп отырған талаптармен, шапшаң технологиялық өзгертулермен, соның ішінде академиялық және еңбектегі мобильдік өсуімен негізделген. Құзыреттіліктің жеке компоненттерін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған мақсаттарын орындауға көмектесетін сипаты мен икемділігін атайды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму мақсатын жүзеге асыруда кәсіптік білім беретін мекемелердегі бәсекелестік қабілеті бар болашақ мамандарға әртүрлі өндірістік салаларға даярлау деңгейі білім беру жағдайларымен анықталады. Қазіргі таңда жан-жақты маман даярлау олардың әлеуметтік, кәсіптік, өздік жұмыс жасай алу қабілеттерін дамытумен белгіленеді. Мұның барлығы маман моделінің нарықта қажеттілігін туғызуға бағытталуы қажет. Өйткені соңғы кездерде білім саласында біліктілік моделінен құзыреттілік моделіне ауытқу көп қарастырылып жүр, яғни жұмыс берушіні көбінесе біліктілік емес, құқық, ақпарат, әлеуметтік сала жағынан құзыретті мамандар қызықтырады. Коммуникативтік құзырет – бірлесіп жұмыс істеуді бағалау, адамдар арасындағы сенімділік, бірін-бірі түсіну, тыңдау, сыйлау, этикет сақтау, дәстүрді білу, дау жан-жалды шеше алу, бұзылған қатынастарды түзету, өз қателігін түсіне білу, топпен жұмыс жасай алу, орындаушылардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру, басқару шешімдерін таба алу және қолдана білу қабілеттері. Әлеуметтік-құқықтық құзырет - өз елінің азаматы ретінде өзінің және қоғам мүшелерінің әлеуметтік қызметтерінің маңызын түсіну, қоғамдық міндеттерге тұрақты қарау, мемлекет нышандарын білу, адам құқығын жете білу, қажетті жағдайларда оларды қолдану, өзіне жауапкершілік арту жатады. Осы жоғарыда аталған үш құзыреттілік барлық азаматтар үшін, олардың мамандығына, білім деңгейіне, тұратын жеріне қарамастан негізгі қажетті қасиеттер болып саналады. Жалпы кәсіптік құзыреттілік. Бұл

құзіреттілік әр сала маманының кәсіби мазмұнына сай қарастырылған. Қазіргі заман қаржыгерлері, банкирлері, есеп саласының қызметкерлері қандай кәсіптік қызметтерге даяр болуы керек? Осы жағынан қарастыратын болсақ, бұл мамандықтар бойынша болашақ мамандар қазіргі өзгермелі нарықтық экономика жағдайында мәселені уақытында анықтай алу, оның себептерін, жағымды және жағымсыз жақтарын белгілеу, кәсіпорын тұтынушыларымен, клиенттерімен тіл табыса алу қасиеттерімен бағаланады. Осыған орай, экономикалық мамандықтарының мақсаты – ой-өрісі жаңашыл, өзгерістерге тез бейімделгіш, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, жан-жақты, қазіргі заман талабына сай бәсекелестікке түсе алатын, теория жүзінде алған білімін тәжірибемен байланыстыра алатын, әсіресе елдегі жалпы халықаралық деңгейдегі экономикалық жағдайларды сараптап, талдай алатын маман даярлау деп санаймын. Құзіретті маман даярлау мақсатында «Білім алушылардың білімділік белсенділігін арттыру технологиясын» пайдаланамын. Бұл оқыту технологиясы бойынша білім беру мақсаты - оқушыларға өндірістік ситуациялар беру арқылы өз бетінше жұмыс жасау қабілетін, дұрыс шешім қабылдау мүмкіндігін қалыптастыру арқылы бәсекеге қабілетті маман ретінде дамуына көмектесу. Себебі күнделікті өмірде, іс әрекет ету сферасында адамға қажетті маңызды құзыреттілік, ол мәселелерді шеше білу. Егер студент мәселелерді шеше білу қабілетін игерсе, болашақта олар жұмыс жасайтын ұйымда оларға деген қажеттілік арта түседі.

Білім алушылардың іс-әрекетін белсендіруге және қарқындылауға негізделген технологиялардың бірі «Проблемалық оқыту». Ерекшелігі: білім алушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту, білетіні мен білмейтінінің арасындағы қайшылықтарды ашу әрі проблемалық міндеттер қою. Проблемалық оқытудың қалыптасу тарихына үңілсек, Сократ өзінің шәкірттерін логикалық ойлауға, зерттеулердің нәтижелерін табуға бағыттап отырған. Руссо білімді игеру үшін ситуациялар қою арқылы жүзеге асырған. Проблемалық оқытудың ең керекті әрекеті ізденіс болса, соны өз тәжірибесінде кеңінен қолданған ғалымдар қатарында Песталоцци мен Дистервегтің еңбегі зор. Проблемалық оқытудың басқалардан айырмашылығы – «білім» оқушыларға дайын күйінде хабарланбайды, керісінше олардың алдына өз бетінше шешуге проблема қойылады Сол себепті, арнайы пәндерді оқытуда проблемалық оқыту технологиясын қолдану тиімді деп ойлаймын. Мысал келтіре кетсек, «Экономикалық талдау және қаржылық есепті талдау» пәнінен «Өнімді өндіру және өткізу үрдісін талдау» тақырыбы бойынша оқушылар берілген тапсырмаларда екі кәсіпорынның өнімді өндіру, оны өткізу жоспарының орындалу немесе орындалмай қалу мәселелерін қарастырды және орындалмай қалу себептерін анықтап, оны шешуге тырысып, екі фирма арасындағы тиімді қызмет жасайтын фирманы анықтап, оның жетістігін дәлелдеді. Сабақ соңында байқалғаны, осы проблемалы тапсырмалар студенттердің қызығушылығын, білімге іштей құмартушылығын арттырды деп ойлаймын. Қызығушылық оқушыны өздігінен ізденуге жетелейді. Ізденіссіз шығармашылық ойлау жоқ. Проблемалық тапсырма нәтижесі студенттің өз бетінше еңбектенудегі дағдысы мен қабілеті, іскерлігінің жетілген, ең жоғары дамыған саты деуге болады. Кәсіптік құзіреттілікті жетілдіруде мамандық бойынша жүргізілетін тәрбие жұмысы да ерекше роль атқарады. Сабақтан тыс өткізілетін іс-шараларда оқушылар өз мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, болашақ маман ролін жоғары деңгейде орындауға тырысады. Оқу орны түлегі моделі - белгілі бір өндіріс, ғылым, мәдениет саласындағы жұмысшы құзіреттілігін сипаттай алуы. Сондықтан әр оқушының өз мамандығына байланысты арнаулы құзіреттілігін анықтау қажет. Арнаулы құзіреттілік - маманның сала ерекшелігіне байланысты кәсіби мәселелерді шешу, білім және іскерлік деңгейін көтеру сияқты қабілеттермен байланысты. Еліміздің экономикалық, саяси, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай білім беру ұйымдарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы заңды құбылыс, себебі қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипатының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білімі мол мамандарды қажет етеді. Соңғы жылдары болашақ мамандардың құзыреттілігі туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелері жайлы көптеген пікірлер айтылуда. Соларға сүйене отырып, мұның өзі болашақ мамандарды қоршаған дүниені, табиғатты, қоғамдық өмірдің құбылыстарын тану, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін пайымдау, талдау, маңыздысын ажырата білуге, адамдармен қарым-қатынастағы жоғары мәдениеттілікке үйренуге мүмкіндік береді. Еліміздің болашақта көркейіп, бәсекеге барынша қабілетті мемлекеттердің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақтың қандай білім мен тәрбие алатынына тікелей байланысты. Демек, еліміздің оқу орындарының алдында жан-жақты дамыған, саяси сауатты, терең теориялық біліммен қаруланған, адамдармен қарым-қатынас мәдениетін меңгерген маман дайындау міндеті тұр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан халқына Жолдауы». Елбасының «Қазақстан жолы» – 2050. – Астана, 2014.
2. Қ.Р. «Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».
3. Қазақстан Республикасының « Білім туралы » Заңы. – Алматы, 2008.
4. Нұрмашқызы А. Қатысымдық құзыреттілік мәселесі туралы. // Білім. Образование. – 2008. -№6. - 32-33 б.

ӘӨЖ: 511:35

Г.А. Жакпарова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Қазақстан, Семей қаласы

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМНЫҢ ЖАҢАРУ БАҒЫТЫ, ӘРБІР ҰРПАҚТЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫ

Жеке адамның қалыптасуы - күрделі, организмнің өсуі мен жетілуін, стихиялы әсерлерді, мақсатты, ұйымдасқан тәрбиені қамтитын қарама-қайшылықты процесс. Жеке адамның қалыптасуы өмірге келген сәтінен басталады, жеткіншек және жасөспірім шақта жедел жүреді, ересек шақта өзінің біршама аяқталу кезеңіне жетеді. Қазіргі қоғамның жаңару бағыты, әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында гуманистік тәрбие шешуші фактор болуы заңдылық. Сондықтан қазіргі заманның педагогика ғылымында адамның тұлғалық қарым-қатынасында гумандық қасиетті қалыптастырудың ең тиімді мүмкіндіктерін, жолдарын зерттеу, қарастыру басты мәселеге айналып отыр. Қазіргі қоғамның жаңару бағыты, әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында гуманистік тәрбие шешуші фактор болуы заңдылық. Сондықтан қазіргі заманның педагогика ғылымында адамның тұлғалық қарым-қатынасында гумандық қасиетті қалыптастырудың ең тиімді мүмкіндіктерін, жолдарын зерттеу, қарастыру басты мәселеге айналып отыр. Бүгінгі таңда білім берудің басты міндеті оқушының дүниені тұтастай қабылдауын алғашқы білім алуы мен дүниетанымдық ұғымдар арқылы жеке тұлға ретінде қалыптастыруда жүзеге асырылуы тиіс. Жеке адамның әсіресе балалық және жасөспірім шақтарында дамып, жетілуі ең алдымен тәрбиенің ықпалы арқылы жүріп отырады. Бірақ тәрбие әсерінің дәрежесі мен сипаты көп жағдайда тәрбиенің даму заңдылықтарын қаншалықты ескергеніне байланысты болады. Сөйтіп тәрбие мен дамудың арасында екі жақты байланысы болады. Сондықтан жеке адамның даму заңдылықтарын тереңірек қарастырған жөн.

Тәрбие ісінде балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп отыру қажеттігін педагогика ғылымы ерте кезде-ақ көрсеткен еді. Қазіргі педагогика және психология ғылымдары балалар мен жеткіншектердің дамуындағы биологиялық фактордың рөлін айрықша көрсетеді. Педагогика ғылымы жас ерекшеліктерін анықтауға баланың дамуын үнемі қозғалыс үрдісі ретінде қарастыра отырып, бұл қозғалыстан сан жағынан жинақталу, ал сапа жағынан елеулі өзгерістер болатынын алға тартады. Мәселеге бұлайша қарау балалардың дене және психикалық дамуының бірқатар кезендерін белгілеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ жеке адамның дамуы деген ұғым тұлғалық қалыптасуына әсері зор. Даму ұғымына организмнің өсуі мен пісіп жетілу процесін жатқызады. Адамның тұлғалық бейнесі көрсеткіштерінің бірі – гумандық қасиет болуы, бүкіл адамзаттық құндылықтардың біріне саналады.

Жалпы адамзаттық тұрғыдан қарағанда оқу мен тәрбие мақсаты әрбір тұлғаны жан-жақты, жарасымды етіп қалыптастыру. Адам іс-әрекеті, сезімі мен ойлау ерекшеліктері, оның өмір сүріп отырған қоғамдық тарихи жағдайларына тәуелді болады. Қоғам дамуының белгілі сатысында педагогикалық, философиялық ой-пікірлер пайда болып қалыптаса бастады. Тәрбие беру мақсатын анықтау ең басты мәселеге айналды. Осыған орай балаларға білім мен тәрбие беру жолдары белгіленеді, тәрбиелік іс-әрекет мазмұны анықталады. Білімдер жүйесін қалыптастыру процесінде оқушыны жеке тұлға етіп дайындауда пәнаралық байланыстың алатын орны ерекше. Әр пәннің негізгі тақырыптары бір-бірімен байланысқан, ұғымдық құрылымды, оқу пәнінің негізін жасайды. Оқу пәнінің ұғымдық жүйесі әртүрлі күрделіліктегі өзара байланысты ұғымдар жүйесін: ұғым-элемент, ұғым-кешендер және іргелік ұғымдарды қамтиды. Іргелік ұғымдар жетіле және дами отырып орталық ұғымдар ретінде теориялардан өтеді және осы ұғымның мазмұны ақиқат шындық моделінің құрылымын анықтайды. Оқушылардың тұлғасын пәндер байланысы арқылы

қалыптастыруда, педагогикадағы интеграциялық принциптер бағыттау мәселесі шешіледі. Бұл - жалпы білім мазмұнын анықтауда, оқу бағдарламалары мен оқулықтарды жазып шығаруда ескеретін маңызды принцип. Интеграция - әр түрлі пәндердегі негізгі принциптер мен заңдылықтарды өзара тығыз диалектикалық бірлікте қарастыруды көздейді. Сондай-ақ мазмұны жағынан бір-біріне жақын пәндердің (тіл мен әдебиет, әдебиет пен тарих, математика мен информатика, өнер мен еңбек, этика мен эстетика т.б.) өзара және жеке пәннің ішіндегі материалдардың арасындағы байланыстарын анықтап, оқушылардың білімін тереңдетуге және тұлғалық ерекшеліктерін дамытуға болады. Осыған орай интеграцияланған пәндердің, сабақтардың ролі ерекше. Алғаш пән аралық байланыс ұғымын аңықтаған

Я.А. Коменский: «Пәндердегі білім байланысы, сол байланыс негізінде меңгерілуге тиісті». Атақты педагог пән аралық байланыс оқу жүйесін қалыптасуға ықпал береді деп тегін айтпаған. Пән аралық байланыс тақырып мазмұның біріктіріп бір мақсатқа тәуелденіп әр пәннің өз ерешелігінде айқындайды Пәнаралық байланыс арқылы оқушының тұлғасын қалыптастыру жолында оқушының оқу әрекетін ұйымдастыра отырып әр пәннің сабағында басқадай пәндердің интеграциялау жолдарын тауып, арнайы сол мақсаты орындауға арналған мұндай тапсырмалар қарастырады: «тұлғаның бір маңызды қасиеттерін тәрбиелеп дамытатын есеп не болмаса тапсырма», «тұлғаның еңбекке, адамгершілікке, ой ақылын өркендетуге бағытталған тәжірибелік жұмыстар, тапсырмалар», «қазақ халқының атақты адамдарының тұлғалық қасиеттерін ерекшелеп, олардың мінез құлқыларына назар аударып нағыз өз халқының патриоты болған жолдарын талқылау», «пән аралық тақырыптарға байланысты іскерлік ойындар өткізіп оқушының кәзіргі замандағы тұлғаның ерекше қасиеттерін тәрбиелеу», «әр пәнде бақлау тапсырмаларында пәнаралық тақырыптар арқылы тұлғалық қасиеттерін ерекшелейтін есептер қарастыру», «пән аралық тапсырмаларда кәсіби салалар бойынша, экономикалық есептер арқылы, дүние танымы бойынша, экологиялық тәрбие арқылы тұлғаның қасиеттерін тәрбиелеу. Пән аралық байланыстық тақырып, тапсырма алдын ала сабаққа тағайындалған кезде оқытушы оларға сұраптама жасай отырып басқадай пәндерде оқитын тақырыптарды сабақтың тұлғаның тәрбиелеу мақсатына байланыста іріктеп бір күрделі мақсатқа келтіру. Пәнаралық байланыс сабақтарын өткізу барысында әр оқушыға жеке назар аударып білім меңгеру қабілетін, дүниетанымдық қызығушылығын, ақыл ойның деңгейін, оқу мотивациясын және т.б. ескере отырып оқушыларға педагогикалық көмек көрсету. Пәнаралық байланыс арқылы тұлғалық қасиеттерін дамыта тәрбиелей отырып репродукциялық және белсендікті тәсілдерді байланыстырып қолдану және тұлғаның өтте маңызды ерекше қасиеттерін өз ара артыру. Оқытушының пәнаралық байланыс сабақтарын тиімді жүргізу технологиясын жақса меңгеруі және кәсіптік құзыретілігінің құрастырылған тұлғалық тәрбие беруде белсенді маман болуы.

Бастауш мектебіндегі пән аралық білім – оқушының дүние таным, кәсіптік көз қарасын өзгерте отырып тұлғалық қалыптастыруын дамуға бағытталған педагогикалық іс әрекет саласы. Жеке тұлғаны қалыптастыру білім - қоғам заңдылықтарының даму категорияларының ескере отырып оқушының тұлғалық мінез құлқын және ой қабілетін өркендететін, адамгершілік-гуманистік тәрбиелік жолдардың қолданатын, дүние таныммен кәсіби білімін артыруға көмек беретін тұлғаны дамыту жолындағы жүйленген сала.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәлім-тәрбие тұжырымдамасы. - Алматы, 1995
2. «Психология», Ковалев редакциясымен, 2-басылымнан қазақ тіліне аударылған. - Алматы: Мектеп, 1980.

ӘӨЖ: 513.9

М.Д. Жорокпаева

Мемлекеттік медицина университеті
Қазақстан, Семей қаласы

ТӘРБИЕ НЕГІЗІ – ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДА

Ата-анаға көз қуаныш –

Алдына алған еркесі.

Көкірегіне көп жұбаныш,

Гүлденіп ой өлкесі, - деп Абай атамыз жырлағандай, адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасынан, мектептен нәрленсе, ЖОО тұлғалық қасиеттерінің жаңа қырлары шындала түседі. Университет

кабырғасында студенттердің ізденімпаздығына, ұлттық педагогика құндылықтарын бойларына сіңіріп, тәрбиелеу негізгі бағыттағы жұмыстар болып табылады.

Мемлекеттің егемен ел болып қалыптасып, өркендеп гүлденуі ұлттық біртектілікті сақтаудан басталады. Оның басты құндылықтары - ана тілі, ұлттық рух, діни наным-сенімдермен тығыз байланысты. Тәрбиенің негізгі құралы – тіл, ол ұлттың тарихи көрініс белгісі.«Қазақ халқы бар тарихын көшіп жүріп, өткізсе де, батпаққа батырмай, құмға шашпай, жұрттан да қалдырмай, жабындыға алдырмай барлық жинаған сөз байлығын, күйі мен жырын бізге жеткізді деген. қазақ халқының тарихына көз жіберсек, сонау Күлтегін, Білгеқаған, Тоныкөктен бастап жерін, елін, тілін, ділін қорғаудағы өшпес ерліктерге толы. Ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйі, сыбызғы-сырнаының үні, асқақтата салған әсем әні, ғашықтық жырлары шешендік саз, айтыс өлеңдері мен бостандық үшін жері мен елін қорғаған батыр бабаларымыз туралы тарихи дастандары ғасырлар бойы өз ұрпағын өнегелі де, өнерлі, адамгершілік ар-ожданы жоғары намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық. Олай болса, отансүйгіш ұрпақты тәрбиелеуде бойларына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерді қаны мен жанына сіңіруде ұлттық құндылықтарды, яғни халық педагогикасын басшылыққа алсақ, өте ұтымды болар еді.

Қазақ тарихын тұңғыш зерттеуші ғалым Ш.Уәлиханов өзінің патриоттық сезімін білдіре келіп, «Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай (матрешка сияқты бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық) мен ең алдымен өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртым, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстары, Ресей жұртын қадірлеймін», - деген екен . Қазақта ең алғаш қазақ балалары үшін халық мұрасына, салт-дәстүріне, ерлік, адамгершілік тәрбиесіне негіздей отырып, оқулық жазған Ы. Алтынсарин болды. Ол көшпелі елдің баласына дүниаяу ғылым-білім, өнер үйретуді армандады. Оның шығармалары жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке, т.б. ізгі қасиеттерді үйретуге шақырады. Ыбырай «Қазақ хрестоматиясына» Қара батыр, Байұлы, Жиренше шешен, Тазша бала туралы ертегі, Бай баласы мен жарлы баласы, Таза бұлақ, Әке мен бала т.б. тәлімдік мәні зор әңгімелерін енгізді. Ыбырайдың шығармаларын оқи отырып, ол өз заманының беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға салуда білім мен тәрбие мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көруге болады. Ыбырай әңгімелерінң негізгі қайнары халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан дағдыдан тыс әсірелеп суреттеп, шындықтан алшақтамаған. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әрекеттері арқылы бейнелеуді мақсат тұтты.

Абай Құнанбаевтың еңбектерін зерделеп қарайтын болсақ, жастарды ерлік рухта, патриотизмге баулып, намысын, ар-ожданын, адамгершілік қасиеттерін оятуды үнемі мақсат етеді. Әр адам «Адамзаттың бәрін сүй бауырым - деп» айтқан ұлы сөзді өз жадысында сақтап, жанындағы жандарға құрметпен, сыйластықпен, ізгілікпен қарауы тиіс. Осы асыл қасиеттерді бойларына сіңірсе, оның келер ұрпағы да инабатты, үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіре алатын азамат пен азаматша болары хақ. Қарап отырсақ, қай кезде болмасын халық игілігі үшін еңбек еткен ағартушылардың, ақын-жыраулардың барлығының мақсат-мүддесі қазақ халқын тек бірлікке, ынтымаққа шақыру, ешкіммен жауласпау, оқу білімге уағыздау, адамгершілік, адал шыншыл, өз Отанының патриоты болуға үндегенін байқаймыз.

Отанға деген сүйіспеншілік, ұлтына деген ыстық сезімді Алашорда қайраткерлері А.Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, Т. Рысқұлов, Ә. Бөкейханов, М. Шоқай т.б. еңбектерінен де кездестіреміз. А. Байтұрсынов: Қазағым елім! Қайқайып белің, Сынуға тұр таянып. Талауда малың, Қамауда аюаның, Аш көзіңді оянып ... - десе, М. Дулатов: - «Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты» - дейді. Ал, С. Торайғыров: Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып күн болам! Қараңғылықтың көгіне, Күн болмағанда кім болам? - деп, жастарға өнер-білім алып, жарыққа талпыну, Отанға пайдалы азамат болу екендігін сан қайталап еске салады.

Ұрпағымызда адамгершілігі мол, иманды, тәрбиелі адам мемлекет байлығы. Әлеуметтік өмірдегі бейбітшілік пен мәдениеттіліктің кепілі, сол елдің мақтанышы. "Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы. Ол келешекте адамның өміріне опат әкеледі"- деп Шығыстың аристотелі атанған Әбу Насыр – Фараби бабамыз айтқандай қазір тәрбие мәселесіне тек мектеп қабырғасында ғана емес, жоғарғы оқу орнында да ерекше көңіл бөлу қажет. ЖОО келген студент бірінші күннен ата-ана ырқынан шықтым, «өзіме өзім қожайынмын» деген түсінікпен өмір сүрмеу керек. Жеке тұлға, болашақ маман, ең бастысы болашақ ана мен әке, яғни ұрпақ жалғасы. Ұлтымыздың саналы да, ибалы жандары қазақтың сөзімен айтқанда ұлдары сегіз қырлы, бір сырлы, қыздары маржандай таза болулары шарт. Ол үшін ата-ана, оқытушылар әр күн өз

ойларымен бөлісіп, олардың ойларын тыңдап үйренуіміз керек. Мысалы, күнделікті тіршілікте кез келген шешім қабылдайтын мәселелерге «Сен қалай ойлайсың?» деген сұрақ қойылып отырылуы дұрыс. Сонда жауапкершілікке үйренеді, сенім пайда болады. Ортақ мақсат қою және жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады.

Заман ағымында шетелге еліктеу күнен-күнге ғаламтор желісімен көзді ашып-жұмғанша кіріп жатыр. Жастарымыз теріс жолға түсіп кетпеуі қадағаланы дұрыс. Осыдан он, жиырма жыл бұрын жастарға үлкеннің айтқаны заң, «ұят болады» деген сөз жеткілікті болған. Қазір өмірде, өз ісінде қолдана, яғни үлгі көрсете отырып тәрбиелеуді мақсат тұтқанда ғана іске асады. Қазақи құнды халық педагогикасын олардың жадыларында ұялатып, дағды ретінде қалыптастыру үлкен жұмыс. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Адамгершілік жүрекке жан шуағын орнатып, бұрыннан бойымызда бар жақсы қасиеттерді дамытады. Жаман әдет пен теріс қылықтан тазарып, жаны таза, көңілі ақ, рухани сезімдерге бай адам болып қалыптасады. Елбасы: «Рухани құндылық, биік адамгершілік жоқ жерде үлкен өркениет орнату мүмкін емес» деген болатын. Ендеше, жеке тұлғаның адамды адам ете түсетін қасиетін ашып көрсету, яғни руханилығын дамыту болып табылады.

Рухани адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа тәрбиелеп, соны мақсат тұтса оқытушының, ата-аналардың да болашағы зор болмақ. Олай болса жеке тұлғаны қалыптастыруда олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу адамгершілік тәрбиесінің басты мақсаты. Мақсатқа жетуде сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ол кедергілерден ата-бабаның өнегесін көрсетіп, халық педагогикасының жан-жақты ұстанымдарын сақтай отырып өтуге болады. Халық педагогикасы арқылы өзінің ізгілік ұстанымдарын, ақыл-ой мен іс-әрекеттерін бағыттап, рухани көзқарасын қалыптастырады. Осы бағыттың дұрыстығын хакім Абайдың: «Сүйер ұлың болса, сен сүй, Сүйінерге жарар ол», - деген ойымен қорытындылауға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тәуелсіз Қазақстанның Жеті қазынасы: Төл мәдениет пен туған тіл. /Егемен Қазақстан, 2013
2. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. - А., 2003.
3. Табылды Ә. Қазақ этнопедагогикасы және оқыту әдістемесі. - А., 2004.
4. Құралұлы А. Салт-дәстүрге, тарихқа, дінге байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі. - А., 2006.
5. Табылды Ә. Этнопедагогикалық оқылымдар. - А., 2006.

ӨӨЖ: 351

Б.Ж. Жұмыкбаева

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
Қазақстан, Семей

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСİNДЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Болашақ психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі бағыты – қазіргі қоғамның талабына сай, өз еркімен шешім қабылдай алатын, бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі мен қабілеттілігі, біліктілігінің талапқа сәйкес келуіне негізделеді. Нәтижеге бағытталған білім беруде болашақ психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды оқыту үдерісінде жүзеге асыруда, оның өзінің іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу керек. Бұл өз кезегінде болашақ психологтардың ең алдымен өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін жетілдіру, бақылау мен бағалау құзыреттілігін қалыптастырумен сипатталады.

Олай болса, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру - жоғарғы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Шет ел ғалымдары ішінде «құзыреттілік», «құзырлылық» ұғымдарының педагогикалық және психологиялық аспектілерін Р.Арнольд, Г.Влуменштейн, Дж. Равен жан-жақты қарастырып, зерттеген.

Теориялық талдау нәтижесінде, «құзыреттілік» ұғымының мәнін анықтауға мүмкіндік ашылды. Құзыреттілік дегеніміз – қойылған мақсатқа жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді жұмылдыруға дайындық; сонымен қоса жеке және қоғамдық сұраныстарды қанағаттандыру мақсатында табысты әрекет етуге дайындық болып саналады.

Құзыреттілік – белгілі бір ұғымдық жүйенің болуын талап ететін практикалық іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеті, яғни пайда болған мәселелер мен міндеттерді шапшаң шешуге мүмкіндік беретін ойлаудың типі, түсіну қабілеті.

Жоғары білім беру жүйесінде болашақ психолог мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары, олардың ғылыми-педагогикалық негіздерін анықтау мәселелері әлі толық айқындалмаған.

А.В. Либин кәсіби құзыреттілікті оның педагогикалық ойлауға теориялық әзір екендігі мен педагогикалық әрекет етуге практикалық дайындығы тұтастығы деп түсінген, ал С.С. Татарченкова кәсіби құзыреттілікті субъект іс-әрекетінің жеке интегралдық сапалы сипаты, біртұтас жағдайы мен оны жүзеге асыруға жеке тұлғаның әзір екендігі деп жазған. Педагогикалық-психологиялық мамандықтар арасында кәсіби іс-әрекетке деген дайындық кәсіби құзыреттіліктің құрамдас бөлігі болып табылады және маманның педагогикалық мамандыққа рефлекстелген бағыттылығынан, дүниетанымдық көзқарасының жетілгендігінен; өзін-өзі үнемі кәсіби және жеке тұлғалық жетілдіру нұсқауларынан, сонымен қатар өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі тәрбиелеуден тұрады.

ЖОО-ны студенттерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру жөніндегі пікірін «кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі», - деп тұжырымдаған ғалым Б.Т. Кенжебеков болып табылады. Ғалымның пікірі бойынша, құзыреттілік жансыз, жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім шығаруға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген біліктіліктерінің белсенділігінен көрініс табады [4].

Әртүрлі зерттеушілердің пікірі бойынша, негізгі құзыреттіліктер: коммуникативтік, ақпараттық, реттеуші құзыреттіліктерден тұрады, сонымен қатар психиканың қызметі негізінде жалпы қабілеттіліктердің жіктелуін білдіреді. Коммуникативтік құзыреттілі - эмоциялық тұрақтылық, экстраверсия, басқа адамдармен қарым-қатынас орната білу компоненттерінен тұратын құзыреттілік. Ақпараттық құзыреттілік деп өзі және өзінің жеке тұлғасы туралы еңбек нысаны, әлеуметтік қоршаған ортасы туралы ақпараттар көлемін құрайды. Реттеуші құзыреттілік – мақсатты тұжырымдау, жоспарлау, жұмылдыру мен тұрақты белсенділіктің, іс-әрекеттер нәтижелерін бағалау, рефлексия, құндылық бағдардың бар болуы арқасында өз мінез-құлқын басқара білу шеберлігін де білдіреді.

Білім саясатының басты бағыты ретінде жоғары білім беру жүйесінің сапасын арттыруда арнайы пәндерді оқытуда болашақ психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі басым бағыт алады. Бұл мәселенің нәтижелі жүзеге асуы болашақ психологтың арнайы пәндерге қызығушылықтарын оятып, белсенділіктерін арттыруды, алған білімдерін тәжірибеде пайдалану, яғни семинар, өзіндік жұмыстар, практика барысында практикалық сабақтардағы біліктілігі мен кәсіби құзыреттілігінің жүзеге асырылуынан көрініс табады.

Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің арнайы әлеуметтік және тұлғалық түрлеріне ерекше мән беріледі. Арнайы – өзінің мамандығына сәйкес білімі, біліктілігі, дағдысы, жаңа білім мен білікті өз бетімен меңгеру, өз еңбегінің нәтижесін бағалау, біліктілігінің болуы.

Болашақ психологтың құзыреттілігіне психологияда көптеген зерттеулер жүргізілді. В.А.Адольф мақсатты бағдардан, құрамнан, құрылымнан, оның түрлері мен компоненттерінің өзара байланысынан тұратын болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің мәнін ашты. Болашақ психологтың кәсіби құзыреттілігінің тиімді қалыптасуының психологиялық-педагогикалық алғы шарттары анықталды. Болашақ мұғалімнің кәсіби дайындау үрдісіндегі оның құзыреттілігінің қалыптасуының мазмұны мен технологиясын жасады [2].

Ресей ғалымы Т.А.Маркина төменгі курс студенттерінде кәсіби-психологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың қорын анықтады. Зерттеуші студенттерінің кәсіби-психологиялық құзыреттілігінің мәнін, құрылымын нақтылады, кәсіби құзыреттілікті диагностикалаудың әдістерін, оқытудың әртүрлі курстарында құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейлерін ұсынды. Осы автор психологиялық практикада оқу материалдары мазмұндарын таңдау жолдарын жасады.

Болашақ психологтардың кәсіби іскерлік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық шарттарын анықтау барысында ең алдымен, педагогикадағы белгілі заңдылықтарға, педагогикалық принциптерге, білім, іскерлік пен дағдыға сүйендік. Ал, енді болашақ психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық шарттарын анықтау үшін, «шарт» ұғымының мәнін қарастыру қажеттігі туындайды.

Құзыреттілікке бағытталған білім беру қазіргі таңда әлемдік білім беру жүйесінде нәтижелілігі, тиімділігі мойындалған бағыт болып табылуда. Құзыреттілік бағыт бойынша кез-келген

оқытудың негізгі мақсаты – адам өзінің әрекетін нәтижелі жүзеге асыруы үшін қажет білім, білік және тұлғалық қасиеттерді меңгеріп, мінез-құлық тәсілін яғни, қажетті құзыреттіліктер түрлерін игеруі қажет. Басқаша айтқанда, білім алушы тек білім және біліктілік жиынтығын меңгеріп қоймай, оқудың соңында не үшін білім алғандығын саналы түсініп, игерген білімін өзінің кәсіби әрекетінде қолданысқа еңгізе алу қабілеті.

Құзыреттілік бірінші орынға білім алушының ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қойса, кәсіби құзыреттілік - маманның жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ маман өз ісінің шебері, біздің жағдайымызда жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек.

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде маманның кәсіби құзырлығының жоғары оқу орны кезеңінде қалыптасуын зерттеуге қызығушылық артып келеді. Бұған дәлел – В. Адольф, Ю.В. Койнова, Н.Е.Костылева, Н.Н.Нацарениус т.б. зерттеу жұмыстары. Бұл еңбектердің негізгі міндеттері кәсіби құзырлығы қалыптасуының әртүрлі әлеуметтік-психологиялық, дидактикалық, маркетингтік, мониторингтік мәселелерін шешуге бағдарланған.

Ғалым Б.Т.Барсай өзінің докторлық диссертациясында: «...Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері: әдіснамалық, теориялық және ғылыми-әдістемелік білім деп анықтадық» – деп көрсеткен [3].

Б.Т.Барсайдың ашып көрсеткен әдіснамалық, теориялық және ғылыми-әдістемелік білімдердің болашақ психологтарды кәсіби шыңдау мақсатында қолданудың маңызы ерекше болып табылады. Өйткені, интеграцияланған білім кеңістігінде студенттерді кәсіби дамытуда, олардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіруде қолданылатын теориялық білімдер: кәсіби-дидактикалық құзыреттілік қалыптастыруға арналған арналған курстар, семинарлар; мемлекеттік білім беру стандарттарын (жалпы орта білім, педагогикалық білім беру) оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолдану тиімді нәтиже берері сөзсіз.

Қазіргі таңда жоғары білім беру жүйесі кеңістігінде, болашақ кәсіби мамандарды дайындауда, мұғалімдердің алдында жастарды қалайша қоғам талабына сай азамат етіп, қандай жағдайда қажетті дағдыларды қалыптастырып дамытуға, яғни жастардың әлеуметтенуіне бағытталған оқу үрдісін ұйымдастыруда теориялық және практикалық дайындық арасын қалайша байланыстыруға болады, еңбек нарығына тез бейімделетін тұлғаны дайындаудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері қандай деген сауалдар тұр.

Кәсіби білім берудің негізгі мақсаты – жоғары білім беру жүйесінде өз мамандығына сай квалификацияланған, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өзінің мамандығын еркін меңгерген, түрлі құзыреттіліктерді меңгерген, әлемдік стандарт деңгейі бойынша тиімді жұмыс жасай алатын, кәсіби өсуге бейім, әлеуметтік және кәсіби мобильді жұмысшы дайындау болып табылады. Әрине, болашақ маманның тұлғасы тек кәсіби білім беру мекемесінде емес, сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемеде, орта мектепте қалыптасады.

Бүгінгі еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік жұмыс берушінің талаптарына оқу орнын бітіргелі тұрған түлектің кәсіби дайындығының сәйкес келуімен анықталады. Жұмыс беруші жаңа технологияларды игерген, өзінің білімін практикада қолдана алатын, өзіне серіктес бола алатын, мекеме басшылығының мақсатын түсініп, жүзеге асыруға қабілетті, белсенді адамды алуды көздейді.

Қорытындылай келе, бүгінгі күні еліміздің жоғары білім беру жүйесі алдына білім беру сапасын арттыру, оның жоғары деңгейін қамтамасыз ету міндеті қойылып отыр. Бұл міндет еліміздің әлеуметтік, экономикалық саласында болып жатқан өзгерістерден туындайды. Осы тұрғыдан алғанда білім беру саласы қызметкерлеріне қойылатын талаптардың күшейетіні сөзсіз. Сондықтан, болашақ психологтарды кәсіби даярлау процесіне жаңа талаптар қойылып, өзгерістер енгізілу қажет болып отыр. Бұл студенттерді кәсіби даярлауға да қатысты мәселе. Біздің ойымызша, бұл өзгерістердің негізгілерінің бірі – болашақ психологтарды жоғары білім беру жүйесінде кәсіби құзыреттілікке даярлау арқылы оның жобалау құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Осы себептен біз аталған мәселені өзіміздің зерттеу жұмысымыздың өзегі етіп алдық.

Арнайы жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыста қол жеткен нәтижелер төмендегідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

1. Қазіргі қоғам сұранысының талаптарына сай болашақ психологтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі еліміздің әлемдік білім беру кеңістігіне енуге, соған сәйкес білім беру

парадигмасының өзгеруі, білім беру мекемелерінің жаңа бағдарын анықтап, мамандардың құзыреттілігін көтеруді талап етіп отыр.

2. Болашақ психологтардың жоғары білім беру негізінде кәсіби құзыреттілігі – әлеуметтік сұранысқа сай заңды құбылыс, өйткені тұтынушылар жоғары деңгейде сапалы білім беру мектептерін таңдауға мүмкіндік алады, психологтың кәсіби біліктілігі – сол мектептің бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші, түлектердің білім сапасында, тәрбиесінде, жаңа ақпараттық технологияны меңгеруінде, олардың бойынан пәндік және түйінді құзыреттіліктердің көрініс табуында бір мектеп пен екінші мектеп арасында бәсекелестік болады.

3. Болашақ психологтардың жоғары білім беру негізінде кәсіби құзыреттілігі қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін анықтауда тұлғаға бағдарлы, әрекеттік, жүйелілік, ақпараттық және құзыреттілік тұғырлар басшылыққа алынды. Тұлғаға бағдарлы тұғыр студенттің кәсіби құзыреттілігі қалыптасуында оларды өз ісінің субъектісі ретінде сезінуіне, өзіндік әлеуетін, сапаларын аша білуге және дамытуға ықпал етеді. Іс-әрекеттік тұғыр болашақ мұғалімнің іскерлігінің, жасампаздығының, қайраткерлігінің қалыптасуына түрткі болады.

4. Болашақ психологтардың жоғары білім беру негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негізі біртұтас педагогикалық үдеріс, оқыту үдерісіндегі пәнаралық интеграция, құзыреттілікті қалыптастыру, инновациялық теорияларына сүйенеді.

5. Болашақ психологтардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы әдіснамалық, теориялық, әдістемелік және технологиялық компоненттердің бірлігінде және өлшемдер мен көрсеткіштердің негізінде жасалған құрылымдық – мазмұндық – үдерістік модельге байланысты.

6. Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда болашақ маман дайындайтын оқу орны профессор-оқытушыларының осы бағыттағы және білім, ғылым саласындағы жаңалықтардан хабардар болып, өз білімдерін үздіксіз көтеріп отыруларының маңызы зор.

7. Зерттеу барысында теориялық-әдіснамалық әдебиеттерді талдау арқылы болашақ психологтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жоғары оқу орындарында маман даярлаудың бүгінгі күнгі талаптарын ескере отырып жасалған біртұтас, жүйелі жұмысының сапалы құрылған мазмұнда жүргізілуіне және болашақ маманның өзінің ынтасы мен жігеріне, ұмтылысы мен қызығушылығына байланысты екені анықталды.

Қарастырылып отырған мәселе өте ауқымды және тың болғандықтан, ол толық зерттеліп болды деуге болмайды. Келешекте болашақ психологтың кәсіби құзыреттілігі қалыптасуының біртұтас жүйесін студенттердің зерттеушілік, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бағыттарында құруға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Акишева С. Н., Рысқұлбекова А.Д. Жоғары оқу орындарында болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдары. «Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістері» II Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция баяндамалар жинағы. I том. - Астана, 2012 73-78б.
2. Адольф В.А. Формирование профессиональной компетентности будущего учителя // Педагогика, 1998. - №1.
3. [Барсай Б.Т.](#) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері. автореф. - Шымкент, 2010. - 44 с.
4. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жағдайында болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. Дисс.пед.ғ.д.: 13.00.08. – Қарағанды, 2005.

ӘӨЖ: 25.14

Р.Р. Ибраева

«Беген орта мектебі» КММ, Бесқарағай ауданы

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ҮЙРЕТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Сын тұрғысынан ойлау - бұл ақпарат пен ойдың бірігіп алудың шынайы тәсілі. Ақпаратты алу ғана емес, сонымен қатар алған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалап, ой елегінен өткізу арқылы қолдану.

Сын тұрғысынан ойлау – бұл қиын тапсырманың шешімін табу үшін жасалатын дұрыс шешім. Сол шешімге сенудің бірден бір жолы.

Сын тұрғысынан ойлау-оқушының дұрыс ойлануына жасалатын ой моделі және ой әрекетінің қызметі.

Сын тұрғысынан ойлау- шығармашылық ойлауын дамытатын ең маңызды бағыт.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту құралы деп айтуға келмейтін зияткерліктің түрлері:

Есте сақтау;

Қарапайым және қиын ойларды түсінуін;

Шығармашылықта: спортшының, суретшінің, музыканттың интуитивтік ойлауы;

Д. Кластердің ойынша сын тұрғысынан ойлаудың 5 қыры бар:

Бірінші-бұл өз бетімен ойлау;

Екінші-бұл ойын қорыту;

Үшінші-бұл проблемалық және сол ойын бағалай білуі;

Төртінші-бұл ойын дәлелдеуі;

Бесінші-сын тұрғысынан ойлаудың өзі әлеуметтік ойлау болып табылады (өмірмен байланысты).

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы анықтағандай 6 компоненттен тұрады.

Сыни ойлаушы:

Өз ойын қалыптастыра біледі;

Әртүрлі ойлармен санасып, өз ойын дәлелдеуге тырысады;

Тақырып бойынша мәселені шеше біледі;

Дәлелді пікірталас құра алады;

Бірлескен жұмыстан түбегейлі шешім шығаруды толықтай құптайды;

Кезкелген сұрақтың шешімін табу үшін адамның қабылдауының өзі көптеген факторлардың әсерінен болатынына түсінеді және бағалай біледі.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі белгілері:

Осы технологияның мақсаты-оқушылардың ойлау дағдыларын, оқуда ғана емес тұрмыстық өмірде де(толық түбегейлі шешім қабылдауға, түрлі жағдайтардың қыр-сырын білуге, ақпаратпен жұмыс жасауға және оны талдай алуына) дамыту;

СТО технологиясының негізі- сабақтың үшбағыттық құрылымында:

Ой шақыру; Ойлау ; Кері байланыс;

Ой шақыру тапсырмалары:

Өтілетін (оқытылатын) материал бойынша оқушылардың білімдерін жаңарту, не болмаса естеріне түсіру;

Өтілетін материалға деген оқушылардың қызығушылығын ояту;

Өтілетін тақырыпты оқушылардың өздері анықтауға мүмкіндік беру;

Ойды жүзеге асыру үшін берілетін тапсырмалар-

Өтілетін тақырыпты белсенді меңгеруіне жағдай жасау;

Өткен тақырып пен жаңа тақырыпты байланыстыра білуге жағдай жасау;

Кері байланыстың тапсырмалары-

Өтілген тақырып бойынша өз ойын қорытуға көмек беру;

Келесі тақырыпты өзбетімен анықтауға көмек беру;

СТО дамытудың түрі мен құралдары:

Тақырып бойынша жинақ;

Мәтіндер талдауы;

Түрлі көзқарастағы тапсырмалар құрастыру;

Ұжымдық пікірталас;

Топпен және жұппен жұмыстардың әртүрі;

Дебаттар;

Пікірталастар;

Оқушылардың жазба жұмыстарын жариялау;

СТО-жазба жұмыстары (оқушылардың жазған «Эссе», «5 жолды өлең» жинап отыру.

СТО технологиясындағы мұғалім ролі:

Оқушыларды анықталған бағытқа бағыттау;

Түрлі пікірлермен бетпе-бет келеді;

Өз бетімен дұрыс шешім шығаруға жағдай жасайды;

Оқушыларға өзбеттерімен шешім шығаруға мүмкіндік береді;

Қалыптасқан танымдық ішкі жағдаяттарды дайындайды;

СТО технологиясының негізгі тәсілдері:

Сұрақтарды дұрыс құру дағдысын дамытуға арналған тәселдер.

«Жуан» және «жіңішке» сұрақтар кестесі

Неліктен, үш түсінік бер.....?	Кім?
Неліктен, түсіндір?	Не...?
Неліктен, сіз солай ойлайсыз.....?	Қашан...?
Неліктен, сіз солай ойлайсыз.....?	Мүмкін...?
Қандай айырмашылығы бар.....?	Болар...?
Не боларын, болжап көр.....?	Алар ме еді.....?
Әйтпесе, не?	Қалай аталады.....?
	Болды ма.....?
	Сіз келісер ме, едіңіз.....?
	Дұрыс па.....?

Блум сұрақтарының түймедағы:

Қарапайым сұрақтар-Бұл сұрақтарға жауап берген кезде нақты фактілерді атау керек, мәтіннен белгілі бір мәліметті еске түсіріп, оны айтып беру керек.

Дәлелдеуші сұрақтар-«Егер мен дұрыс түсінсем, онда ...?»

«Мен қателесуім мүмкін, бірақ, меніңше сіздің айтып тұрғаныңыз ...?»

Интерпретациялық (түсіндірме) сұрақтар- Әдетте неге? деген сөзден басталады.

Кейбір жағдайларда олар *ақталуға мәжбүр етушілік сияқты* негативті қабылдануы мүмкін.

Басқа жағдайларда олар *дәлелдемелік байланыстарды анықтауға* бағытталған.

Бағалау сұрақтары-Неге ... жақсы, ал ... жаман?»

«... .. айырмашылығы неде?»

Бұл сұрақтар осы немесе басқа да оқиғалар, құбылыстар мен айғақтардың бағалау критерийлерін анықтауға бағытталған .

Шығармашылық сұрақтар (жорамал)-«Қалай ойлайсыздар, ... кейін (егер) ... қалай болады?»

Шығармашылық сұрақтарда *«егер»* деген қыстырма сөз қолданылады. Олалдын ала болжайтын, жорамалдайтыншарттылық элемент.

Практикалық сұрақтар- «Әңгіме кейіпкерінің орнында болсаңыз сіз не істер едіңіз?»

Сұрақ теория мен тәжірибе арасындағы өзара байланысты анықтауға бағытталған.

Кластерлар (ұяшықтары)

Өтілген материал автор өмірбаянын не мәтін бойынша алуға болады.

Өтілетін материалдың көру айғақтарын ұйымдастыру формалары:

«Қалай, көренеді.....», «Қалай, айтылады.....»

«Қалай, көренеді.....»	«Қалай, айтылады.....»
Сағаттар	«Бұл жаңа!»
Конвейер	«Бұл қызықты!»
Баспалдақ басқыштары	Ән: шумақ, қайырма.
Шынайы сурет	

Сын тұрғысынан ойлау:

Тірек сызбалар;

Кестелер;

Логикалық-ойлау кескіндері;

«Болжағыш ағаш» (Дж. Белланс)-ойлау

Тақырып-бұл «ағаштың діңі»

Жапырақтары-бұл жорамал

Бұтақтар-бұл жорамал жасаушы жапырақтардың дәлелі.

«ФИШБОУН» тәсілі (Модель постановки и решения проблемы)

Проблема- проблеманы тудырушы себептер **-шешім**

Проблеманы тудырушы себептердің айғақтары

«Бағалау терезесі»

Дереу колдана аламын	
Ештеңе түсініксіз	Жақсы маған түсінікті
Ешқашан қолдана алмаспын	

(x осі мен y-осі)-осы бойынша оқушылардың қаншалықты түсінгендіктерін анықтауға болады.
ҚАҚ (Қосу-Азайту-қызықты)-авторы Эдвард де Боно.

Қосу (+) – «Не жақсы?», «Несімен жақсы?» деген сұрақтарға жауап беретін айғақтарды жазамыз.

Азайту (-)-«Несіжаман?» деген сұраққа жауап беретін айғақтар мен ойларды жазамыз.

«?»-«Несімен қызықты?» деген сұраққа жауап беретін оқушыны түрлі ойға салатын ойлар мен айғақтарды жазуға арналған.

Донна Огл кестесі

«Білем-Білгім келеді-Білдім» (БББ)

Б-біз нені білеміз	Б-нені білгіміз келеді	Б-нені білдік және тағы білмеген не қалды
--------------------	------------------------	---

Біз қолданатын ақпараттар тізімі /Басты сөз/		Біз алғалы отырған ақпарат көздері
А	Д	1
Б	Е	2
В	Ж	5
Г	З	4

«Борттық журнал» (Гудлат)

Маған осы тақырып бойынша не түсінікті?	Мәтіннен қандай жаңалық білдім?

«Екі бөлікті күнделік»

Сұрақтар (Цитата)	Тақырыпты түсіну негізі (Комментарий)
Не? Қалай? Несімен ерекшеленді? Неліктен?	

«Концептуалды кесте»

Салыстыру сызығы	Абай	Мұхтар
Ұлы ақын		
Ұлы жазушы		
Шығармалары		
Өмірбаяны		

Сюжетті кесте

Бұл қарапайым таныс тәсіл. Ақпаратты берген уақыттан бастап жұмыс барысында ойдың кезеңін анықтап отыру.

Кім?	Не?	Қашан?	Қайда?	Неліктен?

Инсерт (шартты белгілері)

V Егер, сіз өзіңіздің ойыңызбен сәйкес келеді десеңіз, не болмаса білеміндесеңіз;	+ (қосу) егер, сіз өзіңізге бұл жаңалық десеңіз;	- -"(азайту), егер, сіз өзіңіздің білгеніңізбен сәйкес келеді десеңіз, не болмаса осы туралы білсеңіз;	? Егер, сіз маған түсініксіз десеңіз, осы сұрақ бойынша толық мәлімет алғыңыз келсе

Ойлану мен оқуға арналған өзіндік белсенділік жүйесінің белгісі:

" V " – білдім

" + " –жаңа

" - " – басқаша ойладым

" ? " – түсінбедім, сұрағым бар.

Неліктен «б W»

Why- деген ағылшын сөзінен шыққан, мынандай сұрақтардан тұрады?

Неліктен? Неге? Не себепті?.....

«Неліктен?», «Неліктен?», «Неліктен?» жағдаятында «Иә, солсебепті....»

«Шатастырылған логикалық тізбек»

Мұғалім оқушыларға дұрыс және дұрыс емес сөздер жазылған ретті ұсынады.

Оқушылар жекелей жұмыс жасайды, мәтінді оқиды, шатастырылған тізбекті белгілейді.

Өзінің тапқан сөздерін топтағы оқушылармен бөліседі, толықтырады, қатесін түзейді.

Жорамалдау дағдысын дамытудың тәсілдері:

Дұрыс немесе дұрыс емес ойлар;

Сабақтың басында жаңа тақырып бойынша ұғым, соның дұрыс немесе дұрыс еместігін бағалау және өзінің шешімін дәлелдеу қажеттілігі беріледі.

Кері байланыс кезінде оқушыларға бекітілген тақырыптың сабақ басындағы өз шешімінің дұрыстығын бағалауды және өз ойымен алмасуды беру.

«Анадан-мынаған» стратегиясы

1 Тақырып бойынша топтар жалпы тапсырмалар Алады. 1 топ: Жанғыш пайдалы қазбалар	2. Әр топ мүшесі өзінің зерттеу тапсырмасын алады 1 көмір, 2 газ, 3 мұнай
3. Ақпараттар жинайды	4. Жинаған ақпараттарын топта бөліседі
5. Жалпы бөлінгендік естеге салып біріктіреді	6 Кесте толтырады
7. Бірлесіп зерттеу тақырыбын жасайды.	8. Зерттеу бойынша перзентация жасайды.

Проблеманышешудедағдысындамытубойыншатәсіл

Миғашабуыл

Карусель. Топпенжұмыс.

Топтағыоқушыларсанынақарайтапсырмаларнемесепроблемалысұрақтар.

Әрқайсысыөзшешімінжазыпкелесіоқушығабереді, осылайшеңбердіайналыпжүребереді.

Пікірталасты жүргізу дағдысын жетілдіру тәсілі:

Рөлдік ойындар

Әрлі-берлі пікірталас

Диалог-талас

Бұрыштар әдісі (оқушылардың белгілі бір позициялы бұрыштарға тұрады. Бір топтан шыққан дәлелді ойды-келесі топтың оқушылары жалғастырып отырады. Оқушылар келесі бұрыштарға ауысып отырады. Қозғалғыш сыныптың ортасында отырады, кезкелген топтың пікірталасына араласа алады)

б қалпақ (қалпақтардың түстеріне сәйкес ойлау үшін, оқушы өзінің пікірінің дұрыс немесе бұрысын дәлелдейді)

Аквариум

Өз ойы және өзгенің ойын тындауды ұсыну тәсілі

Тізбек құру (5 жолды өлең, шеңбер бойынша бір-біріне беретін суреттер. Әрқайсысы 5 жолды өлең құрып, өз ойын дәлелдеп шығуы)

Еркін хат, эссе

Ирек (бірін-бірі оқыту) ауысып отыратын топпен жұмыс.

ҰБО әдістемесі.

5 жолды өлең

1 қатарға-тақырыпты бір сөзбен жазу (зат есім) теңдеу

2 қатарға-тақырыпты 2 сөзбен жазу (екі сын есім) қарапайым, күрделі

3 қатарға-3сөзбен жазылады (егістік) шығарады, табады, қосады

4 қатарға-4 сөзбен жазылады, тақырыпқа жақын сөзбен (сөз тіркесі) (белгісіз сан арқылы шығарылады)

5 қатар-тақырыпқа қатысты синоним. Өрнек

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Алматы, Литера, 2000. - 8-бап.
2. Назарбаев Н.Ә. «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы». - Алматы, 1997.
3. Ақ жайықтың ақ берендері. - Алматы, 2005.
4. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. - Алматы, 2002.
5. Абдошов Г.Ш. Олтуралы //Ақ жайық ақ берендері. - Алматы: Өлке, 2005. – 58 б.
6. Абдошов Г.Ш. Олтуралы //Алаштың ардагер азаматтары = Почтенные люди казахской земли. Кітап: Батыс Қазақстан облысы бойынша/ Құраст. Ғ. Хаймулдин. - Алматы: Ниса, 1998. – 1 б.
7. Абдрахманов Т.В. его книгах жизнь Приуралья. /Корсунов Николай Федорович [Олтуралы] //Сельские вести. – 2003 ж. 1 қаңтар
8. Абдрахманов К. Гадильше и его книга: [Жаңа кітап] /Ауыл тынысы. – 2003. - 22 қараша. – 2 б.
9. Нәріков А. «Жайықтың жарық жұлдыздары». - Орал, 2005.

УДК: 372.854:81/246.3

Л.С. Ибраева

Государственный университет имени Шакарима города Семей
Казахстан, г. Семей

ПРОБЛЕМЫ ВНЕДРЕНИЯ ПОЛИЯЗЫЧИЯ В ХИМИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

Казахстан, оставаясь полиэтническим и поликонфессиональным государством, переживает сегодня сложный и противоречивый период своего культурно-языкового развития, о чем свидетельствует сложившаяся языковая ситуация, в связи с чем Президентом Республики Казахстан предложено начать поэтапную реализацию культурного проекта «Триединство языков» [1].

Следует отметить, что практически во всех документах в области языковой политики стрелковой идеей является необходимость овладения несколькими языками, и, как продолжение – преподавание учебных дисциплин в общеобразовательных школах и в высших учебных заведениях на трех языках (казахском, русском и английском). Поэтому, обучение химии на трех языках является актуальной и необходимой мерой [2].

Цели реализации программы полиязычного образования можно обозначить следующим образом:

- создание системы стимулирования процесса обучения государственному языку;
- расширение сферы применения государственного языка, интеграция во все сферы жизнедеятельности, сохранение функции русского языка;
- дальнейшее учебно-методическое обеспечение системы обучения русскому языку;
- создание новых программ дистанционного обучения, учебно-методической литературы, электронных интерактивных учебников;
- улучшение качества преподавания русского языка путем внедрения инновационных методов обучения русскому языку.

Деятельность в сфере английского языка включает:

- расширение международного сотрудничества в целях взаимодействия с иноязычной культурой;
- обеспечение доступной учебно-методической литературой для коллективного и самостоятельного обучения;
- ревизия учебных программ;
- усиление требований к системе обучения будущих преподавателей иностранного языка;
- подготовка преподавателей для обучения естественным наукам и математике на английском языке» [2-3].

Проблему научного и методического обеспечения процесса обучения химии на английском языке в казахстанских школах и вузах можно схематично отразить следующим образом (рис. 1):




Рисунок 1 – Проблемы внедрения полиязычного образования

Важнейшей стратегической задачей образования является, с одной стороны, сохранение лучших отечественных образовательных традиций, с другой – обеспечение выпускников школ международными квалификационными качествами, развитие их лингвистического сознания, в основе которого – овладение государственным, родным и иностранными языками. Полиязыковая личность – это активный носитель нескольких языков, представляющий собой личность речевую, коммуникативную, словарную. Основным характеризующим фактором полиязычного образования является целенаправленный процесс приобщения к мировой культуре средствами нескольких языков, когда изучаемые языки выступают в качестве способа постижения сферы специальных знаний, усвоения культурно-исторического и социального опыта различных стран и народов [3].

Исходя из вышеуказанного, следует отметить, что целью и ожидаемым результатом полиязычного образования выступает полиязыковая личность, способная наравне оперировать несколькими языками в различных коммуникативных ситуациях. Тем самым осуществляется становление компетентного специалиста, направленного на практическое владение иностранными языками, которое выступало бы как средство получения профессиональных знаний. В свою очередь, это позволит будущим специалистам эффективно осуществлять иноязычную профессиональную деятельность в различных направлениях. В рамках полиязычного образования необходимо учитывать специфику будущей профессиональной деятельности студентов. Для эффективной подготовки выпускников вуза к профессиональной деятельности в условиях межкультурного взаимодействия должна быть разработана комплексная программа обучения, учитывающая междисциплинарные связи и комплементарный характер современного научного знания. Процесс обучения в рамках полиязычного образования должен идти в соответствии с программами специальных дисциплин и включать в себя элементы профессиональной деятельности, профессионального просвещения и ситуаций профессионального общения [4].

В этом случае уровень мотивированности студентов к изучению иностранных языков возрастет и, как следствие, увеличится результативность обучения. Осознавая, что знания и квалификация становятся приоритетными ценностями в жизни человека в условиях информационного общества, современный специалист должен стремиться быть в курсе развития

своей профессиональной области в мировой практике, а для этого не всегда достаточно владеть информацией на родном языке. В связи с этим необходимо отметить, что объективная значимость владения иноязычной речью является важным качеством формирования личности специалиста и ведущим фактором становления профессиональной компетентности будущих специалистов [5].

Данные анкетирования свидетельствуют о том, что студенты не в полной мере осознают необходимость предмета «иностранный язык» для их профессиональной деятельности. Изучение иностранных языков не рассматривается как средство получения профессиональных знаний через язык, а как удовлетворение личных потребностей.

В связи с этим назрела необходимость актуализации потенциальных возможностей полиязычного образования для формирования профессиональной компетентности будущих специалистов, создания условий для внедрения его в учебный процесс.

Исследование показывает, на первоначальном этапе не более 50% от общего времени занятия отводится на общение со студентами на английском языке, чтобы суть занятия была понята слушателями. Используя на занятии только английский язык, которым они не владеют в совершенстве, можно нарушить весь смысл проведения занятия, и полезность такого занятия будет сведена к нулю. Опыт педагогической практики показывает, что ни сами студенты-химики, не являясь языковедами, ни школьники, в большинстве не имеющие химического мышления, не владеют профессионально ориентированным английским языком на высоком уровне. Большая роль в этом плане отводится включенной в учебный план университета дисциплине «Профессионально-ориентированный иностранный язык» для студентов педагогических специальностей, после изучения которого предполагается повышение уровня владения иностранным языком для преподавания профильных предметов.

В ГУ имени Шакарима города Семей выработаны принципы преподавательской деятельности: доступность излагаемой информации, наглядность, применение ИКТ-технологий для объяснения сложных тем, активное вовлечение студентов в учебный процесс, выявление межпредметных связей с другими отраслями науки. Примерно 10% от ППС кафедры ведут обучение на английском языке в полиязычных группах. Разработана и утверждена Программа полиязычного образования в университете.

Решение ряда проблем позволит поднять полиязычное обучение естественнонаучных дисциплин на более высокий уровень. Это издание учебно-методических пособий для студентов и преподавателей полиязычных групп, повышение мотивации обучающихся к изучению химии на английском языке, разработка четких предписаний от соответствующих отделов вуза, занимающихся проблемами внедрения полиязычия в учебный процесс.

Существует огромное количество научных статей о полиязычии, в котором лишь описывается его важность, побуждение к переходу на трехязычный процесс обучения. Не найдено статьи, в которой расписан алгоритм внедрения полиязычия в учебный процесс, что свидетельствует о необходимости разработки методики преподавания дисциплин естественнонаучного профиля на английском языке и распространения этого опыта.

В целом, следует отметить, что полиязычное образование в вузе пока не является системным, выявленный предварительный уровень знания первокурсников можно охарактеризовать как низкий.

Список литературы:

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016 – 2019 годы. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://edu.gov.kz/tu/gosudarstvennaya-programma-razvitiya-obrazovaniya-i-nauki-respubliki-kazahstan-na-2016-2019-gody> (дата обращения: 11.03.2016).
2. Проект «Дорожная карта развития трехязычного образования» от 13 ноября 2015 года. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://bilim-pavlodar.gov.kz/soch16/дорожная/карта/развития/трехязычного/> (дата обращения: 25.11.2015).
3. Секербаев, С.Б. Оценка степени удовлетворенности учащихся в процессе апробации уроков по химии с элементами английского языка./ С.Б. Секербаев// «Инновации в образовании: поиски решения»: мат. межд.научн.-практ.конф. (Астана, 5 декабря 2014г.) – Астана, 2014. – II том, С.314-317.
4. Алпатов, В.М. Глобализация и развитие языков. Языковой аспект глобализации. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://anti-glob.narod.ru/st/alpatov.htm> (дата обращения: 03.02.2014).
5. Борунова, Е.Б. Методика изучения химии в школе в условиях интеграции с английским языком: диссертация... кандидата педагогических наук: 13.00.02 / Борунова Елизавета Борисовна; [Место защиты: Моск. Пед. Гос. Ун-т] – URL:<https://dvs.rls.ru/semgu> (дата обращения: 04.02.2016).

С.Е. Ибраева

№4 аралас жалпы орта білім беретін мектеп КММ
Қазақстан, ШҚО, Аягөз ауданы

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Педагогика ғылымында педагогикалық үрдісті ұйымдастыру формалары өзекті мәселеге айналып, қазіргі кезде Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үрдісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Я.А. Коменский, И. Герbartтың дәстүрлі объект-субъектілі педагогикасының орнын басқасы басты. Ол балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін-өзі өзектілендіруге, өзін танытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық процестің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер - оқытушы мен оқушының тұлғалық-бағытталған өзара әрекеті болып табылады. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қояды.

Бүгінгі таңда В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, М. Чошановтың проблемалық модульді оқыту технологиясы, Қазақстанда Ж. Қараев, М. Жанпейісованың және т.б. ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалылық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда проблемалық әдістерді пайдалану жолдарына тоқталамыз.

Проблемалық оқыту - шығармашылық жұмыс көзі. Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғам шығармашылық әрекет пен шығармашыл тұлғаға мұқтаж екенін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеуде. Осыған орай бүгінгі күні орта білім беретін мектептерге үлкен талап қойылуда.

Баланы кез-келген пәннен жалықтырып алмау, оның қызығушылығын арттыру үшін қандай әрекеттер жасау керек? деген сұраққа жауап іздеу көптеген технологияны, әдіс-тәсілдерді дүниеге әкелді.

Проблема дегеніміз - субъектінің өзінде бар іздену құралдарымен (білім, икемділік, іздену тәжірибесі т.б.) шешуге болатын проблемалы жағдай. Сондықтан да кез-келген проблемада проблемалы жағдай болады да, кез-келген проблемалы жағдайда (субъект шешу құралын игермеген болса) проблема бола бермейді.

Проблемалық оқытуда көздейтін мақсат оқушыларға білімді даяр күйінде бәрін мұғалімнің өзі баяндай бермей, олардың алдына белгілі проблемалық міндет қойып, соны өздеріне шештіруге бағыттау. Проблемалы міндет дегеніміз – проблемалы жағдайдағы іздену, зерттеу барысында шешілетін проблема.

Проблемалық оқыту: проблема, проблемалық сұрақтар, проблемалы тапсырма, проблемалы жағдай деген ұғымды қамтиды. Бұл ұғымдардың мазмұнын дұрыс түсінудің маңызы зор.

Проблемалық оқыту шығармашылық жұмыстарды жүргізудің ең өнімді жолы болып табылады. Оның басты себебі, проблемалық оқыту технологиясының өзіндік ерекшелігінде жатыр. Проблемалық оқытуда оқушылар бейтаныс, белгілі емес мәселелерді өз бетінше шешуге жұмылады. Проблемалық ситуацияны шешу арқылы оқушылардың шығармашылық ойлауы дамиды, интеллектуалдық таным үрдісі жетіледі. Пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық тапсырмалардың тіл дамытудағы тиімділігі - оқушылардың бұл оқыту түрінде ғылыми ізденіспен, зерртеушілікпен айналысады. Ойлау үрдісі тоқтаусыз жұмыс істейді. Ойлауымен бірге тілдері де дамиды. Мысалы 5-сыныпта «Фонетика» бөлімін оқытқанда мынадай сұрақтар қоюға болады: Қолда буын көп пе аяқта буын көп пе? (а-як). Шалға қарағанда балада не көп? (ба-ла). Ант пен қант, оқ пен тоқ, ұрт пен мұрт деген жұп сөздерде екі ұқсастық айтылуы, буын саны және айырмашылық буындардың жасалу түрі, дыбыс саны бар екен. Соны тауып дәлелде. Бота мен қозы ұқсас. Олар қалай ұқсас? (Дыбыс және буын саны, буын түрі).

Проблемалық оқытуға негізделген жұмыстар, тапсырмалар оқушылардың ғана өзіндік ойлауына, өзіндік ізденісіне ғана бағытталады, білімді өз беттерімен алуға жол ашады, таным белсенділігін арттыруға түрткі жасайды. Проблемалық сұрақтарды, ситуацияны шешу -

шығармашылық үрдіс. Ал шығармашылық, өнерпаздық сөзінің мәні - жеке тұлғаның бір нәрсе жасап шығаруы немесе өзіне ғана тән бір нәтижеге қол жеткізуі. Шығармашылық - ешкімнің қол жеткен табысын өзіне пайдаланбайды, өзінің ғана жасап шығарған тың, жаңа өнімі.

Шығармашылық тапсырмалардың ең басты белгілері оқушылардың белсенді дербес ізденісі, өзіндік, шығармашылық ойлауы арқылы проблемалық ситуацияны шешулерінде.

Білім беруді проблемалықпен оқытудың үш түрлі әдісі, үш түрлі жолы бар: Білімді проблема негізінде баяндау - мұғалім сабақты жәй хабарлап не баяндап түсіндірмейді. Проблема қоя отырып түсіндіреді. Оқушылардың тану белсенділігін арттыру, бірге отырып оны шешу жолдары мақсат етіледі. Оқушыларды іздендіруге, табуға жұмылдырады;

Оқушыларды іздену, зерттеу іс әрекетіне кіргізу - мұғалім оқушылар алдына проблема қояды, ол проблемаға балалардың назарын аударады, сабақ түсіндіру барысында сұрақ-жауап, басқа да өнімді тәсілдер арқылы оны шешуге түрткі жасайды;

Оқытудың зерттеу әдісі - оқушылар проблеманы шешу үшін болжам жасайды, дәлелдеу, салыстыру, қорытынды шығару тәсілдерін, амалдарын іздейді. Өз беттерімен, өз ізденістерімен мақсатқа жету үшін еңбектенеді.

Бұл әдістің төтенше күші сөз бен көрнекілікті, сөз бен практикалық әрекеттерді ұштастыру жолымен жаңа ұғымның мәнін ашуында. Оқушылардың саналы меңгерудің негізі ретінде түсінік беретін ережелерді дұрыс қолданумен және еске түсірумен қуатталады.

Оқушыны ішінара қатыстыра отырып баяндау дегеніміз-танымдық процестің барлық немесе жекелеген кезеңдерін өз бетімен өтуді талап ететін жұмыстарды орындау жөніндегі оқушының жеке ізденіс қызметтерін, оның мұғалім түсіндіргендерді қабылдаумен ұштастыру болып табылады. Ішінара ізденіс әдісін кез-келген жас үшін және ақытудың кез-келген кезеңінде қолдануға болады. Бұл арада көбінесе тыңдау және ұғыну, фактілерді тыңдау, жүйеге түсіру, ізденіс пен проблемаларды шешу оқудың басым, басты әдістері ретінде көрінеді.

Зерттеу нәтижесінде оқушы ізденеді. Іздену дегеніміз - оқушының интеллектуалды қызметі. Оқыту процесінің басты мақсаты оқушыны ойлай білуге, шығармашылық ой танымын қалыптастыруға бағытталуы керек. Олай болса оқушыда шығармашылық іздену бастамасының болуын, әр шығарманы талдауға жаңа тұрғыдан келіп, өзіндік ой-пікір айта білуін машықтандыру қажет. Сонда ғана оқушының білімді өз бетінше игере білу дағдысы дамиды, өзіндік көзқарасы, жеке пікірі қалыптасады, тануға деген құштарлығы оянады. Осы тұрғыда дөңгелек үстел, пікір-сайыс, ізденіс сабақтары - қазақ тілі пәні үшін өте тиімді әдіс.

Қандай шығармашылық істер болмасын, тек оқушыны қатыстырған жағдайда ғана жүзеге асады. Ал, ол кездегі оқушының атқаратын міндеттері: проблемалық міндеттерді ажырату, берілген тапсырманы тұжырымды орындау, тапсырманы саналы ұғыну, шешімді іздеу, тапсырманы орындау барысында нәтиженің дұрыстығын тексеру.

Проблемалық талдау нақты бір сұрақ әзірлеуді қажет етеді. Бұл жағдайда тіпті күрделі де маңызды сұрақтардың өзі, әдетте, проблема қойғандық болып табылмайды: олар белгілі білімдерден тұратын жауаптар алу мақсатымен беріледі. Әрине, мұндай сұрақтар оқушылардың белсенді ойлау қызметіне түрткі болмайды; миында бар дайын ақпаратқа жүгінеді; ақпараттық сұрақтар дегеніміз - осы. Оқушыларға интеллектуалдық қиындық тудыратын сұрақтар проблемалық сұрақтар болып табылады, өйткені, оларға берілетін жауаптар оқушының бұрынғы білімдерінен де, мұғалім ұсынатын ақпаратта да жоқ.

Проблемалық сұрақта әлі ашылмаған (оқушылар тарапынан) проблема, белгісіз дүниелер, жаңа білімдер болады, оларға қол жеткізу үшін қандай да бір интеллектуалдық әрекет, белгілі нысанадағы ойлау процесі қажет. Ойлау адамның проблемаға тап болуынан басталатын болғандықтан, проблемалық оқытудың негізін мұғалім жүйелі түрде және діттеп жасайтын проблемалық ситуациялар болып табылады. Оқушылар пайда болып отырған ситуацияда белсенді ақыл-ой ізденісін талап ететін ойлау процесінің барлық немесе негізгі кезеңдерін өздігінен өткен жағдайда ғана танымдық қызметі дербес болып саналады.

Проблемалық оқытудағы оқушының шығармашылық іс-әрекеті: Оқу материалының мазмұнын талдау, саралау; Проблеманы ашу, өнім жасау, шығармашылық еңбекке қол жеткізу; Қорытынды жасау, өзіне-өзі баға беру, саралау.

Проблемалық оқытуға негізделген тапсырмалардың қай түрі болмасын, оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін талап етеді, ол тапсырмалардың барлығы олардың қабілетін, дарынын дамытуға бағытталады, ғылыми-зерттеу жұмысына баулуда өнімді, нәтижелі қорытынды береді.

Қазақ тілі пәнінде оқушыларды проблемалық сұрақтарға жауап іздетуді төменгі сыныптардан бастап қай тақырыптан білім берілмесін сабақтың бекіту, қорытындылау кезеңдерінде жүйелі түрде

ойландыратын, олардың дербес іс-әрекетін белсендіретін, жауабы дайын емес проблемалық бағыттағы сұрақ-тапсырмалық беру арқылы ғылыми ізденіске жетелеуге болады.

Бұл тапсырмаларды орындауда балалар өзінше бір «жаңалық» ашуға ұмтылады, ізденеді, ойланады, жауабын табу үшін еңбектенеді. Ең бастысы, оқушылардың білімге деген ынтасы артады, еңбек етуге деген ықыласы күшейеді. Олар өткізілгелі отырған сабаққа деген материалдарды іздеу үшін әр түрлі әдебиеттерді, басылымдарды қалай ақтарып кеткендерін өздері де байқамай қалады. Сабаққа күнделікті тыңғылықты даярланып, білімге деген ынта-ықыластары, белсенділіктері мен құлшыныстары арта бастайды. Яғни, оқушы тұлғасының танымдық қабілеттері дамиды, оқуға деген жағымды қызығушылығы қалыптасады, белсенді сөздік қоры, ауызша және жазбаша тілі дамиды. Тұлғаның қиындықтарды жеңе білу, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру, интеллектуалдық қуатын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Проблемалық оқытудың тиімділігі сол-оқушының өз дербес іс-әрекеті арқылы проблеманы шешуі, сол жолдағы ізденісі, шығармашылық өнімге қол жеткізуі.

Проблемалық оқыту арқылы өнімді, тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін мұғалім тарапынан проблеманы дәл, нақты қоя білудің де маңызы зор. Оқушылар проблема шешуде қиындыққа кезіксе, мұғалім оларды жетелеп, әдіс-тәсілдерін ұсынады. Технология оқушы-субъектінің дербес еңбегін талап еткенмен мұғалімнің басшылығын, ақыл-кеңесін, яғни «режиссердің таяғын» мүлде жоққа шығармайды. Проблемалық оқытудың тиімділігі де осында.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ксензова Г.Ю. Перспективные школьные технологии. - М.: «Наука», 2011.
2. Иманбекова Б. Оқытудың негізгі формасы - сабақ.- А., 2013.
3. Ақшолоқов Т. Көркем шығарманы талдау. - А.: «Мектеп», 2003.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетпен оқытудың тиімді жолдары. - А.: «Рауан», 2001.
5. Жеткізген Ж. Қазақ тілін оқытудың тиімді әдістері. - А.: «Алматыкітап», 2007.

ӘӨЖ: 159.922: 37.015.3 (043)

Н.З. Исмагилова

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
Қазақстан, Семей қаласы

ВЕРБАЛДЫ ЕМЕС ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі ХХІ ғасыр табалдырығында қоғамымыздың дамуы сан-саналы жақтардан хабары бар, өзгермелі жағдаяттарда бейімділігі жоғары тұрақталған тұлғаны қажетсінумен бірге, адам әрекетінің қозғаушы күші ретіндегі қарым-қатынасты қалайды.

Қарым-қатынаста берілген бірлескен іс-әрекеттің негізі тұлғаның мотивациялық қажеттілік аймағының құрылуымен байланысты. Мұнда тұлғалық ерекшелігін ашу үшін танымдық іс-әрекеттерін, эмоциялық күйлерін, психикалық қасиеттерін, өзіндік құндылықтарының маңыздылығын, жалпы дамуына бағытталған жолдарын, белсенділігін анықтау қажет. Өзінің көріністерінде қарым-қатынас айналадағылармен байланысқа түсудің рухани қажеттілігі ретінде болады.

Грек философы - Стоик Эпиктет еңбектерінің бірінде адам туралы былай тұжырымдаған: «Адамды оқиғалар емес, оларды қалай қабылдайтыны мазалайды». Осы тұжырымға сәйкес, қарым-қатынас көбінесе адамдардың дүниені қалай қабылдайтынына және дүние туралы не ойлайтындарына байланысты. Бұл ойды өз еңбектерінде Платон, философ-идеалистер М. Кант пен Г.В. Гегель және З. Фрейд, американ және ағылшын позитивистері мен прагматиктері В. Джемс, Б. Рассел және т.б. растаған.

Американ психологы Дж. Келли адамды әлеммен өз тұлғалық құрылымдық немесе ойлары негізінде қарым-қатынас жасайтын ғылым ретінде қарастырды. Шығармашылық мүмкіндіктерге ие бола отырып, адам өз айналасын түсіндіреді, ол үшін түрлі құрылымдар немесе тілдік байланыстар қолданады. Адам дүниедегі өз болмысын сөйлемдер жиынтығы түрінде сипаттайды.

Психологтар үшін адамның жоғарғы психологиялық функциясында сөздің рөлі – оның ойлаумен, санасымен, есте сақтауымен, эмоциясымен және т.б. қарым-қатынасы өте қызықты болып табылады, мұнда оның жеке тұлға мен шығармашылық құрылысының ерекшелігі өте маңызды. Соңғы жылдары адамның жан дүниесімен сырласып, оның психикасын зерттеуде психологтар мен социолог мамандар, ұстаздар мен басқару қызметіндегі жетекшілерге жете зер салып көңіл аударып

отырған маңызды мәселенің бірі – адамдар арасындағы қарым-қатынас жасап, олардың өзара тілдесе білулерінің құпия сыры және оның кілті неде? деген мәселенің шешімін табу қазіргі өмір талабы. Осындай мәселенің байыбын барлап оның себеп-салдарын анықтау, тиімді жолын табу әлеуметтік өмірде адамның мінез-құлқының қалыпты дамуын қамтамасыз ете алмай, оған зиянды әсер етері даусыз. Мұндай жәйт қоғам өмірінің шиеленіскен дағдарысты жағдайында қазіргі заман адамдарына ғана емес, болашақ ұрпақтың бойында да жағымыз мінез-қылықтардың туындауына теріс ықпал етуі мүмкін.

Адам өзінің шындыққа келетін сырт көрінісінен басқа өзінің мінез-бітістері жөнінде де азды-көпті мәліметке ие, бірақ бұл мәліметтер көбіне адамның өзі жөніндегі ұнамды пайымдауларды қамтиды. Сонымен берге, адам өзінің кейбір әлеуметтік талапқа сай қажетсінулері мен әрекет-қылығының түрткілерін тануға бейім. Ал өз санасының астарында жатқан немесе моральдық тыйымдарға байланысты санаға жат психологиялық бітістерін тіпті білмейді.

Адам өзі жөніндегі шындықты басқалардың оның іс-әрекетіне болған қатынасынан байқауға болады. Өз әрекеттері мен сол әрекеттерге берген басқалар бағасын салыстыра, адам жанама түрде өз қасиеті мен сапаларын болжастыруына болады [1].

Осы орайда, менеджмент ғылымы тікелей адамдармен қарым-қатынасқа негізделеді.

Басшы өзінің көпшілік уақытын мәліметтер алу және шешім қабылдау үшін, біреулермен байланысуға, қарым-қатынас орнатуға арнайды. Басқарудың жоспарлау, ұйымдастыру мотивациясы және бақылау қызметтерін орындау да қарым-қатынас орнатуға байланысты. Коммуникация – басшылық етудің байланыстырушы процесі болып саналады. Басшы өз уақытының көпшілік бөлігін әңгіме, кеңес өткізуге, тікелей байланыс орнатуға, мәлімет алмасуға жұмсайды. Осыған орай жеке адамдар арасындағы коммуникацияда қандай кедергілер болатындығын білудің айрықша маңызы бар.

Бірінші, қабылдауға – түсініп, ұғынуға қатысты кедергілер. Адамдардың қабылдап ұғынуына алуан түрлі факторлар ықпал етеді, сондықтан коммуникация тиімділігін кемітпес үшін бұларды ескеру қажет. Коммуникациялық ахуал басшылар мен бағыныштылар арасындағы өзара қарым-қатынасқа байланысты.

Семантика – сөзді және айтылған сөз мәнін пайдалану әдісін зерттейді. Екіншіден, байланысқа қатыса отырып және символдарды пайдаланып, мәліметтер алмасады, әрі оны түсінуге тырысады да, мұндайда сөз символын, дене қимылы мен мәліметтерді қолданады.

Үшіншіден, вербалсыз (латынша вербалис – ауызша, сөздей деген мағына білдіреді) кедергілер. Вербалсыз қатынаста сөзден басқа кез келген символдар қолданылады. Вербалсыз хабар (передача) көп жағдайда вербалдық хабармен қоса өтеді де, сөз мәнін күшейтуі де немесе өзгертуі де мүмкін. Вербалсыз қатынас мысалына пікір алмасуды, адамның бет әлпетіндегі өзгерісті, мәселен, күлкісін, қабылдамау белгісін, ойнақы немесе түнерген қалпын, қабылдаған немесе қабылдамаған көзқарасын анықтауға болады.

Төртіншіден, нашар кері байланыс. Кері байланыс өте маңызды, өйткені оның өзі сіздің алған хабарыңыздың нақтылығын анықтауыңызға мүмкіндік береді. Басшылар тарапынан жіберілген хабарға қатысты кері байланыстың болмауы жеке адамдар арасында мәлімет алу тиімділігін шектейді.

Бесіншіден, тыңдай білмеу. Қарым-қатынас тиімділігін арттырудың маңызды жағдайларының бірі – адам хабарды жібергенде де және қабылдағанда да бірдей дәл болуы тиіс.

Жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас тиімділігін арттыру үшін мынадай жайттар ұсынылады:

- Мұқият тыңдай білуге дағдылану;
- өз идеянды айтпас бұрын айқындап алу;
- потенциалдық семантикалық проблемаларды қабылдай білу;
- өзінің дене тұрысына, қимылына, дауыс ырғағына зер салу;
- эмпатияға және ашық-жарқын әңгімеге көңіл бөлу. Эмпатия – бұл басқа адамның сезіміне көңіл аудару, әрі өзара пікірлескенде, хабар алмасқанда қолдау, көңілді әңгімелесу;
- кері байланыс орнатуға тырысу.

Отандық зерттеушілердің арасында З.М. Нұржанованың зерттеу мәселесі «Вербалдық емес қарым-қатынастың гендерлік аспектілерін» зерттеген. Бұл кісінің еңбегінде қазақ халқының «оң-сол» позициясына көп көңіл бөлінеді. «Оң» - ол таза, рухани, пәк әрі жарқын, ал «сол» - таза емес, төмен әрі күнәлі түсініктермен қабылданады. Көптеген мәдениеттерде, сондай-ақ, қазақтарда «оң» - ер адам, ал «сол» - әйел адаммен теңестіріледі. Мәселен, киіз үйдегі кеңстікті пайдалану. Оң жағына ер

адамдар, ал сол жағына әйел адамдар жайғасқан. Бұл жерден, кеңістікті падалануға қатысты жыныстық дифференциацияны байқауға болады. Сондай-ақ, қарым-қатынас барысындағы дистанция туыстық деңгейге және әңгімелесушілердің жас ерекшеліктеріне тікелей байланысты екендігі айтылады. Ал қарым-қатынастың ольфакторлы құралының мысалы ретінде, қазақ халқының иіскеу мәдениетін алуға болады дейді. Көбіне жас сәбиді, әпкесін, інісін, қарындасын немесе ағасын, жақсы көретін әйелін иіскеу арқылы, адам өзінің эмоциясын көрсетеді. Бұл сүйіспеншіліктің белгісі. З.М. Нұржанованың түрлі позаларға қатысты жасаған гендерлік анализі бойынша, ер адамдарда көбіне ашық, жабық позаны, қауіп төндіруші, «шалқайып отыру» позалары жиі байқалса, әйел адамдарда өзіндік бақылау, ұяңдық танытатын позаларды байқауға болады. Қазақ халқында әйел адамның вербалдық емес мінез-құлқы тыйымға негізделсе, ер адамның вербалдық емес мінез-құлқы артықшылықты көрсетуге, лидерлікке бағытталған [2].

М.И. Читякова, мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалар психикасын жан-жақты дамытатын және түзететін біртума әдістерді ұсынады. Әдістердің ішінде вербалдық емес қарым-қатынасты қажет ететін этюдтар көптеп кездеседі, сондай-ақ бұл кісі балалар денесінің босаңсуына, эмоциялардың көрінуіне, қимыл-қозғалысқа негізделген ойындық әдістерге баса назар аударған. Ұсынылған әдістемелер топпен өткендіктен, әрбір оқушыны қарым-қатынасқа түсуге итермелейді [3].

Келесі зерттеуді Москва қалалық психология-педагогика университетінің клиникалық және элеуметтік психология кафедрасының аспиранты С.О. Петрова мақала етіп журналға жариялаған. Бұл мақала вербалдық және вербалдық емес қабілеті түрлі қатынаста дамығын дарынды балалардың тұлғалық және когнитивті қабілеттерін зерттеуге арналған. Жоғары интеллект деңгейіне қарамастан, вербалдық және вербалдық емес қабілеттердің нашар дамуына байланысты, оқушылардың оқу үлгерімі төмен болатындығы анықталған.

Оқудағы вербалдық емес қиындықтарға кеңістікте нашар бағдарлану (тақтаға шыққандағы қысылу), икемсіздік, нашар қол жазуы, т.б. жатқызуға болады. Зерттеуге 7 сынып оқитын 50 оқушы қатысты. Нәтижесінде, вербалдық және вербалдық емес жүйенің бір қалыпты дамымауы когнитивті және тұлғалық дамуға кері әсер етіп, мектептегі, тек қалыпты және ақыл-ой дамуында тежелуі бар балалардың ғана емес, дарынды балалардың да оқу процесіндегі үлгеріміне кері әсер ететіндігі анықталған [4].

Гарвард университетінің психологтарының жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде, әйел адамдар ер адамға қарағанда дене тілін зерделеуге бейім келетіні анықталды. Психологтар сыналушыларға даусы өшірілген роликті көрсетті, соңынан оларға экранда не болғанын түсіндіру ұсынылды. Мұндай роликтерде ер адамдар мен әйел адамдардың қарым-қатынасы бейнеленген. Зерттеу нәтижесінде, әйел адамдар роликтің мәнін бағалауда 87 %-дық дәлдікті көрсетсе, ер адамдардың 42% ғана дұрыс болды.

Сондай-ақ, вербалдық емес сигналдар туа беріледі деген теорияны зерттеушілер қатарынан неміс ғалымы Айбль-Айбесвильдт ерекшеленеді. Ол көру және есту қабілетінен туа арылған балалардың, қалыпты даму жағдайындағы балалар сияқты жиі күлетінін, жымыятынын атап айтты. Туылғанынан осындай дефектісі бар балаларға күлуді ешкім естірте немесе визуалды түрде көрсете алған жоқ. Демек, күлу - туа пайда болатын сигнал. Сондай-ақ, Пол Экман (Американ психологы, профессор), Уоллес Фризен және Соренсон түрлі мемлекет және мәдениет өкілдерінің бет көріністерін зерттей отырып, Чарльз Дарвиннің туа берілетін сигналдар жөніндегі теориясын дәлелдей түсті.

Сонымен, қарым-қатынас - қажеттіліктері әр түрлі адамдардың пікір алмасуы, бірлесіп шешім қабылдауы, басқаны түсіну және қабылдау және де басқа әрекеттестіктерді жасауға көмектесетін күрделі элеуметтік үрдіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Немов. Основы психологического консультирования: Учеб. для студ. педвузов. –Москва: Гуманист изд. центр ВЛАДОС, 2000. -528 с.
2. Нуржанова З.М. Невербальные средства общения: гендерный аспект. Автореферат канд. дисс. - А., 2005.
3. Аллан Пиз, Барбара Пиз. Язык телодвижений. Расширенная версия ; [пер. с англ. Т. Новиковой]. – Москва: Эксмо, 2009. – 464 с.: ил.
4. Кузин Ф.А. Культура делового общения: Практическое пособие. – 5 изд., перераб. и доп. – Москва.: Ось-89, 2000. -320 с.

Г.К. Исмаилова, К.Е. Хасенова
Государственный университет имени Шакарима города Семей
Казахстан, г. Семей

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Одним из основных законодательных документов, согласно которому осуществляется процесс совершенствования образования является Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы от 1 марта 2016 года № 205 [1].

Цели программы:

- повышение конкурентоспособности образования и науки, развитие человеческого капитала для устойчивого роста экономики;
- обеспечение равного доступа к качественному дошкольному воспитанию и обучению;
- обеспечение равного доступа к качественному среднему образованию, формирование интеллектуально, физически, духовно развитого и успешного гражданина;
- социально-экономическая интеграция молодежи через создание условий для получения технического и профессионального образования;
- обеспечение отраслей экономики конкурентоспособными кадрами с высшим и послевузовским образованием, интеграция образования, науки и инноваций;
- обеспечение реального вклада науки для ускоренной диверсификации и устойчивого развития экономики страны.

Задачи Программы:

- улучшение качественного состава педагогических кадров дошкольных организаций и повышение престижа профессии;
- увеличение сети дошкольных организаций с учетом демографической ситуации;
- обновление содержания дошкольного воспитания и обучения, ориентированного на качественную подготовку детей к школе;
- усовершенствование менеджмента и мониторинга развития дошкольного воспитания и обучения;
- повышение престижа профессии педагогов и повышение их качественного состава;
- обеспечение инфраструктурного развития среднего образования;
- обновление содержания среднего образования;
- формирование у школьников духовно-нравственных ценностей Общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік Ел» и культуры здорового образа жизни;
- усовершенствование менеджмента и мониторинга развития среднего образования;
- повышение престижа системы технического и профессионального образования;
- обеспечение качественной подготовки конкурентоспособных кадров;
- модернизация содержания высшего и послевузовского образования в контексте мировых тенденций;
- создание условий для коммерциализации результатов научных исследований и технологий;
- вовлечение молодежи, высших учебных заведений в укрепление духовно-нравственных ценностей Общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік Ел» и культуры здорового образа жизни;
- усовершенствование менеджмента и мониторинга развития высшего и послевузовского образования;
- увеличение вклада науки в развитие экономики страны;
- укрепление научного потенциала и статуса ученого;
- модернизация инфраструктуры науки;
- усовершенствование менеджмента и мониторинга развития науки.

Целевые индикаторы Программы:

- доля детей 3-6 лет, охваченных дошкольным воспитанием и обучением по обновленному содержанию, в 2017 году – 87,5 %, в 2019 году – 100 %;
- доля школ, перешедших на обновленное содержание образования по опыту автономной организации образования "Назарбаев Интеллектуальные школы", в 2016 году – 100 %, в 2019 году – 100 %;

- доля учащихся с успеваемостью на "хорошо" и "отлично" (качество обучения) в 2017 году – 62 %, в 2019 году – 70 %;

- доля выпускников учебных заведений технического и профессионального образования, обучившихся по государственному образовательному заказу, трудоустроенных и занятых в первый год после окончания обучения, в 2017 году – 92 %, в 2019 году – 95 %; доля выпускников вузов, обучившихся по государственному образовательному заказу, трудоустроенных в первый год после окончания вуза по специальности, к 2017 году – 85 %, в 2019 году – 90 %; количество вузов Казахстана, отмеченных в рейтинге QS-WUR:

	2017	2019
топ-200	0	2
топ-300	2	2
топ-500	2	3
топ-701+	7	9

- доля затрат на опытно-конструкторские разработки в общем объеме финансирования научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ в 2017 году – 21,2 %, в 2019 году – 22,3 %;

- доля коммерциализированных проектов в общем количестве прикладных научно-исследовательских работ в 2017 году – 17,5 %, в 2019 году – 20 %.

На реализацию Программы в 2016 - 2019 годах будут направлены средства бюджета, а также другие средства, не запрещенные законодательством Республики Казахстан. Общие затраты из бюджета на реализацию Программы составят 1 423,4 млрд. тенге (РБ – 1 153,0 млрд. тенге, МБ – 252,4 млрд. тенге)

С целью обеспечения качественной подготовки конкурентоспособных кадров с 2016 года в вузах будут:

1) разрабатываться образовательные программы совместно с ведущими зарубежными вузами-партнерами;

2) проводиться на конкурсной основе научные исследования в приоритетных отраслях экономики для создания высокотехнологичных и наукоемких производств;

3) осуществляться кооперация с университетами-партнерами и зарубежными научными центрами.

Рассмотрим самые основные направления государственной программы в рамках развития высшего педагогического образования.

В целях обеспечения обновляющихся образовательных программ среднего образования будет увеличен государственный образовательный заказ на педагогические специальности на подготовку учителей в магистратуре.

В рамках модернизации педагогического образования будет разработан механизм внедрения новых критериев поступления на педагогические специальности, в частности, при поступлении в вузы на педагогические специальности будет введен специальный экзамен на определение склонностей абитуриентов к педагогической деятельности. В целях развития профессиональных навыков будущих учителей в 2019 году будет проработан вопрос введения педагогической интернатуры.

Важными элементами данной задачи станут разработка модели конкурентоспособности национальных вузов (с 2016 года), усовершенствование правил приема в вузы для иностранных граждан на платной основе (с 2017 года), дальнейшее развитие академической мобильности, в том числе за счет прибытия иностранных студентов, а также разработка и внедрение образовательных программ на английском языке (2016-2019 годах), проведение постоянных форумов высшего образования совместно с зарубежными странами и вузами-партнерами.

Уполномоченные государственные органы и объединения работодателей соответствующих сфер деятельности продолжат работу по разработке и пересмотру отраслевых рамок квалификаций. На их основе объединениями работодателей будут разрабатываться профессиональные стандарты и утверждаться НПП. В соответствии с этим вузы будут разрабатывать образовательные программы на основе профессиональных стандартов. К 2019 году 45 % образовательных программ высшего и послевузовского образования будут основаны на квалификационных компетенциях профессиональных стандартов.

Необходимым условием востребованности выпускников вузов являются их компетенции, удовлетворяющие ожидания работодателей. Поэтому в образовательные программы бакалавриата

будут включены новые дисциплины, отражающие инновационные технологии производства и дающие квалификации, пользующиеся спросом на рынке труда. Образовательные программы будут иметь практикоориентированный характер с привитием управленческих навыков.

В соответствии с проектом модернизации педагогического образования будет разработан профессиональный стандарт педагога, согласно которому будет обновлено содержание педагогического образования и укреплена материально-техническая база вузов, осуществляющих подготовку педагогических кадров при прохождении международной аккредитации. Это подразумевает разработку 47 новых образовательных программ бакалавриата и магистратуры по педагогическим специальностям, в том числе на английском языке.

Начиная с 2017 года будет разрабатываться совместно с работодателями механизм независимой сертификации специалистов с высшим образованием. До 2019 года также будут проработаны вопросы независимой сертификации педагогических кадров и по ведению требований сдачи студентами педагогических специальностей TOEFL, IELTS, DELF, DALF, TestDaF, DSD II.

Будет продолжена подготовка специалистов в Назарбаев Университете в соответствии с международными стандартами.

Будет выстроена качественная система подготовки и повышения квалификации преподавателей. Для достижения мирового уровня обучение на педагогических специальностях будет вестись отечественными и иностранными специалистами на основе лучших международных стандартов в области менеджмента и в сфере подготовки педагогов.

Будет продолжена деятельность вузов по международной аккредитации образовательных программ в национальных или в зарубежных агентствах, являющихся полноправными членами международных европейских сетей по обеспечению качества образования и внесенных в реестр уполномоченного органа в области образования.

Будут обеспечены реализация казахстанской высшей школой, как полноправного участника европейского пространства высшего образования, обязательных, рекомендательных и факультативных параметров Болонского процесса, приоритетных направлений развития высшего образования, в том числе дальнейшая имплементация кредитной системы обучения по типу ECTS, академической и кредитной мобильности, а также вовлеченность студентов в формирование образовательных программ.

Продолжит развитие академическая мобильность, в том числе за счет прибытия иностранных студентов на обучение в казахстанских вузах. К 2020 году доля иностранных студентов в системе высшего образования, в том числе обучающихся на коммерческой основе, достигнет 5 %.

Повышение качества и конкурентоспособности отечественных программ будет обеспечиваться за счет расширения двудипломного образования казахстанских вузов совместно с ведущими зарубежными вузами-партнерами.

В рамках расширения академической самостоятельности будет увеличен компонент по выбору в бакалавриате до 75 %, в магистратуре – до 85 %, в докторантуре – до 95 %. Это предусматривает самостоятельность вузов в формировании образовательных программ, в том числе по циклу общеобразовательных дисциплин, разработке интегрированных модулей или программ дисциплин.

В рамках подготовки кадров для предприятий ГПИИР образовательные программы, в том числе на английском языке, будут разрабатываться базовыми вузами в соответствии с отраслевыми рамками квалификации и профессиональными стандартами совместно с зарубежными вузами-партнерами и работодателями.

Начиная с 2017 года, ежегодно будут выделяться гранты на подготовительное отделение в вузах для повышения уровня языковой подготовки. С 2017 по 2020 годы будет осуществляться прием по государственному образовательному заказу в профильную магистратуру (500 мест) и бакалавриат (900 грантов) для обучения на английском языке. Также 500 учителей и ППС будут обучены по программе "Болашак". Будут приняты дополнительные меры по повышению квалификации ППС на языковых курсах, дистанционному обучению английскому языку, адаптации зарубежных учебников и УМК на английском языке для вузов и др.

С 2017-2018 года в базовых вузах, осуществляющих подготовку кадров для предприятий ГПИИР, по 6 специальностям будет осуществлен переход на англоязычное обучение с разработкой образовательных программ, учебников и УМК на английском языке для вузов. К 2021 году будет достигнуто знание бакалаврами английского языка на уровне C2. В последующем изучение профильных дисциплин в магистратуре будет преимущественно на английском языке.

Список литературы:

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы от 1 марта 2016 года № 205.

ӘӨЖ: 13.44

К.К. Ишмакина
«Семеновка орта мектебі» КММ
Қазақстан, ШҚО, Бесқарағай ауданы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІНДЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Білім беруді дамыту негізінде жалпы оқыту үрдісінде жүктеліп отырған жаңа талап, міндеттер мұғалімдерге қойылып отыр. Сондықтан мұғалімнің іс әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Бастауыш сыныпта пәндерді оқыту барысында теориялық білім негіздерін меңгерумен ғана шектелмей, оқу үрдісінде оқушылардың шығармашыл әлеуетін дамыту, бәсекеге қабілетін арттыру, ақпаратты өзі тауып, өзі іздеп тәжірибесіне қолдана білуге үйрету өмір талабы болып отыр. Аталған қажеттіліктердің оқыту үрдісіне кей жағдайда іске асырылмауын қалыптасқан дәстүрлі оқыту жүйесі мүмкіндігінің шектеулі екендігімен түсіндіруге болады. Бұл мәселе тек оқыту үрдісінде оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру арқалы шешімін таппақ. Осындай тиімді оқыту тәсілдерінің бірі- ойын элементтерін оқу үрдісінде пайдалана отырып оқыту. Ойын- оқытуда жаңа технологияның маңызды бөлігі болып табылады.

Заман талабына сай сабақты жаңаша ұйымдастырып, шығармашылық ізденіспен өткізе отырып, білім беру субъектісі ретінде оқушыны қалай дамытуға болады? Не арқылы дамытуға болады? деген сұрақтар туындайды. Қазіргі уақытта білім беру құрлымында жаңа технологиялардың түрлері жетерлік. Сондықтан бастауыш мектеп балаларының жас және психологиялық ерекшеліктерін, қабілет- қарымын есепке ала отырып, солардың ішінен ойын технологияларын сабақтарда тиімді пайдалана білу керек.

Оқу үрдістерінде ойын элементтерін түрлендіре отырып, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез-келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайланыға болады. Бала тек ойын ойнап қана қоймай, осы ойын арқылы білім алып, тұлға ретінде жан-жақты дамиды.

Ойын- оқушы білімін берік меңгерту құралы. Әр сабақта ойын түрлері орнымен қолданылып, оны қызықты ету арқылы жас жеткіншектердің білімге ынта-ықыласы, пәнге деген сүйіспеншілігі артады. Ойын оқушылар сабақта шаршаған кездерде сергіту мақсатында емес, оларға берілген ұғым, түсініктерді берік меңгерту мақсатында да жүргізіледі.

«Ойын» ұғымына түсініктеме берсек - бұл адамның мінез-құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізінде іс-әрекеттің бір түрі. Ойын әрекеті мынадай қызметтерді атқарады:

- Ойын-сауық
- Қарым-қатынастық
- Диагностикалық /ойын барысында өзін-өзі тану/
- Коррекциялық / өзін-өзі түзету/
- Әлеуметтендіру.

Ойын-адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді.

Ойынның ережелері ойнаушылардың қисынды ой қабілетінің дамуы, бір-біріне деген сыйластық қажеттіліктерімен санасуы әр ойыншының жеке әрекеттерінен туындайды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өзінің қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімді арттырады.

Ойынның өзіне тән себептері болады. Мысалы: мазмұндық, рөлдік ойындар баланың зейінін, есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Ал, ақыл-ой ойындарында

белгілі бір ережелерді сақтап ойнайды. Ол ойындар баланың тапқырлығы, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар ерік сезім түрлерін де дамытады. Оқытудың ойын формасын пайдалануда екі жақты байланыс байқалады, біріншіден ойнау үшін білу, үйрену қажет, екіншіден ойнай отырып өзіндік білім алуы, шығармашылық қабілетін арттыруы болып шығады.

Сабақ барысында ойын түрлерін қолданудың тиімділігі:

- Жаңа тақырыпты ойын арқылы меңгертуде не бір жақсы нәтижеге жетуге болады;
- Сабақты жандандырып, оқушыларды ынталандырады;
- Шығармашылық ізденушілік қабілеттерін арттырады;
- Өзіне деген сенімділік пайда болады;
- Логикалық ойлау қабілеті дамиды.

Міндеттері:

- Оқушылардың ойынға деген қызығушылығын оята білу;
- Ойынды қажетті бағытта дұрыс қолдана білу;
- Оқушылардың өздеріне деген сенімділігін сезіндіру.

Мектеп қабырғасында оқушы білім бағдарламасына сәйкес білім алу мен қатар ғылым көкжиегіне көз жіберіп, зерттеу мен зерделеуді саралап сараптауды үйрене бастау тиіс. Бүгінгі күні өте қабілетті, дарынды балаларды іріктеп, олардың дамуына жағдай жасау- кезек күттірмейтін іс.

Бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп, қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Сондықтан оқушыларды шығармашылық өнерге баулуды жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану мұғалімнен үлкен шеберлікті талап етеді.

Психологтардың зерттеу бойынша, әрбір жаста шығармашылыққа баулуға өзек болардай өзіндік ерекше қабілет, бейімділік бар екен. Бастауыш оқушының шығармашылық дамуын бағыттап, бағдарламаса, онда жоғарғы сыныпқа келгенде, көбінің шығармашылық мүмкіндігі шектеліп, тоқырап қалады. Шығармашылықты тежейтін үш нәрсе бар:

- біреуі – «сәтсіздікке ұшыраймын, қолымнан ешнәрсе келмейді» деген тыс қорқыныш сезімі;
- екіншісі, өзіне өзі тым риза болмаушылық сезімі (не жазса да өзі ұнатпайды, кейде өзін-өзі жек көріп кетеді);
- үшіншісі-жалқаулық

Ондай жағдайда баланы құтқарудың жолдарын табу қажет.

Бастауыш буынында шығармашылықтың алғашқы сатысын іс-әрекет және ойын түрінде бастаған дұрыс. Себебі: ойын баланың дамуындағы ең күшті әсер ететін фактор. Бала ойын ойнауға қызығу арқылы оның ойлау өрісі және еркін қиялдаумен шығармашылық ойлауы тәрбиеленіп, қалыптасып дамиды.

Мысалы; бастауыш сыныпта шығармашылықты тәрбиелеудің бір түрі оқушыны суырыпсалмалыққа үйретуде, «Жаңбыр» ойыны, «Музыкалық әңгіме», т.б. іс-әрекет жасатудың маңызы ерекше. 4-сыныпта дүниетану пәні бойынша «Ауа райы» тақырыбын бекіту барысында «Жаңбыр» ойыны қолданылады. Мұғалімнің «найзағай ойнады», « жаңбыр тамшылады», «жел күшейді» «нөсерлеп құйып жауды», «жел бәсеңдеді» т.б. айтқан құбылыстарын оқушылар сол сәтте әрқайсысы өз беттерінше дыбыстап немесе қимылмен көрсетеді. Осылайша оқушыларды сергіте отырып, қызығушылығын туғызып алған соң, « Жаңбыр» өлеңіне сай суырыпсалмақтылық ең алғашқы сатысын орындатуға болады. Ол үшін тірек сөздерді қолданылады: жаңбыр, дала, қала, тау, бау т.б

І нұсқа

Мұғалім

Жаңбыр жауды

Жаңбыр жауды

Жаңбыр жауды

Жаңбыр жауды

Оқушылар

далаға

қалаға

ауылға

бауға да

II нұсқа

Мұғалім

жаңбыр жауды

жаңбыр жауды

Жаңбыр жауды

Жаңбыр жауды

Оқушылар

қалаға

ауылға

бауға да

далаға

Қандай мезгіл тамаша?- сұрақ –жауап арқылы оқушы өзіне ұнайтын жыл мезгілін таңдайды. Сыныпта осылайша өзінен-өзі төрт топ іріктеледі. Тірек сөздерін пайдалана отырып, әр мезгілді бейнелейтін өлең тармақтары шығады. Тірек сөздер: әдемі, керемет, көрікті, сұлу, жаңаша, тамаша т.б. Бұл жерде «Қазақ тілі-дүниетану» сабақтарының пәнаралық байланысын көруге болады.

Оқушының шығармашылық қабілеттеріне сай талғамына және ойынның ұшқырлығына байланысты өлең қатары әр түрлі болып шығады.

«Қандай мезгіл тамаша?» деген сұрақты әр өлең шумағының алдында пайдалануға болады.

I нұсқа		II нұсқа	
Мұғалім	Оқушылар	Мұғалім	Оқушылар
Көктемгі кез	көрікті,	Көктемгі кез	жаңаша
Жазғы мезгіл	жаңаша.	Жазғы мезгіл	әдемі
Күзде бәрі	әдемі,	Күзде бәрі	көрікті,
Қыста бәрі	тамаша.	Қыста бәрі	тамаша

Оқушылардың шығармашылығынан туындаған өлең шумағын сыныпта оқып беру арқылы оның осындай істерге деген ынтасын арттыруға болады. Бұл ойын түрінің қызметі- ойын-сауық - баланың өзін-өзі көрсете алуына, яғни жасырын мүмкіндіктері мен қабілеттерін көрсете білуіне жағдай туғызады.

Мұғалім оқушы шығармашылығын дамыту, бағыт-бағдар беру ісінде мыналарды ескеру керек:

- шығармашылық тапсырманың мазмұнын - түрін ойлап табу;
- шығармашылық міндеттерді оқушыға ұсынудың әдіс-тәсілін меңгеру;
- көркемдік шешімді табу, оқиға құру, образ жасау үшін кілт боларлық жағдайларды тудыра білу;

- шығармашылық, педагогикалық әдістемелік тұрғыдан бағалап, қортынды бере білу, теориялық, практикалық тұжырымдар жасау.

4-сыныпта ана тілі сабағында «Туған жерім-тұғырым, өскен елім - өзегім» бөлімін қайталауда «Жалғасын тап» ойны орынды. Мақсаты - мақал-мәтелдері, еске сақтау қабілеттерін арттыру, балалардың бір-біріне деген сенімін күшейту, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Ойын шарты: мақал екі қатарға жазылады. Бірінші қатарға басы, екінші қатарда соңы жазылады. Мақал басы мен соңының орындары ауыстырылап жазылады. « Орамал тастау» ұлттық ойынына сәйкес оқушының міндеті мақалдың басын айтып, қолындағы орамалды келесі баланың алдына тастайды. Ал бұл оқушы өз кезегінде мақалды жалғастырады. Содан соң келесі мақалды бастайды, үшінші аяқтайды. Сөйтіп ойын жалғаса береді.

А) Ердің сыншысы,	бітеді
Ә) Жақсы болсаң,	жүректе
Б) Ерлік білекте емес,	ашу – дұшпан
В) Жері байдың,	ел
Г) Ақыл дос,	ардақты ат
Ғ) Кім еңбек етсе,	жақын көп
Д) мал баққанға,	сол тоқ
Е) Адам деген-	елі бай

Ойынның коммуникативтік қызмет атқарып тұрғанын байқаймыз.

2-сыныпта қазақ тілі сабағында «Сөз және сөз мағынасы» тақырыбын өткенде «Кім көп біледі?» ойынымен бекітуге болады. Мақсаты: сөздердің мағынасын ажырату, сауатты жазуға және алғырлыққа дағдыландыру, сөйлеу мәдениетін дамыту.

1-сыныпта «Он көлемді сандар» тақырыбын бекіту барысында «Сандар әлемі» ойынын ойнату орынды. Ойын шарты бойынша тақтаға бір қатар сөздер жазылады. Оқушылар осы сөздердің ішінен жасырын сандарды тауып, оларды тақтаға жазып көрсетулері керек. Сонымен қатар аталған сөздердің мағынасын түсіндіреді. Мысалы: **алтын, күшік, бесік, Екібастұз, жетістік, бірлік** т.б. Бұл ойынды ойнату барысында оқушылардың көру, есту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып. Сөздік қорында молайту мақсатқа алынады. «Математика-қазақ тілі – ана тілі» пәнаралық байланысы жүзеге асырылады.

Оқу үрдісінде – кеңінен қолданылатын ойынның тағы бір түрі ол - дамытушы ойындар. Дамытушы ойындардың маңыздылығы оқушылардың ынта-ықыласын есепке ала отырып, оқуды қызықты етіп, білім, білік дағдыны қалыптастыру. Дамытушы ойындарға қойылатын талап-оқушының танымдық әрекетін, қызығушылығын дамыту.

Ойын барысында балалар тез серігіп, тапсырманы жылдам дәл орындауға тырысады. Төменгі сынып оқушыларына ойын түрлерін қолдану, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сабаққа белсенді түрде қатысып, түсінбегенін түсінуге мүмкіндік туғызады.

В свою очередь в каждом из этих классов выделить занятия по конкретному роду войск и в системе общевойсковой подготовки. Для игровых форм обучения более характерны такие виды занятий, как тренировки, тактические летучки, групповые упражнения, командно-штабные учения, военные игры, а для неигровых форм более применимы лекции, семинары и практические занятия. Важное значение при этом имеет распределение учебного времени. Так, на игровые формы обучения выделяется, как показывает исследование, около трех четвертей общего учебного времени.

Отличительной особенностью игровых форм обучения является тот факт, что с их помощью можно организовать целенаправленный педагогический процесс активизации познавательной деятельности обучаемых на основе создания на занятиях ситуаций, разрешение которых предоставляется самому обучаемому.

При этом игровые формы закрепляют умения и превращают их в навыки, а неигровые формы служат для формирования базы знаний. В общем процессе обе эти формы обучения позволяют последовательно осуществить подготовку военного специалиста.

Особенность неигровых форм обучения состоит в абстрактном изучении на основе анализа и выделения элементов из структуры предмета.

Игровые же формы обучения, такие как групповые упражнения, тактические летучки, тренировки по управлению боем, командно-штабные учения преследуют цель воспроизвести конкретные условия, близкие к реальным, и основная их часть требует от обучаемого конкретных действий, от результата которых зависит и результат действий определенного коллектива. Такая форма занятий позволяет обучаемому интегрировано использовать все знания, усвоенные ранее, независимо от того, когда, где, и в какой системе они получены. Кроме того, они требуют от обучаемого действий подобных тем, которые ему придется выполнять реально по профилю подготавливаемого специалиста [1].

Наиболее характерным видом занятий в ВУЗах, на которых используются игровые модели, являются групповые упражнения. Поэтому, для понимания механизма взаимодействия обучаемого и преподавателя, целесообразно рассмотреть на их примере. На групповом упражнении, где отрабатываются вопросы управления войсками в динамике боевых действий, преподаватель обычно дает обучаемому очередную вводную. Обучаемый осмысливает ее и, приняв по ней решение, производит соответствующее управляющее действие, которое является одним из составных частей общей функции управления.

В настоящее время учебно-материальная база ВУЗов такова, что возможности вести обучение с физическим моделированием действий войск, на которых можно было бы практически реализовать управляющее действие обучаемого, в некоторых случаях ограничены. По этой причине главная роль в обучении отводится преподавателю, который выполняет, так или иначе, моделирование действий сторон на основе своих знаний и практического опыта.

Как показывает практика, существует по крайней мере два варианта эффективного решения этого вопроса при проведении подобных занятий.

Первый – работать на занятии по заранее намеченному варианту (кафедральному), что дает преподавателю возможность при условии всесторонней подготовки, включающей анализ возможных вариантов развития событий и проведение предварительных расчетов по планируемым вводным, успешно провести занятие. Такой путь в определенной мере ограничивает инициативу обучаемых и самого преподавателя для импровизации, заставляя в некоторых случаях избегать рассмотрения решений порой интересных, но не запланированных в основном из-за нехватки учебного времени.

Другой вариант требует более гибкой реализации плана проведения занятия, который позволяет предоставить обучаемым широкую инициативу, а преподавателю вести занятие по решениям обучаемых. Но на этом пути возникает дефицит времени для рассмотрения всех инициативных вариантов в рамках отводимого на занятие времени. Это ставит преподавателя в очень трудные условия и в итоге складываются предпосылки к переходу проведения занятий по первому варианту.

В настоящее время программа обучения имеет широкий и насыщенный спектр, предполагающий глубокое рассмотрение учебных вопросов по тактическим и специальным дисциплинам. В концентрированном виде все эти вопросы требуют своего разрешения при проведении оперативно-тактических задач. Применение игровой модели, охватывающей все занятия по той или иной тематике оперативно-тактической задачи, открывает широкие возможности. В первую очередь относительно легко решаются многие, вызывающие в настоящее время определенные трудности, проблемы [2].

К их числу можно отнести и такую, как сглаживание существующего противоречия между необходимостью широкого охвата оперативно-тактических, специальных вопросов и достаточностью времени для их полной отработки.

Другой не менее важной, но все-таки решаемой проблемой является вопрос обеспечения занятий по оперативно-тактическим дисциплинам программной поддержкой, позволяющей в ходе учебного боя автоматически осуществлять моделирование не только боевых действий общевойсковых частей и подразделений, но и действий подразделений других родов войск. Этим самым могут быть учтены интересы всех кафедр, принимающих участие в проведении занятий по тематике тактической задачи.

Можно предположить, что все возрастающее в ВУЗах количество персональных ЭВМ, позволит уже в ближайшее время создавать не только отдельные компьютерные классы, но и установить их в учебных классах обучаемых, где проводится основная часть групповых упражнений и самоподготовка. Это позволит практически без каких-либо ограничений внедрить в учебный процесс командно-штабные игровые модели (далее – КШИМ) и даст возможность эффективно формировать у обучаемых практические навыки в управлении войсками, действия которых будут моделироваться с помощью ПЭВМ и в графическом виде отображаться в динамике общевойскового боя на экране дисплея.

С целью усиления обратной связи, кроме выдачи на экран обстановки в графическом виде в модели может быть предусмотрено формирование и доведение до обучаемого боевых донесений «командиров подразделений» в виде текстового сообщения с выдачей его на печатающее устройство или речевой выход. При этом исключительно важное значение отводится роли зрительного восприятия визуальной и, в частности, графической информации.

Таким образом, есть основание полагать, что командно-штабные игровые модели позволят решить следующие проблемы учебного процесса ВУЗов: повысить эффективность проведения занятий по управлению войсками за счет увеличения интенсивности и активности работы обучаемых; предоставить возможность каждому обучаемому применить свои знания в практической работе по управлению войсками в условиях, близких к боевым.

Список литературы:

- 1 Латышев В.Л. Введение в терминологическую базу компьютерной технологии обучения. - М.: МАИ, 2009. - С. 19.
- 2 Магулин В.В. Теоретические основы автоматизированных систем обучения. - М.: ВАД, 2011. - С. 231.

С.Б. Молдагалиева, О.Г. Беленко
Государственный университет имени Шакарима города Семей
Казахстан, г.Семей

ФОРМИРОВАНИЕ МОТИВАЦИОННО-ЦЕННОСТНОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ СТУДЕНТОВ НА ПРОФЕССИОНАЛЬНУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Стратегия современной системы высшего образования состоит в том, чтобы обеспечить усиление профессиональной мотивации будущих специалистов. В процессе обучения студентов в высшем учебном заведении происходит становление личности, формируется профессиональная направленность личности, осуществляется поиск эффективных путей активизации учебно-познавательной деятельности. Для достижения указанных результатов большую роль играет формирование ценностно-мотивационной сферы будущего специалиста. Нестабильность современных социально-экономических условий развития общества, снижение престижности ряда профессий, востребованных в социально значимых отраслях промышленности, сложность трудоустройства способствуют негативным изменениям мотивационно-ценностной направленности студентов на избранную профессию. В молодежной среде снижается значимость ценностей, связанных с духовными интересами, приоритетными становятся ценности социального удовлетворения, материального благополучия. Данные изменения оказывают влияние на самоопределение современной молодежи в избранной профессии, выпускники вузов отказываются от работы по полученной специальности. Это значительно влияет на эффективность использования подготовленного к профессиональной деятельности кадрового потенциала и интеллектуальных возможностей личности. В этих условиях проблема мотивационно-ценностной направленности студентов на профессиональную деятельность приобретает особое значение.

Наиболее изучена проблема мотивации профессиональной деятельности такими учеными как В. Врум, Э. Лоулер, Л. Портер, В.Я. Ядов, выделены виды профессиональной мотивации (М.Г. Ярошевский), осуществлена классификация профессиональных мотивов [1].

С позиции современных научных знаний мотивационно - ценностную направленность можно рассматривать как сложную динамичную интегративную полисистему. В связи с этим, при исследовании мотивационно-ценностной направленности студентов на избранную профессию, важно учитывать не только субъективное отношение человека к избранной профессии, но и те объективные условия, которые влияют на устойчивость и успешность данного выбора.

Направленность личности в рамках системного подхода рассматривается учеными как:

- интегральное целостное свойство, регулирующее деятельность человека и его активность (Рубинштейн С.Л., 1989) [2];

- «характеризует доминирующие интересы личности», «доминирующее отношение» [3];

- проявление в виде установки или в виде отношения.

В первом случае в качестве побудителя выступает влечение, а в качестве цели - нечетко сформированная логическая конструкция или образ.

Во втором случае побудителем становится мотив, а цель представлена в виде модели желаемого результата (Леонтьев А.Н., 1975) [4];

- «психические свойства, которые определяют общее направление деятельности человека в разнообразных, конкретных обстоятельствах жизни», которые «не только необходимы, но и достаточны для того, чтобы определить направление и содержание общественно-трудовой деятельности» (Мерлин В.С., 2005.С. 288) [5];

Проблема направленности личности, как отмечает С.Л. Рубинштейн, это вопрос о «динамических тенденциях, которые в качестве мотивов определяют человеческую деятельность, сами, в свою очередь, определяясь ее целями и задачами».

Рассмотрим более подробно данные компоненты в структуре мотивационно - ценностной направленности личности.

Таким образом, мотивацию мы рассматриваем как интегральную систему относительно устойчивых мотивов, являющихся основными побудителями деятельности, и считаем ее основой мотивационно - ценностной направленности.

Высокий уровень развития мотивационной сферы предполагает, кроме мотивов деятельности и общения, принятие еще и определенных моральных ценностей, ставших основой мировоззрения человека. Усвоенные ценности, в работах Л.И. Божович (1997), приобретают силу непосредственных

побудителей и часто мотивы и цели той группы, в которую постоянно включен человек, становятся его личными мотивами. В этой связи особую важность приобретает определение значимости ценностно-ориентационного компонента мотивационно-ценностной направленности, выражающего личностную значимость нравственных, социальных, культурных ценностей, которые в целом отражают отношение к действительности [6].

Под ценностными ориентациями мы понимаем относительно устойчивое, избирательное отношение человека к духовным, материальным благам, к жизненным идеалам, которые рассматриваются как предметы, цели или средства для удовлетворения потребностей жизнедеятельности личности. «В ценностных ориентациях как бы отражается весь жизненный опыт, накопленный в индивидуальном развитии человека, определяющий его взаимоотношения с другими людьми, преобразования личности, в том числе и по отношению к самой себе, являющий сущность образа жизни индивида».

Необходимо отметить динамический характер ценностных ориентаций человека, а также их значимую роль в качестве одного из регуляторов его деятельности и поведения, а, следовательно, и мотивационно-ценностной направленности личности. Следует отметить, что формирование ценностных ориентаций является неотъемлемой частью развития личности человека. В переходные, кризисные периоды развития возникают новые потребности и интересы, новые ценностные ориентации, а на их основе перестраиваются качества личности, характерные для предыдущего периода.

Ценностные ориентации:

- являются одним из основных компонентов мотивационно-ценностной направленности личности;
- связаны с развитием самосознания, осознания положения собственного «Я» в системе общественных отношений, тем самым выступают в качестве личностно-образующей системы;
- ценности являются высшим уровнем человеческих потребностей. Личные, индивидуальные потребности, становятся ценностями и регулируют поведение человека, соотносясь с общественной значимостью и осознаваясь личностью [7].

По мнению В.А. Якунина, Н.В. Нестеровой, становление будущего специалиста как высококвалифицированного специалиста, возможно лишь при сформированном мотивационно-ценностном отношении в его профессиональном становлении. Н.В. Нестерова, анализируя психологические особенности развития учебно-познавательной деятельности студентов, она разделяет весь период обучения на три этапа:

I этап (I курс) Характеризуется высокими уровневыми показателями профессиональных и учебных мотивов, управляющие учебной деятельностью. Вместе с тем они идеализированы, так как обусловлены пониманием их общественного смысла, а не личностного.

II этап (II, III курсы) Отличается общим снижением интенсивности всех мотивационных компонентов. Познавательные и профессиональные мотивы перестают управлять учебной деятельностью.

III этап (IV-V курсы) Характеризуется тем, что растет степень осознания и интеграции различных форм мотивов обучения [8].

Авторы занимающиеся изучением студенчества попытались выделить критерии типизации студентов. Так, В.Т. Лисовский и А.В. Дмитриев, помимо отношения к учебе, ввели такие основания, как научная и общественно-политическая активность, общая культура и коллективизм. В результате ими было выделено шесть типов студентов. Несмотря на полноту описания и легкости нахождения аналогов к выделенным типам среди студенчества, данная типизация оказывается ограниченной ситуацией обучения в ВУЗе и лишь условно может быть распространена по будущую деятельность. В этом отношении более предпочтительно выглядит типология студентов американского колледжа, полученная Д. Готлибом и Б. Ходкинсом. Ими выделены следующие типы становления в профессии:

Тип «W» (профессионалы). Они относятся к учебе как к инструменту подготовки к будущей профессии. Выполняют лишь столько домашних заданий и упражнений, сколько требуется для того, чтобы не остаться на второй год. По мнению большинства «профессионалов», основная причина того, что они учатся, - это получение профессиональной подготовки и образования. Тип «X» (нонконформисты). Эти студенты ищут в преподаваемых предметах, знания о жизни вообще на основе собственного выбора. Не выходят из библиотек. По их мнению, учебное заведение существует для того, чтобы удовлетворить их жажду знаний и любопытство к жизни.

Тип «У» (академики). Эти студенты приближаются к типу «Х» с той разницей, что академики тоже живут книгами, не отрываются от других форм общественной жизни. Они стараются выделиться, как можно лучше сдать экзамены.

Тип «Z» (студенческие деятели). Эти студенты большое внимание уделяют общественным формам жизни, чем самой науке.

Вполне вероятно, что общая направленность сложившейся структуры интересов данных типов сохраняются и в их дальнейшей деятельности.

Однако стремление авторов найти универсальное основание типологии, позволяющей как бы предугадать пути развития профессионала, особенно ярко проявляется в попытках определить уровни профессиональной направленности студентов [9].

Так, Э.Ф. Зеер выделяет следующие типы студентов по профессиональной направленности:

I тип – студенты с положительной профессиональной направленностью, которая представляет ситуацию соответствия личности выбранной профессии, что предполагает связь между доминирующих, ведущих мотивов с содержанием профессиональной деятельности.

II тип – студенты окончательно не определившиеся в своем выборе профессии. Для них приемлем компромисс между неопределением, иногда негативным отношением к профессии и продолжением обучения в ВУЗе, перспективой в дальнейшем работать по этой профессией.

III тип – студенты с негативным отношением к профессии. Мотивация их выбора обусловлена общественными ценностями высшего образования. Они имеют слабое представление о профессии. Здесь ведущий мотив выражает потребность не столько в самой деятельности, сколько в различных связанных с ней обстоятельствах [10].

Таким образом, как видно из последней типизации, студенты различаются своей мотивированностью к деятельности.

На наш взгляд использование игровых и интерактивных технологий создают на наш взгляд положительные моменты в процессе профессиональной подготовки будущих специалистов:

- упражнения способствуют выработке эмоционально-ценностного отношения к будущей профессиональной деятельности, осознанию цели профессиональной подготовки при формировании их компетентности;

- стимулируют интерес к учебным занятиям и к проблемам, которые моделировались и разыгрывались;

- изменяют мотивацию студентов к обучению и самооценку собственной профессиональной компетентности;

- способствуют развитию инновационного и аналитического мышления и т.п. Именно такая организация работы способствует возникновению процессуального и результативного удовлетворения, дают непосредственный ситуативный эффект, вызывают эмоциональный отклик и заинтересованность других.

Таким образом, на основании проведенного анализа теоретических и эмпирических исследований можно сделать следующие выводы: Мотивационно-ценностная направленность личности на профессиональную деятельность является интегративной динамической системой, включающей профессиональные мотивы, интересы, цели, профессионально-ценностные ориентации, установки, убеждения, идеалы, обеспечивающие ее активность в профессиональном самоопределении и становлении, а также потребность в постоянном профессиональном самосовершенствовании. Изучение динамики мотивационно-ценностной направленности на будущую профессиональную деятельность возможно только на основе знания специфических особенностей профессии и понимания значимых мотивов и ценностных ориентаций, необходимых специалистам для успешного профессионального самоопределения и становления.

Список литературы:

1. Ковалев, А. Г. Психология личности. 3-е изд., переработ. и доп. - М., 2000. – 391 с.
2. Рубинштейн, С.Л. Основы общей психологии / С.Л. Рубинштейн. - СПб: Питер, 1999. – 720 с.
3. Мясичев, В.Н. Психология отношений / под ред. А.А. Бодалева. – М.: Институт практической психологии, Воронеж: НПО МОДЭК, 1999. – 356 с.
4. Леонтьев, Д.А. Общее представление о мотивации // Психология в вузе. - 2004. - №1. - С.12-18.
5. Мерлин, В.С. Психология индивидуальности: Избранные психологические труды / В.С. Мерлин / под ред. Е.А. Климова. – М.: Издательство Московского психолого-социального института., 2005. - 288 с.

6. Божович, Л.И. Проблемы формирования личности: Под редакцией Д. И. Фельдштейна / Вступительная статья Д. И. Фельдштейна. 2-е изд. - М.: Издательство "Институт практической психологии", Воронеж: НПО "МОД-ЭК", 1997. - 352 с.
7. Вербицкий, А.А., Бакшаева Н.А. Развитие мотивации студентов в кон-текстном обучении. - М., 2000. – 200 с.
8. Якобсон П.М. Психологические проблемы мотивации поведения человека. М., 1969 г.
9. Зеер Э.Ф. Психология профессий: Учебное пособие для студентов вузов. – 2-е изд., перераб., доп. – М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2003. – 336 с. – («Gaudeamus»)

ӘӨЖ: 159.922

А.А. Молдажанова, А.К. Аманова, Г.Б. Ниязова
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Қазақстан, Астана қаласы

ҚҰНДЫЛЫҚТАР- МАМАННЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІНІҢ БІР БӨЛШЕГІ РЕТІНДЕГІ

Заманауи жағдайларда құзіреттілікті амалды енгізу жоғары білім беруді дамытудың кешенді бағдарламасын танытады. Жоғары мектептерде кәсіби даярлық жүргізу барысында кәсіби құзіреттілік қалыптасады. Кәсіби құзіреттілік кәсіби іс-әрекеттердің нақты жағдайларында білім, білік, дағды, тәжірибені жүзеге асыруға даярлығы мен қабілеті ретінде белгіленеді.

Профессионалдарды қалыптастыру процесі – бұл көпдеңгейлі күрделі процесс. Профессионалдың қалыптасуы әр алуан ұғымдармен нақтыланады. «Профессионализация» «кәсіби әлеуметтендіру» ұғымының синонимі болып табыла отырып, кәсіби қалыптасу барысында әлеуметтік реттегіш рөлін атап көрсетеді. «Кәсіби дамыту» мен «Кәсіби оқыту» ұғымы кәсібилендіру барысында индивидпен орын алатын өзгерістер сипаты үшін қолданылады: бірінші ұғым кәсіби қабілеттері мен мотивтерін, ал екіншісі – кәсіби тәжірибені сипаттайды. «Кәсіби тұлғаның жолы» ұғымы кәсіби қалыптасу процесінің тұлғалық мәнін, олардың адаммен басқарушылығын және нақты өмірдің мәнмәтініндегі іске қосылымдылығын атап өтеді. Интергралдық түсінік ретінде атаулы процестің барлық аспектілері ескеріледі, біз «кәсіби қалыптасу» түсінігіне бағдар жасайтын боламыз. [1, 127-б.].

Психологиядағы тұлғаның кәсіби қалыптасуы «мамандық таңдау, кәсіби білім беру және даярлық, кәсіби іс-әрекеттерді өнімді орындау барысындағы тұлғаны дамыту процесі» ретінде түсіндіріледі [2, 342-б.].

Маман-психологтың кәсіби тұлға болып қалыптасуының ерекшеліктерін анықтайтын көптеген маңызды сипаттамалар толығымен және жеке алғандағы кәсіби ұстанымы кәсіби психологиялық білім алу процессінде қалыптасып төселеді. Бұны А.И. Донцовтың, Г.Ю. Любимованың, О.Н. Родинаның зерттеулерінің нәтижелері айқынды дәлелдейді.

Психологиялық кәсіби білім беру мазмұнына тоқталайық. Кез-келген мамандық бойынша кәсіби даярлық мазмұны Мемлекеттік білім беру стандартымен белгіленеді. Осындай құжаттың болуы кәсіби білім беру процесін стандарттауға мүмкіндік береді, білім беру жүйесінің әр алуан кезеңдеріндегі сабақтастықты қамтамасыз етеді және кәсіби даярлық сапасының артуына ықпал жасайды.

Қазақстандағы кәсіби білім беру оқу орнына психологтарды дайындау бағдарламасы бойынша студенттерді оқытуды жүргізу құқығын беретін Білім беру министрлігінің лицензиясы бар жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады. Мемлекеттік органдар мен білім беру ұйымдары психологтарды кәсіби даярлау мен қайта даярлаудағы жоғары деңгейін қалыптастырудың сәйкес өлшемдері мен талаптарын жасайды. Мемлекеттік аккредиттеу жоғары оқу орнына мемлекеттік үлгідегі диплом беру құқығын береді.

Университетте немесе институтта білім алу процесінде болашақ психолог–мамандық теориялық білім, практикалық машықтар мен дағдылар игереді, оның кәсіби бағдарлылығы, психолог мамандығының қолданылу саласы туралы түсінігі қалыптасады. Жоғары білім алу кезеңінде білім игеруден басқа студенттердің тұлғалық өсуі жалғасатын болады.

Психология саласындағы кәсіби даярлықтың көптеген мәселелерінің арасында көп жағдайларда мамандықтың бұдан әрі өміршеңдігі мен бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын өзара екі аспектіні ерекшелеуге болады. Бірінші аспекті көп жағдайларда психологиялық тәртіпті игерудің сәттілігі мен тиімділігін және маманның ғылыми психологиялық позициясының адекватты заманауи

талаптарын қалыптастырумен байланысты. Бұл жағдайда өзін психология ілімін меңгеруге арнаған ғана емес, сонымен қатар «адам-адам» саласында жұмысқа жарамды тұлғаларды алдын ала таңдау мәселелері туындайды.

Екінші аспекті дәл психологтың адамгершілік және рухани кескіндегі тұлғасын қалыптастыруға қатысты. Басым этикалық нормалар мен қағидаттарды қабылдау мен терең түсіну дәрежесі қалыптасады. Бұл психологиялық әсер объектісінің бірегейлілігі мен адамның ішкі әлеміне терең енгуге мүмкіндік беретін технологиялық тәсіл ерекшелігімен байланысты. Психолог адамның тұтас жан дүниесіне ұйымдастырылуымен, психологиясының тұтас көріністерімен өзгелерге қарағанда, барынша тығыз ұштастырылады. Адам көмегіне жүгінген жан дүниесіне ырықты немесе ырықсыз жақын келуі барынша сақ болуы тиіс және біреге өмірлік жолын дербес жасаудағы өзін табуына залал келтіріп алмауы тиіс. Кәсіби қызмет барысында байқалатын өзге адамның құндылығына бағытталу, кәсіби міндеттілік сезіміне алаңдау және өзінің кәсіби әрекеттеріне негізделген өзінің мүмкіндіктерін және жеке мәселелерін айналасындағы адамдарға өзіндік психологиялық әсер ету шаралары ретінде психологтың өзін өзі ұғынуын шиеленістіреді [4, 56-6.].

У.С. Родыгина I-IV курс аралығындағы студент-психологтардың кәсіби сәйкестілігінің параметрлерін дамытуды сипаттап көрсетеді. I-IV курс аралығындағы сынаққа түскендер дерегі салыстырмалы игілігі мен тұрақтылықты көрсетеді. Бірінші курс студентінің басқаларынан психологтың кәсіби сәйкестілігі болмауымен танылады. Бәрінен бұрын психологтың болашақ кәсібімен сәйкестілігі жеткілікті түрде формалды: «Егер мен психология факультетінде білім алатын болсам, онда міндетті түрде психолог болып шығамын». Екінші курс көтеріңкі рефлексиялы деңгейімен сипатталады. Мүмкін бұл мамандық таңдаумен және осы мәселе төңірегінде ойлану қажеттілігімен шартталады. Үшінші курс кәсіби оқытуға басқаларынан көтеріңкі мотивациясымен ерекшеленеді. Төртінші курс барлық зерттеу үстіндегі параметрлер бойынша орташа көрсеткіштерімен сипатталады. Алдыңғы позицияларынан біреуіне бірінші «материалды қамтамасыз етілген өмір» құндылық-мақсаты шығады.

Сонымен, кәсіби жоғары білім алу процесінде студент-психологтың тұлғалық-кәсіби қалыптасуымен аса маңызды трансформация орын алады. Құндылықты өзіндік кәсіби белгілеуімен қатар үшінші курстың аралығында алатын кәсіби білім мазмұнынан көтеріңкі сыншылдығы сияқты (оның жеткіліктілігі, фундаментальділігі, жүйелендірілгендігі, заманауилығы), студенттердің өзінің кәсіби жоспарын артық бағалауында да айқын дағдарыс орын алады. Оқытудың әр түрлі кезеңдеріндегі кәсіби позиция динамикасын зерттеу кәсіби позиция құрылымдық-динамикалы тұлғалық өзгермелі болып табылатындығы туралы ережеге негізделді және дамиды, кәсіби қалыптасу процесінде өзгерістерге төзеді.

Осы жағдайды тексеру үшін Семей қаласының Шәкірім атындағы мемлекеттік университетінде зерттеулер жүргіздік. Зерттеу әдістері. 1) Өзіндік қатынас сауалнамасы (В.В. Столин, С.Р. Пантелеев). 2) Шварц әдістемесі «тұлғаны құндылығын зерттеу», құндылықтың он типінің (билік, жетістік, гедонизм, ынталандыру, дербестік, әмбебаптық, мейірімділік, дәстүр, конформдылық, қауіпсіздік) мәндік өлшемдеріне арналған шкаланы танытады.

Сендіру деңгейіндегі бірінші курстықтар үшін келдесі құндылықтар аса маңызды болып табылады: мейірімділік, қауіпсіздік, дербестік. Тұлғаға аса көбірек ықпал ететін құндылықтар құрылымында басым орынды жақын адамдармен күнделікті өзара қарым-қатынастағы игілікке тоғыстырылған ақ ниеттілік, адалдық ерекше орынға ие.

Сонымен қатар шығармашылықта және зерттеу белсенділігінде, автономдылығында, тәуелсіздігінде, ал келесі жағынан өзі үшін де, басқа үшін де қауіпсіздіктегі ойлау мен әрекет әдістерін таңдау дербестігі маңызды. Осы құндылықтар өмірдің өтпелі кезеңімен, мектептегі оқу аяқталуымен, жоғары оқу орнындағы оқу әрекетінің басталуымен байланысты маңызды болып табылуы мүмкін. Маңызы жағынан төмендегілер қатарына мыналар кірді: құрмет, мәдениетте орын алған салттар мен идеяларға құрмет көрсету, оларды қабылдау және сақтау.

Осылайша, бірінші оқу жылындағы студент-психологтар нормативті идеалдар деңгейінде «мейірімділік» құндылығын басшылыққа алады. Аз дәрежеде «дәстүр» құндылығы, ал шынайы әлеуметтік мінезде «билік» құндылығы басшылық етеді. Жалпы алғанда, студенттердің бірінші кезекте шарттастырылған өзіндік қызығушылықтағы позитивті өзара қарым-қатынастары бар. Өзінің өмірінен орын алған оқиға үшін жауапкершілігін сыртқы факторларға таңуға бейім, алайда тұлғааралық қарым-қатынас үшін өзінің жауапкершілігін жолға қояды.

Кәсіби позицияның мазмұнды негізде екінші жыл білім алып жатқан студент-психологтар құндылықтар арасынан «мейірімділікті» басшылыққа алады. Бұдан өзге бірінші кезекте «жетістік» және «дербестік» құндылығы орын алады. Осылайша, жеке жетістік, әлеуметтік құзіреттілік көрінісі,

әлеуметтік мойындау, сонымен қатар ойлау мен әрекет әдістерін таңдау дербестігі уақыт өткен сайын маңызы арта түседі. Әлеуметтік мәртебе, бедел, басымдылық жетістігін өзіне енгізетін «билік» құндылығы ең аздау мәнге ие болып табылады.

Үшінші жыл білім алу үстіндегі студенттер құндылығының құрылымында «мейірімділік» құндылығы өз басымдылығын жалғастыра береді, «жетістік» құндылығы мәнді болып тұр, «дербестік» және «қауіпсіздік» құндылықтары көкейкесті болып қала береді. Бұл жерде «дәстүр» құндылығы екінші курс студенттеріне қарағанда, мәні арта түседі, алайда бұрынғыша құндылықтар бағдарының иерархиясында соңғы орынды иеленген.

Құндылық басымдылықтарының құрылымындағы елеулі өзгерістер төртінші жыл білім алушы студенттерден көрінеді. Бұл кезде «жетістік» құндылығының маңызы артады. Жеке жетістікке ұмтылу және әлеуметтік мақұлдауға ұмтылыс бірінші орынға қойылады. «дербестік», «өзін-өзі басқару», «өзін-өзі бақылау» сияқты құндылықтар Мәнді қалпында қала береді. Осы құндылықтарды бағалауда сынаққа түскендер жеткілікті түрде пікірлес болып келеді.

Студенттер үшін жақындарының игілігі өзінің құндылығын сақтап қала береді. «Гедонизм» құндылығы елеусіз позицияда екендігін атап өту қызықты, алайда ұсынылған іріктеуде мәндердің елеулі алшақтығы бар.

Шынайы әлеуметтік мінез-құлықта студент-психологтар үшін бірнеше басқа да құндылықты бағдарлар басым болып табылады

Бірінші жылы білім алуға келген студенттерде «мейірімділік», «дербестік» құндылықтарымен қатар «әмбебаптық» құндылығы көрініс алады. Осы құндылықтың мотивациялық негізі түсінік, шыдамдылық, барлық адамдардың игілігін қорғау болып табылады. Бұл бастапқы топты кеңейту кезінде өзінің ортасынан тыс қандай да бір адамдармен байланысқа түсуде қажет. Көрсетілген құндылықтардың ең бірінші жоспарына шығу жаңа шағын әлеуметтік топқа бірінші курстықтардың кіруімен, оқу іс-әрекетінің жаңа талаптарына бейімделуімен, жаңа позицияны құрылымдауымен байланысты болуы мүмкін. Өте аз дәрежеде «үкімет», «жетістік», тұтас әлеуметтік жүйе аясында басым позицияны сақтау құндылықтары көрініс алады.

Екінші жылы білім алған студенттер «мейірімділік» құндылығына ие болуды көрсетеді. Елеусіз қалғаны «дәстүр» құндылығы екен.

Үшінші жыл білім алып жатқан студенттердің құндылықтар құрылымында «мейірімділік» құндылығы басымдылық танытады, «жетістік» маңызды болып қалыптасады, «дербестік» және «қауіпсіздік» көкейкесті болып қала береді. Бұл жерде екінші жыл білім алу үстіндегі студенттерге қарағанда «дәстүр» құндылығы маңыздылау екендігін атап өткен жөн, алайда құндылықты бағдарлар иерархиясында соңғы орынға ие.

Студенттер сонымен қатар сонғы білім алған жылдарында «мейірімділік» құндылығын басшылыққа алады. «Гедонизм», «әмбебаптық», «дербестік» сияқты құндылықтар маңызды рөлге ие бола бастайды. Ләззат мен сезімдік рахат құндылықты бағдарқұрылымында алғашқы позициялардың біріне шығады. Жақын адамдардың игілігімен қатар нақты әлеуметтік мәнез-құлықта түсіну, шыдамдылық, барлық адамдар мен табиғат игілігін қорғау құндылығы құнды болып қалыптасады. Кіші дәрежедегі көкейкесті «дәстүрлер», «билік» құндылықтары сақтайды. Жеке басымдылықтар деңгейінде сынақталатындар арасында мына басымдылықтарды бағалауда пікірлес болып табылады: дербестік, мейірімділік, қарқындалу құндылықтары басымдылық танытады. Жаңашылдық, терең алаңдаушылығына ұмтылыс байқалады.

Сонымен, әр алуан білім алу кезеңдеріндегі студент-психологтардың кәсіби позициясының мазмұндық негізінде айырмашылықтар байқалады. Бірінші курстан төртінші курсқа өткен кезде, студент-психологтарда кәсіби позицияның мазмұндық негізінде өзгерістер орын алады.

Сендіру деңгейіндегі құндылықты бағдар құрылымындағы өзгеріске назар аудару керек. «Мейірімділік» сияқты құндылық білім алудың барлық кезеңдерінде басым құндылықтар санатына кіреді, алайда төменгі курстан жоғарыға жылжу барысында мәні төмендей түседі, ережеге сай, бірінші курс студенттері мұнда басымдылық танытады. Жоғары білім алған кездегі барлық кезеңдерде студенттің тұлғалылығына аса көп ықпал ететін құндылықтар қатарынан «дербестік» құндылығын атап өтуімізге болады. Бұл құндылық студенттердің бірінші курстан соңғы курсқа дейінгі аралығындағы есею кездерінде маңызы арта түседі. Студент-психологтардың құндылықтарының құрылымындағы маңыздылары арасынан «жетістік» құндылығын қадағалаймыз: жеке жетістігіне қол жеткізуі, әлеуметтік қолдау. «Жетістік» құндылығы рөлінің өсу тенденциясы студенттердің жоғары курстарға өту жолдарында жарқын көрініс алады. «Әмбебаптық» құндылығы екінші курс студенттерінде өзінің маңызын біршама жоғалтып алғанымен, IV курс студенттері үшін орны ерекше. «Қауіпсіздік», «конформдылық», «дәстүр», «ынталандыру» сияқты құндылықтар

бірінші курстар үшін аса жоғары орында. Ал «гедонизм» құндылығы екінші және үшінші курс студенттері үшін маңызды қалпынан таймайды.

Студент-психологтардың құндылық бағдарындағы жеке басымдылық деңгейінде өзгерістегі келесі тенденцияларды ерекшелеп аламыз.

Барлық курстардағы шынайы әлеуметтік мінез-құлықтағы студенттер үшін жақын адамдармен қарым-қатынас кезінде орындалатын «тілектестік», ойлау және мінез дербестігі болып табылады.

Студент-психологтар мәдениетте орын алған салт пен дәстүрді аса төменгі деңгейде сақтайды. Бұл факті жеке әлеуметтік зерттеуді талап ететін де болар. «Мейірімділік» құндылығы үшінші курс студенттерінде барынша жоғары мәніне қол жеткізе отырып, жоғары курстарға келгенде, маңызының төмендеу тенденциясы байқалады. «Түсіністік», «шыдамдылық», «игілік» құндылықтары ауқымды әлеуметтік жоспарда үшінші курста кейбір басымдықтарымен байқала отырып, бірінші курстағылардағы ең жоғарғы айқындылығымен, ал соңғы курсқа келгенде, төмендеуге жол салуымен ерекшеленеді. «Дербестік» құндылығы үшінші курс студенті үшін маңызы бұрынғыға қарағанда төмендей береді. Мұнда рахаттылық, сезімдік ләззат және билік құндылықтары білім алудың басқа кезеңдерімен салыстырғанда, басым дәрежеде айқын көрініс табады.

Қорытындылай келе, студенттердегі құндылық бағдарының құрылымы үнемі қозғалыс үстінде екендігіне және педагогтік ықпалы арқылы өзгеруінің мүмкіндігіне назар аударған жөн. Осыған байланысты білім беру саласындағы мамандарға қажетті құндылықты бағдарды құрылымдауды қамтамасыз ететін жоғары оқу орындарының педагогтік ұжымының жүйелі де, келісімді жұмыстары өте қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Толеубекова, Р.К. Профессионально-личностное развитие студентов педагогов-психологов в процессе обучения в вузе / Р.К. Толеубекова, Г.С. Турсунгожинова, А.К. Аманова // Сборник статей Международной научно-практической конференции. – Уфа, 2015. – С. 127–130.
2. Климов, Е.А. Психология профессионального самоопределения / Е.А. Климов. – Ростов н/Д.: Ремикс, 1996. – 512 с.
3. Лукина, В.С. Исследование мотивации профессионального развития / В.С. Лукина // Вопросы психологии. – 2004. – № 5. – С. 25–32.
4. Зеер, Э.Ф. Психология профессионального образования / Э.Ф. Зеер. – М.: Изд-во МПСИ, 2005. – 216 с.
5. Архангельский, С.И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы / С.И. Архангельский. – М.: Высшая школа, 1978. – 328 с.
6. Брушлинский, А.В. Проблемы психологии субъекта/ А.В. Брушлинский. – М., 1994. – 109 с.
7. Бодров, В.А. Психология профессиональной пригодности/ В.А. Бодров. – М.: ПЕРСЭ, 2001. – 511 с.

ӘӨЖ: 167.15

Л.Ж. Муканбаева, А.М. Адамбаева
«№47 жалпы орта білім беретін мектеп»
Қазақстан, Семей қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі психологтар мен педагогтардың жинақтаған тәжірибелері негізінен оқытуды тиімді ұйымдастыру арқылы оқушылардың зейінін қабылдауын, қызығушылығын арттыруға болады. Сонымен бірге олардың оқу қызметі, ой еңбегі де дамиды. Оқыту үрдісінде оқушылар тек білім алып қана қоймайды, олардың дағдысы, іскерлігі қалыптасады, дүниетанымы кеңейеді. Оқыту барысында балалардың жеке және жас ерекшеліктері, қабілеті ескеріледі, бұл балалардың дамуына әсер етеді. Әр жастағы оқушының даму ерекшеліктеріне сай келетін оқыту мен тәрбиенің тиімді жолдарын таба білу, оқу материалдарын дамудың құралы ету - мұғалімнің ең басты міндеті. Ол үшін баланың таным үрдісін, қабілетін, дұрыс бағалауды, оқу-тәрбие үрдісінде кездесетін қиыншылықтарды жеңе білуіне көмек көрсетуде, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда оқушының белсенділігін қолдап отыру қажет [1]. Кейінгі жылдары жиі пайдаланылып келе жатқан жаңа ұғымдардың бірі- инновация.

Инновацияны жете түсініп, инновациялық әдіс-тәсілдерді мектеп өміріне кеңінен енгізу жас ұрпақтың санала да сапалы білім алуының бірден – бір шарты болып табылады.

«Инновация» -бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, мұғалім өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже- жаңалыққа бет бұрудың кілті [2].

Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез-келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық, басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді. Инновацияны «жаңашыл», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп қарауға болады. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын сауатты меңгермейінше, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Инновациялық педагогикалық технологияларын шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады [3]. Қазіргі заман талабы - әрбір оқушыға саналы да терең білімнің берілуін талап етеді. Оқытудың екі түрлі мағынада қарауға болады. Біріншісі – оқу орнында арнайы пәндерді оқыту. Екіншісі – өмірді оқыту, өмірге үйрету. Тәрбиелеу мен оқыту – егіз ұғым. Оқыта отырып тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып оқытамыз. Оқыту тәрбиеге қарағанда нақтылау. Оқыту үйрету арқылы іске асады. Оқыту – тәрбиенің интеллектуалды түрі. Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі, осы мақсатта сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Осы екі үрдістің өзара сапалы нәтижесінде оқушының өз ісіне сенімділігін, жауапкершілік сезімін, шығармашылық қабілеттілігін қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруға жағдай туғызатын оқытудың инновациялық негізгі түрлері анықталады [4].

Жаңа технологияның мақсаты: балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің бірлігі, баланаң танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту, өзін-бағыттау, баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту болып табылады.

Оқыту технологияларының қайсысын болмасын пайдалану жеңіл іс емес, ол оқытушыдан білімділікті, іскерлікті, еңбекқорлықты, шығармашылықты, құнттылықты, жаңашылдықты және мол дайындықты қажет етеді. Жас жеткіншектерге бүгінгі күн талабына сай білім мен тәрбие беру ісі педагогикалық мамандарға үлкен жүк артады. «Тәлім-тәрбие мен оқыту ісінің нәтижесі әрекеттерден гөрі мұғалімдерге көбірек тәуелді» - деген Ы. Алтынсариннің көрегендікпен айтқан пікірінің қазіргі уақытта да маңызды болып отырғаны да осының айғағы. Білім беру жүйесінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер оқыту үрдісін озық технологиялармен қамтып жетілдіруді талап етеді. Осы тұрғыда оқытудың жаңа технологияларын жете меңгеріп, оны оқушылардың психологиялық жас ерекшеліктеріне орай орынды қолданудың мәні ерекше.

Ғалымдардың пікірінше, бастауыш мектептің алдындағы шешімін күтіп тұрған басты мәселелер: оқушыны оқу әрекетіне қалыптастыру, олардың оқуға ынтасын ояту, қызығушылын, белсенділігін арттыру жалпы жеке тұлғаның дамуына бағыт-бағдар беру. Егер әр ұстаз бала бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтардың қалыптасуына көңіл бөле отырып, оның рухани-адамгершілігін дамыта оқытуды басты назарда ұстаса, бүгінгі қоғамда қажеттілігін қанағаттандыратын ауқымды шаралар жүзеге асырылады. Нәтижесінде жан-жақты жетілген, қоршаған ортаның қадір-қасиетін бағалай алатын парасатты, көрген – білгенді бағамдай алатын зерделі, зерек тұлға қалыптасады. Мұғалім белгілі бір әдіс-тәсілдерді, жаттығу түрін қолдану нәтижесінде қандай қабілеттерінің дамытынын немесе оқу барысында қандай дағдыға үйрету керектігін, алдына мақсат қоюда неге сүйенуі керектігін және оларды психологиялық ерекшеліктеріне негіздеу керек екенін танып біледі [5]. Өмір талабы бойынша оқушы қазіргі кездегі сабақта қонақ болып отырмай, оның негізгі кейіпкері болу керек. Осыған қарай нәтижеге жеткізсе, әр технология тиімді. Оқу үрдісіннің тиімділігін арттыру жолдарын іздестіру мақсатымен өз басым жеке технологиялармен танысып, оларды оқып, үйренуге бет бұрдық. Оқыту үрдісін жаңаша ұйымдастыру мұғалімнің оқушының өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасай отырып, оның шығармашылығының өздігінен іс-әрекет ету даралық қабілеттерінің артуына себін тигізеді. Мұндай жаңа технологияларды пайдаланып оқыту барысында оқытушыға қойылатын негізгі талап оқушының берген жауабын түзету, берілген тапсырманы орындау жолдарын көрсету, оқушыға өз ойын рет-ретімен толық жеткізуді үйрету болып табылады. Балаға өз ойын қысылмастан айтуға мүмкіндік

беру, оған пікір еркіндігін сездіру оқушының сол сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар сабақ барысында техникалық жабдықтарға, көрнекіліктерге жүгіну оқытушыға уақытты үнемдеуге, аз уақыттың ішінде бірнеше оқушының білімін бағалауға, бағдарламадағы материалды қай дәрежеде меңгергенін айқындауға мүмкіндік береді, бұл оқушының білім деңгейін қадағалаудың ең тиімді тәсілі. Себебі, оқушының білімін тексеру, оның мүмкіндіктерін айқындау – оқыту кезеңінің ең маңызды бөлігі [6].

Ақпараттық инновациялық технология – білім сапасын арттыру кепілі.

Білім беру үрдісінде жаңа технологияларды қолдану. Білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін, мектеп ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады. Бастауыш сынып мұғалімі үшін оқушы жазылмаған тақта секілді таза, пәк. Бастауыш сыныпта оқытудың негізгі міндеті-баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау мен дамыту, білімдерін ашу, дұрыс түсінік қалыптастыру. Білім берудің түрлі тәсілдері әртүрлі білім жетілдіру курстарында оқытылып отырады. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің педагогтарын Кембридж университетінің білім берудегі тәсілдерін үш деңгейлі курс арқылы жалпай оқыту қолға алынған. Осы оқу жылының сәуір айында үш айлық үшінші деңгейдегі оқыту басталып маусым айында аяқталған болатын. Курс екі тілде оқытылып әр облыстарда және Астана қаласы бойынша арнайы дайындалған тренерлер дәрістер жүргізді. Білім берудің кешенді міндеттерін және мұғалімнің әртүрлі жағдайларда жұмыс істейтіндігін ескерсек, тиімділік деген сөзге аса мән беріп сол курста негізге алынған жеті модуль туралы қысқаша тоқталайын.

1. Білім беру менбілім алудағы жаңа тәсілдер. Білім беру – жекелеген құбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені деп айқындалған. Бағдарлама жалпы алғанда әлемдік дәрежеге жету мақсатын көздей отырып, жаңаша қырда қолданылатын технологияларды тиімді пайдалану.

2. Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. Бағалау – одан арғы білім туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Мұғалімдер мен оқушылар өздерінің қандай мақсатқа жететіндерінің өлшемдерін түсіну. Осыған байланысты бағдарлама критерийлі бағалау тәсілдерін қарастырады.

4. Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды АКТ пайдалану. Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік береді. Жоспарланған сабақты тиімді өткізуге көмектеседі, оқушының ой өрісінің дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал етеді. Бағдарлама соңында мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді және сыни тұрғыдан пайдаланушыларға айналады.

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту. Талантты және дарынды оқушыларға білім беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай балаларды анықтау туралы ой-пікірлер мен зерттеулер жасау. Оқушылардың қабілеттерін дер кезінде анықтай білген ұстаз болашақ талантты да тани біледі.

6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқу белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты,

өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Сол себепті бастауыш сынып оқушыларына сергіту сәтін жүргізуде жас ерекшеліктерді ескеріп отырып орындату қажет.

7. Білім беруді басқару және көшбасшылық. Аталған модуль білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алу керек деген тұжырымға саяды. Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің өмірлік ұстанымыңызды таңдай білу, адамдық көшбасшылыққа негізделеді. Олай болса, бағдарламаның негізгі идеясы сыни тұрғыдан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатыны негізделеді. Мектеп жұмысының бағдарламасына балаларға көшбасшы болуға үйрететін тренингтер, рөлдік ойындар кіреді.

Осы модульдерді тиімді пайдалану арқылы құзыретті мұғалім өз тәжірибесін жетілдіре түспек [5]. Құзыретті мұғалімнің міндеті оқушының жеке тұлғалық ерекшелігіне мән беру. Құзырлы білім беруде ұстанатын факторы оқушының өздігінен білімнің мәнін меңгеруі және бағалай білуі. Бағдарлама нәтижесінде - тәуелсіз, ғылымға қызығушылығы оянған, білім алуға бейім, сенімді, жауапты, сын тұрғысынан ойлай алатын, өзгелермен еркін тіл табысатын, сандық технологияларда құзыреттілігін көрсететін оқушылар дайындалады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Занков Л., Эльконин Д., Давыдов В., Репкин В., Левин В. Дамыта отырып оқыту әдістемесі
2. Әбенбаев С., Ахметова Г., Әбенбаева И. Дәстүрлі емес сабақ турасында //Мектептегі шетел тілі. – 2003. - №2. - 11-16 б.
3. Қуанбаева Б. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары: дисс. Пед. ғыл.канд. – Алматы, 2005. –137 б.
4. Селевко Г.К. Современные технологии в образовании. – М., 1998.
5. Таубаева Ш.Т. Оқытуың қазіргі технологиялары //Бастауыш мектеп. - 1999. - №4. - 5-12 б.

ӘӨЖ: 60:001.92

Қ.Қ. Мұқанова, А. Мухтарова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Қазақстан Семей қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Қазіргі таңда, елімізде білім беру саласында түрлі реформалар жүргізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне аяқ басудамыз. Заманның талабы қоғамға қажетті білімді жастар болғандықтан, сол жастарды озық әдістермен оқыту барша ұстаздардың басты назарында. Бұл жайында: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыта түсуді мақсат етеді [1]. Аталған мәселелерді шешу үшін әр мұғалім инновациялық технологияларды жетік меңгеруі шарт.

Жалпы алғанда оқытудың жаңа технологиясының түрлері көп. Мысалы, Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың «Дамыта оқыту технологиясы», П.И. Третьяков, К. Вазина, М.М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы», В. Дьяченконың «Жобалап оқыту технологиясы» және т.б.

XXI ғасырда білім беру жүйесін жаңартудың басым бағыттары мектеп білімін жетілдіру, жаңарту болып есептеледі. Негізгі мақсаты оқушылардың өз бетінше білімге деген құлшынысын қалыптастырып, оны іс жүзінде қолдана білуге үйрету. Дамыған заманымызда оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жоба жасауға үйренуі де кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Сондықтан да жобалап оқыту технологиясының тиімділігі күн санап артуда.

Білімалушылардың ғылыми-зерттеу қызметін тиімді ұйымдастырып, ғылыми-ізденушілік жұмыстарға бағыт беретін жаңа оқыту әдістерінің бірі ретінде жобалап оқыту әдісін көрсетуге болады.

Жобалап оқыту әдісі - білімалушының жеке тұлғалық қабілеттерін заманауи талаптарға сай дамытуға, шығармашылық, танымдық қабілеттерін жан-жақты жетілдіруге жол ашатын жаңа оқыту түрінің бірі. Жобалап оқыту әдісі арқылы оқу үрдісін ұйымдастыру қазіргі "Жаңа мектеп" алдындағы

міндеттер мен мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Бірақ кез келген оқыту әдісінің жемісті болуы оқытушылардың жаңа технологияны қолдана алу дайындығы мен ынтасына, ең бастысы, оқу мекемесінің материалдық-техникалық жабдықталуына тікелей байланысты болатынын естен шығармауымыз керек.

Жобалап оқыту әдісін жеке тұлғаға бағытталған даралап оқыту формасына да, ұжымдық оқыту формасына да жатқызуға болады. Жобалап оқыту әдісі оқытудың екі формасын да іске асыруға мүмкіндік береді. Өйткені жоба жұмысын білімалушы жеке өзі орындауы да немесе топпен орындауы да мүмкін. Даралық сипатта орындалатын жоба жұмысының өзіндік айырмашылықтары бар. Жоба жұмысы орындалу мерзіміне қарай қысқа мерзімді (2-3 сабақтық, 2-3 апталық) және ұзақ мерзімді (тоқсандық немесе жылдық) болуы мүмкін. Ал мазмұндық сипаты жағынан ғылыми-ізденіс және қолданбалы-практикалық болып екіге бөлінеді. Көпшілік жағдайда ғылыми-ізденіс жобалары ұзақ мерзімге жоспарланса, қолданбалы-практикалық жобалар қысқа мерзімде орындалады. Жобаның қандай түрінде болсын зерттеушілік пен шығармашылық басты орын алады. Шығармашылық жұмыстар білімалушылардың өз беттерімен іздену, зерттеу, қорытынды жасау іс-әрекетіне түрткі жасай отырып, оларды ғылыми ізденіске жетелейді. Ғылыми-ізденіс жобаларының түрлеріне зерттеу, шығармашылық, пәнаралық, т.б. жобалар жатады.

Жобалап оқыту әдісі білімалушылардың ойлау қабілеттерін белсендіруге жеке тұлғаның өзін-өзі шығармашылық тұрғыда жетілдіруге, алған білімдерін іс-тәжірибеде, өмірде қолдана білуге бағытталған. Кез келген жоба нақты бір мәселенің шешімін білімалушының өз бетімен шешуіне негізделген іс-әрекеттер жүйесі. Сондай-ақ, жобалап оқыту әдісі арқылы білімалушылардың сөйлеу тілін, көркем сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, көркем ойлауын дамытуға болады.

Жобалап оқыту технологиясы өткен ғасырда АҚШ-та дүниеге келген. Оны проблема әдісі деп атаған америка педагогі Дж. Дьюи мен оқушысы У.Х. Килпатрик ойлап тапты. Колумбия университетінің жанындағы мұғалімдер колледжінің профессоры Уильям Херд Килпатриктің айтуынша, балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау - бұл технологияның негізі. «Өзіне көйлек тігіп киген бойжеткенді мысалға алайық. Егер ол кейін өзі киетін көйлегі үшін жанын аямай, ерінбей, аса қызығушылықпен көйлек үлгісін өзі ойлап тауып, өз бетімен өлшеп, пішіп, тігіп кесе, бұл мысал жобалау технологиясының нағыз типтік үлгісі», деген екен Килпатрик [2].

Жобалап оқыту ағылшын тілінен аударғанда «cooperative learning» - бірге үйрену деген мағынаны білдіреді. Ал түсіндірме сөздікте оған мынадай анықтама берілген: Жобалап оқыту технологиясы- оқушылардың жоспарлау және күрделене беретін тапсырмаларды орындау арқылы меңгеретін білім [3]. Аталған технология бойынша, оқушыға өмірден алынған проблема қажет және оны шешу үшін өзінің алған білімін пайдалануы міндетті. Ал мұғалім өз кезегінде оқушыға ақпарат көздеріне байланысты бағыт-бағдар бере отырып, ұсынылған проблемаға оқушының қызығушылығын оятып, жоба жасауға жетелейді. Жоба орындауда оқушыға қойылатын жалғыз талап - өз ынтасымен, өз қызығушылығымен жобаны мерзімінде аяқтау. Жобаның тиімділігі оқушыны ізденімпаздыққа, тапқырлыққа, жауапкершілікті сезінуге, топпен жұмыс жасауға үйрету. Бұл өз кезегінде бізге жан-жақты дамыған, кез келген кедергілерден сүрінбейтін, қоғамда адаспай өз орнын таба алатын, интелектуалды ой-өрісі кең дамыған азаматтарды дайындап береді.

Жобалау технологиясы мерзіміне, көлеміне, типіне, қатысушы санына байланысты бірнеше түрлерге топтастырылады. Қазақ тілі сабақтарында осы технология аясында доклад, реферат, слайд, видеофильм, шағын қойылымдар, көрме ұйымдастыруға болады. Бұл тапсырмаларды әр оқушының қабілетіне қарап мұғалім өзі бөліп береді. Жоба тақырыптың өзектілігіне қарай бір екі сабақтық не апталық, айлық тіпті тоқсандық және жылдық мерзімде орындалады. Ең бастысы жоба тапсырмаларын беруде оқушылардың жас ерекшелігі міндетті түрде ескеріледі. Қазақ тілі сабақтарында жоба жұмысын жасату тиімді болып есептеледі. Мысалы үшін, бүгінгі таңдағы өзекті-тақырыптардың бірі - әлеуметтік желілер. Осыған орай 7-9 сыныптардың оқушыларына «Әлеуметтік желілердегі тілдік қолданыстар, тілдік ерекшелік, тіл тазалығы» т.б. сынды тақырыптарды ұсыну дұрыс секілді. Ал төменгі буын оқушыларына «Қазақ мультфильмдеріндегі этнографизм элементтері» тақырыбы аясында жоба жасауға болады. Жоғарғы сынып оқушыларына өздері болашақта таңдағалы отырған мамандықтары бойынша неологизм сөздерден «Терминологиялық сөздік құрастыру» тапсырмасы сәйкес келеді.

Сонымен егер де оқушы жоба тақырыбын дұрыс таңдай алып, оны өз деңгейінде орындап жатса, болашақта, ғылымда жаңалық ашар тұлғалардың бар екеніне кәміл сенуге болады. Оған дәлел ретінде жаһандану заманында, техникалардың тілін жетік меңгерген жапондықтар осы технологияны білім беру жүйелеріне әлдеқашан енгізгеніне қарап айтуымызға болады. Конфуцийдің «Естігенімді-

ұмытамын, көргенімді-есте сақтаймын, өзім істегенді меңгеремін» деген қанатты сөзі жобалап оқыту технологиясының негізі деп айтсақ та қателеспесіміз анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.// Қ.М., 2/6 шілде, 1999.
2. Килпатрик У.Х. «Метод проектов. Применение целевой установки в педагогическом процессе» (1928) /Спец.прилож. к журналу «Лицейское и гимназическое образование», вып. четвертый, 2003. - С. 26-6.
3. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. - С. 469-45

ӘӨЖ: 60:001.92

Қ.Қ. Мұқанова, Серік Берікбол

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Қазақстан Семей қ.

ОРТА МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН КОМПЬЮТЕРМЕН ОҚИТУ

Жастардың интеллектуалды потенциалының деңгейі еліміздің экономикалық, әлеуметтік, саяси дамуының ең маңызды факторларының бірі болып табылады. Ол әрине білім сапасымен тікелей байланысты.

Соңғы жылдары қоғамдық және әлеуметтік өмірде болып жатқан елеулі өзгерістер, барлық саладағы еңбек жағдайының түбегейлі өзгеруі, ғылыми-техникалық ақпараттар ағынының бұрын-соңды болып көрмеген қарқыны, басқа да саяси-әлеуметтік жағдайлар білім беру саласының алдына көптеген жаңа міндеттер қойып отыр. Сондай-ақ, ғылым мен техниканың даму қарқыны, адамзат баласының талап-талғамының өсуі, электронды есептеуіш құралдарының күнделікті өмірімізде кең көлемде қолданылуы ағарту саласында жаңа технологиялық әдістерді енгізуге ықпал ете отырып, оқу үрдісіне үлкен өзгерістер енгізуді, оқыту әдістемесін жетілдіре түсуді көздейді.

Бүгінгі таңда мультимедиялық үйретуші бағдарламалар, электрондық оқулықтар білімді ақпараттандырудың негізгі факторларының бірі болып саналады.

Мемлекеттік тілді жан-жақты меңгертуде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеу қазіргі кезеңде ең өзекті мәселелердің бірі.

Оқыту технологиялары оқу процесіне, сабақ түріне байланысты жан-жақты: проблемалық оқыту, ойын арқылы оқыту, тірек сигнал арқылы оқыту, компьютерлік оқыту, электронды оқыту, коммуникативтік технологиялар, инновациялық оқыту, жаңа технологиялар бойынша оқыту.

Сұрыпталған жаңа педагогикалық технологиялардың әрқайсысы – білім стандартында көзделген оқыту нәтижелеріне қол жеткізу жолындағы мақсат, мазмұн, әдістер мен құралдардың біртұтас қызметін ұсынатын оқыту технологиялары.

Компьютерлік оқыту технологиясы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей білу қабілетін және қызмет барысындағы іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған, қазақ тілін үйретуде алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін, нәтижелілігін қамтамасыз етуді көздейтін, берілген тілдік материалды жедел әрі сапалы меңгертуге бағытталады.

Компьютердің білім беру үдерісінде кеңінен қолданыла бастауына байланысты «Оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы», «ақпараттық технология» деген терминдер пайда болды.

Жалпы сабақ барысында компьютерлік технологияны қолданудың ерекшеліктерін қарастыру үшін, алдымен оның негізгі міндеттерін анықтап алған жөн. Ол үшін:

1 Жаңа ақпараттық оқыту технологиялары ұғымын айқындау қажет;

2 Ақпараттық технологияларды білім беруде қолдану және оны енгізу ұстанымдарын нақтылау қажет;

3 Сабақта ақпараттық технологияларды қолданудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау қажет.

1 Егер оқыту дегеніміз оқушыға тиісті ақпаратты жеткізу деген қағиданы ескерсек, онда В.Н. Глушковтың анықтамасы бойынша (ақпараттық технология – ақпаратты өңдеумен байланысты үрдіс), ақпараттық технология білім беруде үнемі қолданылып келе жатыр деген қорытынды жасауға болады. Сонымен бірге, әрбір педагогикалық технология ақпаратты оқушыға қалай тиімді жеткізу мәселесін қарастыратынын ескерсек, кез келген педагогикалық технология ақпараттық бола алады.

Демек, ақпараттық оқыту технологиялары білім беруде кеңінен қолданыла бастағаннан бұрынырақ пайда болған.

Ақпараттық технология мәселесін зерттеп жүрген В.М. Монахов, А.А. Кузнецов, В.В. Папов, В. Гузеев сияқты көптеген ғалымдардың тұжырымдарын талдай келе, Н.В. Апатов ақпараттық технологияның төмендегі түрлерін көрсетеді:

1. Компьютерлік оқыту жүйелері (оқыту машиналары, бағдарламалы оқыту)
2. Оқыту құралдары (ЛОГО, гипермәтін, мультимедиа, микромир)
3. Инструменталді жүйелер (мәліметтер базасы, бағдарламалау, авторлық жүйелер, топтық оқыту құралдары)

Көріп отырғанымыздай, жаңа ақпараттық технологиялар – техникалық және бағдарламалық қамтамасыз етілген компьютерлер.

Ал ғалым Е.В.Кудрявцеваның тұжырымын ескерсек, төмендегі қағидалар іске асқан жағдайда ғана ақпараттық технолгия жөнінде сөз қозғауға болады:

- педагогикалық технологияның негізгі ұстанымдарына негізделуі керек (алдын ала жобалау, тұтастық, мақсат айқындығы);
- дидактикада шешімін таппаған теориялық немес практикалық міндеттердің шешімін табу қажет;
- ақпаратты қабылдап, жеткізу құралы компьютер болуы тиіс.

Бұл жерде де басты құрал – компьютер екенін көруге болады. Сондай-ақ, Г.А.Боровский мен В.Л. Извозчиковтер де жаңа ақпараттық технологияларды білім беру үрдісінде оқытудың жаңа электрондық құралдарын, соның ішінде, компьютерді пайдаланумен байланыстырады. Мұндай көзқарасы басқа да көптеген ғалымдар қолдайды. Сондықтан «жаңа ақпараттық технология» терминін қысқартып «компьютерлік технология» деп те атайды.

Компьютерлік технология оқытушылардың оқыту әдістері мен оқу үдерісін ұйымдастыру түрлерін түбегейлі өзгертуге, оқу үдерісін үнемі жаңартып отыруға, оқытушылар мен үйренушілерге өзіндік және бірлесіп шығармашылық жұмыс істеулеріне мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпараттарды білуге жол ашады. Тыңдаушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдысын және олардың танымдық белсенділігін арттырады. Орфографиялық, лексикалық дағдыларын қалыптастырады. Компьютер әсіресе, тіл үйренушілердің әр түрлі тілдік жаттығу жұмыстарын орындау кезінде одан көп көмегін тигізеді. Негізінен мына әдіс-тәсілдер қолданылады:

- 1) Сұрақ-жауап диалогы, тапсырманың мәні компьютердің сұрағына тура жауап беру; сұрақ құрастыру үшін негізгі тілдік мәтін пайдаланылады.
- 2) Таңдап алынған жауаптар диалогы. Жауап беруші ұсынылған жауаптар тізбегінен өз жауабын таңдайды.
- 3) Бос орынды толтыруға арналған жаттығулар.
- 4) Сөздікті қаншалықты меңгергендігін бақылауға арналған жаттығулар: компьютер аударуды керек ететін сөздер тізімін ұсынады; орысша-қазақша жазылған сөздер ұсынылады. Олардың ішінен дұрыс эквиваленттерін тауып, жұп құрау қажет.

Компьютер интерактивті оқытудың жоғарғы сатысын қамтамасыз етеді. Бұл жаттығу жасау барысында оқушының іс-әрекеті компьютердің үнемі әрі тез реакциясы арқылы жүзеге асады. Оқушылар жұмыс қарқынын өздері белгілейтін болғандықтан, компьютерлік оқу өз бетімен оқудың принциптеріне толық жауап береді.

Компьютерге үйретуші техника ретінде қарау, оны қазақ тілін үйрету үшін пайдалану мүмкіндігі оқыту үдерісін өзгертті және оқыту әдістемесіне түбегейлі түрде әсер етті. Психологтардың пайымдауынша, сабақта әр түрлі компьютерлік технологияларды пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырады және өз қабілетіне сенімділігін тудырады.

Ғалым Қ. Қадашева былай дейді: «Жаңаша жаңғыртып оқыту, жоғары белсенділікті дамыту және деңгейлік оқыту әдістемелерін жоғары дәрежеде дамыту оқытудың техникалық және электронды құралдарын жан-жақты пайдаланғанда ғана толық орындалады. Бірақ оқытудың жаңа техникалық және электронды құралдарын тиімді пайдалану оқытушының шеберлігіне байланысты.

Қазақ тілін оқытуда компьютерді қолдану оқушылардың тек көру сезіміне ғана сүйеніп қоймайды. Компьютердегі дыбыстық, қозғалыс жасау, түрлі анимациялық мүмкіндіктер оқушылардың сезімдік дамулары арқылы ақыл-ой қызметінің де белсендірілуіне жайлы жағдайлар жасайды. Мультимедияның өзіне тән мүмкіндіктерін бай әрі мол етіп қолдана отырып, мәтінді оқытуда оны түрлі әдіс-тәсілдер арқылы кеңейте аламыз.

Компьютер арқылы мәтінді оқытуда қолданылатын оқу-әдістемелік материалдар өзара ерекше мазмұндағы жүйені құрайды. Компьютерді қолдану барысында оқушылардың компьютерлік сауаты дами түседі, қазақ тілін оқытудың көптеген міндеттері компьютерге «жүктеледі». Қазіргі кезде белгілі болып отырған компьютер арқылы оқытатын арнаулы мынадай программалар бар:

- Уордсток (сөздікпен жұмыс жасау программасы);
- Мэтчмастер (сәйкестіктерді іріктей алуға дағдыландыруға арналған программа);
- Чойсмастер (варианттарды іріктей алуға дағдыландыратын программа);
- Клоузмастер (бос орынды қажетті жауаппен толтыру дағдысын қалыптастыруға арналған программа);
- Кроссвордмастер (кроссвордтарды толтыруға үйрететін программа);
- Юнисаб (сөз немесе сөз тіркесін, дыбысты алмастыруға дағдыландыру программасы);
- Юнилекс (Мәтін бойынша сөздікпен жұмыс жасау программасы);
- Гэпмастер (жіберілген бос орындарды толтыруға дағдыландыру программасы);
- Пинпойнт (іздену, шешу, табу дағдыларын қалыптастыруға арналған программа);
- Спидрид (оқушыны шапшаң оқуға дағдыландыратын программа);
- Сториборд (мәтінмен жұмыс жасауға арналған программа);
- Тестмастер (сұрақ-жауап формасындағы тест алуға арналған программа).

Дидактикада оқыту процесіне сәйкес маңызды орын алатын - кері байланыс. Кері байланыс, әсіресе, оқушы үшін маңызды. Осы жол арқылы ғана оқушы өзінің білім алу әдістерін қалай меңгергенін керсете алады. Оқушының компьютерді қолдана отырып қазақ тілін үйренуі мұндай кері байланыстың жедел және белсенді өтілуіне мүмкіндіктер жасайды.

Мәтіннің мазмұны дауыстап, мәнерлі түрде жазылған, яғни мәтін компьютерде мультимедиялық жүйе арқылы берілген. Бұл бөлімде компьютердің дыбыстық, көру мүмкіншіліктері іске қосылып, оқушының көру, оқу, есту, тыңдау әрекеттері арқылы мәтіннің мазмұнымен танысуы басталады. Одан соң оқушылар компьютердегі мәтіннің оқылуына еліктеп, өздері солай оқуға дағдыланады. Мұғалім өзінің шеберлігіне сай бұл бөлім бойынша сабақта түрлі әдістер қолдана алады.

Жаңа әдістерді пайдалану – бүгінгі күннің талабы. Жаңаша жаңғыртып оқыту, интерактив әдістер, жаңа технологиялар тіл үйренушінің танымдық, білімдік белсенділігін тудыруға, уәждемесін тудыруға бағытталған. Қазақ тілін үйренуде бұл әдістер арқылы елеулі нәтижелерге жетуге болады. Бірақ бұның бәрі оқытушының шеберлігіне байланысты, оқытушы үнемі ізденісте болуы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Богалюбов В.И. Педагогическая технология: эволюция понятия. //Вопросы образования. – М., 1983. - №2. - С.125-132.
2. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1988. – 274 с.
3. Қараев Ж.А. Педагогическая технология обучения Караева. – Алматы, 1988. - 112 с.
4. Исабек Е.Н. Студенттерді компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлаудың теориялық және практикалық негіздері. Автореферат. – Алматы, 2005. -29 б.
5. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Тараз: ТарМУ, 2003.

УДК: 378.372

И.С. Мусатаева

Государственный университет имени Шакарима города Семей
Казахстан, г.Семей

КОМПЕТЕНТНОСТНЫЙ ПОДХОД В ОБУЧЕНИИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА

Все нововведения, любые инновации, связаны с развитием компетентностного подхода в образовательной системе. Нормативные документы, государственные программы описывают и указывают, нам какие компетенции помимо знаний, умений, навыков, необходимо развивать у обучаемых. И это касается всех уровней образования: школы, вузов и др.

Автор учебного курса «Компетентностно-ориентированное обучение в образовании» профессор, д.п.н. Громкова М.Т. предлагает к рассмотрению основные объективные факторы модернизации образования. Модернизация образования в мире – это совершенно объективный факт и он продиктован состоянием окружающего мира, а именно *стремительностью перемен в мире*. Мир

меняется и потому необходимо менять подходы в обучении, методологию. При этом, не перечив достигнутому, необходимо пересматривать существующие подходы. К этому обязывает состояние окружающего мира, где происходят стремительно перемены. И если во внешнем мире такая ситуация, чаще нестабильно, потому как стабильных ситуаций мало, они повторяются, но в другом виде, и потому во внутреннем мире должны происходить изменения, чтобы человек умел быстро адаптироваться, менять взгляд на самого себя, правильно понимать ситуацию и правильно принимать решения. И этому молодое поколение учиться у нас, педагогов за счет инновационных образовательных технологий.

Второй фактор влияние внешнего мира на внутренний – *увеличение плотности информационного пространства*. Для обучаемых, для учащейся молодежи в век бурного развития технологий главная задача – уметь правильно выбрать информацию, отобрать ее: это важно-неважно, нужно-ненужно. Для этого надо много понимать, надо информацию структурировать, кроме того, если мы адаптируемся к ситуации, то информацию необходимо генерировать, т.е. отбирать собственные мысли и знать, как эту информацию использовать. Этот фактор обязывает увеличить акцент значимости на работе с информацией, на умении работать с информацией. Сегодня когда шквал информации, ее бум, взрыв – информацию необходимо систематизировать, упорядочить. На это направлены все инновационные технологии в образовании...[1].

Осознание – поиск ответов на вопросы Для чего? Что? Как? – основа образовательного процесса. Сейчас в арсенал методов включаются методы проектные, исследовательские которые в основе имеют одни и те же компоненты: цель, содержание, способы.

К пониманию образовательного процесса: если мы начинаем действие из сознания, из внутреннего мира во внешний мир. Сначала это поварилось в нашем внутреннем мире, и у нас появился проект – с ним мы пошли во внешний мир. И обратно, если во внешнем мире мы что-то совершили и это совершенное мы начинаем осознавать. Это осознание включает в себя два взаимопроникающих процесса: проектирование и рефлексия.

При рассмотрении компетентностного подхода к реализации образовательных программ акцентируем внимание на различных состояниях сознания. Динамика внутреннего состояния с педагогической позиции: сначала учащийся находится в состоянии *Я – такой*, затем переходит в состояние *Я-осознающий*, т.е. готов отвечать на вопросы Для чего? Что? Как? затем переходит в состояние *Я – действующий*, т.е. совершает определенные действия. В изучении методики преподавания школьного курса определенного предмета будущим педагогам необходимо определить, какая цель стоит перед учителем.

Каждый день в своей педагогической деятельности можно наблюдать следующее: до входа учителя в класс всем ученикам хорошо – они находятся в естественном состоянии, они ничем не напряжены.

Вошел педагог, ученик уже ждут, что их начнут напрягать, так как учитель всеми известными ему способами, приемами переводит учеников в состояние осознанности, заставляет их осознавать: «Ой, для чего это мне это нужно?», «А что из этого я могу полезного извлечь?», «Что могу использовать?», «Как это знание в практике пригодится?». И перевести учащихся в это состояние Осознающих – очень сложно. И нельзя эту способность приобрести за один час или один день – это необходимы годы тренировок, профессиональный опыт, в котором мы пробуем и приемлемые, и неприемлемые приемы для того, чтобы держать аудиторию в состоянии, и из этого состояния не выйти, только разве для перехода в состояние *Я – действующий!*

Когда учащиеся все время в работе, что-то записали, что-то зарисовали, работают с опорными конспектами, и педагог дает указания, что делать? Что сопоставлять, что поставить под вопрос, что обсудить с соседом по парте – это все в руках учителя это все требует мастерства, педагогического мастерства.

Педагог должен уметь различать три состояния сознания ученика. Когда входит педагог в кабинет, класс, аудиторию, то обучаемые должны быть напряжены, активизированы образовательными технологиями – это есть профессиональная работа. Весь профессионализм педагога направлен на то, чтобы перевести обучаемых, с которыми работаем перевести из естественного состояния в состояние осознающий, используя все механизмы. Т.е. из слов ХОЧУ, и категории Потребности переводим в новую категорию мы ставим цель – ДЛЯ ЧЕГО.

Каждый компонент отдельной системы взаимодействует и в конечном счете влияет на формирование способов деятельности, подпитанных личностным самоопределением и оценкой своих действий... – это и есть процесс формирования компетенций. Применение наглядных средств,

применение педагогических инноваций повышают эффективность образовательного процесса, влияют на развитие и внимания, и памяти, и восприятия, и мышления – психологические механизмы.

Педагогический процесс – специально организованный процесс, ориентирован на подготовку компетентных выпускников. В педагогическом процессе продуктивно должны реализовываться активные и интерактивные технологии обучения, обеспечиваться достижение компетентностно-ориентированных результатов обучения.

Переход к компетентностному подходу в обучении приводит каждого преподавателя вуза к необходимости вести поиск инновационных образовательных технологий, улучшающих организацию и результаты образовательного процесса. Инновации связывают с разработкой и внедрением новых технологий, методов и средств. При этом самым актуальным остается вопрос, как повысить мотивацию учебной деятельности, как увеличить объем материала, изучаемого на занятии, как ускорить темпы обучения, как устранить потери времени и т. д. Внедрение более продуманных методов, использование активных форм, интерактивных технологий обучения позволяет преподавателю достичь наилучшего результата.

При подготовке будущих учителей большое внимание и основной акцент ставится на преподавание дисциплин, связанных с рассмотрением методики обучения школьных предметов. Основной целью изучения методических дисциплин является формирование профессиональной компетентности будущего учителя, т.е. овладение студентами необходимых для их будущей профессиональной деятельности компетенций:

1 Готовность применять современные методики и технологии для обеспечения качества учебно-воспитательного процесса на конкретной образовательной ступени конкретного образовательного учреждения;

2 Способность применять современные методы диагностирования достижений обучающихся;

3 Способность использовать возможности образовательной среды, в том числе информационной, для обеспечения качества учебного процесса;

4 Овладение ярко выраженной способностью к коммуникативному взаимодействию, воздействовать словом на собеседника и коллектив в разнообразных социальных ситуациях;

5 Умение использовать активные и интерактивные методы обучения, усиления самостоятельной и проектной работы и др.

Для повышения интереса к изучаемой теме, заинтересованности студентов в получении определенных компетенций мы применяем на занятиях интерактивные методы обучения, при этом студенты получают наглядный пример, приобретают некоторый опыт их использования. Наиболее эффективными, на наш взгляд, являются лекция-визуализация, лекция-беседа, применение опорных конспектов, игровые технологии, решение практико-ориентированных задач, моделирование ситуаций и т.п.

Мы подчеркиваем мысль ученых и акцентируем внимание будущего педагога на том, что от профессионализма учителя, его компетентности зависит не только успешное обучение учащихся в школе, но и успешность в жизни. Поэтому в работе учителя, должны оптимально сочетаться современные формы, методы, средства обучения, при которых развивается личность каждого ученика. Задача учителя заключается не в передаче знания, а в поддержке зарождающихся в самом ученике новых видов деятельности, обучении новым способам мышления. Ориентация учебного процесса на самостоятельную и поисковую деятельность, несомненно, обеспечивает умение использовать знания с наибольшей эффективностью. [2, с.76]

Далее мы рассматриваем, какие необходимо ставить цели изучения определенной темы, для чего, что и какими методами мы будем формировать компетенции учащихся, для этого рассматриваются методические особенности изучения вопросов. Очень сильно повышают учебную мотивацию игровые формы. Так на примерах решения задач и выполнения заданий на интерактивной доске студенты – будущие учителя информатики учатся использовать игровые технологии для закрепления знаний и формирования компетенций учащихся.

Рассмотренный опыт преподавания в высшей школе, опыт применения различных методов для повышения эффективности учебного процесса позволяют сделать вывод. Использование интерактивных методов обучения способствует развитию компетентностного подхода в вузе, что очень актуально на этапе модернизации системы высшего образования. Одним из важных качеств педагога является умение организовывать длительное и эффективное взаимодействие с обучаемыми. На примере преподавания дисциплин будущим учителям показано, что внедрение более

продуманных методов, использование интерактивных форм и новых технологий обучения позволяет повысить эффективность формирования профессиональной компетентности будущих специалистов.

В результате перехода на компетентностный подход обучения будущие педагоги будут способны ориентироваться в комплексе инновационных методов обучения, готовы пересмотреть методический материал и педагогический опыт с целью, их перевода на интерактивные методы обучения, способны использовать инновационные методы обучения в образовательной практике, способны создавать собственные методические пробы индивидуальных комплексов методов обучения, развивать собственный индивидуальный стиль организации образовательного процесса на основе инновационных методов обучения. Учитель должен знать принципы и логику компетентностного подхода в учебном целеполагании, классификацию, специфику и критерии выбора методов обучения, принципы оценки уровня интерактивности учебных занятий. Все работают на формирование компетенций обучаемых [3].

Современный учитель действительно творческий человек. К основным качествам, которые необходимо развить у будущего учителя, могут быть отнесены такие, как умение поставить творческую цель и её достигнуть, способность к быстрому переключению мыслей, умение планировать свою деятельность и осуществлять самоконтроль, стремление к повышению профессионального мастерства путём самообразования. Опыт преподавателей вуза в применение интерактивных методов обучения и общение со студентами являются основными источниками повышения мотивации будущего учителя к обучению.

Список литературы:

- 1 Громкова М.Т. Модульное обучение как основа компетенций (учебно-методическое пособие для преподавателей). - М: МСХА, 2009. – 90 с.
- 2 Стеклёнова С. Слагаемые профессиональной компетентности современного педагога в школе будущего // Материалы международной научной конференции «Актуальные вопросы современной педагогики» г. Уфа, 2011 – С. 76-79.
- 3 Мусатаева И.С. Повышение мотивации обучения будущих учителей информатики // Сборник статей Международная научно-практическая конференция «Роль психологии и педагогики в развитии общества» 23 июня 2015 г. - г. Уфа, РФ. – 2015. – С. 51-53

ӘӨЖ: 37.02; 371

Ж.М. Наурзбаева

«Семей көпсалалы колледжі» МЕМ
Қазақстан, Семей қаласы

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ САНА-СЕЗІМДЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАНУЫ

Қазіргі таңда еліміздің егемендік алуы әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуымызға байланысты көптеген өзгерістер енгізді. Әсіресе білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру, үздіксіз білім берудің бірыңғай жүйесін құру, оқу мен тәрбие үрдісінің сапасын жоғарлату мен білім беру үрдісінде оқушылардың тұлғалық сана-сезімдерінің дамыту болды.

Білім беру үрдісінде жеткіншектердің тұлғалық сана-сезімдерінің қасиеттерін қалыптастыра отырып, болашағына жол сілтеу – қазіргі таңда ауқымды мәселе. Өйткені, тұлғалық сана-сезімдерін қалыптастыру тек білім берумен ғана шектелмейді, яғни ол үшін мектепте өткізілетін тәрбие жүйесінің іс-шаралары оқушылардың болашақта парасатты, білікті, мәдениетті, білімді және дүниетанымы жоғары болып, еліміздің мәртебелі азаматы болуына ықпалын тигізуіне түйінделуі қажет. Сондықтан да, жеткіншектердің тұлғалық өзіндік сана-сезімдерінің психологиялық ерекшеліктерін ғылыми-теориялық тұрғыда қарастырып, дәріптеу қажет.

Адамның тұлға ретінде қалыптасуы, іс-әрекет барысында белсенді түрде өзгеріп және іс-әрекетті де өзгертетін табиғат, әлеуметтік орта және сол тұлғаның күрделі арақатынасы арқылы жүріп жатады. Өзгерту барысында әсіресе еңбек іс-әрекеті үрдісінде, адамдар бір-бірімен белгілі қоғамдық байланыс және қарым-қатынасқа түседі. Адамның тұлға ретінде қалыптасуы, негізінен қоғамда қалыптасқан қарым-қатынас жүйесімен анықталып, сол тұлғаның осы қатынас шартына орай іс-әрекетінің қалыптасуына және сол қоғамның басқа мүшелерімен қарым-қатынасына байланысты болады.

Адамның қоғамдық қатынас жүйесіндегі орны мен әлеуметтік ортаның әсерінің өзі, адамның жас ерекшелігіне орай өзгеріледі. Бұл жеткіншектердің тұлғасын мақсаттылықпен қалыптасуын, ұйымдастырылуына байланысты сарапталған көзқарастардың қажеттілігін анықтайды. Адамның тұлға ретінде қалыптасуында жеткіншек жас маңызды орын алады. Бұл жас кезеңінің, адамның тұлға ретінде қалыптасуындағы ерекше маңыздылығы 10-16 жастағы баланың дамуындағы сапалы өзгерістерге байланысты болып келеді. Осы жастағы бала, жаңа әлеуметтік тәжірибесін меңгеріп, жаңа қоғамдық қатынасқа және байланысқа түсе бастайды. Қатынас жүйесіндегі жеткіншектің орны өзгеруі, іс-әрекеттің жаңа негіздерінің дамуына байланысты. Іс-әрекеттің бұл жаңа негіздері, осы жас кезеңінің ерекшелігіне тән жаңа өзара байланыс қарым-қатынас жүйесін тудырады.

Дегенмен, психикалық дамудың әр кезеңіндегідей, жеткіншек үшін маңызды болып іс-әрекеттің негізгі түрлері саналады. Жеткіншектің тұлғалық дамуының қайнар бұлағы негізгі іс-әрекетпен ғана таямдамағанымен, сол негізгі әрекет оның бойында маңызды өмірлік қажеттіліктерді қалыптастырып, өскелең ұрпақтың бейнесін анықтайды.

Жеткіншек жас кезеңіне тән ерекшеліктерді және олардың айналысатын түрлі іс-әрекеттерінің ықпалын зерттеу нәтижесі, көптеген ғалымдардың пікірін, яғни жеткіншектердің тұлғасының қалыптасуында негізгі орынды еңбек іс-әрекеті алады, - деген қорытынды жасауға түйіндейді. Бірақ, жеткіншектің тұлғалық дамуы еңбек іс-әрекетінің бөлек түрлері арқылы іске аспай, сол іс-әрекеттерді белгілі бірлік жүйесіне байланысуын ұйымдастыру жолмен ғана жүзеге асып отырады. Мұндай ұйымдастыру жүйесі, жеткіншектің тұлғалық қалыптасуына еңбектің нәтижелі психологиялық ықпалымен қамтитын, белгілі шарт пен қағидаларын ескеруді көздейді.

Мінез-құлықтары ауытқыған жеткіншектердің қайта тәрбиелеу мақсатына жету де, психологиялық ықпалдың мазмұны, шарты, жүйелері тиымды болуы, адамның тұлға ретінде қалыптасу үрдісінде биологиялық жағдай емес әлеуметтік жағдайдың рөлі жоғары екенін көрсетеді. Жеткіншек жасы, қауіп-қатерлі топқа енетін кезең болып саналады. Белгілі кеңес психологтары мен педагогтарының, яғни Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, Л.И.Божович, Л.В.Мудрик, В.А.Сухомлинский, И.С. Кон еңбектерінде жеткіншек кезеңінің ерекшеліктері баяндалған.

Л.С. Выготскийдің пікірі бойынша адамның тұлғасы өзінің енген қарым-қатынастарының кешенді әсерінің нәтижесінде дамиды. Тұлға – бұл қоғамдық-тарихи дамудың өнімі. Адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның орындайтын іс-әрекеті – бұл оның тұлғасының қалыптасуын анықтайтын жағдайлар. Тұлғаның қалыптасуы адамның менездемесі үшін маңызды орын алады, яғни оның мінез-құлық пен іс-әрекетінің жоғары саналы формаларын қамтамасыз етіп, оның ақиқатқа байланысты барлық қарым-қатынастарының бірлігін құрайды. Нәтижесінде адамның кез-келген реакциялары және ішкі аффективті өмірінің құрылымы оның әлеуметтік тәжірибе барысында жинақталған тұлғаның ерекшеліктерімен анықталады. Тұлғаның қалыптасуы биологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты екені мәлім. Сонымен қатар, тұлғаның дамуында негізгі болып нақтылы тарихи орта саналады. Оқушылардың тұлғасының дамуы, механизмді құрастыратын көптеген ішкі және сыртқы факторларға тәуелді болып келеді. Л.С. Выготскийдің: «баланың психикасы әлеуметтік табиғатқа ие» ... - деген пікірі осыған негізделеді [1]. Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша, баланың тұлғалық дамуы, оның дамуындағы әлеуметтік жағдайлармен байланысты.

И.П. Божович [2] және оның әріптестері түрлі жас шамасындағы балалардың тұлғасын қалыптастырудың қозғаушы күштерін қарастырады. Бірінші кезеңде оқушының оқу іс-әрекетімен тығыз байланысты мотивтері зерттелді. Олар зерттеу барысында тікелей оқу іс-әрекетінен шығатын әлеуметтік мотивтердің және мотивтердің әртүрлі жас шамасындағы арақатынастарының ерекшеліктерін анықтады.

Сонымен тұлға – бұл, адам өзінің психикалық дамуының жеткілікті тұрғыдағы жоғары деңгейіне жетуі. Оның ең маңызды сипаттамасы ол ақиқатты тұрғыда тұлға болуы, яғни өзінің мақсат, міндеттеріне сәйкес өмір жағдайын өзгерту мен кездейсоқтықа үстемдік жасауға, өз-өзін саналы түрде реттеуге қабілетті болуына түйінделеді.

Сонымен кеңес психологтары әлеуметтік және жеке өмірі барысында қалыптасатын біртұтас жүйе ретіндегі, өмір барысында тұлғалық құрылымдар ретінде біртіндеп қалыптасатын тұлғаның әр түрлі жақтары қарастырылатын тәжірибелік және теориялық іс-әрекет субъектісі ретіндегі тұлға жайлы ілімді жасады. Тұлғаны зерттеудегі өзіндік сана-сезім мәселесі күрделі болып есептеледі. Өзіндік сана-сезім «тұлға психологиясын тудырған өмірлік мағынасы зор мәселе» - деп қарастырған А.Н. Леонтьев [3] оны «ғылыми-психологиялық талдаудан тысқары қалған» шешімін таппаған мәселе ретінде қарастырады.

А.Н. Леонтьев өзіндік сана-сезімді «өзін қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінде мойындау» - деп қарастырады. Автордың тұжырымдаған көзқарасы бойынша өзіндік сана-сезім ерекше жағынан

көрінеді, бұл кез-келген өзіндік таным, өзіндік сипаттама бола бермейді. Тұлғаның өзіндік сана-сезімі оның психологиялық мағынасын құрайтын негізіне – оның іс-әрекеттерді өзінше тасымалдау амалына – бағытталады. Леонтьевтің айтуынша, өзіндік сана-сезімнің негізгі қызметі – тұлға үшін өзі қабылдайтын немесе қабылдамайтын өзіндік мағынасына жол ашу [3].

В.А. Крутецкий [4], К.К. Платонов [5], П.Р. Чамата [6] өзіндік сана-сезімдегі адамның өзіндік «Мен»-ін мойындауы мен қоғамдағы өзіндік әрекеттерін белсенді түрде реттеп отыруын атап көрсетеді. В.С. Мерлин ұстанымы бізді ерекше қызықтырды, ол өзіндік сананы тұлғаға тікелей жатқызбайды, іс-әрекет субъектісі ретінде айтады. Ол өзіндік сана-сезімді іс-әрекет барысында орын алатын субъект қарым-қатынастарынан кейінгі орынға қояды [7].

Сонымен қатар, кеңес психологиясында тұлғаның жалпы құрылымындағы өзіндік сана-сезім оның психикалық іс-әрекетінің күрделі интегративтік қасиеті ретінде қаратырылады. Л.С. Выготский «өзіндік сана-сезім ішке ендірілген әлеуметтік сана» - деп есептейді [1]. Адамның оны меңгеруіне интериоризация негіз болады. Онтогенездің әр түрлі кезеңіндегі өзіндік сананың этнопсихологиялық, жыныстық, жас ерекшеліктерін қарастыратын эксперименттік зерттеулердің бір тобы адам тұлғасының қалыптасу мен дамуына қатысты кешендік көзқарастар аясында Ж.И. Намазбаеваның басшылығымен жасалуда [8]. Тұлғаның этномәдениеттік ерекшеліктері мен оның өзіндік санасына талдау жасау мәселесі жаңа әлеуметтік жағдайлар барысында маңызды орын алып, психологиялық зерттеулерде көп байқалады.

Сонымен қатар, ғылыми ұғымға сүйенетін теориялық ойлаудың пайда болуы және дамуы (санаға сиятын және сөз арқылы білінетін жаңа құрылым) жеткіншек кезеңінде анық көрінетін оқушы психикасындағы көптеген өзгерістердің бастауы болады. Ол жеткіншекке жаңа мазмұнды игеруге мүмкіндік береді, танымдық қызығушылықтардың жаңа түрін қалыптастырады, жеткіншек тұлғасындағы өзгерістерді түсінуге қажетті, әлемге деген кеңірек көзқарасты тудырады, «ойға ойды бағыттай» білуді – рефлексияны – пайда болдырады, сондай-ақ, өзінің психикалық үрдістері мен өз тұлғасының барлық қасиеттерін танып білуге әкеледі. Бұл оның бойындағы жаңа сана-сезімнің қалыптасуын білдіреді. Сана-сезімінің және оның маңызды жағының - өзін-өзі бағалаудың – дамуы күрделі әрі ұзақ үрдіс. Бұл үрдістің жеткіншекке ғана тән біртұтас уайымдармен өтетінін осы ерекшелігімен айналысқан барлық психологтар байқаған. Олар жеткіншекке тән сабырсыздықты, қызбалықты, көңіл күйінің жиі өзгергіштігін, кейде басылып қалғандықты және т.б. байқаған. Жеткіншектің өзін-өзі бағалауы іштей жиі қайшылықты болады; ол өзін саналы түрде маңызды тұлға ретінде қабылдайды, өзіне, өзінің қабілеттеріне сенеді, өзін басқа адамдардан жоғары ұстайды. Осымен қатар оның ішінде өз санасына жолатқысы келмейтін күмән болады. Бірақ, бұл санадағы сенімсіздік уайымдау кезінде, көңіл-күйі нашар болғанда, белсенділігі төмендегенде және т.б. өзін білдіреді. Бұл жағдайлардың себебін жеткіншек өзі түсінбейді, бірақ бұлар оның өкпелегіштігінен, дөрекілігінен, айналасындағы ересектермен жиі жанжалдасуынан көрінеді. Кейде мынадай пікір айтылады: дәстүрлі психологияда жиі әрі егжей-тегжейлі сипатталған осы және басқа кейбір сипаттар (мәселен, өзін-өзі сендіруге ұмтылу, жалғыздық сезімі, өзіне-өзі ену) қоғам жағдайында дамитын жеткіншекке ғана тән, яғни шығу тегі белгілі бір тарихи себепке сай болып саналады. Өмір үлгісі мен тәрбие адам тұлғасының ерекшеліктеріне өз таңбасын салатыны сөзсіз. Бала ересек болған сайын, оның бойынан жеке тәжірибе нәтижесі көбірек көрінетінін атап айтқан жөн. Соңғы кездегі психологиялық зерттеулер тұлғаның тұрақтылығын және оның өзін-өзі реттеуін қалыптастыру үшін субъектіні алыс мақсаттарға бағыттаудың ролінің қаншалықты екенін айқын көрсетеді. Субъектінің психологиялық құрылымы мен мінез-құлқы үшін болашақ мақсаттардың шешуші маңыздылығына К. Левин де көңіл аударған. Ол өзінің тұлға туралы ілімінде мынаны дәлелдейді: адамның өз алдына қоятын мақсаттары, оның қабылдайтын ниеттері, күші мен басқа динамикалық қасиеттері бойынша шынайы қажеттіліктерден айырмашылығы жоқ, өзінше бір қажеттіліктер болып табылады. Және де жеке адам енетін «өмір кеңістігі» неғұрлым кең болса, соғұрлым алыс мақсаттар маңыздырақ болады. Субъектінің болашақ мақсаттарға бағытталған құндылықты бағдарлары уақытша мақсаттарды өзіне бағындыра отырып, субъектінің мінез-құлқын, эмоцияларын және рухани жағдайын айқындайды. Сонымен, жеткіншектердегі тұрақты тұлғалық көзқарастар оны мақсатқа ұмтылғыш жасайды, ол іштей жинақы және ұйымдасқан болады.

Тұлғаның өзіндік сана-сезімін зерттеуге гуманистикалық психология өкілдері де, яғни А.Маслоу, Р.Кэттел, К.Роджерс және т.б. айтарлықтай үлес қосты. Гуманистік психология тұрғысынан қарағанда, адамның өзіндік табиғаты оны тұлғалық шығармашылығын өсуі мен өзіндік жетілуіне ұдайы түрде бағыттап отырады, бұған төтенше жағдайлар кедергі жасап қалмаса. Осындай теориялардың көбі адамның ішкі тәжірибесінің дамуы мен құрылымын сипаттауға бағытталады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Выготский С.Л. Психология развития как феномен культуры. – М., 1996.
2. Божович Л.И. Проблемы формирования личности. /под. ред. Д.И. Фельдштейн. - Москва-Воронеж, 1995. – 325 б.
3. Леонтьев А.Н. Деятельность, сознание, личность. – М., 1975.
4. Крутецкий В.А. Психология обучения и воспитания школьников. – М., 1976. – 37 б.
5. Платонов Г.К. Структура и развитие личности. / отв. ред. А.Д. Глоточкин. – М.: Наука, 1986.
6. Чамата П.Д. К вопросу о генезисе самосознания личности - в книге: I Проблемы сознания. - М., 1968.
7. Мерлин В.С. Структура личности: характер, способности самосознание. Нормы. Пермский гос.пед.институт - М., 1990.
8. Намазбаева Ж.И. Развитие личности учащихся вспомогательных школ. Автореф.дис.докт. - М., 1986. – 135 б.
9. Бехтерев В.М. Сознание и его границы. - М., 1988.

УДК: 378.02

Л.А. Никитина

Алтайский государственный педагогический университет
Россия, г. Барнаул

ОРГАНИЗАЦИЯ СОВМЕСТНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ – ИННОВАЦИОННЫЙ РЕСУРС ИЗМЕНЕНИЯ КАЧЕСТВА МЕТОДИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА

Для инновационного развития образования принципиальное значение имеет вовлеченность педагогов в постановку и решение задач такого развития. Речь идет не просто об исполнении требований повышения качества образования или поддержке педагогами административных инициатив по реформированию образования. Речь идет о порождении инициатив по совершенствованию организации образования на «местах», постановке и решении задач инновационного развития образования в каждом образовательном учреждении, что предполагает изменения качества педагогической деятельности, всех уровней ее организации, в том числе и методической организации урока. Такие изменения в педагогической деятельности обеспечиваются участием педагогов в решении задач инновационного развития образования и становлением исследовательской компетентности, необходимых для постановки и решения этих задач.

Выделение совместной деятельности в качестве особого предмета и содержания образования способствовало появлению нового направления в педагогике – педагогики совместной деятельности (Г.Н. Прокументова) [1]. основополагающим для данного направления является понимание совместного действия педагога и ребенка как особой единицы содержания общего и профессионального образования; различие моделей соорганизации участников деятельности (авторитарной, лидерской, партнерской), обоснование зависимости содержания совместной деятельности от позиции педагога. В научных исследованиях представителей педагогики совместной деятельности разработаны условия развития диалогического содержания педагогической деятельности (Е.Н. Ковалевская), раскрыты механизмы формирования норм совместной деятельности в инновационной школе (Л.А. Сорокова), рассмотрены особенности и влияние на качество образования учащихся открытого совместного действия взрослого и ребенка в начальной школе (С.И. Поздеева), раскрыта сущность и влияние образовательного проектирования на становление субъектной позиции участников совместной деятельности (И.Ю. Малкова), обосновано изменение качества образования становлением субъектной позиции педагога в совместной деятельности (О.Н. Калачикова). Для теории и методики профессионального образования эти исследования значимы в плане изменения содержания подготовки будущего учителя, выбора способов ее организации, создания новых подходов в оценивании качества профессиональной подготовки.

В связи с выделением совместной деятельности в качестве предмета и содержания образования меняется и направленность методической подготовки будущего педагога - овладение способами организации совместной деятельности [2, 3, 4]. Совместность, как качество деятельности, проявляется в том, что педагогу необходимо «соотнести свой интерес и интерес учащихся, как субъектов деятельности, в построении цели образования», занимая при этом позицию со-участника,

посредника, партнера; изучать «образовательные ресурсы и дефициты» в организуемой деятельности с детьми; вовлекать обучающихся в исследование собственного образования», привлекая для этого необходимые методические средства. Сложность для студентов представляет не только различие и принятие совместности, как способа организации взаимодействия, понимание позиции учителя и детей, но и особенности ее методической организации. Однако присвоение различных способов методической организации совместной деятельности становится возможным благодаря вовлечению студентов в исследовательскую деятельность, которая не является деятельностью по открытию нового знания (что свойственно научной деятельности), а направлена на «добывание и использование знания для решения задач организации профессиональной деятельности».

В методической подготовке исследовательская деятельность – это выбор методических средств в организации совместной деятельности. В процессе формирования у студентов исследовательской компетентности как раз и происходит открытие ими совместной деятельности как предмета организации их методической подготовки, овладение такими ее компонентами, как исследовательские умения по организации ситуаций совместной деятельности; исследовательские действия по различению и использованию разных моделей совместной деятельности и средств их методической организации; исследовательские компетенции проектирования методических средств для организации совместной деятельности; исследовательская позиция, проявляющаяся в обосновании студентами выбора методических средств по организации совместной деятельности.

Вовлеченность будущего педагога в исследование изменяет и методическую организацию урока, на котором предметом выступает организация совместной деятельности с учащимися с помощью методических средств. Организуя совместную деятельность на уроке, учитель переключает свое внимание со структуры урока, сохранения его последовательности, схемы на само взаимодействие с детьми, исследуя условия организации этого взаимодействия при помощи методических средств. Это позволяет говорить о различных способах методической организации совместной деятельности на уроке (МОУ):

- *поведенческо-ориентированный способ* МОУ, который характеризуется тем, что педагог на уроке ориентирован на передачу (трансляцию) знаний детям, поэтому он организует работу детей в строгом соответствии с подготовленным конспектом урока, методическая организация деятельности на уроке осуществляется педагогом на основе восстановления существующих схем методических приемов;

- *деятельностно-ориентированный способ* МОУ проявляется в том, что учитель ставит задачу организации совместной деятельности с детьми на уроке и вовлекает их не только в постановку цели на уроке, но и строит вместе с ними процесс открытия знания, он ориентируется на действия детей. Поэтому у педагога появляется необходимость исследования ситуаций совместной деятельности, что заставляет менять методический прием, схему урока;

- *исследовательско-ориентированный способ* МОУ, который характеризуется тем, что педагог, ориентируясь на решение задач инновационного развития образования, на инициативы детей, ставит задачу организации совместного поискового действия. Поэтому педагог начинает выбирать и обосновывать выбор методических средств в организации совместной деятельности, преобразовывать методические приемы, ориентируясь на организуемую деятельность, занимать исследовательскую позицию [5].

Состав прогностических умений можно представить следующим образом: выдвижение педагогических целей и задач; отбор способов достижения педагогических целей; предвидение результата, возможных отклонений и нежелательных явлений; определение этапов (или стадий) педагогического процесса; распределение времени; планировать совместно с учащимися жизнедеятельности.

В зависимости от направленности педагогической задачи прогностические умения можно объединить в три группы (таблица-1).

Таблица 1 - Прогностические умения в зависимости от направленности педагогической задачи

ПРОГНОСТИЧЕСКИЕ УМЕНИЯ
<i>Умения прогнозировать развитие коллектива, динамику его структуры, развитие системы взаимоотношений, изменение положения актива и отдельных учащихся в системе взаимоотношений и т.п.</i>
<i>Умения прогнозировать развитие личности: ее качеств. Чувств, воли и поведения, возможных отклонений в развитии, трудностей в установлении взаимоотношений со сверстниками и т.п.</i>
<i>Умения прогнозировать ход педагогического процесса, образовательные, воспитательные и развивающие возможности учебного материала</i>
<i>Уметь видеть затруднения учащихся в учении и других видах деятельности; результаты применения тех или иных методов, приемов и средств обучения и воспитания и т.п.</i>

Умения педагогического прогнозирования требуют от педагога овладения такими методами интеллектуальной деятельности, как моделирование, выдвижение гипотез, мысленный эксперимент, экстраполирование и др.

В *проективных умениях* триада «анализ - прогноз - проект» предполагает выделение и специальной группы умений, проявляющихся в материализации результатов педагогического прогнозирования в конкретных планах обучения и воспитания. Разработка проекта педагогической деятельности означает прежде всего перевод на педагогический язык целей обучения и воспитания, их максимальную конкретизацию и обоснование способов их поэтапной реализации. Следующим шагом является определение содержания и видов деятельности, осуществление которых обеспечит развитие прогнозируемых качеств и состояний учащихся. При этом важно предусмотреть сочетание различных видов деятельности и проведение специальных мероприятий в соответствии с поставленными задачами.

Планы обучения и воспитания как проекты деятельности педагога могут быть перспективными и оперативными.

К последним относятся планы уроков и воспитательных мероприятий.

Понятно, что оперативное планирование требует от педагога владения целым рядом конкретных узко методических умений, приводящих к материализации проекта проведения беседы, урока или экскурсии в плане, плане-конспекте или конспекте в зависимости от опыта педагога.

Логика разработки проекта педагогической деятельности диктует и соответствующий состав проективных умений (таблица-2).

Таблица 2 - Разработка проекта педагогической деятельности и соответствующий состав проективных умений

ПРОЕКТИВНЫЕ УМЕНИЯ
<i>Переводить цели и содержание образования в конкретные педагогические задачи</i>
<i>Учитывать при определении педагогических задач и отборе содержания деятельности учащихся их потребности и интересы, возможности материальной базы, свой опыт и лично-деловые качества</i>
<i>Определять комплекс доминирующих и подчиненных задач для каждого этапа педагогического процесса</i>
<i>Отбирать виды деятельности, адекватные поставленным задачам и планировать систему совместных творческих дел</i>
<i>Планировать индивидуальную работу с учащимися с целью преодоления имеющихся недостатков и развития их способностей, творческих сил и дарований</i>
<i>отбирать содержание, выбирать формы, методы и средства педагогического процесса в их оптимальном сочетании</i>
<i>планировать систему приемов стимулирования активности школьников и сдерживания негативных проявлений в их поведении</i>
<i>планировать способы создания лично развивающей среды и поддержания связей с родителями и общественностью</i>

Рефлексивные умения имеют место при осуществлении педагогом контрольно-оценочной деятельности, направленной на себя. Ее обычно связывают лишь, с завершающим этапом решения педагогической задачи, понимая как своеобразную процедуру по подведению итогов педагогической деятельности. Между тем следует выделить такие виды контроля, как контроль на основе соотнесения полученных результатов с заданными образцами; контроль на основе предполагаемых результатов действий, выполненных лишь в умственном плане; контроль на основе анализа готовых результатов фактически выполненных действий. Все они в равной мере имеют место в педагогической деятельности, хотя и рассредоточены по этапам решения педагогической задачи. Бесспорно, особого внимания заслуживает контроль на основе анализа уже полученных результатов и, в первую очередь, применительно к деятельности учителя предметника [3].

Для эффективного осуществления этого вида контроля педагог должен быть способен к рефлексии, позволяющей разумно и объективно анализировать свои суждения, поступки и, в конечном итоге, деятельность с точки зрения их соответствия замыслу и условиям. Признание рефлексии как специфической формы теоретической деятельности, направленной на осмысление

своих собственных действий, позволяет говорить об особой группе педагогических умений - рефлексивных. Их выделение обусловлено рядом причин. Во-первых, анализ результатов педагогической деятельности без тщательного анализа условий их получения не может считаться нормой. Известно, что высокие результаты в педагогической деятельности могут быть получены как за счет существенного увеличения времени на решение педагогических задач, так и за счет перегрузки учащихся и учителей. Это так называемые экстенсивные пути повышения эффективности деятельности педагога. Во-вторых, отрицательные результаты также могут иметь разные причины. Для педагога всегда очень важно установить, в какой мере как положительные, так и отрицательные результаты являются следствием его деятельности. Отсюда и необходимость в самоанализе собственной деятельности. Он обычно идет в соответствии с основными компонентами деятельности, а это, требует особых умений анализировать (таблица-3).

Таблица 3 - Основные компоненты деятельности требующие особых умений анализировать

УМЕНИЯ АНАЛИЗИРОВАТЬ
<i>1) правильность постановки целей, их "перевода" в конкретные задачи и адекватность комплекса решавшихся доминирующих и подчиненных задач исходным условиям</i>
<i>2) соответствие содержания деятельности воспитанников поставленным задачам</i>
<i>3) эффективность применявшихся методов, приемов и средств педагогической деятельности</i>
<i>4) соответствие применявшихся организационных форм возрастным особенностям учащихся, содержанию материала и т.п.</i>
<i>5) причины успехов и неудач, ошибок и затруднения а ходе реализации поставленных задач обучения и воспитания</i>
<i>6) опыт своей деятельности в его целостности и соотносённости с выработанными наукой критериями и рекомендациями</i>

В данной ситуации рефлексия – это не просто знание или понимание субъектом педагогической деятельности самого себя, но и выяснение того, как другие (учащиеся, коллега, родители) знают и понимают «рефлексирующего», его личностные особенности, эмоциональные реакции и когнитивные (связанные с познанием) представления [4].

Практическая готовность педагога в структуре его профессиональной компетентности выражается во внешних (предметных) умениях - умениях педагогически действовать. К ним относятся *организаторские и коммуникативные умения*.

Организаторская деятельность педагога обеспечивает включение учащихся в различные виды деятельности и организацию деятельности коллектива. Особое значение организаторская деятельность приобретает в воспитательной работе. К организаторским умениям как общепедагогическим можно относит *мобилизационные, информационные, развивающие и ориентационные*. *Мобилизационные* умения связаны с привлечением внимания учащихся и развитием у них устойчивых интересов к учению, труду и другим видам деятельности; формированием потребности в знаниях и вооружением учащихся навыками учебной работы и основами научной организации учебного труда; актуализацией знаний и жизненного опыта воспитанников с целью формирования у них творческого отношения к окружающему миру; созданием специальных ситуаций для проявления воспитанниками нравственных поступков; разумным использованием методов стимулирования, созданием атмосферы совместного переживания и т.п. *Информационные* умения связаны только с непосредственным изложением учебной информации, в то время, как они имеют место и в способах ее получения. Это умения и навыки работы с печатными и компьютерными источниками, умения дидактически ее преобразовывать, т.е. интерпретировать и адаптировать информацию к задачам обучения и воспитания. В процессе непосредственного общения с учащимися информационные умения проявляются в способности ясно и четко излагать учебный материал, учитывая специфику предмета, уровень подготовленности учащихся, их жизненный опыт и возраст; логически правильно строить и вести конкретный рассказ, объяснение, беседу, проблемное изложение; органично сочетать использование индуктивного и дедуктивного путей изложения материала; формулировать вопросы в доступной форме, кратко, четко и выразительно; применять технические средства, электронно-вычислительную технику и средства наглядности; выражать мысль с помощью графиков, диаграмм, схем, рисунков; оперативно диагностировать характер и уровень усвоения учащимися нового

материала с использованием разнообразных методов; перестраивать в случае необходимости план и ход изложения материала. *Развивающие умения* предполагают определение "зоны ближайшего развития" отдельных учащихся и класса в целом; создание проблемных ситуаций и других условий для развития познавательных процессов чувств и воли воспитанников; стимулирование познавательной самостоятельности и творческого мышления, потребности в установлении логических и функциональных отношений; формулирование и постановку вопросов, требующих применения усвоенных знаний, сравнений и самостоятельных умозаключений; создание условий для развития индивидуальных особенностей, осуществление в этих целях индивидуального подхода к учащимся. *Ориентационные умения* направлены на формирование морально-ценностных установок воспитанников и научного мировоззрения, их отношения к труду, явлениям природы и общества, идеалов и других мотивов поведения; привитие устойчивого интереса к учебной деятельности и науке, к производству и профессиональной деятельности, соответствующей склонностям и возможностям детей; организацию совместной творческой деятельности, имеющей своей целью развитие социально значимых качеств личности. *Организаторские умения* педагога неразрывно связаны с коммуникативными, от которых зависит установление педагогически целесообразных взаимоотношений педагога с учащимся, коллегами, родителями. Одна из особенностей деятельности педагога в решении педагогических задач происходит на фоне непрерывно осуществляющегося педагогического общения. Такое общение - есть система приемов социально-психологического взаимодействия педагога и учащихся, целью которого является организация взаимоотношений с помощью коммуникативных средств. В процессе общения педагога и ученика не только реализуются функции обучения и воспитания, но и решаются другие, не менее важные, педагогические задачи.

Коммуникативные умения педагога структурно могут быть представлены как взаимосвязанные группы перцептивных умений, собственно умений общения и педагогической техники. *Перцептивные умения* раскрывают проблем восприятия человека человеком, позволяет очертить круг умений, необходимых педагогу на этапе изучения особенностей другого субъекта общения. Они сводятся к наиболее общему умению понимать других (учащихся, учителей, родителей). А для этого необходимо знание прежде всего ценностных ориентации другого человека, которые находят выражение в его идеалах, потребностях и интересах в уровне притязаний. Необходимо также и знание имеющихся у человека представлении о себе, знаний того, что человеку в самом себе нравятся, что он приписывает себе, против чего возражает. Не менее важным, чем умение понимать других, является умение внести в центр своей системы ценностных ориентации другого человека [5].

Совокупность перцептивных умений можно представить следующим взаимосвязанным рядом. Совокупность перцептивных умений: Воспринимать и адекватно произносить информацию от партнера по общению и от себя, получаемых в ходе совместной деятельности; Проникать в личностную суть других людей, устанавливая индивидуальное своеобразие человека и определять его внутренний мир; Определять состояние человека, его причастность или непричастность к тем или иным событиям по незначительным признакам; Находить в действиях и других проявлениях человека признаки, делающие его непохожим на других; Видеть главное в другом человеке, правильно определять его отношение к социальным ценностям, учитывать в поведении людей.

Данные об учащихся, полученные в результате «включения» перцептивных умений, составляют необходимую предпосылку успешности педагогического общения на всех этапах педагогического процесса.

Список литературы:

1. Абульханова-Славская К.А. Акмеологическое понимание субъекта // Основы общей и прикладной акмеологии. - М., 1995. - С. 85-97.
2. Антонова Н.В. Личностная идентичность современного педагога и особенности его общения // Вопр. психол. - 1997. - № 6. - С. 23-30.
3. Еремеева Л.И. Пастухова И.П. Совершенствование профессионализма педагогической деятельности преподавателей вуза: проблемы и перспективы и качество образования: концепции, проблемы: Мат. конф. - Новосибирск, 2000. - С. 162.
4. Исаев Е.И., Косарецкий С.Г., Слободчиков В.И. Становление и развитие профессионального сознания будущего педагога // Вопр. психол. - 2000. - № 3. - С. 57-66.
5. Мокин Н.В., Меньшикова Т.Д. Ускорить становление начинающего преподавателя // Качество образования: концепции, проблемы: Материалы конф. - Новосибирск, 2000. - С. 165.

О.С. Сангилбаев¹, Г.К. Джумажанова², Н.М. Кусаинова²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Қазақстан, Алматы қ.

²Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ӨЗІН ТАНУ МЕН ДАМУЫ ТҒАЛЫҚ-КӘСІПТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУЫ

Өзін тану және дамуы мәселелерін талқылау, дербес дамудың түрлі кезеңдерінде тұлғаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жұмысының басым бөлігін айқындайды. Басқаларға тиімді көмек көрсету, өзін тәрбиелеу мәдениетіне ықпал ететін мүмкіндік жасау өзін тану және дамуы жолына түскен, өзін тәрбиелеумен белсенді айналысатын мұғалімнің қолынан ғана келетіндігі түсінікті [1]. Олай болмаған жағдайда оның балаларды ынталандыруы, яғни өзін тану және дамуы жөніндегі іс-әрекеті өзінің тәжірибесімен бекітілмей, жай жарияланымдық сипатқа ие болады.

Ғалымдар педагогта өзінің даму келешегін анықтауға үш мүмкіндігі немесе үш жолы бар екендігін атап көрсетеді:

- *бейімделу жолы,*
- *өзін тану және дамуы,*
- *стагнация (тұрақтала алмау, іс-әрекетте белсенді болмау, т.с.с.).*

Бейімделу білім беру жүйесінің барлық талаптарына бейімделу, іс-әрекеттің барлық түрлерін игеру, рөлдік позицияларды меңгеру мүмкіндігі болып келеді.

Өзін тану және дамуы үнемі өзін жетілдіруге, өзгеруге, соңында нәтижесінде өзін кәсіпқой ретінде толығымен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Стагнация мұғалім өзінің дамуында тоқтап қалған, стереотиптерді, ескі қорды пайдалану есебінен өмір сүрген және т.с.с. жағдайларда туындайды, нәтижесінде кәсіптік белсенділік төмендейді, жаңаны қабылдамаушылық арта түседі және нәтижесі ретінде, тіптен бір кездері талаптар деңгейінде болуға мүмкіндік бергенін өзі жоғалтады [2].

Еңбек жолының бүкіл кезеңі бойында тұлғалық-кәсіптік өсу және өзін жетілдіру – педагогикалық кәсіп туралы айтпай-ақ, кез келген кәсіп өкілдерінің табысты іс-әрекетінің міндетті шарты. Мұнда кез келген іркілісті, белсенділіктің кез келген құлдырауын педагогикалық процеске қатысушылар міндетті түрде байқап қалады, педагогикалық еңбектің нәтижелеріне теріс әсерін тигізеді.

Педагогтың кәсіптік өзін тануы және дамуы мәселелерін талдауға көшу үшін, оның тұлғалық ерекшеліктерінің және кәсіптік құзыреттілігінің сипаттамасына, іс-әрекетінің ерекшелігіне тым болмағанда қысқаша тоқтала кету керек. Қазіргі таңда ғылымда педагог тұлғасының құрылымдық компоненттерін, оның іс-әрекеті мен қатынасын бөліп көрсетуге әр алуан тұрғылар, оның кәсіптік құзыреттілігінің ерекшеліктері мен өзіндік бейнесіне әртүрлі көзқарастар бар [3].

Осы көзқарастарды талдау арқылы, тәрбиешілердің, мұғалімдердің, оқытушылардың ең маңызды қасиеттері мен сапаларын бөліп көрсетуге, олардың іс-әрекеті мен қатынасын сипаттауға болады.

Педагог тұлғасының аса маңызды құрамдас бөліктерінің қысқаша сипаттамасы келесідей (кесте 1).

Педагог тұлғасының аса маңызды құрамдас бөліктері

Педагог тұлғасының аса маңызды құрамдас бөліктері	Маңызды құрамдас бөліктерінің қысқаша сипаттамасы
<i>Кәсіптік-педагогикалық бағытталғандық</i>	Тұлғаның кәсіптік-педагогикалық бағытталғандығының ең маңыздылары: балаларға, іс-әрекетке, өзіне деген пікірі, қатынастардың ерекше түрлері. Қатынаста кәсіптік-педагогикалық бағытталғандықтың тиімділігі ретінде үш компонент: балаларға қарау, заттарға қарау және өзіне қарау көрініс тапқан типті, тиімді емес ретінде – бағытталғандықтың бірде бір типі айтарлықтай дәрежеде көрініс таппаған типін таныған жөн. Кәсіптік-педагогикалық бағытталғандықтың дамуы көптеген факторларға байланысты, олардың ішіндегі аса маңыздылары: педагогтың өзінің тұлғалық ерекшеліктері, оның мүдделері, өзін жетілдіруге ұмтылысы; басшылық тарапынан педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері (оқу орнының әкімшілігі нақтылы педагогтың іс-әрекетке, өзіне және балаларға қатынастарының тиімді жүйесі үшін қандай жағдай жасап жатқандығы), ұжымдағы: әкімшілікпен, әріптестермен, ата-аналармен, балалармен өзара әрекеттесудің ерекшеліктері танылады. Өзінің кәсіптік-педагогикалық бағытталғандығын, оның әлсіз және мықты жақтарын білу өзін тәрбиелеудің перспективалы бағыттарын анықтау шарты ретінде көрінеді: бұл оқыту әдістемесін жетілдіру, балаларға көзқарасты өзгерту (шыдамдылық, қабілеттілік, өз сенімділігін, өз өзін қабылдауды арттыру және т.с.с.) болуы мүмкін. Кәсіптік-педагогикалық бағытталғандық педагог тұлғасының «ағымын» белгілеп, оның кәсіптік іс-әрекет мотивациясын өңдейді.
<i>Кәсіби белсенділік</i>	Педагогтың өз іс-әрекетінің аясын үнемі кеңейтуге, талаптардың аумағынан шығып кетуге ұмтылысымен сипатталады, бұл сабақ берудің, туындаған міндеттерді стереотипті емес шешудің жаңа түрлерін, әдістерін және амал-тәсілдерін, үнемі іздестіруден, өзінің әкімшілікпен, әріптестерімен, ата-аналармен, оқушылармен қарым-қатынастарын жетілдіруге қабілеттілігінен, өз жұмысының рефлексиясы негізінде үнемі талдаудан, соңында, өзін тәрбиелеудің барлық амалдары мен құралдарын пайдалана отырып, өзін тану және дамытумен айналысуға ұмтылуынан көрініс табады. Қарастырылып отырған мәселелердің контекстінде дәл осы кәсіби белсенділік өзін тану және дамытудың маңызды шарты болып табылады. Мотивацияның жоғары деңгейін ойластыратын осы белсенділіктен тысқары жерде педагогтың дамуы ең жақсы жағдайында адаптивтік тип бойынша жүзеге асырылатын болады, нашар жағдайында – стагнация болмай қоймайды.
<i>Кәсіптік білімдер мен ептіліктер</i>	Кәсіби даярлықтың мазмұнын құрайды. Білімдер мен ептіліктерге ие болмай, педагог өзінің міндеттерін мүлде жүзеге асыра алмас еді. Кәсіби білімдер алуан түрлі: бұл - өз пәнін жақсы білу, педагогика, психология салаларындағы, басқалармен қатынас құру сферасындағы білімдер және өзінің кәсіби мүмкіндіктерін білу. Арнайы ептіліктер туралы да дәл осыны айтуға болады. Мұнда: болжамдық, талдамалық, жобалаушылық, рефлексивтік, мобилизациялық, дамытушы, бағдарлаушы, коммуникативтік, перцептивтік және басқа да ептіліктер жатады. Білімдерге ие болу құзыреттілік деңгейін көбіне көп анықтайтын кәсіпқойдың қорын құрайды, оларсыз іс-әрекетті жетілдіру және өзін тану және дамыту туралы барлық әңгімелер мәнінен айырылады.

Педагогикалық қабілеттіліктер	Педагогикалық қабілеттіліктер және оларды өз бойынан табу педагог болып шығуға деген тиісті кәсіптік пиғылдарды, педагогикалық іс-әрекетпен айналысуға бейімділікті, педагогикалық еңбектің тиімділігін қалыптастырады. Ең маңызды қабілеттіліктерді тізіп көрсетейік және сипаттап берейік: <i>академиялық</i> – ғылым салаларына сәйкес келеді; олар мұғалімнің ғылымға аса жоғары қызығушылығынан көрініс табады; <i>дидактикалық</i> – оқушыларға оқу материалын қол жетерліктей, түсінікті, қызықты етіп беру; <i>перцептивтік</i> – балалардың ішкі әлеміне ену, баланың күйлерін түсінумен байланысты; <i>коммуникативтік</i> – балалармен өнімді қатынас жасау, оларға дұрыс түсіндіру, сенімді өзара қарым-қатынас орната білу; <i>тілдік</i> – оларды эмоциялық экспрессиямен қанықтыра отырып, өз ойларын анық, дәл және бірізді баяндай білу, тіл мәдениетін меңгеру, <i>жобалаушылық</i> - өзінің де, оқушылардың да іс-әрекетін жобалай білумен, материалды және сабақ сценарийін баяндаудың, сыныптан тыс шаралардың және т.с.с. бірізділігін тұрғыза білумен байланысты; <i>авторитарлық</i> – балаларға тікелей эмоциялық-еріктік әсер ету, осының негізінде оларда шын мәніндегі беделге қол жеткізе білу; <i>педагогикалық елестету</i> - өз іс-әрекеттерінің де, басқалардың іс-әрекеттерінің де нәтижелерін күні бұрын біле білуден, енді сана деңгейінде қажетті түзетулер енгізе білуден көрініс табар; <i>зейінді бөлу</i> – бір уақытта іс-әрекеттің әртүрлі түрлерімен айналыса алу: сабақ жүргізе, барлық оқушыларды көре, одан арғы оқиғалардың барысын болжай білу және т.с.с.
Педагогикалық жады, ойлау және елестету	Педагогикалық іс-әрекетпен айналысу мұғалімнің психикалық процестеріне арнайы міндеттерді шешеді. Егер, мысалға, дәрігердің жадысы симптомдармен, белгілермен, аурулармен, рецепттермен «толы» болса, педагогтың жады – оқу пәндерінің мазмұнымен, қарым-қатынас орнатудың әртүрлі тәсілдерімен, технологияларымен және т.б. толы. Адамдар арасындағы ода да көп айырмашылықтар ойлау және елестету саласында байқалады. Әр іс-әрекеттің өзінің арнайы мәселелері бар және оған жалпы алғанда ойлауға тән дәл сол түрлер мен операциялар енгізілгенімен, олар арнайы мазмұнның әсерімен айтарлықтай трансформацияланады. Оқушылар арасындағы кикілжіңді шешуді жобалауы немесе тергеушінің тергеу техникасын құру жөніндегі міндетті шешумен бірдей еместігіне келісерсіз. Мысалға, екі адамның объективті бірдей ойлау қабілеттері әртүрлі кәсіби мүлдем салаларда әртүрлі көрініс табады және адамның осы салаға қосылғандығының деңгейімен, мотивациямен, осындай тәріздес міндеттер түрін шешудің қолда бар тәжірибесімен байланысты болып келеді. Елестету туралы да дәл осыны айтуға болады. Педагог үшін дамыған елестету жобалау іс-әрекетін жүзеге асыруға, өзі-нің және бөтен адамдардың әрекеттерінің зардаптарын, нәтижелерін алдын ала көре білуге, жұмысқа түзетулерді алдын ала енгізуге мүмкіндік береді.
Кәсіби сана-сезім	Сана-сезімнің өзі, бірақ оның «нысаны» болып жалпы алғанда тұлға емес, кәсіби маңызы бар тұлғалық сипаттамалар мен ерекшеліктер табылады. Ол өзіне кәсіби өзін реттеу мен кәсіби өзін бақылаудың ерекшеліктеріне себепкер болатын, ма-ман ретіндегі өзі туралы білімдерді, өзіне маман ретінде эмоция-лық-құндылық көзқарасты қосады.

Одан арғы жерде біз осы мәселелерге толығырақ тоқталатын болатындықтан, бұл жерде біз келтірілген сипаттамамен шектелеміз.

Сонымен, педагог тұлғасының негізгі құрылымдық компоненттерін қысқаша суреттеп шығып, олардың бір біріне қатар орын алып жатпағандығын, педагогтың тұлғасына табиғи түрде «қоса өрілетіндігін», оның дербестігін түзетінін және іс-әрекет пен қарым-қатынаста тікелей көрініс табатындығын атай кеткеніміз жөн.

Дәстүрлі түрде педагогикалық іс-әрекеттің құрылымына келесі компоненттерді енгізеді (кесте 2) [4]:

Кесте 2 - Педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы

Педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы	Қысқаша мазмұны
<i>конструктивтік</i>	өз іс-әрекетінің және білім беру процесінің басқа да субъектілерінің іс-әрекетінің мазмұнын, түрін, әдістерін жобалаумен байланысты болып келеді;
<i>коммуникативтік</i>	педагогтың балалармен қарым-қатынас орната білуімен, қатынас жасауға қабілеттігімен байланысты
<i>шығармашылық</i>	педагогтың сан алуан педагогикалық міндеттерді жаңаша қоюға және шешуге, өз айналысқан істердің барлығына өзінің жеке пікірін енгізуге қабілеттілігі.

Процессуалдық тұрғыдан алғанда педагогикалық іс-әрекет өзіне: педагогикалық мақсаттар мен міндеттер қоюды; оларды шешудің тәсілдері мен құралдарын таңдауды; өзінің іс-әрекеттерін де, оқушылардың әрекеттерін де, алынған нәтижелерді талдау мен бағалауды қосады, осының негізінде барлық компоненттерге қажетті түзетулер енгізіледі. Көптеген психологтар педагог еңбегінің дербес саласы ретінде қатынасты бөліп көрсетеді (оның құрылымы мен функцияларын бөліп алу әрекеттері жасалуда).

Мысалға, әйгілі психолог Л.М. Митина педагогикалық қатынастың келесідей негізгі функцияларын сипаттап, баяндайды (кесте 3) [5]:

Кесте 3 - Педагогикалық қатынастың негізгі функциялары

Рет №	Қатынас функциялары	Функцияның мазмұны
1	<i>ақпараттық</i>	мұғалім мен оқушылар арасында танымдық және эмоциялық-бағалау сипатындағы ақпарат алмасу
2	<i>әлеуметтік-перцептивтік</i>	педагог пен оқушыларға бірін бірі қабылдауға, эмпатия (жану ашу, бірлесе қайғыру) негізінде өзара түсіністік пен өзара қабылдаудың қандай да бір деңгейін белгілеуге мүмкіндік береді
3	<i>өзін-өзі презентациялау (өзін басқаларға өз бетімен көрсету)</i>	педагогикалық үрдістің барлық қатысушыларына өзін-өзі көрсетуде көмектеседі
4	<i>интерактивті</i>	бейнелерді, идеяларды, әрекеттерді, дағдыларды, тәжірибені алмасу
5	<i>аффективті</i>	эмоциялық ынталандырудан, «бәсеңсуден», жеңілдеуден, психологиялық жайлылықты сезінуден және т.б. тұрады

Тұлғаның, іс-әрекеттің және қатынастың тығыз байланысты екендігін және жеке-жеке бола алмайтындығын атай кетуіміз керек. Іс-әрекет пен қатынастың спецификасы тұлғалық ерекшеліктерге байланысты болып келеді; өз кезегінде, қатынас пен іс-әрекет тұлғаның кәсіптік дамуы үшін негіз болып табылады.

Кәсіптік саладағы іс-әрекет пен қатынастың табыстылығына себепкер болатын, тұлғалық қасиеттердің, ерекшеліктердің ең қолайлы үйлесімі ақыр нәтижесінде кәсіпқойдың интегралды сипаттамасын – оның құзыреттілігін өмірге әкеледі.

Психологияда кәсіби құзыреттілікті анықтауға да, оның құрылымын бөліп көрсетуге де әртүрлі тұрғылар бар.

Мысал ретінде әйгілі ғалым психолог А.К. Маркованың жете зерделеулерін келтірейік. А.К. Маркова бойынша *кәсіби құзыреттілік* – бұл мұғалімнің осында айтарлықтай жоғары деңгейде педагогикалық қатынас, педагогикалық іс-әрекет іске асырылатын, мұғалімнің тұлғасы жүзеге асырылатын, осында мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуде жақсы нәтижелерге қол жеткізілетін еңбегі. Осылайша, құзыреттіліктің құрылымында мұғалімнің тұлғасы, педагогикалық іс-әрекет, педагогикалық қатынас және педагог еңбегінің нәтижелілігін сипаттайтын екі құрамдас бөлік – оқушылардың оқығандығы мен тәрбиелілігі бөліп көрсетіледі. Мұғалім еңбегінің қырларының әрқайсысында келесі құрамдас бөліктер мүшеленеді [3, 69-73]:

- 1) кәсіби (объективті қажет) психологиялық және педагогикалық білімдер;
- 2) кәсіби (объективті қажет) педагогикалық ептіліктер;
- 3) одан кәсіби қажет ететін, мұғалімнің кәсіби психологиялық позициялары, нұсқаулары, мақсаттары;
- 4) мұғалімнің кәсіптік білімдер мен ептіліктерді меңгеру деңгейін қажет ететін тұлғалық ерекшеліктері.

Білімдер мен ептіліктер – бұл мұғалім еңбегінің объективті сипаттамалары, ал позициялар мен тұлғалық ерекшеліктер – оның кәсіптің талаптарына сәйкестігі үшін қажетті субъективтік сипаттамалар екендігі атап өтіледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. [Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении.](#) - М.: Просвещение, 1987. -190 с.
2. [Маркова А.К.](#) Психология труда учителя : книга для учителя. - М.: Просвещение, 1993. –192 с.
3. Маркова А.К. Психология профессионализма. - М.: Международный гуманитарный фонд «Знание», 1996. -312 с.
4. [Зимняя И.А. Педагогическая психология.](#) Учебник. - М., 2000. -384 с.
5. [Митина Л.М. Психология труда и профессионального развития учителя.](#) - М.: Академия, 2004. - 320 с.

ӘӨЖ: 159.922.8

О.С. Сангилбаев, А. Хажимхаан

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫН ДАМЫТУҒА МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЫҚПАЛЫ

Қазіргі кездегі, педагогикалық психология саласында ең маңызды мәселелердің бірі ретінде, оқушылардың өздерін қалай сезінуі мен олардың оқу іс-әрекетіндегі үлгерім деңгейлері арасындағы байланысты қарастыру болып табылуда. Шын мәнінде, көптеген әдебиеттерден оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейі мен сабақ үлгерімі арасындағы байланысын және де өзін-өзі бағалаудың сабақ үлгеріміне әсері бар екендігін байқуға болады [1].

Өзін-өзі басқара алу өзіндік сананың өзіне қатынасы, өзін сыйлауы және өзін бағалауы сияқты эмоциялық құрамдастықтармен тығыз байланысты. Өзін-өзі бағалау - бір жағынан, өзін тану аумағындағы интегративті жұмыстың нәтижесі болса, екіншіден өзіне эмоционалды-құндылық жағынан қатынасы бар. Өзін бағалау - тұрақсыз шама, ол өрби келе, әр түрлі болып өзгереді.

Өзін-өзі бағалау бастапқы кезде басқалардың өзін бағалауының интериоризациясының нәтижесі - соңынан эмансипацияланып айналадағылардың бағасынан қылықты ішінен басқару үрдісіне айналады. Рухани өсу баланың алғашқы өсу дәуірінен қалыптасады, оның «Мен» деген түсінігі қалыптасады. Мысалы: «Мен өлең айта аламын», «Мен сурет сала аламын», «Мен анамды жақсы көремін», «Мен айтайыншы!» т.б. «Мендік» көп айтуға тырысады. Мысалы: бір жасында бала өз дене бітімін қабылдап игере бастайды, ал үш жасында іс-әрекет субъектісі болып қалыптасып, өзін «Мен» ретінде ерекшелейді. Жақын адамдармен салыстыра отырып, өзіне деген жеке даралық және дербес субъектілік қатынас пайда болады. Жеті жаста эмоционалды ұғыну, өзін-өзі бағалау туындайды. Ол үшін ата-ана үлгі ретінде ұғынылады. Ата-ананың біреуіне ұқсауға тырысуы кейбір мінез-қылық қасиеттері мен психикалық жағдайларының белгілі бағдарламасын қалыптастыру жүреді. «Мен» бейнесінде «шынайы-Мен», «идеалды-Мен» деңгейлері пайда болады. Жасөспірімдік және бозбала мен бойжеткендік кезеңде «Мен» — тұжырымдамасы нығайып, «Мен» сипатын, бейнесін ұғыну тереңірек сипатта болады. Өзін-өзі бағалауы қалыптасады. Өзін-өзі тану және өзіндік сана жоғары даму деңгейіне жетеді [2].

Балаға, мектеп оқушысына деген сыйластық сезім, оның жеке тұлғалық қасиеттерін бағалау позитивті бағалау стратегиясының негізінде жатыр.

Мұғалімдер, мектеп психологы және ата-аналардың балалардың іс-әрекетін бағалауда бұл жүйені дұрыс қолданулары бала бойында адекватты өзін-өзі бағалау, талдай білу және өз іс-әрекетін бақылаудың қалыптасуын жүзеге асырады. Өкінішке орай бұл мәселелер көптеген жылдар бойы қазақ мектептерінде қарастырылмады. Сыныптың табалдырығын аттаған бала бірінші күннен көзге түсіп, сабаққа белсене араласса, мектеп бітіргенше оған «өте жақсы» деген баға қойылды, ал белсене араласпай, сабаққа немқұрайлылық танытқан балаға «атымның сыры өзіме мәлім» деген ойды жалау етіп, бұдан түкте шықпайды деп «қанағаттанарлық» деген баға қойылды.

Ал қазіргі білім жүйесінде болып жатқан тың өзгерістер, бұл мәселенің басқаша болғанын қалайды және талап етеді. Сондықтан да біз, бұл мәселелердің түйткі шешімі ретінде ата-аналар мен педагогтар, психологтар үшін берілген оқушылардың өзін-өзі позитивті бағалауының стратегиясын беріп ұсынамыз.

Мектеп оқушыларының өзін-өзі позитивті бағалауының негізгі стратегиялары:

Оқушыға, балаға деген оң баға, оған тұлға ретінде қарау, оларға мейіріммен қарау («Мен білемін, сен шамаң келгенше орындадың»).

Тапсырманы орындау барысында немесе жүріс-тұрыстың ережелерін бұзғанда баланың жіберген қателіктерін көрсету («Сен жаңа дұрыс жасамадың, Әлияны итеріп жібердің»).

Жүріс-тұрыстың кемшіліктеріне, оның себептеріне талдау жасау («Саған Әлия сені әдейі итеріп жібергендей көрінді, бірақ ол әдейі жасаған жоқ»).

Баламен бірге жіберген қателіктерді қалай жоюға болатындығын ойлану (мұғалімдер мен ата-аналар бірігіп істейтін әрекет).

Балаға сенімділік арту (сен бәрін түзейді деп ойлаймын).

Осылайша оқушымен жұмыс жасағанда ол әрқашанда кері байланыста болады. Позитивті кері байланыс балаға оның істерінің дұрыс екендігін айтып тұрады. Осы арқылы бала өзінің әрекетінің дұрыс екендігіне көзін жеткізеді [3].

Сондай-ақ, мұғалімдерге қатысты ең маңызды аспекті оқушылардың өзін-өзі бағалауын дамытуға мұғалімдердің қаңшалықты маңызды позициясына ие екендігі. Әрине мұғалімдердің оқушыларымен қарым-қатынас орнату нәтижесіне байланысты олардың өзін-өзі бағалау деңгейін дамыта білу қабілеті мен қатар азайту потенциялына ие екендігін елемеге болмайды. Мұғалімдердің жылы шырайлы және шартсыз қабылдайтын бір коммуникациялық ортада оқушылардың ішкі жан дүниесіне мән беруімен олардың өзін-өзі бағалауын дамытуға болады. Мұғалімдер оқушылармен қарым-қатынас орната бастаған сәттен бастап көзқарас мінез-қылық және ұстанымдарына байланысты оқушылардың өзін-өзі бағалауын жағымды немесе жағымсыз әсер етеді. Мұғалімдер оқушылардың білім мен дағдылар деңгейін арттыру сияқты негізгі міндеттерімен қатар, олардың рухани жағынан қорғау және дамыту сияқты міндеттерінде бар екендігін ұмытпаулары керек. Өйткені психикалық денсаулығы мықты бір қоғам қалыптастырудың басты мақсаты өзіне сенімді өзі туралы оң ойлайтын және өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары тұлға жетілдірумен іске асырылады. Білім берудің мақсаты тек қана білім мен дағдыларды үйрету емес. Егер солай болса, бұл жұмысты компьютерлер сияқты дамыған машиналар ақ жасауға болар еді. Оқушылар сыртқы әлемі құбылыстарды үйрену мен қатар өздерінің ішкі жан дүниесін түсінуге тырысу керек. Сондықтан мұғалімдер, оқушыларды ересек өміріне дайындаумен қатар олардың теориялық ақпаратпен қаруланған жеке тұлғалар болуларымен өзіншіл ие болған потенциялына сенімді жағымды немесе жағымсыз аспектілерімен бірге қабылдай алатын өздерімен және өзгелермен тату тәтті ғұмыр кеше білуді үйренген адамдар болып қалыптасуына зейін аударулары қажет. Көрсетілгендей қоғамның бақытты және үйлесімді мүшелерін дамыту процесінде мұғалімдерге негізгі міндеттер артылады. Өйткені қаңшалықты ел дамыса да ешқандай машина мұғалімдердің орындау қажет бұл жұмыстарын орындауға күші жеткіліксіз. Осы мақаланың мақсаты мұғалімдері оқушыларының өзін-өзі бағалауын дамытуға жауапты болуларына шақыру және өзін өзі бағалауын дамыту жұмыстарында қолдануға болатын кейбір тренингтер қарастырылады [4].

Білім беру арқылы өзін-өзі бағалауын дамыту өзін-өзі бағалауын қалай арттыруға болатынын бұл туралы не істей алатынын және де кейбір ұсыныстар беріледі.

Оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін психологиялық кеңес арқылы немесе психологиялық драма арқылы жоғарылатуы әбден мүмкін. Бірақта тек жол осы емес. Мұғалімдер үйрету техникалар арқылы және оқушылармен өз ара қарым қатынастар жолымен олардың өзін-өзі бағалау деңгейін жоғарылатуға болады. Оқушылармен жақын және жылы шырайлы қарым-қатынас орнату және олардың өзін-өзі бағалауын дамыта білген мұғалімдер оқушылардың тиімді үйренулеріне мүмкіндік

жасай алады. Оқушылар мәртебе иесі және өздерімен жақын қарым қатынас орната білген жеке тұлғалардың ұстаным және де мінез-қылықтарынан әсер алатыны білінуде.

Біздің елімізде оқытушылар оқушылар алдында беделді құрметті орынға ие бірақ қажетті жақын және ыстық қарым-қатынас оншалықты орнатылмағанын көрудеміз. Өйткені оқушылардың алдында беделді құрметті оқытушылар олардың өзін-өзі бағалау деңгейін дамыта білуі үшін ең бастысы оларға жылы жақын қарым-қатынас орнатуы қажет. Оқушылардың өзін-өзі бағалауының дамуы тек сапалы мұғалім мен оқушының өзара іс-қимылынан өтеді. Мұғалімдер оқушылардың өзін-өзі бағалауың жоғарылатуы үшін қолданыстағы өзін-өзі бағалау деңгейін азайтпау оларға жақын болуы олармен жылы қарым-қатынас орнату қажет. Гуманитарлық бағыттағы К. Роджерс тиімді қарым-қатынас үшін ұсынылған тұлғалық қасиеттері негізінде осы жылы қарым қатынас және өзара іс-қимылдың орнатылуына маңызды тұлғалық қасиеттері. Карл Роджерс бұл тұлғалық қасиеттерді осылай сұрыптайды. Қабылдаулары шынайы және эмпатия болуы тиіс.

Қабылдау бұл оқушының тұлғалық ерекшеліктерін сынамай шартсыз қабылдау және құрмет көрсету. Мұғалім оқушының теріс мінез қылықтарын емес тұлғалық ерекшеліктерін тікелей сынамауы керек. мінез қылықтары теріс болсада жеке тұлғаны қабылдауы. Яғни қабылданылғаны теріс жасалған мінез қылықтары емес, тұлғалығы.

Жақсы қарым-қатынас оқушылардың өзін өзі бағалауын қорғау үшін маңызды қызмет атқарады. Шынайы болу бұл тұлғаның адамдармен өзара қарым қатынас және өзара іс-қимылдың табиғи болуы. Тұлғалық қасиеттерімізді жасырудың орнына шынайы тұлғалығымызды көрсету және өзіміз болуды қажет етеді, эмпатия негізінен өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі.

Роджерс (1975) мұғалімдердің эмпатия деңгейі мен оқушылардың сабақ үлгерімі арасында байланыс бар екендігін анықтаған. Оқушылар мұғалімдерінің оларды түсінуге тырысатынын және оларды жақсы көретінін байқаған сәттен бастап оқушыларды жақсы көруде әрі сабақ үлгерімдері де жақсаруда [4].

Өзін-өзі бағалау кіші жастағы оқушының өзінің табыстары мен сәттіліктерін, оқу мақсатына қарай жылжудың сипатын бағалауға мүмкіндік береді. Б.Ананьев өзін-өзі бағалауды оқыту үрдісінде жүзеге асатын тұлғалық білім алу, белсенді қалыптасу ретінде қарастырады, оның оқушының оқу-танымдық әрекетіне маңызды ықпалы бар екендігін айтады. Оның пікірінше, оқу үрдісінде өзін-өзі бағалаудың қалыптасуы, педагогтердың, бірінші сыныптағы және отбасы тұрмыстық ортаның ықпалымен жүзеге асады. Ол «оқушыда оның білімдері, жетістіктері мен үлгірмеушілігі жайлы түсінік тоқсанның аяғындағы бекітілген үлгірім бойынша ғана емес, сондай-ақ, оқу үрдісінде жекелеген парциальдық, бағалар бойынша да қалыптасатындығын, мұғалімнің жеке парциальдық, бағалауы неғұрлым айқынырақ, нақтырақ болса, оқушының білімге соғұрлым бейімделе түсетінін» атап көрсетеді.

Сонымен, психологиялық-педагогикалық әдебиетті талдау жасай отырып, келесі тұжырымға келуге негіз болады, өзін-өзі бағалау оның бастауыш сынып оқушысының оқу-танымдық рөлі тұрғысынан екі аспектіде қарастырылады.

1. Өзін-өзі бағалау оқыту үрдісінде белсенді қалыптасатын тұлғалық білім алу ретінде алға шығады және кіші жастағы оқушының оқу-танымдық әрекетіне маңызды ықпал жасайды.

2. Өзін-өзі бағалау - оқу әрекеті тұтастай құрылымының ерекше бөлігі, оның қызметі бастауыш сынып оқушысының әрекет субъектісі ретінде оқу міндеттерін шешуде оның қаншалықты алға жылжығанын анықтай білу болып табылады.

Өмірде өз орнын табуда өзін-өзі тәрбиелеп, өз бетінше оқып білім алу, өз білімін өзі жетілдіру, өзін-өзі шектеу, өзіндік бақылау, өз-өзін ынталандыру әдістерін тұлға уақытылы пайдалана алғанда, зор нәтижеге жеткізіп өзін-өзі бағалай алудың аясы кеңейеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Fullan, M. (1991). The new meaning of educational change. 2nd edition
2. Fowler, R.C. ve Corley, K.K. (1996). Linking families, building community. Educational leadership. April, 24-26.
3. Merttens, R. Vass, J.(Eds) (1993). Partnership in Maths, parents and school: The impact project. Falmer Press, London.
4. Akkök, F.Kökdemir. H. ve Ögetürk, B. (1998). ilköğretimde aile katılımı. Eğitim 97-98 TED Ankara Koleji 1,1, 14-17.

Ж.О. Сарсенбаева
№4 аралас жалпы орта білім беретін мектеп КММ
Қазақстан Республикасы, ШҚО, Аягөз ауданы

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттың және жалпы адамзаттың құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Шет тілді оқытудағы негізгі мақсат - шет тілді коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игеру. Шет тілі - қазіргі заманның талабына сай, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі. Қазір шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары. Тілді оқытуда интерактивтік тәсіл, ойындар, екеуаралық пікірталастар, сонымен бірге ақпараттық технология, интернет, компьютер қолданылуда. Оқытудың ақпараттық технологиясы - бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видеоқұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер).

Оқытудың ақпараттық технологиясы - білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек.

Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты - «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.

XXI ғасыр оқыту үдерісіне компьютерлік технологияны пайдаланумен қатар елде болып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да заңды үрдістегі өзгерістер білім жүйесіне сол өзгерістер негізінде дамытуды талап етіп отыр. Атап айтқанда, виртуалды кеңістік, аутентті виртуалды интерактивті тілдік орта болып табылатын Интернетке ену аталған компетенцияны дамытудың тиімді құралы ретінде арастырылады.

Оқытудың ақпараттық технологиялары осы ақпараттық білім жүйесінің шегінде жүзеге асырылатын болғандықтан, осы білім технологиясына ақпараттық және бағдарламалық қолдаумен көрсететін құралдар бір ғана компьютермен, оған енгізілген бағдарламамен шектеліп қалмауы керек. Шын мәнінде бәрі керісінше, оқытудың ақпараттық технологияларының бағдарламалық құралдары және білім технологияларының өздері ақпараттық білім ортасына – ақпараттық білім жүйесінен бөлінген жүйешелер түрінде қосылады. Шетел тіліне оқытуда Интернет беретін мүмкіндіктер мен қызметтерге тоқталып өтейін. Мысалы: оқушылар Интернет талаптарында берілетін құжаттардағы тапсырмалар мен жаттығуларды орындай алады, үйреніп жүрген тілінде электронды пошта арқылы хат алысып, виртуалды қатынас клубтары - конференцияларға қатыса алады. Сонымен бірге белгілі бір уақытта мәтіндік хабарламалар мен алмасуға, радиобағдарламаларды тыңдауға, бейнероликтер көруге, яғни ақпараттың кез келген түрін қолдануына толықтай мүмкіндіктері бар. Ақпаратты қандай да арақашықтыққа тез арада жеткізу, алыстағы ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндігі интерактивтік іздеу жүйелері мен өз бетімен іздеу, сондай-ақ алынған материалдарды түрлі тіл тасушыларға ауыстырып салу мен т.б. сол сияқты Интернеттің артықшылық көздері пайдаланылады.

Интернет шетел тілін үйренушіге аутентті мәтіндерді қолдану, тіл тасушыны тыңдау, олармен қарым-қатынас жасау табиғи тілдік ортаны қалыптастырады. Е.С. Полат «Қандай да болмасын оқыту құралы, ақпараттық-тақырыптық ортаның қандай да қасиеттерге ие болғанына қарамастан дидактикалық мәселелер, білім берудің нақты мақсаттарымен шартталған танымдық қызметтің ерекшеліктері бірінші кезекте болып табылады» - деп көрсетті. Демек, Интернет өзінің барлық мүмкіндіктері және қорларымен қоса, осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырудың құралы болып табылады. Шет тілін оқытуда заманына сай көрнекі құралдар, аудио материалдар қолдану, мультимедиялық құралдарды пайдалануға үлкен мән беру керек. Сабақ барысында светотехникалық және дыбысты техникалық құралдарды (бейне магнитофон, теледидар, проектор, мультимедиялық проектор, компьютер) пайдалану оқушылардың өз тілінде сөйлейтін адамдардың тілін тыңдап, оны

көзбен көре отыра ақпарат алуына көмегі тиеді. Бұл жағдай оқушылардың сөйлеу деңгейін жақсартуына көмектеседі. Тыңдау арқылы олар өздерінің сөйлеудегі қателерін жөндей алады. Бұл «аудирование» терминінің өзі де шет тілін тыңдап, оны түсіну деген мағына. Аудио немесе бейне таспаларды тыңдағанда коммуникативті жаттығулар жасалу керек. Алынып отырған тапсырмалардың жеңіл-қиындығын ескере отыра, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, диалог және монолог құрастыру сияқты жаттығулар жасалады. Бейне фильмді көріп отырып, жаңа сөз немесе сөз тіркестері кездескенде тоқтап, сол сөздерді қайталап және әрбір көріністен кейін сұрақтар қойып отырған жөн.

Сабақтың қорытындысы ретінде тест сұрақтарын беріп, нәтижесін тексеріп, бағалау қажет. XXI ғасыр - озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа компьютерлік технологияларды тиімді пайдаланудың шетел тілін үйретуде маңызы зор.

Ақпараттық ортаны құруға негізделген білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру мен педагогикалық практикаға жаңа ақпараттық құралдарды енгізу білім жүйесін дамытудағы стратегиялық тапсырма болып саналады.

Қазіргі заманғы компьютерлік бағдарламалар мен Интернет желісінің оқыту тиімділігі өте жоғары. Дегенмен басты мәселе компьютерлік бағдарламамен қамтамасыз етілген білім ордасында мұғалімнің оларды пайдалану әдістемесін меңгеруі мен өз тәжірибесінде жүзеге асыра алуы.

Ақпараттық технологияны меңгерген педагогта интеллектуалдық, рухани азаматтық және басқа да көптеген адами келбеті қалыптасады. Ақпараттық технология құралдарын қолдау адамзаттың әртүрлі сферасында, соның ішінде білім беру саласында көптеген өзекті маңыздылыққа қол жеткізіп отырғаны белгілі.

Ағылшын тілді оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады. Ағылшын тілі сабақтарының лексика бөлімін меңгертуде ақпараттық технологиялардың алатын орны зор. Интернет арқылы оқушы грамматикалық, лексикалық, фонетикалық жаттығулар, оқуға және грамматикаға арналған тесттерімен жұмыс істей алады. Интернеттің бізді мәтіндік, графикалық және дыбыстық ақпаратпен қамтамасыз ете алуы, оның басты және маңызды ерекшелігі аутенттілігінде. Жаңа ақпараттық технологияда компьютер негізгі рөл атқарады. Интернет шет тілін үйренушіге көптеген мүмкіндіктер береді. Олар: ана тілі болып саналатын шет ел адамдарының тілдерін тыңдауға, олармен қарым-қатынасқа түсуге, керекті мәтіндермен жұмыс істеуге қол жеткізеді. Интернет арқылы оқушылар тілдік қарым-қатынасқа түсе алады. Сол сияқты, тілдік қорын дамыта алады. Осыдан жазу іскерлігімен дағдысын жоғары деңгейде қалыптастыра алады. Ақпараттық жүйе ретінде, Интернет өз қолданушыларын жан-жақты ақпараттармен қамтамасыз етеді.

Компьютерлік оқыту бағдарламаларының қай қайсы болмасын өз мазмұнынан грамматикалық жұмыс жүргізуді тыс қалдырмайды, белгілі бір грамматикалық құрылымның жұмыстарын қамтиды.

Білім беру жүйесіндегі ақпараттық технологияның мүмкіндіктері:

Әр бір адамға білім алудың өзіне тиімді жолын таңдауға мүмкіндік беретін білім берудің ашық жүйесін орнықтыруға;

Білім алудың техникасын түбірімен өзгертуге; Оқыту үрдісінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру;

Электрондық білім беру пайдалану арқылы даралып оқытуға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

1. Мультимедиялық мүмкіндіктерді қолдау (музыкалық немесе дикторлық дайындау, анимация бейне-клиптер, слайд-шоу).

2. Жүйенің басқару құрылымы - оқытушы өз ойын, көзқарасын, өз кезегіндегі материалдық ұсынылымын, әртүрлі аудиторияға бір ғана оқу мәлеметтерін ұсынуға мүмкіндік алды.

3. Білімді бақылау арқылы нәтиже алу, бағалау.

Ақпараттық технологияны шетел тілі сабақтарында пайдалану нәтижесінде төмендегідей жетістіктерге қол жеткіземіз.

1. Сөзжұмбақ, кестелерді құру үшін дербес компьютерді қолдану арқылы грамматикалық және лексикалық оқу материалдарын өңдеу.

2. Ағылшын тіліндегі сөздерді сауатты жазу мен көркемдеп безендіруді үйретеді.

3. Дербес компьютерді пайдалану арқылы оқушылардың өзіндік және жұмыс жасауды игеру мен білім алуды кеңейту.

4. Интернет желісін пайдалану арқылы оқушылар электрондық пошта арқылы оқушылар хат-хабарлама алмасу, өзінің ойын еркін жеткізу.

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі - ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту - тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезендерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады.

Шет тілін оқытуда интернетті сабақта пайдаланудың негізгі артықшылығы сол жан-жақты ақпараттар алу. Интернетті сабақта пайдаланғанда шет тілінде электронды оқу курстарымен оқушы жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Шет тілін оқытуда бұл ел тану, әр түрлі энциклопедиямен танысуға мүмкіндік береді. Олар сөз қорларын кеңейтіп, өз бетінше сабақ материалдарын таңдауға мүмкіндік алады. Пән мұғалімдері арасында да үнемі үзілмес байланыс болуы керек деймін. Мысалы: қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі мұғалімдері бір тақырыпты бір уақытта бастап, пәндер арасында тым құрығанда атауларын бала үш тілде біліп, байланыстыра отырып тіркес, сөйлем, қысқа біліп, байланыстыра отырып тіркес, сөйлем, қысқа әңгіме құра білсе бір оқу жылы ішінде біршама жетістікке жетер еді демекпін. Әрине, барлығын байланыстыру, жүйелеу оңай жұмыс емес, бірақ белгілі бір жетістікке жету үшін, «тілдердің үш тұғырлылығының» болуы үшін, нәтижесін көруге болатын сияқты. Үш тілді болу - қазіргі заман талабы. Өркениет көшінен қалмай, соған сәйкес қадам жасауға, толыққанды білім алуға қол жеткізуге үлесімізді қосуымыз керек. Қазіргі заман сабағы мұғалімсіз болмайды. Ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім - мектептің жүрегі» деген екен. Онда «мектептің жүрегі» болумен қатар, жаңа егемен еліміздің ұрпағын жаңа білім нәрін сусындатып, саналы тәрбие, сапалы білім беретін білімді, білікті ұстаз болайық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім заңы. - Алматы, 2007.
2. Иманбаева А., Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі.// Қазақстан мектебі.- - №2. - 2000. – 45-47 б.
3. <http://45minut.kz/wp-loginphp>

ӘӨЖ: 159.9

М.А. Сарсенова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Қазақстан, Семей қ.

СТУДЕНТТЕРДІҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Қазақстан Республикасы нарықтық жағдайындағы адам капиталын қажет ететін қоғамның жаңа сапасына енді. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білім беру саласына әсерін тигізбей қоймайды. Бұл білікті мамандар дайындаудың жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру мен жүзеге асыруды талап етеді, оның мазмұны үнемі өзгеріске ұшырайтын әлеуметтік-экономикалық жағдайда тиімді әрекет етуге дайын болатын, шығармашыл, кәсіби ұшқыр, өзін-өзі дамытуға және жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Акмеологиялық даярлық қалыптастырудың психологиялық педагогикалық кезеңінде даму үстіндегі студенттеріміздің дамуына ықпал ететін немесе кедергі болатын объективті және субъективті факторлар, өзінің кәсіби іс-әрекетіндегі, шығармашылығындағы, дамуындағы нәтиженің ең жоғарғы деңгейіне қол жеткізе алатын жағдайлары мен шарттары [1, 6].

Тұлғаны дамыту туралы акмеологиялық ойларды көптеген философтардың еңбектерінен байқауға болады. Мысалы, тұлғаның шығармашылық әлеуетін өздігінен жүзеге асыру базистік акмеологиялық ұғымы Платонның ендірген өзін-өзі жылжыту» ұғымымен мағыналық қатынаста байланысты. Ал «акмеология» ұғымын (грек тілінен аударғанда акме – шың) жас ерекшелік психологиясы бөлімін белгілеу үшін бірінші рет 1928 жылы Н.А.Рыбников енгізген. Осы термин 20-шы жылдары ақыл-ой және әлеуметтік ізденіс, эвриология (П.Энгельмейер), эргонология (В.Н.Мясищев), рефлексология (В.М.Бехтерев) ғылыми бағыттарының пайда болуы барысында айқындалды [1, 7].

Сонымен студенттердің акмеологиялық даярлығын аша білу үшін, алдымен педагогтарымыздың кәсібилігінің мол болуы өте маңызды.

Осындай талаптарды кәсіби тұрғыда мамандарға акмеология қояды.

«Акмеология ғылым ретінде психология мен педагогикада жоқ ұғымдар жүйесін құрайды. Осы ұғымдарға келесілер жатады: есеюшілік, кәсіби іс-әрекет, шеберліктің шыңы, кәсібилік, кәсіби даму».

Кәсіби даму – мамандықты меңгеру және кәсіби іс-әрекетті орындау барысында еңбек адамының психикасында және тұлғалық сапаларында қарқынды өзгерістердің пайда болу үдерісі оның тұлғалық қалыптасуымен тығыз байланысты. Акмеология кәсіби дамуды оңтайландыру жолдарын зерделейді, өзін-өзі барынша толық жүзеге асырудың, кәсібиліктің шыңына жетудің тәсілдерін белсендіре отырып адамды өзін-өзі дамытудың субъектісі ретінде ынталандырудың тәсілдерін жасайды.

Гректер «акме» сөзімен адам өміріндегі есейген жастық кезеңді белгілейді, жастық шақтың осы кезеңінде адам өз қабілеттерінің жоғарғы шыңына жетеді, осы кезең адам күштерінің нығайып, қанат жайып, гүлденген кезі болып табылады, нағыз студенттердің жастық кезеңі, студенттерінде педагог мамандардан кәсіби құзырлығының, біліктілігінің, шеберлігінің даму кезеңі [2, 6].

Кәсіби құзырлылық – маманның АКМЕ жағдайға жету алдындағы кезеңі, жоғары деңгейінің көрсеткіші. Кәсіби құзырлылық акмеологиялық тұрғыдан – бір нәрсе жайлы беделді ой, кесімді пікір білдіруге мүмкіндік беретін білімдердің сипаттамасы ретінде қарастырылады.

Кәсіби құзырлы педагог – кәсіби білім мен біліктерді игерген; тек қана өз іс-әрекетін жобалауға қабілетті ғана емес, сонымен бірге білім беру үдерісінің кез-келген өзгерістеріне жауап беретін, педагогикалық үдерісті басқара білетін маман. Сонымен бірге, креативтілікті дамыту студенттің өзін-өзі жетілдіру және оның тұлғалық, кәсіби шыңға жету үдерісінде маманның шығармашылықты жетілуге мүмкіндік жасайды. Креативті тұлғаны өзін-өзі жетілдірудің жоғары деңгейінде маманның шығармашылықты жетілуі барынша орнықтыланса, шығармашылықты жетілудің қайнар көзіне айналады [6, 7].

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге жасаған талдау нәтижелерінде, студенттердің акмеологиялық даярлығын қалыптасуында психологиялық педагогикалық даярлық шарттары, студенттердің акмеологиясының астарларын зерттеу әдіс-тәсілдердің қажеттілігін көрсетті:

- педагогикалық жүйенің барлық компоненттерін (студенттерді оқытудың мақсаты, міндеттері, мазмұны, қағидасы, түрлері, әдістері) тығыз байланыста қарастыратын жүйелік әдіс-тәсілдер (В.В. Краевский, Г.П. Щедровицкий, Э.Г. Юдин және т.б.);

- акмеологиялық жүйенің жүйе түзуші факторы болашақ маманның тұлғасы, яғни өзінің жеке іс-әрекетімен және акмеологиялық технологиялардың көмегімен тікелей өзін-өзі дамыту және жетілдіру субъектісі болып саналады (Б.Г.Ананьев, А.А.Деркач, Н.В.Кузьмина, С.Л.Рубинштейн және т.б.);

- болашақ маманның құзырлығын қалыптастыруды көздейтін және студенттердің білім беру ортасында мамандар даярлау сапасын анықтау тұрғысында базалық болып саналатын құзырлылықты әдіс-тәсілдер (И.А. Зимняя, Дж. Равен) [3, 4].

- іс-әрекетті тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың негізі, құралы және басты шарты ретінде қарастыратын; жеке тұлғаны қоршаған әлемді барынша тиімді түрлендіруші ретіндегі шығармашылықты еңбекке ұйымдастыруға бағыттайтын; іс-әрекет үдерісінде тұлғаны дамытудың оңтайлы шарттарын анықтауға мүмкіндік беретін іс-әрекеттік тәсілдер (С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, А.В.Брушлинский және т.б.);

- адам мен мәдениеттің дамуын құндылықтар жүйесі ретінде және адамның өзін дамытуы, оның шығармашылықты тұлға және мәдениет субъектісі ретінде қалыптасуы ретінде қарастыратын мәдениеттанушылық әдіс-тәсілдер (В.Л. Слостенин, Е.В. Бондаревская, Н.Д. Никандров және т.б.) [2, 3].

Осы әдіснамалық әдіс-тәсілдерге қатысты алғанда акмеологиялық әдіс-тәсілдер, бұл студенттің, барынша жоғары деңгейде кәсіби жетістікке жету, білім алу кезеңінде өзін-өзі толық жүзеге асыру бағыттарының қалыптасуын бағдарлайды. (Н.А. Рыбников, Б.Г.Ананьев, А.А.Бодалев, Н.В. Кузьмина, А.А.Деркач) [5].

Қорыта айтқанда, студенттердің акмеологиялық астарлары осы үдерісті акмеологиялық әдіс-тәсілдер тұрғысынан қарастыруды көздейді. Сонда оның негізгі категорияларының бірі ретіндегі болашақ мамандардың кәсіби құзырлығы мен акмеологиялық құзырлығының арасындағы негізгі айырмашылықтарды бөліп көрсетуге мүмкіндік туады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Пожарский С.Д. Синергетическая акмеология. Докторская диссертация. - Санкт-Петербург, 2002.
2. Деркач А.А. Акмеологические основы развития профессионализма. – Москва: Воронеж, 2004. -750 с.
3. Психология. Словарь / Под. Общ. Ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. – 2-е изд., испр. И доп. – М.: Политиздат, 1990. – 494 с.
4. Кузьмина Н.В. Акмеологическая теория повышения качества подготовки специалистов образования. - М., 2001 – С. 11
5. Тарасова В.Н. Акмеология. Научная сессия. / Под редакцией Н.В. Кузьминой-Гаршиной, А.М. Зимичева. - СПб.: СПбАА, 1997 – С. 174
6. kaznpu.kz/docs/Begjanova_dis.pdf
7. enu.kz/repository/repository2014/

УДК: 37.025.7

М.О. Сейтова

Потанинская средняя общеобразовательная школа
Казахстан, Павлодарская область, Лебяжинский район, с. Черное

РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ИННОВАЦИОННОГО МЫШЛЕНИЯ

Способность мыслить творчески, нестандартно, видеть проблемы окружающего мира важно для человека всегда, поэтому формирование и развитие инновационного мышления является ведущим направлением обучения и воспитания. Только человек с новым инновационным типом сознания и мышления, способный реализовывать социальные и культурно-технологические программы, может эффективно работать сегодня и в будущем.

Что такое инновационное мышление? Это мышление, которое способно проникать в суть вещей и явлений. К характеристикам инновационного мышления можно отнести системность мышления; интуитивность мышления (снятие внутренних ограничений); саморазвитие и самоорганизацию; дальновидность; позитивность (настроение на успех). Инновационное мышление можно рассматривать как развивающее мышление, приводящее к новым результатам. Оно необходимо для любого специалиста, т.к. поможет находить новые, оригинальные решения профессиональных задач. Именно талантливые люди обладают инновационным, творческим мышлением.

Одним из условий формирования инновационного мышления является исследовательская работа учащихся, которая делает их творческими участниками процесса познания, а не пассивными потребителями готовой информации. Поэтому проблема формирования исследовательской компетентности учащихся назрела давно и она должна эффективно реализовываться.

Многие учёные, занимающиеся организацией проведения исследований в образовательных учреждениях, задаются вопросом: «Что даёт развитие исследовательской деятельности для социальной адаптации и приспособленности детей к реалиям современной жизни, как влияет на развитие их личности?».

В своей сущности исследовательская деятельность предполагает активную познавательную позицию, с периодическим и продолжительным внутренним поиском, глубоко осмысленной и творческой переработкой информации научного характера, работой мыслительных процессов в особом режиме аналитико-прогностического свойства путем проб и ошибок, озарением, личным и личностными открытиями. Исследование является важным средством развития личности, так как позволяет увидеть окружающий мир в новом свете и способствует развитию исследовательской позиции учащихся.

В исследовательской деятельности учащихся в настоящее время чётко прослеживаются следующие тенденции: 1 - декларирование полезности исследовательской деятельности учащихся, которое редко подтверждается эмпирически; 2 - отработка жёстких форм организации жизни школы или самой исследовательской деятельности, директивно транслируемых по административно-командному принципу; 3 - ориентированность исключительно на формально гладкий и блестящий результат. Отметим, что существует разница между декларацией исследовательской деятельности,

организацией этого процесса и тем, как он отражается в сознании учащихся и сказывается на развитии личности.

Инновационное мышление можно и нужно специально развивать со школьного возраста.

Каков же путь формирования инновационного мышления в школах?

Ответ – через инновационную систему обучения. Инновационная образовательная среда должна включать следующие направления:

- внедрение активных методов обучения;
- выполнение самостоятельных практических заданий и работ с использованием современного оборудования, технологий, материалов;
- овладение современными компьютерными технологиями;
- индивидуальный подход в организации образовательной траектории;
- интегрированный, междисциплинарный подход в обучении;
- самостоятельные исследования, проекты;
- научно-практическую ориентацию в проектно-исследовательской деятельности и др.

Довольно часто исследовательская деятельность используется как синоним проектной деятельности, однако, они принципиально различаются. Реализуя любой проект, исполнители знают, к какому результату движутся, что их ожидает по окончании работы, в исследовании итоговый результат до конца неизвестен ни ребёнку, ни его руководителю. Проектная и исследовательская деятельности отличаются организацией, с их помощью формируются разные мыслительные навыки.

Включение ребят в исследовательскую деятельность способствует обучению технологии анализа ситуаций, выбору оптимальных решений, правильному выстраиванию коммуникации, позволяет раздвинуть границы стереотипного мышления, увидеть скрытые возможности там, где другие их не замечают, сформировать творческие подходы к генерированию новых нестандартных идей и действовать адекватно и эффективно в сложных, нестандартных ситуациях. Все это в итоге и способствует формированию умения инновационно мыслить. Именно такие выпускники-инноваторы, обладающие духовностью, нравственностью, патриотизмом, профессиональными и социальными компетенциями, инновационным мышлением, завтра будут разрешать накопившиеся в обществе проблемы и противоречия. Поэтому использование в образовательном процессе проектных и учебно-исследовательских технологий, мотивирующих учащихся на самостоятельную работу и решение реальных практических задач в той или иной области, должно стать ключевым в деятельности педагогических коллективов для подготовки подрастающего поколения как активного творца социальной действительности, генератора и проводника новых идей.

При построении организации исследований в рамках образовательного процесса наиболее важны следующие моменты:

- выбор темы исследования, на самом деле интересной для ученика и совпадающей с кругом интереса учителя;
- хорошее осознание учеником сути проблемы;
- взаимоответственность и взаимопомощь учителя и ученика.

Ещё один немаловажный момент — сотрудничество. Во взаимодействии учителя и ученика важно, чтобы учитель не вел подопечного «за руку» к решению задачи, а выступал как человек более опытный в поиске ответов на вопросы, помогал осваивать новый способ взаимодействия с окружающим миром. Для осуществления данного принципа учителю следует:

- создавать атмосферу поиска;
- выстраивать диалогическое общение с учениками, в котором вопрошание к внутреннему миру другого будет занимать значимое место;
- провоцировать появление вопросов и желания найти ответы;
- выстраивать доверительные отношения с учащимися на основе договора и взаимной ответственности;
- учитывать интересы и мотивации ребёнка;
- давать учащемуся право в принятии значимых решений;
- развивать у самого себя «открытое мышление».

Поэтому так важно, чтобы сам преподаватель обладал исследовательской позицией и транслировал ее своим младшим коллегам.

Этапы формирования исследовательской компетентности учащихся

Можно выделить определенные этапы проведения мероприятий по формированию исследовательской компетентности учащихся.

На первом этапе формирования целесообразно исходить из следующих задач:

- выявление направленности интересов, их стремлений и готовности к инновационной деятельности;
- определение уровня понимания или сути реализуемого, способов проведения образовательного процесса на этой основе, готовности к исследованию различных тем и их видения этих проблем;
- становление личной позиции участников опытно-экспериментальной работы.

Для решения этих задач рекомендуется использовать в педагогической деятельности различные методы исследования: от простейших (беседа, наблюдение, интервьюирование, анкетирование, дискуссия) до более сложных (анализ уроков, предоставленных разработок, творческих работ, проведение деловых игр). Результатом первого этапа должно стать создание проблемных групп.

Второй этап характеризуется появлением субъективного видения решения обозначенной проблемы, подходов, их отстаиванием, обсуждением, принятием или не принятием чужих точек зрения.

Мероприятия по формированию исследовательской компетентности учащихся должны стимулировать его участников к анализу различных предложений, идей. Происходит привлечение новых научных данных и включение различного рода инструментария в практику субъектов опытно-экспериментальной работы. Идеи отдельных участников работы обсуждаются на заседаниях научного общества, происходит уточнение общего видения проблемы.

Третий этап характеризуется тем, что замысел исследовательской работы получает отчетливо выраженный характер. Все больше внимания уделяется работе отдельных секций в школе при обсуждении на совете научного общества, появляются конструктивные выходы на создание продуктов исследовательской работы. Педагогическая практика свидетельствует, что наиболее приемлемым вариантом на этом этапе является проведение проблемных семинаров.

Началом вовлечения учащихся в исследовательскую работу по формированию у них навыков исследовательской компетентности становится их участие в кружковой работе. Необходимо подчеркнуть, что основными формами исследовательской работы учеников являются предметные и проблемные кружки, проблемные ученические лаборатории, научные и научно-практические конференции, а также внутришкольные, областные и республиканские конкурсы.

Предметные кружки чаще всего организуются при работе с учениками младших классов. Руководителями выступают преподаватели. Научный кружок является самым первым шагом в исследовательской работе учеников, поэтому и цели перед его участниками ставятся относительно несложные. Чаще всего это подготовка докладов и рефератов.

С целью формирования и развития инновационного мышления важно организовывать исследовательскую работу школьников, как на уроках, так и во внеурочное время.

Можно выделить следующие формы реализации исследовательской деятельности:

1. Проблемное ведение уроков базисного компонента учебного плана общеобразовательной школы. Реализуется проблемный подход к ведению урока: учитель представляет различные точки зрения по конкретной теме, организывает дискуссию, в процессе которой проходит анализ предлагаемых первоисточников и высказываются различные мнения. Можно организовать доклады учащихся по проблемным вопросам.

2. Введение в сетку базисного компонента учебного плана специальных учебных предметов.

3. Курсы в рамках школьного компонента – элективные курсы предпрофильного и профильного обучения в области естественных и гуманитарных наук, которые строятся на основе выполнения исследовательских проектов.

4. Программы дополнительного образования с применением широкого спектра различных форм групповой и индивидуальной работы по дополнительным образовательным программам. Фиксация результата в виде законченной исследовательской работы.

5. Применение исследовательского подхода при проведении экскурсий. Постановка индивидуальных исследовательских задач с фиксацией результата в виде отчетных работ.

6. Реализация общешкольных проектов (например, интегрированной образовательной программы общего и дополнительного образования, тематические интегрированные проекты по определенной проблеме) на основе исследовательской деятельности на уровне учреждения с тесной увязкой различных форм образовательной деятельности и реализацией годового цикла исследовательской деятельности.

7. Организация походов и экспедиций как самостоятельных форм исследовательской деятельности и как элементов годового цикла проведения учебных исследований.

8. Проведение научно-практических конференций и конкурсов – форм презентации исследовательской деятельности.

9. Поддержка деятельности тематических клубов и молодежных объединений.

Таким образом, исследовательская деятельность является одной из форм творческой деятельности, поэтому её следует рассматривать в качестве составной части проблемы формирования и развития инновационного мышления учащихся. Интеллектуальное и нравственное развитие человека на основе вовлечения его в разнообразную самостоятельную деятельность в различных областях знаний можно рассматривать как стратегическое направление развития образования.

Список литературы:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Астана, 2010 г.
2. Бабанский Ю.К.. Повышение эффективности педагогических исследований //Ю.К. Бабанский. - М.: Педагогика, 1982.
3. Леонтович А.В. Об основных понятиях концепции развития исследовательской деятельности учащихся //Исследовательская работа школьников. - 2003. - №4. - С. 14.
4. Обухов А.С. Исследовательская позиция и исследовательская деятельность: что и как развивать? //Исследовательская работа школьников. - 2003. - №4. - С. 19.

ӘӘЖ: 159.9:316.77

Н.Б. Серикбаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Қазақстан, Семей қаласы

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС АРҚЫЛЫ ТҰЛҒА ДАМУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қарым-қатынас – қоғам дамуының құралы және негізі болып табылатын мәдениет деңгейін бейнелейтін тарихи дамудың нәтижесі. Қарым-қатынас мәселесі теориялық, эксперименттік және қолданбалы зерттеулерде мағынасы тұрғысынан психологиялық іс-әрекет, тұлға, сана т.б. ұғымдармен байланысты.

Тұлғаның қалыптасуы мен дамуы жайлы теория мен тәжірибе танымдық іс-әрекет пен қарым-қатынас мәселесінде байланыс тауып, өзара қиылысады. Қарым-қатынас танымдық іс-әрекеттің дамуында басты көрсеткіш әрі фактор болып табылады.

Тұлғаның қалыптасуында негізгі факторлардың бірі – ол қарым-қатынас. Қарым-қатынас адамды толық түсінуге, оның рухани-адамгершілік қасиеттерін, дамуын, жетілуін және индивидуалды-психологиялық ерекшеліктерін білуге мүмкіндік туғызады. Тарихи қоғамдағы объективті талаптар және қоғамның дамуындағы әлеуметтік заңдар тұлғаның қалыптасуын анықтайды.

Қазақтың көрнекті ғалымы, профессор Қ.Б. Жарықбаев былай деген: «Адамның психологиялық ерекшеліктері, оның өмір сүретін ортасына қоғамдық тікелей әсер етуінен қалыптасып отырады. Жеке адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау үдерісінде ғана қалыптасады, қоғамдық тәрбие арқылы адам белгілі мазмұнға ие болады» [2]. Сондықтан адамның жеке басының психологиясын ұғынуда оның бағытын көрсететін компоненттермен қатар (әлеуметтік орта, білімі, нақтылы кәсібі және т.б.) танымдық ерекшеліктерін де толық меңгеруімізді талап етеді.

Психологиялық сөздікте қарым-қатынасқа мынадай анықтама берілген: «Қарым-қатынас – бірлескен іс-әрекеттегі қажеттіліктен туындаған адамдар арасында ақпарат алмасу, байланыс орнату және оны дамытудың күрделі, көп жоспарлы үдерісі. Мұнда ол қарым-қатынас бойынша серіктердің өзара әрекет, қабылдау және түсінудің бірдей стратегиясын жасау болып табылады. Сондықтан қарым-қатынас – біріншіден, бірлескен іс-әрекеттегі қажеттіліктен пайда болатын адамдар арасында бірнеше жоспарлы байланыстарды орнату мен дамытудың күрделі үдерісі. Ол ақпарат алмасу, өзара әрекеттесудің бірыңғай стратегиясын өңдеу, серіктесті қабылдау және түсінуден тұрады. Ал екіншіден, бірлескен іс-әрекет қажеттіліктерінен туындайтын күй және мінез-құлық пен серіктестің тұлғалық-мәндік құрылымдарына бағытталған екі немесе одан да көп субъектілердің өзара

әрекеттерінің белгілік құралдарымен жүзеге асырылады. Мұнда ол заттық және эмоциялық аспектілерде өзара хабарлама алмасудан тұрады [3]. Сондықтан қарым-қатынаста адам өзінің жеке дара ерекшеліктерін меңгеретіндігі байқалады.

Қарым-қатынасты зерттеуде келесілерге сүйенеміз:

- біріншіден, қарым-қатынас іс-әрекеттің ерекше типі – коммуникациялық іс-әрекет;
- екіншіден, қарым-қатынас – кез-келген іс-әрекеттің іске асырылу шарты;
- үшіншіден, қарым-қатынас – арнайы берілген іс-әрекеттің нәтижесі» деп, қарым-қатынасты

зерттеуде іс-әрекеттің маңыздылығына түсініктеме берген [4]. Осы түсініктемелерден адам өмірінде қарым-қатынастың қаншалықты мәнге ие екендігі көрінеді.

М.И. Лисина тұлғалық дамуда баланың барлық қарым-қатынас түрлерінде танымдық даму үдерісі жүретіндігін атап өткен [13]. Оның пікірінше, қарым-қатынас – баланың қалыпты психикалық дамуының маңызды факторы және ажырамайтын шарты. Қоршаған адамдармен қарым-қатынас қажеттілігі адамда бастапқы мәні бар маңызды табыс болып табылады. Ол қарым-қатынасты іс-әрекет ретінде түсінудің негізгі ережесін ұсынды. Олар:

1. Қарым-қатынас іс-әрекетінің заты немесе объектісі бірлескен іс-әрекеттегі серіктес және қарым-қатынас потенциалының субъект ретіндегі басқа адам болып табылады;

2. Қарым-қатынас әрбір іс-әрекет сияқты адамның қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған. Қарым-қатынастағы қажеттілік басқа адамды бағалауға, өзінің тұлғасын және өзін бағалауға талпынудан тұрады. Сол берілген бағасын анықтауға қарым-қатынас мотиві басқа адам немесе, дәлірек, адамның сол қасиеттері туралы түсінігі үшін баланың үлкендермен өзара әрекетке түсуі болып табылады;

3. Қарым-қатынас іс-әрекетінің бірлігі – қарым-қатынас әрекеті объект ретінде басқа адамға айтылған немесе соған бағытталған тұтастай акт;

4. Қарым-қатынас құралы әрбір қатысушының басқа адамдармен өзара әрекетінің көмегі арқылы өзінің әрекетін құрауы және өз үлесін қосатын операция болып саналады. Ерекшеленген қарым-қатынас құралының көмегі арқылы балалар үлкендермен өзара әрекетін жүзеге асырады, олар экспрессивті-мимикалық, заттық-қозғалысты және сөздік.

Осыған сәйкес тұлға өзге адаммен бірлескен іс-әрекетте қарым-қатынас арқылы өзін танытады және өзгені тануы да осы үдерісте жүзеге асырылады. Сол себепті іс-әрекет пен қарым-қатынас тікелей тұлға мәселесімен байланыстырылады.

Адамның бүкіл өмірі басқа адамдармен қарым-қатынаста өтеді. Ол қарым-қатынаста іс-әрекеттің нақты мақсаттарын жүзеге асырады. Олар: қарым-қатынаста өзара қабылдау, өзара бағалау, әңгімелесушілердің өзара әсерлесуін реттеу, ақпарат алмасу.

Қарым-қатынас пен даму – қатарлас және бір-бірлеріне тәуелсіз құбылыстар ғана емес, олар өзара байланыста тұратын үдеріс. Олардың психологиялық байланыстылығының негізі үдерістердің рухани бірлігі болып табылады. Қарым-қатынас тиімділігі бірлескен іс-әрекет қатынасының жақсаруына қаншалықты негіз болуына байланысты.

Тұлғаның танымдық және интеллектуалды әрекеттерінің дамуында қарым-қатынас ерекше орынға ие, тұлғаның сөйлеу әрекеті қарым-қатынас үдерісінде дамиды, ал тұлғаның қарым-қатынас қабілеті танымдық іс-әрекеттің дамуына ықпал етеді.

Тұлға қалыптасуында негізгі орындардың бірі ретінде оның басқалармен қарым-қатынас жасау қабілеті болып саналады. Қарым-қатынас арқылы тұлға өзін көрсете алады, сонымен қатар жеке дара ерекшеліктерінің ашылуына, психикалық қасиеттерінің, танымдық белсенділігінің артуына ықпал етеді.

Әлеуметтік психология қарым-қатынас үдерісінде тұлғаның дамуын, қарым-қатынасын және іс-әрекетін зерттейді. Тұлға және қарым-қатынас- психологиялық білімнің осы маңызды саласының негізгі түсініктері. Басқа адамдармен қарым-қатынас үдерісінде тұлға адами мәдениетті, тарихи даму және жалпылама түсініктерде, еңбек дағдыларында, мінез-құлық ережелерінде т.с.с жинақталған тәжірибені игереді. Адамды зерттей отырып, әлеуметтік, қоғамдық психологиямен айналыспау мүмкін емес. Бірақ басқа ғылымдарға қарағанда, әлеуметтік психология психологияның арнайы тармағы ретінде «басқалармен бірлесе жасалатын, тікелей ұжымдық формада» болатын адам өмірінің осындай көріністерін зерттейді. Іс-әрекет тұлға белсенділігінің көрінуі мен формасы және адам болмысын сипаттайтын маңызды категория болып саналады.

Сонымен тұлғаның жас ерекшелік деңгейінде психикалық қасиеттерін, танымдық іс-әрекетін және психикалық қалып-кейіптерін тұтас қамтитын, оның психикасының дамуында басты көрсеткіш әрі фактор болатын негізгі саласы – қарым-қатынас болып табылады. Қарым-қатынас тұлғаның

танымдық іс-әрекетінің жетілуін қамтамасыз ететін бірден-бір фактор және жағдай болады, олай болса қарым-қатынас тұлғаның психикалық дамуына тікелей ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тоқсанбаева Н.Қ. Психологиядағы қарым-қатынас мәселесі. // Білім беру жүйесінде адам ресурстарын басқарудың қазіргі тенденциялары: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы, 2005. – 345-347 бб.
2. Курпатов А.В., Алехин А.Н. Развитие личности. Психология и психотерапия. - М.: ОЛМА Медиа Групп, 2006. – 448 с.
3. Тоқсанбаева Н.Қ. Проблема общения в психологии // Вестник БГУ. 2008. - №2 (11).- С. 39-41.

ӘӨЖ: 45.21

Г.С. Серикканова

Бесқарағай ауданы, «Беген орта мектебі» КММ
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Ағылшын тілі сабақтарында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану тәжірибесі мақсаттардың жүзеге асырылуын көздейді: Оқушылардың сөздік қорын молайтып, сөйлеу тілінің грамматикасын қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айту, диалогтық сөйлеуді қалыптастыру, оқушылардың түсінгенін айта білу, сауатты жазу дағдысын қалыптастыру. Сонымен қатар дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, өмірге деген көзқарасын жан-жақты дамытып, шығармашылық қабілетіне жол ашу.

Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат болып отыр. Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен қатар жаңа ақпараттық, коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі болып отыр. Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті:

Компьютерлік техниканы, ғаламтор, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсету. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің болашағы – жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілімен қатар шетел тілі «ағылшын тілінде» еркін сөйлеп, елін, халқын, мәдениетін шетелге таныстыра алатын, үш тілде еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек екендігін айтты.

Компьютерлік телекоммуникациялар бүгінгі қоғамда үлкен қолданысқа ие. Мәселен, бизнесте, ақпараттық құралдарда, ғылым мен білімде.

Қазіргі заман мұғалімі тек өзінің пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық, коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болуы керек.

Ағылшын тілі-бүгінгі заманымыздың кілті, компьютер технологиясының кілті екендігі баршаға мәлім.

Компьютер және мультимедиялық құралдарды қолданудың сабақ барысында ерекшелігі: онымен бірге білім жүйесіне жаңа әдістермен бірге әлемдік ойлаудың жаңа шығармашылығы енгізілді. Компьютерлік және ақпараттық технологиялар-заман талабы. Компьютер желісі мен мультимедиялық-электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану-оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға септігін тигізеді. Бағдарлама мұғалімге қысқа мерзімде үлкен дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп, компьютерлік білімді даярлауға көмектеседі және оқушылардың қабілеттерін арттыруға септігін тигізеді: есте сақтау, көру, есту, ойлау, эмоционалды, автоматты және т.б.

Интерактивті тақта арқылы презентацияларды қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, белсенділігін оятады.

Ағылшын тілі сабақтарында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтар мен интерактивті тақтаны пайдаланғанда, оқушылар:

- Лексиканы оқып үйренеді; сөйлеу ырғағын, диалог, монолог және рөлдік ойындарды, хат жазу, грамматикалық құрылымдарды меңгереді.

«Enjoy English» электронды окулығында оқушылардың ойлау, сөйлеу және коммуникативті дамуына зор ықпал етеді. Бұл диск екі бөліктен тұрады: 1-ойындар, 2-жаттығулар және диалог пен караокелерден тұрады. 2-мультфильмдерден тұрады. Мультфильмдерді мәтінмен, диалогпен, аудирование және дауыс ырғағына берілген жаттығуларда қолдануға болады. Жаңа ақпараттық құралдарды ағылшын тілі сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер: үлгерімі төмен оқушыларға пәнді жетік меңгеруіне көмектеседі, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын артады, сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады, оқушылардың шығармашылығын арттыруға септігін тигізіп, жеке жұмыс істеуге үйретеді, грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі, оқушылардың есте сақтау, есту, көру, ойлау қабілеттерін дамытады, пікірталас, талдау, сараптама жасау, мүмкіндіктерін арттырады. Компьютерді жаңа сабақты түсіндіруде, грамматикалық құрылымдарды өткенде және қорытынды сабақта қолданған тиімді. Ағылшын тілі сабағында компьютер және т.б. жаңа ақпараттық құралдарды пайдалану-жаңа заман талабы. Жаңа замандағы Қазақстанымыздың дамып келе жатқан қадамында оқу үрдісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу де, келешекте компьютер заманы болатынына көз жеткізеді. «Шетел тілі» оқу пәнінің оқытудың басты мақсаттары Шетел тілін оқытудың басты мақсаты-оқушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту. Осыған сәйкес оқыту мазмұнына қарапайым коммуникативті біліктілікті, қажетті жағдайда ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас үрдісінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білік, дағдылар енеді. Осы мақсатқа сай оқыту міндеттері екі үлкен бағыт бойынша белгіленеді:

1. Танымдық бағыт бойынша:

- оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру;
- тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіндіру (қазіргі уақыт талабына сай шетел тілінің пән ретінде қажеттілігі күннен-күнге артып отыр. Ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени алға басуында қозғаушы фактор болуда);
- оқушының тілін дамыту, тілдік шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;
- сөз мәдениетін таныту;
- пікірталас мәдениетін жетілдіру;
- сөйлеу түрін, сөйлеу мәдениетін, тәсілін меңгерту;
- оқушылардың логикалық ойлауының бір ізді болуын қалыптастыру.

2. Коммуникативтік, практикалық бағыт бойынша

- оқушыларға тіл нормаларын меңгерту;
- тілдік сауаттылығын арттыру;
- этикет нормаларына сай тіл мәдениетін жетілдіру;
- сөйлеу әрекетіне қажетті заңдылықтар мен талаптарды меңгерту;
- шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- қарым-қатынас талаптарына сай іскерліктерде қолдана білу;
- пікірталас түрлеріне сай сөз қолдану біліктілігін қалыптастыру,

Бұл міндеттердің жүзеге асырылуы тілдік білімнің (мұның қай-қайсысы да тір арқылы баланың логикалық ойлауын дамытуға, қарым-қатынастық дағдыларын жетілдіруге, сөз әрекетінің түрлеріне) қатынасты машықтануына әсерін тигізеді. Аталған қағидаларды оқу-әдіс, іс-тәжірибемде үнемі басшылыққа алып отырамын, пайдалы жақтарын көруге тырысамын.

Жаңа ақпараттық технологиялармен қатар, сабақта интербелсенді оқытудың әдістерін ұтымды пайдалана отырып, тәжірибемде ойын әдістерін де жиі пайдаланамын. Ойынға қатысушы оқушылар мұғалімдермен өзара қарым-қатынастарын нығайтады, әрі өздерінің қабілеттерін тексеруге мүмкіндік тудырады, сонымен қатар, ұйымдастыру қабілеттерін арта отырып, сабаққа деген қызығушылық сезімдері артады.

Оқу үрдісінде тиімді ойындар: рөлдік ойындар, іскерлік ойындар. Іскерлік оқу ойындары: саяхат ойындар, блиц ойындары. Өндірістік ойындары. Рөлдік ойындар-интербелсенді әдістердің бір түрі. Олар екіге бөлінеді: 1. Әрбір оқушы рөлде ойнайды. 2. Оқушылардың шағын топтары рөлде ойнайды. Іскерлік оқу ойындары сабақ тақырыбы бойынша жазылған сценарийлерге қысқа жағдаяттар ойнау. Ал саяхат ойындарында оқушылар күнделік жүргізеді немесе достары мен туыстарына хат жазады. Блиц ойындары-шағын ойындар. Оқушылардың нақты біліктері мен дағдыларын дамытуға бағытталады. Мысалы: фотосуреттерді баяндау (отбасы мүшелерін, достарын, өз үйін, бөлмесін), сұхбат алу (мерекелер тақырыбы бойынша), шындық детекторы (дұрыс, қате). Өндірістік ойындарда әлеуметтік және экономикалық маңызы бар күрделі мәселелерді шешуге болады.

Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сапалы білім, саналы тәрбие беруде сабақтың тиімді түрлерін қолдануға болады. Мысалы, 5-6 сыныптарда ойын сабақтары, 9 - сыныптарда сын тұрғысынан ойлауды дамыту, ұжымдық оқыту, пікірталас, семинар, сынақ, жарыс, өзіндік жұмыс. Сурет-иллюстрациялар бойынша әңгіме құрастыру, тірек сигналдар, тірек-сызбалар, кластерлер, хронологиялық таблицалар құрастыру, тірек-конспектілер, Венн диаграммасы. Қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар. Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологиялары бағыттары:

- а) электронды оқулықтар;
- ә) телекоммуникациялық технологиялар;
- б) мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар;
- в) қашықтықтан оқыту (басқару).

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web – сайттар ашу;
- Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;
- Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау (мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар).
- Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру.

Интерактивтік оқыту – ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін - ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады.

Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және интерактивтік технологияларын пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда.

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ағылшын тілі сабақтарында ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Қазіргі таңда оқыту үрдісіне қойылатын талаптардың өзгеруіне байланысты оқыту технологиялары негізінен қолданылуда. Оқу үрдісіндегі оқыту технологиялары дегеніміз қойылған мақсаттарға және күтілетін нәтижеге тиімді жету жолдарын қамтамасыз ететін оқу бағдарламаларында қамтылған білім мазмұнын меңгерудің жүйеленген формалары мен әдіс-тәсілдері. Оқу үрдісінде оқушылардың өздерін еркін сезінуіне жағдай туғызу. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын дамыту, күтілетін нәтижелерге жетуге талаптандыру. Жеке бас дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдану. Өз бетімен жұмыс істеп, шешім қабылдауға мүмкіндіктер туғызу.

Мұғалім-ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық жіне интеллектуалды дамуын жобалаушы болуы керек. Ал бұл мұғалімнен ақпараттық құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді. Ағылшын тілі сабақтарында ақпараттық технологияны жаңа тақырыпты өткенде, қорытынды-қайталау сабақтарында қолдану қте тиімді. Сабақ барысында слайд-фильмдерді пайдалану, дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, сабақтың динамикасын, көрнекілігін, ақпараттың өте жоғары деңгейін және көлемін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, оқушылардың өтіліп жатқан тақырыпқа, ағылшын тілі пәніне қызығушылығы артады.

Қорыта келе, ағылшын тілі сабақтарында ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану заман талабына сай білімді, білікті, дүниетанымы кең, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға тәрбиелеуге зор ықпал етеді.

Осы мақсат негізінде төмендегідей міндеттердің жүзеге асырылуына септігін тигізбек: жас ұрпақтың қабілеті мен талантын ашу, шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру, өз алдына мақсат қою арқылы оны жүзеге асыра білу қабілеттілігі, өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білу шеберлігі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Голицинский Ю. Жаттығулар жинағы. Санк – Петербург. 2001г.
2. Блинова С.И., Чернышева Г.С. Практика английского языка. – Санк-Петербург, 2000.
3. Баданбекқызы З.Р., Аманқызы М.М. Ағылшын тілі.
4. «Speak English» журналы 2005.
5. Консультаций по английскому языку: В.А. Миловидов. - Санкт-Петербург, Айрис-Пресс, Рольф, 2001.- 320 с.
6. Ағылшын тілі. 1-4 сыныптар: О.А. Конобевская — Санкт-Петербург, Феникс, 2015 г.- 64 с.
7. Итоговая аттестация по французскому языку в начальной школе. Базовый и повышенные уровни (+ CD-ROM): - Москва, Корона-Век, 2014.- 80 с.

УДК: 378.881.111.1:606

М.Ж. Сламбаева

Государственный университет имени Шакарима города Семей
Казахстан, г. Семей

ИННОВАЦИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ИНОЯЗЫЧНОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ ДЛЯ СТУДЕНТОВ СПЕЦИАЛЬНОСТИ «БИОТЕХНОЛОГИЯ»

В настоящее время встает вопрос о разработке новых методик и техник обучения, позволяющих эффективно готовить высококвалифицированных специалистов за строго определенный, небольшой период времени.

Повышение требований к уровню подготовки студентов по предмету «Профессионально-ориентированный иностранный язык» заставляет постоянно создавать и внедрять новые методики обучения, учитывающие происходящие изменения как в самой методической науке, так и науках, осваиваемых будущими молодыми специалистами.

В имеющейся системе образования не достаточно внимания уделяется вопросу получения адекватных знаний, навыков и умений в области иностранного языка для будущей повседневной и профессиональной коммуникации специалиста. Видится необходимым сформировать такой уровень компетенций обучающихся, который позволял бы успешно общаться с целью эффективного решения задач и проблем в биотехнологической сфере деятельности, условиях быстро меняющихся речевых ситуаций в иной лингвокультуре, ситуациях производственного характера [2, 6].

Стратегии освоения терминологического запаса за короткий промежуток времени и последующего его успешного применения в профессиональной деятельности следует отнести к малоизученным явлениям: проблема эффективного обучения терминологическому запасу на примере направления «Биотехнология» ранее не рассматривалась. Выпускники названного направления, как показывает практика, не всегда имеют требуемый уровень владения иностранным языком для специальных целей. Они не используют, либо мало употребляют в речи терминологию из сферы будущей профессиональной деятельности. Будущие биотехнологи испытывают трудности в реальных условиях иноязычного общения. Следовательно, снижается их академическая мобильность, не развивается способность адаптироваться в условиях профессиональной межкультурной коммуникации. Молодые специалисты становятся неконкурентоспособными. В ходе обучения студентов-биотехнологов английскому языку для специальных целей отмечаются **следующие проблемы** между:

- современными требованиями, предъявляемыми Государственным образовательным стандартом Республики Казахстан, и фактическим уровнем компетенций обучающихся, недостаточным для общения в профессиональной сфере деятельности;

- наличием теоретических разработок в области обучения терминологической лексике в неязыковом вузе и отсутствием теоретической и практической реализации описанных положений по актуальной специальности «Биотехнология»;

- производственной потребностью подготовки биотехнологов международного уровня, владеющих профессиональной иноязычной терминологией, и отсутствием методик обучения, позволяющих молодому специалисту адаптироваться в иноязычной коммуникативной среде;

- возрастающей потребностью овладения иноязычной терминологией в области биотехнологий за короткий промежуток времени и отсутствием эффективных методик обучения профессионально значимой терминологии за 1 учебный год.

Эффективное обучение терминологии студентов вуза по специальности подготовки «Биотехнология» обеспечивается рядом педагогических, психологических и лингвометодических предпосылок. Личностно ориентированный подход рассматривается в данном контексте как основа образования. Он отличается от индивидуального подхода и традиционного обучения тем, что предполагает обязательную опору на внутреннюю структуру познавательной деятельности самих обучающихся: знание того, как студенты формулируют суждения, выполняют творческие работы, умеют ли они проверить правильность собственной работы, скорректировать её, какие умственные операции они должны выполнить и т.д. Данный подход создает предпосылки для большей результативности и, следовательно, повышает эффективность личностно-ориентированного обучения.

С точки зрения современной методики крайне важен учет субъектного опыта обучающихся. Использовать личный опыт в процессе познания и усвоения - значит организовать учебную деятельность, постоянно опираясь на личностные интересы, стремления и потребности будущих специалистов-биотехнологов. Личный опыт обучающихся, их чувства и эмоции влияют на выбор интересующих их тем и текстов, побуждая студентов к выражению собственного мнения, и, следовательно, к использованию терминологии в активной коммуникативной деятельности.

Для повышения эффективности усвоения терминологического запаса следует обратить внимание на уровень обучения, соответствующий уровню развития обучающегося. Учет уровня подготовленности обучающегося значительно сокращает время, затраченное на усвоение специальной биотехнологической терминологии. Знание имеющегося языкового уровня обучающегося позволяет определить правильное соотношение между действительным уровнем развития и имеющимся у студента потенциалом [1, 3].

При отборе иноязычного содержания обучения учитываются актуальные для студентов-биотехнологов темы и проблемы. Они отражаются, прежде всего, в выборе: а) аутентичного текстового материала; б) тем для дискуссий; в) учебного аудио-визуального материала. Больше всего обучающихся интересуют недавно пройденные на базовых предметах темы, следовательно, отбор материала строится с учетом других курсов специальности [2, 5, 6].

Механизм смыслового вербального восприятия и механизм переработки полученной лингвистической информации на практических занятиях обеспечивают эффективное обучение иноязычной терминологии. Смысловое восприятие зависит от имеющегося тезауруса студента и, в большей мере, определяется как внутренними психологическими механизмами обучающегося (памятью, мышлением, вниманием, вербальным восприятием и пр.), так и внешними условиями (предметом, местом и временем общения, лингвистической и экстралингвистической информацией и т.д.) [1].

Главной задачей мотивации и самомотивации является организация учебной деятельности, максимально способствующей раскрытию внутреннего потенциала личности человека. Студент понимает применение результата изучения иностранного языка и терминов специальности и осознает их необходимость для профессиональной деятельности, вследствие чего стремится усвоить больше терминологии за отведенный на это промежуток времени. Освоение изучаемого материала происходит во время направляемой рефлексии, за счет которой выделяются схемы деятельности - пути решения практических задач или рассуждения. В целом весь образовательный процесс представляет собой чередование предметной и рефлексивной деятельности, прямым продуктом которой является усвоение терминологии [2].

Для достижения поставленной цели — усвоения терминологии студентами по направлению подготовки «Биотехнология» была разработана модель, обеспечивающая эффективное обучение терминологической лексике (рис. 1). Данная модель основывается на обще дидактических принципах обучения лексике: 1) активности и наглядности; 2) развивающего обучения; 3) дифференцированного

подхода; 4) проблемности в обучении; 5) практической направленности и динамичности. Большое значение имеет и реализация общеметодических принципов обучения: 1) принцип коммуникативной направленности; 2) учета родного (русского) языка; 3) взаимосвязанного обучения сторонам и видам речевой деятельности [5].

В процессе обучения студентов терминологической лексике видится обоснованным использовать стратегии: а) направленные на отбор и рациональную организацию профессиональной биотехнологической терминологии; б) формирующие профессиональный тезаурус; в) мотивационную и коммуникативно-игровую стратегии. Каждая стратегия определила свои приемы обучения, позволившие сделать процесс обучения более быстрым, эффективным и направленным. Можно воспользоваться такими приемами, как: идентификация терминов по определенным признакам, их детализация, прогнозирование, сравнение терминов в нескольких языках, образование сложных терминов, перевод терминов на родной язык или на второй иностранный язык, коммуникативные деловые игры и др. Вышеозначенные лингвометодические и коммуникативные приемы обучения позволяют студентам научиться проводить сравнительный анализ терминов, составлять их дефиниции, уметь распознать наглядное изображение термина, зная этимологию слова, уметь находить область значений термина, по аналогии с изученным переносить на неизученный термин сходные свойства, черты, флексии. Данные стратегии и их приемы повышают эффективность усвоения терминологии и позволяют надолго закреплять ее в семантической памяти студента [4, 5].



Рисунок 1. Модель эффективного обучения терминологии по специальности «Биотехнология»

Список литературы:

1. Воеводина, О.С. Психологические особенности усвоения специальных терминологических единиц студентами неязыковых вузов в процессе обучения иностранному языку [Текст] / О.С. Воеводина // Вестник Челябинского государственного педагогического университета. – Челябинск, ЧГПУ, 2013. – Вып.4. – С. 48-55.
2. Воеводина, О.С. Основные принципы эффективного обучения студентов иноязычной терминологии по направлению «Биотехнология» [Текст] / О.С. Воеводина // Высшее образование сегодня. – М.,: Логос, 2013. – Вып. 11. – С. 27-29.
3. Скурихин Н.А. Модель формирования коммуникативного стиля в обучении английскому языку студентов неязыковых специальностей [Текст] / Н.А. Скурихин // Нижегородское образование. – Нижний Новгород, 2012. – №1. – С.175-178.
4. Воеводина, О.С. Критерии отбора иноязычной терминологической лексики предметно-тематической области «Биотехнология» [Текст] / О.С. Воеводина // Казанская наука. – Казань: Казан. изд. дом, 2013. – Вып. 7. – С. 202-204.
5. Скурихин, Н.А. Коммуникативный стиль и стратегии его формирования при обучении английскому языку студентов неязыковых специальностей [Текст] / Н.А. Скурихин // Вестник Нижегородского государственного лингвистического университета им. Н.А. Добролюбова. – Нижний Новгород, 2012. – Вып. 17. – С. 223-229.
6. Шустикова Т.В., Розанова С.П., Лексические трудности при переводе //Материалы международной конференции «Профессионально-ориентированное обучение иностранному языку и переводу в вузе», 25-26 марта 2008 г., РУДН, Юридический факультет – Компания "Britannia". – М.: РУДН, 2008. – С . 248 – 255 (0,5 п.л.).

ӘӨЖ: 316.752/754

С.М. Слямова, Г.К. Джумажанова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Қазақстан, Семей қаласы, dariya69@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазіргі таңда Білім беру мәселелері жалпы әлемдік қоғамдастықтың өзекті мәселелердің бірі болуы өркениет дамуының білім беру сапасымен байланысында болып отыр. ҚР «Білім беру» мемлекеттік бағдарламасында білім беруді жетілдіру мен оқыту үдерісіне жаңа ақпараттық технологияларын енгізу арқылы сапалы кәсіби мамандарды даярлауды қамтамасыз ету мәселесі қарастырылған. Қазіргі жағдайда жоғары мектеп дамуында уақыт талабына сай жоғары білікті маман даярлайтын оқыту әдістерін өңдеу, болашақ кәсіп иелерін тәрбиелеу маңызды жағдайлардың бірі болып отыр. Болашақ мамандарға қойылатын мақсат-міндеттердің күннен-күнге өсуі жоғарғы оқу орнындағы оқу үдерісінің тиімділігін арттыру үшін үлкен ізденіс пен шығармашылық қалыптасу жолын талап етеді [1].

Сондықтан да, студенттердің жоғарғы оқу орнына бейімделуі мен кәсіби құндылықтарының дамуы үдерісіндегі қиындықтарға көп көңіл бөлу, оған мейлінше үлкен мән беру студенттің маман ретінде қалыптасуына, дамуына, болашақ іс-әрекетінің тиімділігіне ықпал етеді. Сол үшін кәсіби құндылықтары үдерісінің жалпы және нақты сұрақтарын шешу ғылыми дәлелдеуді қажет етеді. Осы ғылыми дәлелдеу кезінде кәсіпке бейімделу үдерісінде тұлғаның кәсіби мәнді құндылықтарының дамуын зерттеу қажеттілігі туындайды.

Адам өміріндегі кәсіп таңдау, мамандықты меңгеру, кәсіпке бейімделу мәселесі үлкен орын алады. Кәсіпке бейімделу мәселесін Т.Н. Вершина, И.К. Кряжева, М.П. Будякова, А.А.Русалина, Л.М. Митина және т.б көптеген ғалымдар қарастырған. Олардың айтуынша, кәсіпке бейімделуге дайындық, яғни оқу үдерісі кезінде кәсіпті меңгеру кезеңі мен жас маманның жұмыс ортасына қосылуы, өндірістік практика кезіндегі іс-әрекеті негіз болады. Студент кәсібін меңгеру, кәсіби қалыптасуы кезінде өмірлік, кәсіби жоспарларды өзгертеді, жетекші іс-әрекеттері ауысады, тұлға құрылымының қайта құрылу үдерісі жүреді. Сонымен қатар, Т.А.Кухарева, И.Калайкова, Ю.А.Александровский, М.И Дьяченко және П.А.Кандыбович еңбектері жоғарғы оқу орындарында кәсіпке бейімделу себептері мен қиындықтарын зерттеуде ерекше орын алады.

Болашақ мамандардың тұлғалық қасиеттерінің дамуында құндылықтық бағдарлардың тигізетін әсерін бір сөзбен айту қиын. Сондай-ақ, құндылық бағдарлар ең алдымен кәсіпке бейімделумен тығыз байланысты. Жалпы алғанда, құндылықтық бағдарлар белгілі бір кәсіпке бейімделуге оң және теріс ықпалын тигізеді. Студенттердің ұмтылған құндылықтары мен оның кәсіпке бейімделуі арасында үйлесімділік, байланыс болуы керек.

Қазіргі кезде кез-келген кәсіп орасан зор әлеуметтік мәнге ие, болашақ маман иелеріне қойылатын мемлекеттік дамуын қамтамасыз ететін мамандықты игеру кезіндегі жауапкершілік әрқашан бірінші орынға шығады. Ғылыми-зерттеу жұмыстың өзектілігі болашақ мамандардың кәсіпке бейімделуіндегі құндылықтарының дамуы мәселелерінің жүйелік сипатымен негізделеді. Студенттердің құндылықтарын зерттеуде кәсіпке бейімделуді қарастыру жағдайы өте маңызды, себебі ол тұлғаның өмір бойы қалыптасатын негізгі жағдайларының бірі, әрі тұлғаның өмірлік даму жолдарына әсер етеді. Психология ғылымында кәсіби бейімделу үдерісін, кәсіби құндылықтарының дамуындағы студенттердің тұлғалық ерекшеліктерін, жоғары оқу орнындағы оқу үдерісінің спецификасын зерттеу ерекше мәнге ие бола тұрса да, бұл мәселе әлі күнге дейін толық қанды зерттелінбеген.

Сондықтан, студенттердің кәсіпке бейімделуіндегі кәсіби мәнді құндылықтарының дамуын заман талабына сай зерттеуді, жүйелеуді қажет етеді. Осыған байланысты, біздің зерттеуіміздің негізгі мәселесі туындайды. Студенттердің кәсіпке бейімделуіндегі кәсіби құндылықтарының дамуын зерттеу жастық динамиканы тереңірек түсінуге және жастық, кәсіби дағдарыстардың болу критерийлерін анықтауға әсер етеді. Қоғам тарапынан болашақ мамандарға қойылатын талаптардың өсуімен тақырыптың өзектілігін тығыз байланыстыруға болады.

Тұлға мәдениетінің негізі оның жалпы адамзаттық құндылықтарға қатынасынан көрінеді. «Құндылық» термині болмыстың белгілі құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мән-мағынасын білдіру үшін қолданылады. Адам қызметіндегі заттар, қоғамдық қатынастар және олар қамтыған табиғат құбылыстары құндылықты қатынастар нысандары ретінде танылған бағалы заттар сипатында іс-әрекетке қосылады, яғни бұлардың бәрі де жақсылық пен жамандық, шындық пен жалғандық, әсемдік пен ұсқынсыздық, әділдік пен әділетсіздік және т.б. тұрғысынан пайымдалады. Белгілі құбылыстарды бағалауға негіз болған тәсілдер мен өлшем-шектер субъектив баға түрінде қоғамдық сана мен мәдениетте бекиді де, адам әрекетін бағыттаушы құралдарға айналады. Қалыпты тәртіптік ұғым формасына енген мұндай құралдар түрі: ұстанымдар және бағалар, бұйрықтар мен шектеулер, мақсаттар мен жобалар.

Адам өмірінің өзегі – құндылықтар, ал басқа мақсаттар оған жеткізетін баспалдақтар ғана. Осы қағидаға сүйенсек, қоғамның жаңару кезіндегі жанаша көзқарастардың бірі – құндылық бағдар.

Біздің зерттеуімізге қажетті ұғымның бірі – құндылық. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында: «құндылық» – бұл объектінің жағымды және жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-әлеуметтік ұғым. Құндылық ұғымы алғаш рет ХІХ ғасырдың ортасында пайда болған. Оған алғаш рет философиялық тұрғыдан Р. Ротце мен Г. Коген. Ежелгі философтардың пікірінше, құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстар, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланатын сұлулық, қайырымдылық, мейрімділік, сияқты этикалық, эстетикалық ұғымдар қолданылады. Құндылық заттың, объектінің адам үшін маңызды екенін айқындайды. Құндылық пәндік және субъективтік деген екі бөліктен тұрады. Құндылық бағдар мәселесімен келесі ғылымдар айналысады: аксиологиялық құндылық, философиялық құндылық, әлеуметтік, жалпы психология, философия, мәдениет антропологиясы, педагогикалық психология [2].

Психологиялық сөздікте: «құндылық» түсінігі қоғам үшін әлеуметтік-тарихи маңызы бар, «жеке адам» өмірінің болмысын анықтайтын құбылыс. Басқа жағынан, психологияда құндылық-қоғамдағы моральдық қарым-қатынас [3].

«Құндылық бағыттарын» терминін алғаш рет АҚШ-қа қоныс аударған поляк шаруаларының өмірлік көзқарастарын зерттеу үшін 20-жылдары У. Томас қолданған. Ғалым-педагогтар, құндылық бағдарды қалыптастыруда тәрбие құралын, даму және жас ерекшеліктерін анықтай отырып, қоршаған ортаның әлеуметтік ерекшелігін де ескерген. Құндылық бағдарын қараған кезде «құндылық» түсінігін жоғарғы ғылыми деңгейде қарау керек. Адам қызметінің алуан түрлеріне қарай, құндылық-мейрімділік пен жамандылық, шындық пен жалған, әдемілік пен сүйкімсіздік, істеуге болады және болмайды деген негіздерде бағаланады.

Білімнің қоғамдық құндылығы да жоғарыда аталған алғы шарттармен анықталады. Алайда, мемлекет және қоғам тарапынан болатын білім дамуына орай түсіністік пен ұмтылыс әрқашан сәйкес бола бермейді. Мотив адамның мінез-құлқына қозғау салатын, жағымды әрекеттерге бағыттайтын күш. Тиісті мотивтер болмайынша мінез-құлықтың қажетті нормалары бекілмейді, адамгершілік

қасиеттер қалыптаспайды. Сол себептен педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған оқу-тәрбие үдерісі әдет пен дағдыны, адамгершілік қасиет пен құндылықтарды қалыптастырудың тиімді жолы болып табылады. Әдет-әрекет жасауды қажетсіну, ал әдет дағдымен тығыз байланыста болады. Жеке тұлғаның құндылық бағдарының қалыптасуы, егер оқушы мен студент үшін оқу, оқу еңбегі шын мәніндегі іштей күйзеліс тудырып, білім деңгейлерін көтеру үшін талпынатын болса, белгілі бір қажеттілікке айналса, онда оқу еңбегі олар үшін құндылық болып табылады. Жеке тұлғаның құндылық бағдарының мотивация саласының негізін құндылықтар қалайды. Жалпы алғанда, жеке тұлғаның құндылық бағдар жүйесіне қызығушылық мынадай факторлардан тұрады деп санаймыз:

– Жеке тұлғаның құндылық бағдар проблемасына қызығу.

– Жеке тұлғаның құндылық бағдар үдерісін меңгеруге талпыну, ықылас білдіру.

– Жеке тұлғаның құндылық бағдарының ғылыми әдістемесін игеруге ықылас білдіру, қызығу.

Сонымен, жеке тұлғаның құндылық бағдар жүйесінің мотивация саласы: жеке тұлғаның құндылық бағдар үдерісі; жеке тұлғаның құндылық бағдары; жеке тұлғаның құндылық бағдарының педагогикалық диагностикасы және жеке тұлғаның құндылық бағдарының ғылыми әдістемесін меңгеруге, қалыптастыруға деген ынта-ықыластың пайда болуымен анықталады [4].

Қазіргі кезеңде жоғарғы оқу орнында білім берудің жаңашылдық бағытына сай, студенттердің құндылық бағдарын тереңдетіп, шығармашылық дербестігін қалыптастыру - кәсіптік білім берудің басты мақсаты. Өйткені қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, әлемдік ортада алдыңғы шептен орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің жаңа сипаты – жаңа оқыту технологияларын, оқу ақпараттарын ұтымды қолдану, шығармашылық оқыту түрлерін кеңінен пайдаланумен тығыз байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 ҚР «Білім беру» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2011.
- 2 Коген Г. Науки о духе и философия. /Пер. с нем. В.Н. Белова. //Кантовский сборник. Научный журнал. Калининград. - №1 (27). - 2008. - С. 82-86.
- 3 Биекенов К., Садырова М. Элеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 б.
- 4 Карандашев В.Н. Методика Шварца для изучения ценностей личности: концепция и методическое руководство. - СПб.: Речь, 2004. - 70 с.

ӘӨЖ: 373.1

А.А. Солтанбекова

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Қазақстан, Алматы қ.

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРДІҢ МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА ОҚЫТЫЛУЫ

Қалыптанған пунктуациямен қатар қалыптанбаған пунктуация деген ұғым қатар жүреді. Қалыптанбаған пунктуация жайлы бір нормадан ауытқыған түрлі қолданыстағы тыныс белгілер жүйесі жатады. Белгілі бір пунктуациялық нормадан ауытқушылықтың өзіндік себептері болады, автордың сөзді қалай қолданады оған да байланысты. жалпы қалыптанбаған пунктуация түрлі тілдік құбылыстарды сонымен қатар автордың жеке тұлғасын ашып көрсететін тыныс белгілер жүйесі бір орталыққа біріктіріледі.

Белгілі бір ережеге бағынған пунктуациялық нормадан бөлек ситуативті немесе жағдаяттық пунктуациялық норма белгілі бір анықталған тұрақтылыққа ие. Яғни нақты бір мәтіндегі функционалды-семантикалық жағдаяттарға қатысты ерекшеленбек. Пунктуациялық норма пунктуациялық минимуммен шектеледі, соған бағынады, ал жағдаяттық пунктуациялық норма ақпараттық және экспрессивті сөйлеудің ерекше формасын қамтамасыз етеді. Жағдаяттық норма мәтіндегі ақпаратты сипаттайды: мұндағы тыныс белгілер мағыналық-логикалық қызмет (түрлі мәтіндерден көрінеді, әсіресе ғылыми және ресми-құжаттық мәтіндерге тән) атқарады, айрықша бөліп көрсетілген (ресми, көркем және публицистикалық мәтіндерге тән), экспрессивті-эмоционалды (көркем және публицистикалық мәтіндерде), сигналды (жарнама мәтіндерге тән).

Қазіргі қазақ тілінде тыныс белгілер дұрыс қолданылып жүр ме? Сөздің әуезділігі, сөйлемнің мағыналық ерекшеліктері тілдік коммуникация үдерісінде қолданылатын дауыс кідірісі және әр тыныс белгінің функционалды-семантикалық табиғаты жетіле дамып зерттеле қойған жоқ. Тыныс

белгілері – адамның ойын дәл, нақты, түсінікті, тиянақты етіп жеткізетін, жазу тіліне қызмет ететін шартты белгі. Тыныс белгілерін зерттейтін ілім пунктуация деп аталады. Ол латын тілінің «punctum» – «нүкте» деген сөзінен алынған. Жазуда қолданылатын тыныс белгілерінің табиғатын, қолданысын, атқаратын қызметтері мен білдіретін мағыналарын айтылу мен жазылудағы қолданыс ережелерін зерттейді. Қазақ тілінде мынандай тыныс белгілерінің түрлері бар: нүкте, үтір қос нүкте, леп белгісі, сұрау белгісі нүктелі үтір, көп нүкте, жақша, тырнақша, сызықша. Аты аталған тыныс белгілердің әрқайсысының графикалық сызбасы қалыптасқан әрі сөйлеуде болсын, жазылуда болсын дауыс ырғағының белгілі бір жерде көтеріңкі не бәсең айтылуы, екпін түсіре отырып мәнермен қай жерде үзіліс, қай жерде кідіріс жасау керектігін реттеп отыратын қызмет атқарады.

Тыныс белгілері қолданыс ережелеріне қарай үшке бөлінеді:

1) Сөйлем басында қойылатын тыныс белгілері: үтір, сызықша, қос нүкте.

1) Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері: нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте. *Сырт қарағанда ештеңе білінбейтін мына үйдің ішінде қандай гажап тіршілік жатқанын таңқалысты* (С. Жүнісов, Ақан сері). *Бұл мондыбас кісіге не түсіндіріп жарытушы еді?* (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). *Енді байқасам тарсылдай соққан сағынышты жүрегім қит етсе, жарылып кетерліктей!* (С.Мұқанов, Мөлдір махаббат).

2) Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілері: үтір, нүктелі үтір, жақша, қос нүкте, тырнақша, сызықша. Бүгінгі таңда мектеп жасындағы, институт қабырғасындағы жалы қазақ тілді оқырман қауымға тыныс белгілердің адамның көңіл күйі мен сезімін, айтайын деген ойын әсерлі де түсінікті жеткізуге көмектесетін, синтаксистік байланыстарды дәл ажыратып тұратын таңбалар екендігін ғылыми зерттеу жүргізе отырып түсінікті ете аламыз. Тыныс белгілері қате қойылған мәтіннің, сөйлемнің мағынасы күңгірттеніп не тіпті өзгеріп кетеді. Сондықтан оны дұрыс қоюдың мәні зор.

Бүгінгі таңда орфография мен пунктуация мәселелерінен біршама толық әрі жүйелі тұрғыда мағлұмат беретін еңбекке Р.Сыздықованың «Емле және тыныс белгілері» зерттеуін жатқызамыз [17]. Оның қатарында Ф.Мұсабекованың «Қазіргі қазақ тілі пунктуациясы», Н.Оралбаева мен Ә.Абылақовтың «Қазақ тілі», А.Қыдыр尼亚зованың «Орфография және тыныс белгілері» оқу құралдары бар. Алайда аталған еңбектердің шыққанына біршама уақыт өтуіне байланысты және олар арнаулы орта оқу орындарына арналып жазылғандықтан пысықтау материалдары да шағын.

Тіліміздегі сөздер синтаксистік қызмет атқару үшін бір-бірімен синтаксистік байланысқа түседі. Сол байланыстарды көрсету үшін тыныс белгісі қажет екендігін айтып өттік. Қазақ тілінің пунктуациясы бұрын орыс тілінің пунктуациялық үлгілерін басшылыққа алу арқылы қалыптасты. Басқа түркі тілдері де орыстың пунктуациялық ережелерін басшылыққа алады. Оған дәлел секілді ерекше графикалық сызбаны алғаш ұсынған Б.И. Осиповтың жүргізген зерттеулері арқылы білуге болды. Оның ойынша «жалпы пунктуацияның тарихы сонау 19 ғасырдың басынан басталады» [17] дейді. Пунктуацияның пайда болуы интонациямен тікелей байланысты, интонация синтаксистік қатынасты білдіретін бірден бір тілдік бірлік болып саналады, бұл жерде орфографияның еш қатысы жоқ. Синтаксистік құрылым деңгейін анықтауда интонацияның ықпалы күшті болса, онда пунктуацияның функционалды жағы барлық тілдерді ақтауды мүше ретінде қатысады. Көптеген зерттеушілердің зерттеуі бойынша ерте кездегі пунктуация интонациялы — мағыналы болса, қазіргі кездегі пунктуация синтаксисті-мағыналы сияқты қағидатты ұстанады.

Жалпы тыныс белгілер А.Байтұрсынұлының еңбектерінде арнайы термин бере отырып зерттегенін білеміз. Қазіргі үтір мен нүкте, нүктелі үтірді дәл сол күйінде қолданба да ол тыныс белгідерінің сөздің мағынасын ашып көрсетуде, сөйлемнің оның ішінде құрмалас сөйлемнің арасындағы мезгілдік болсын, мекендік, жақтық семаларды жақсы ажыратып көрсеткенін байқаймыз. Ғалымның ой іргесімен жанасқан сөйлем деген жақсы дефинициясы бар, қазіргі функционалды грамматикадағы таксис семантикалық категориясын білдіреді. Сөйтіп осы іргелес сөйлемдерге мысал келтіре отырып тыныс белгінің қойылуын түсіндіреді:

1) Күн ашық. Тоғайлар шат. Ың-жың орман.

2) Күн кеш болды. Ат болдырды, ел көрінбеді. Батыр сасайын деді.

3) Біссімілдә безгелдек! Бұлай жатсын дуадақ! Сыбағама қоңыр қаз. Үлесіме үш үйрек. Екі сартқа бір тартар, аққуды батыр екен атар.

1-мысалға алынған сөйлемдер арасында жақсы күннің жайын сөйлеген ой іргесінің ғана біргелігі бар. 2-мысалға алынған сөйлемдер арасында кеш уақытта болған уақиға жайын сөйлеген ой іргесінің ғана біргелігі бар. 3-мысалға алынған сөйлемдер арасында үлес кіретін сөйлеген ой іргесінің ғана біргелігі бар.

Сөйтіп, үш мысалдың үшеуіндегі сөйлемдер біріне-бірі тек ой іргесімен ғана жанасқаны болмаса, бастарын қосып тұрған басқа еш нәрсе жоқ. Сондықтан бұлардың аралары да біріне-бірі

қосылмай, ашық-ашық үзіліп айтылады. Жазғанда араларына үлкен тыныс белгісі (.) қойылады. Іргелері жақын болса, ортаншы тыныс белгісі (;) қойылады. Бұл жерде нүктені ғалым үлкен тыныс белгісі деп, нүктелі үтірді ортаншы тыныс белгісі деген атау береді. үтірді кіші тыныс, дефисті ұзын сызық, қос нүктені қос нокат деп берген екен. Бұл тыныс белгілерінің сөйлемдерде қай жерде қойылатынын мысал арқылы дәлелдейді. 1) Қарабай мен Сарыбай аңға шықты. Екі дос бірін-бірі сүйді, құшты. Қолға алды татулықты, араздықты.

Сыйысулы сөйлемдердің белгісі – бірнеше мүшелері бірөңкей болу. Мәселен: 1-сөйлемде екі мүшесі бірөңкей: Қарабай, Сарыбай – екеуі де бастауыш. 2-сөйлемде де екі мүшесі бірөңкей: татулықты, араздықты – екеуі де толықтауыш.

Салалас сөйлемдердің аралары әуелі кіші тыныс – теріс үтірмен айырылады. Екінші ортаншы тыныс – үтірлі нокатпен айырылады. Сұйылық, қойылық жалғасу бар жерде қойылушы сөйлемнің алдына ұзын сызық (—) қойылады. Сұйылушы сөйлемнің алдында қос нокат (:) қойылады [Байтұрсын ұлы ақымет]. Сондай-ақ ғалым төл сөздер мен төлеу сөздерде қойылытын тыныс белгілердің қызметін де айтып кетті: Төл сөздер қабатша (« ») ішіне жазылады. Төлеу сөздерге тыныстар жай сөйлемдерше қойылады. Мәселен: Шал айтты: «Көрмеймісің не еткенінді? Желігіп жындануға жеткенінді? Бардай-ақ әкең құны сонша шаншып. Терісін іске алғысыз еткенінді». Шалдың бұл сөзі төл сөз болған соң, қабатша қойылып тұр [Байтұрсын ұлы ақымет].

1915 жылы жарық көрген «Жазу қағидалары» деген кітапшада тыныс белгілерінің қолданылуы туралы ережелер берілген. Онда тыныс белгілерінің жеті түрі ғана аталып, олардың әрқайсысына берілген ережелерге мысалдар келтірілген. Леп белгісі «дауыс ишараты» деп, сызықша мен жақша және көп нүкте «ишарат» деп, тырнақша «екі ишарат» деп аталады. Яғни XIX ғасырда және XX ғасырдың басында түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде баспадан шыққан кітаптарда тыныс белгілері дұрыс, жүйелі түрде таңбаланбаса да, ақырын-ақырын графикалық сызбасын көрініс тапты.

Орыс алфавитіне көшкен кезде, кейбір қазақ тілі мамандарының «Жазуда тыныс белгілерін дұрыс қоя білу керек, осы уақытқа дейін жұрттың бәріне бірдей заң болатындай тыныс белгілерінің ережелері жоқ, қазір қазақ халқы орыс алфавитіне көшіп отырғанда, жазуда үлкен маңызы бар тыныс белгілерін дұрыс қоя білу мәселесін де осы бастың қолға алу керек» деген сияқты баспасөз бетіндегі пікірлер қазақ тілінің пунктуациясын дамытуға алып келді. Профессор Р. Сыздық «Байтұрсынов жазуы және емле ережелерінің тарихы» деген мақаласында тыныс белгілерінің осы күнгі терминдерін алғаш ұсынған А. Байтұрсынов екендігі айтты. Тыныс белгілердің арнайы терминдері болмаса да 1898 жылы жарық көрген ДУГ газетінде Байтұрсынов ұсынған тыныс белгілерінің қатарын яғни қазақша нұсқасын келтіре кетеді: «Қазақ жазбаларының орфографиясы мен жазба мәдениеті туралы әлеуметтік үн де XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы 10-15 жылы барысында ашығырақ шықты, мақалалар жарияланды, қазіргі тыныс белгілерінің түр-түрпаты мен орындары көрсетілді (ДУГ, 1896, №31). Жоғарыда айтылды, араб жазуымен берілген мәтіндерде ешқандай тыныс белгілері болмады. ДУГ-тің өзі бастапқы нөмірлерінде тыныс белгілерінсіз шығып тұрыпты. Кейін өзі танытып түсіндірген тыныс белгілерін пайдаланды.

Бірақ не газет редакциясы, не жеке авторлар бұл тыныс белгілерінің қазақша толық (түгел) атауларын (терминдерін) бере алмады. *Тыныс белгілері* дегенді *тыныстар* деп атады және *тыныс белгілерін қоя* емес, *тыныстарды жүргізу* деді. Ал жеке бірқатарының атауларын: *нүктені – тыныс, үтірді – жарты тыныс, нүктелі үтірді – тыныстың төрт бөлгенінің бірі, сұрау белгісін сұралған жауаптың аяғына қойылады* деп, леп белгісін *ашулаып не қорқып, яки таңданып айтқан сөздің аяғына қойылды* деп, осы үлгіде әрі қарай тырнақшаның, қос нүктенің, көп нүктенің, дефистің, сызықшаның терминдік атаулары емес, түсіндірмелері ғана көрсетілген (ДУГ, 1898, №42). Тыныс белгілерінің осы күнгі терминдерін алғаш ұсынған А.Байтұрсынов болатын. Араб таңбалы жазуда тыныс белгілерінің жоқ болғандығы, бас әріп таңбасының жоқтығы мәтінді дұрыс жазуға, түсініп оқуға кедергі келтіретіндігі сөз болды. Әсіресе «Түркістан уалаяты» мен «Дала уалаяты» газеттері жарық көре бастағанда, тыныс белгілерін қолдану әрекеті басталды. «Синтаксистік тұтастық» (период) деп аталатын мәтін сегменттерін (бөліктерін) айырып азат жолдан (абзацтан, жаңа жолдан) бастап жазу да осы кезде көрінді. А. Байтұрсыновтың оқулықтары мен еңбектерінде, XX ғасырдың басында шығып тұрған «Қазақ», «Айқап» газеттерінде кеңінен орын алды. Араб жазуымен ұсынылған мәтінде орын алмаған (және орын алуы мүмкін де емес) мәселе – бас әріптің қолданылуы болып қала берді, сондай-ақ дефис пен сызықшаның қолданысы, оқшау сөздердің сөйлемдегі өзге сөздерден тыныс белгілерімен, көбінесе үтірмен бөлектетіліп көрсетілуі сияқты пунктуацияның жеке тұстары да әлі айқындалып, тұрақталмағандығы көрінді [18].

Қазіргі пунктуацияның тәжірибесінде «пунктуациялық норма» термині тар мағынада яғни тек тыныс белгілердің қолданысы ретінде қалып қоймайды, одан да кеңірек түсіндіріледі. Пунктуациялық норма сөйлеу нормасымен/мәтін ішіндегі ойдың жүйелілігімен сәйкесетін тұстары жиі орын алады. Яғни жалаң күйдегі сөйлемдердегі тыныс белгілердің қолданысы мен қызметін зерттеу өткен ғасырда орын алған, қазіргі таңда пунктуациялық нормаға көшу дегеніміз мәтіндегі немесе сөйлеу тіліндегі коммуникативті-прагматикалық нормадағы тілдік бірліктердің қолданысы. Мәтіннің өте күрделі тілдік құрылым екендігін білеміз. Оны айқындайтын басты белгілері – жүйелілік және тұтастық. Мәтіннің тұтастық категориясы мәтінді ұғынып, оның мәнін түсінгенде ғана пайда болып, логикалық жағымен тығыз байланысты болса, жүйелілігі күрделі бірліктерді құрайтын тілдік құралдардың белгілі әдіс-тәсілдермен ұымдасуынан көрінеді. Коммуникативті-прагматикалық норма дегеніміз белгілі бір қоғамдағы коммуниканттардың түрлі тілдік жағдаяттағы сөйлесімді құрайтын түрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің құрылымы. Тілдік норма әр деңгейдегі тілдік бірліктердің өзара тіркесім қабілетін белгілесе, сөйлеу нормасы нақты бір уақыт кесіндісінде сөйлеу жағдаятында қалыптасады. Яғни сөйлеу тіліне коммуникативті-прагматикалық нормалар тән болып келеді. Сөйлеу жағдаятына байланысты тіл бірліктерін таңдау ережелері болады. Мұндай нормалар тіл үйренушілер арасындағы қарым-қатынас үстінде, тіл меңгеру барысында қалыптасады. Тіл үйренуші санасында аталған нормалар тәрбие, тәжірибе, білімнің арқасында қалыптасып, қабылданып, сөйлеу жағдаятының түріне қарай, сөйлеуші қажеттілігіне қарай қолданысқа түседі. Осы көрсетілген нормалар (коммуникативті, тілдік, прагматикалық пунктуациялық нормалар) сөйлеуде бір жүйеге түсіп белгілі бір коммуникативті жағдаяттағы әлеуметтік болмысы анықтала түсті. Қарым-қатынас барысында тілдің көбіне прагматикалық қызметіне мән беріледі. Ауызекі қатысым барысындағы әрбір сөйлесімнің ықпал ету күші адресат факторымен қатаң түрде санасуы керек. Қатысым орнатудың сәттілігі коммуникативті-прагматикалық нормаларды сақтауға да көп байланысты. Өйткені қатысым нақты коммуникативті жағдаят, әңгімелесушілердің интенциясы мен ниетін негіздейтін үйлесімді тілдік амалдарды таңдау, әңгімелесушілердің ара қатынасы, жеке сөйлеу дағдылары мен қатысым жағдайы арқылы реттеліп отырады. Коммуникативті жағдаятқа мынадай белгілер тән: белгілі бір әлеуметтік орта, оның белгілері, коммуниканттардың өзіндік мінез-құлқы, сөйлесу барысындағы көпшілікке қарап айтылған тілдік/тілдік амал-тәсілдер қатары; сөйлесетін ортақ тақырыптың атауы, ондағы тыңдаушы мен айтушының арасындағы әлеуметтік, қоғамдық, мәдени-тұрмыстық аясының теңдігі; қатысымға қатысушылардың мақсаты мен уәжі коммуникативтік жағдаяттың компоненттерімен тығыз байланысты болып келеді.

Қорыта айтқанда, пунктуациялық норманы теориялық тұрғыдан меңгерудің маңызы зор. Кез келген адам сауатты жазу үшін пунктуациялық нормаларды толық игеруі керек. пунктуация – сөйлемді және мәтінді, сөйленімді мағыналық бөліктерге бөлудің графикалық тәсілі. Осыған орай тыныс белгілерін дұрыс қоя білу – сауаттылықты арттырады, әрі сөйлемнің синтаксистік құрылымын меңгеруге көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 [Сыздық Р.](#) Байтұрсынов жазуы» және емле ережелерінің тарихы
- 2 Құрымбеков Н.Л., Жеткенбай Л.Н. Қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің қойылу ережелерін формалдау. // «Қоғамды ақпараттандыру» III Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана, 2012.

ӘӨЖ: 37.01:37.036.3

Н.К. Султанова, А.А. Саткенова, А.С. Сериков
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Қазақстан, Семей қ.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

XXI ғасыр жаһандық жаңалықтардың ғана емес, білімнің дәуірлеу ғасыры. Ол қазіргі кезеңде мемлекеттің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, әлемдік қоғамдастықтағы орнын анықтап, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін көрсетуде маңызды рөл атқарады. Жаһандану дәуірі - әлемдегі елдердің бәсекелестік жағдайында халықаралық деңгейде өзара кірігу үрдістерінің жандану дәуірі, сондықтан, білім – пайдалы инвестиция саласы ретінде еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси даму тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына 2012 жылғы Жолдауында Қазақстан дамуының жаңа кезеңі - бұл экономиканы нығайту, халықтың әл-ауқатын арттыру міндеттерін шешу болып табылады деп көрсетілді. Ел Президенті 2015 жылға қарай жоғары табысты елдер қатарына ену міндетінен бастау алатын алдағы кезеңдегі мемлекет дамуының басты басымдықтарын айқындап берді. Сол басымдықтардың бірі елімізде маман кадрлардың бәсекеге қабілеттілігі әлеуметтік-экономикалық, техникалық жүйелердің және технологиялардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады [1].

Қазақстанның Болон үрдісіне енуіне сәйкес, әлемдік білім кеңістігіне бағыт алуда мемлекетіміздің Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2015 жылға арналған тұжырымдамасын қабылдады [2]. Білім беруді дамыту тұжырымдамасында білімге тән біліктілікті өзара тану жөніндегі Лиссабон конвенциясының, жаңа қоғамның даму сатысына лайық мамандар даярлау үрдісін айқындаған Болон декларациясының негізгі ұстанымдары мен білім берудің халықаралық стандарттық жіктелуіне сәйкес бірқатар өзгерістердің көрініс табуы да содан.

Бүгінгі күнгі жоғары оқу орындарының басты міндеті – бәсекеге қабілетті білікті мамандарды дайындау екендігі даусыз. Заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына қоғам тарапынан қойылатын талап та өзгереді. Сол талаптардың маңыздыларының бірі педагогикалық үдерісінде инновациялық іс-әрекет жүргізу қажеттілігі. Инновациялық процесс түсінігі, ол барлық динамикалық процестерді қамтып, жаңалық аймағында процесуалдық аспектілердің, барлық жаңалықтардың өзгеруіне байланысты.

Қоғамның жедел жаңаруы үшін білім саласының, әсіресе қоғам үшін болашақ мамандарды даярлайтын жоғары кәсіби білім беру жүйесі жедел жаңаруы керек. Бұл мәселеге келгенде, Қазақстанның жоғары білім жүйесі сәтті реформаны жүзеге асырып үлгерді. Бүгінгі білім саласына енгізілген үш сатылы білім беру, кредиттік жүйе, білім саласына мемлекет қана емес, жалпы қоғамның араласуы – инновациялық реформалардың бастапқы жемісі. Бүгінгі таңда әлемдік бәсекеге қабілетті кәсіби даярлығы жоғары, өз білімін ұдайы жетілдіріп отыратын, шығармашыл, ізденімпаз, инновациялық даярлығы қалыптасқан ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын маман даярлау басымдықтар биігіне көтерілді. Жаһандану жағдайында білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «білім беру технологиясы», «педагогикалық технологиялар», «инновациялық технологиялар» деп алатын жаңа ұғымдардың пайда болуына ықпал етті.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуына байланысты әсіресе соңғы кезде педагогика саласына түбегейлі өзгертулер, жаңалықтар енгізілуде. Біздің басты игіліктеріміздің ішінде халқымыздың немесе басқаша айтқанда адам ресурстарының сапасы тұр. Біздің ғылыми және шығармашылық әлеуетінің деңгейі жоғары, білім өрісі биік халқымыз бар. Біз қолымыздағы осындай баға жетпес капиталды жан-жақты дамытуға және оның дамуы үшін барған сайын жаңа әрі неғұрлым өркениетті жағдай туғызуға тиіспіз. Еліміздің экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі, ең алдымен, олардың білім жүйесімен, азаматтарының білімділігімен анықталады.

Жаһандану дәуірі - әлемдегі елдердің бәсекелестік жағдайында халықаралық деңгейде өзара кірігу үрдістерінің жандану дәуірі де болғандықтан, білім – пайдалы инвестиция саласы ретінде еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси даму тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде маман кадрлардың бәсекеге қабілеттілігі әлеуметтік-экономикалық, техникалық жүйелердің және технологиялардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады.

Жаңашылдық - білім беру саласының алдында тұрған жаңа міндеттерді сәтті орындаудың негізгі шарттарының бірі болып саналады. Ол оқу-тәрбие жұмыстарының тиімділігі мен өнімділігін арттыруға септігін тигізеді. Білім беру саласына жаңалықтар енгізбестен бұрын, қоғамдық еңбектің басқа салаларына сәтті түрде жаңалықтар енгізу қиынға соғады.

Өзгерістер өмірдің диалектикасы ретінде тек қана біздің заманға, біздің қоғамға және біздің өмірге тән құбылыс емес. Олар мәңгі адами қозғалыстың, яғни адамның жақсы өмір сүруіне, жаңа заман талабына сай шарттарға қол жеткізуіне деген күресі мен талпынысының көрінісіне айнала отырып, жалпы өмірдің диалектикасын бейнелейді. Жуырда ғана мұндай өзгерістер өте баяу жүзеге асатын, алайда соңғы жылдардағы ғылым мен техниканың өзара тығыз байланысты дамуының нәтижесінде олар да қарқындылығын күшейте бастады.

Бүгінгі күні әртүрлі елдер үшін білім беру мен тәлім-тәрбиені дамыту бағытында ортақ қиыншылықтардың туындағанына қарамастан, олар бір-бірінен білім беру мәселелерін шешу жолдары, әдістері және мақсаттары тұрғысынан елеулі дәрежеде ерекшеленіп отырғандығы байқалады. Мұндай айырмашылықтар адамның ролі мен оны жетілдірудің маңызын (мінез-құлқының маңызын, жеке тұлғаны дамытудағы тәрбиенің ролін), осыдан барып қоғамның жекелеген

мәселелерін шешудегі, оның қажеттіліктерін қанағаттандырудағы және жалпы қоғамды дамытудағы білім беру жүйесінің міндеттерін әртүрлі түсінуден келіп шығады. Осыған байланысты, әртүрлі қоғамдық-саяси жүйелерімен ерекшеленетін елдерде білім беру саласына жаңалықтар әртүрлі мақсаттармен, әртүрлі тәсілдермен және әртүрлі атаулармен енгізіледі де, олардан әртүрлі нәтижелер күтіледі. Әртүрлі елдердегі бірдей жаңалықтар әртүрлі қызметтерге ие болып, оларды қолдану нәтижелері де түрліше бағаланады.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді сараптау нәтижелері «**новация**» мен «**инновация**» ұғымдарын жеке-жеке қарастыру керектігін көрсетті. Дегенмен, әдебиеттерде осы екі ұғымның әртүрлі анықтамалары кездеседі. Инновация ұғымын энциклопедиялар мен сөздіктерде әртүрлі анықтамаларын кездестіруге болады.

Инновация ұғымына жалпы энциклопедияның жаңа басылымында «**инновация**» - жаңалық, жаңару – техникалық және технологиялық жетістіктер мен ашылымдардың немесе жаңалықтардың іс жүзіндегі қолданысы» деген анықтама беріледі. Ал, сөздікте ««новация» – бар нәрсенің ішінара жаңаруы, яғни қандай да бір бөлігінің, қасиетінің, байланысының өзгеруі» делінсе, «инновация» – мүлдем жаңа нәрсе, жаңалық» ретінде пайымдалады [5, 23].

«**Инновация**» сөзі латын тіліндегі *in* (ішіне) *novus* (жаңа) сөздерінен құралып, жаңару, жаңалық, өзгеру деген мағынаны білдіреді. Инновация ұғымының шығу кезеңі мен тарихын дәл анықтау мүмкін болмаса да, бұл ұғым қоғамдық ғылымдарға жаратылыстану ғылымдарынан келген деп есептеледі. Өйткені, инновациялар көбіне экономика, техника, агрономия, өнеркәсіп және медицина салаларында кеңінен қолданылады. Инновациялар қоғамның пайда болу кезеңінен бері жүзеге асырылып келе жатса да, педагогикалық категория ретінде ХХ ғасырдың 70-80 жылдарында ғана қолданысқа енгізілді. Мұның басты себептерінің бірі – олардың мағынасының түрліше түсінілуінде.

Қазіргі уақытқа дейін ғылыми әдебиеттерде инновациялық үдерісті мынадай кезеңдерге бөледі. Идеяның немесе инновация тұжырымдамасының пайда болу кезеңі, мұны шартты түрде, іргелі де қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижесі болып табылатын жаңалықтың ашылу кезеңі деп те атайды. Ойлап табу кезеңі, яғни қандай да бір нысанға, материалдық немесе рухани өнім-үлгіге айналған жаңалықты құру немесе ашу кезеңі. Жаңалықты енгізу кезеңі, мұнда ойлап табылған жаңалық іс-жүзінде қолданысқа еніп, қайта өңделеді және жаңалықтан тұрақты нәтиже алынады. Бұдан кейін жаңалық өз бетінше өмір сүре бастайды да, инновациялық үдеріс жаңалыққа деген алғырлық қалыптасқан жағдайда келесі кезеңге аяқ басады. Жаңалықты пайдалану кезінде мынадай кезеңдер орын алады: Жаңалықты тарату кезеңі, мұнда жаңалық кеңінен қолданысқа енгізіліп, жаңа салаларға кіреді. Нақты бір салада жаңалықтың үстемдік ету кезеңі, мұнда жаңалық бұрынғы жаңашылдық қасиеттерін жоғалта бастайды да оны едәуір тиімді жаңалықпен ұтымды алмастыру үдерісі қарастырылады. Жаңалықтың қолданылу аясын қысқарту кезеңі, мұнда жаңалық жаңа өніммен алмастырылады.

Инновациялық процесс осы жаңалықтардың ашылу жолдарын қарастырып қана қоймайды, сонымен бірге паудалануын, оның практика жүзінде таралуын қамтамасыз етеді. Педагогика үшін жаңалықтың сапалық, сипаттамаларының маңызы зор.

Инновация сөзін қазақша тәржімаласақ, жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс дегенді білдіреді. Педагогикалық үдерісте инновация оқыту мен тәрбиенің әдіс-тәсілдері, түрлері, мақсаты, мазмұны, сондай-ақ, мұғалім мен білім алушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізу болып табылады.

Қазіргі кезде педагогикалық инновацияның білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелерінің бірі – жаңалықтарды топтастыру. Мұғалім үшін ашылған жаңа әдісті жан-жақты түсіне білу үшін, бұл жаңалықтың басқа жаңалықтардан ерекшелігін, айырмашылығын, артықшылығын көре білу қажет.

Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты мақсат – білім алушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету. Ал бұдан педагогикалық технологияның тиімділігі шығады.

Педагогикалық технология ұғымына шетелдік және отандық әдебиеттерде үш жүзден астам анықтама берілген. Бұл педагогикалық технология ұғымының қалыптасу мен дамуының тарихында оның оқыту технологиясын техникалық құралдардың көмегімен оқыту деп ұғынудан бастап педагогикалық технологияны ғылыми тұрғыдан ұғынуға дейін түрліше пікірлер бар. Олар педагогикалық технология мәселесіне арналған Б. Блум, Ф. Фрадкин, М. Кларин, Л.В. Занков т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

«Технология» термині алғаш рет 1904-50 жылдары шет елдерде пайда болды және ол педагогикалық процесте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болды. Педагогикалық сөздікте «педагогикалық технология – социо-мәдени өлшемді тұлғалық көрініс еркіндігін үйлестіруші әлемге қатынасын қалыптастыру мақсатында қоршаған ортамен дара қарым-қатынас мағынасында балаға, педагогтық әсер етуінің ғылыми негізделген кәсіби шешімін білдіретін педагогикалық шеберліктің компоненті», - делінген.

Қазіргі кезеңде педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Ал бұның өзінде педагогтар қауымына зор жауапкершілік, үлкен міндет жүктейді. Мұндай міндеттерді шешу мұғалімдерден мектептерде білім алушыларға берілетін ғылым негіздерін олардың болашақ іс-әрекетінің берік негізі әрі тірегі болатындай етіп оқытуды, оқу-тәрбие үрдісін, білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр алуан құралдарын қолданудың тиімділігін арттырудың, оқытудың инновациялық технологиясын меңгеруді, педагогикалық жаңалықтарды тәжірибеге батыл енгізуді талап етеді.

Оқыту технологиясы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолындағы алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал және түрлерінің жүйесі болып табылады. Қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен құралдарды бағдарлама мен қойылған педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты. Берілген анықтамалардан «технология» techne - өнер, шеберлік және logos - ғылым, заң, яғни технология дегеніміз шеберлік (өнер) туралы ғылым екенін білуге болады.

Педагогикалық технологиялар тарихын, оның пайда болуын және маңызды құрылымдық ерекшеліктерін қарастыру педагогикалық құрылымды түсінуге мүмкіндік береді. Ғалымдардың тарихи-педагогикалық зерттеулерін талдау педагогикалық технологияның бірнеше ғасырлар бойында ғылыми пікірталастың басты нысаны болғанын айқындайды.

Сонымен, ХХІ ғасыр – әлемдегі өзгерістерге негізделген білімнің дәуірлеу ғасыры, өйткені, ол қазіргі кезеңде мемлекеттің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, әлемдік рыноктағы, әлемдік қоғамдастықтағы орнын анықтап, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін анықтауда негізгі көрсеткіш болып табылады. Педагогикалық технологияны оқыту әдістемесімен салыстырғанда, білім алушылардың өздерінің іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері және мазмұнын өндіруді көрсетеді. Олар диагностикалық білім маңыздылығын және оқыту процесінің қасиеттерінің жалпы білім алушылардың тұлғасын дамытуға бағытталған объективті бақылауын қажет етеді. Ал инновациялық технология жаңа ғылыми немесе практикалық шығармашылықтың қорытындысы деуге болады.

«Педагогикалық технология» термині тек қана оқытуға байланысты қолданылады, ал технологияның өзі техникалық құралмен оқытуды түсіндіріледі. Бүгін педагогикалық технологияны, педагогикалық міндеттерді шешумен байланысты, педагогтің жалғастырмалы жүйедегі іс-әрекеті ретінде немесе алдын-ала жобаланған педагогикалық процестің тәжірибе де тұрақты және жалғастырмалы шығаруы ретінде түсіндіріледі.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып отыр. Ал, бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жанару мұғалімнің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығының жемісімен келмек. Сондықтан да, әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді.

Педагогикалық жаңалықтарды жасау, игеру қолдауды біріктіретін инновациялық процесстер білім беруді жаңарта алатыны сөзсіз. Сондықтан да, инновациялық процесстерді игеру, жасау, қолдану мәселелерін талдау және жүзеге асыру білім беру жүйесінің әр түрлі баспалдақтарында кеңінен қолдануда.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. - 28 қаңтар, 2012.
2. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы //Егемен Қазақстан, 1999ж., 11 маусым.
3. Әбдіхалықов Н.Б. Ақпараттық технологияларды қолдану негізінде болашақ мұғалімдердің өнімді – шығармашылық іс - әрекетін ұйымдастыру.// «Зерттеулер. Ойлар. Көзқарастар. Тәжірибелер» атты облыстық ғылыми – теориялық конференция материалдарының жинағы. - Қызылорда: Қазақ - Қытай институты, 2010. - 90-95 б.

О.Н. Сускина¹, Л.С. Ибраева²

¹КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 1 имени Н.Г. Чернышевского»
Казахстан, г. Семей

²Государственный университет имени Шакарима города Семей
Казахстан, г. Семей

ПРИМЕНЕНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ ХИМИИ

В инструктивно-методическом письме МОН РК «Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2016-2017 учебном году» существенное внимание обращается на развитие функциональной грамотности учащихся. «Под функциональной грамотностью понимается способность использовать знания, умения, навыки (ЗУН), приобретенные в школе для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, а также в межличностном общении и социальных отношениях». Одним из видов функциональной грамотности школьников является естественнонаучная грамотность. «Естественнонаучная грамотность – способность использовать естественнонаучные знания, выявлять проблемы и делать обоснованные выводы, необходимые для понимания окружающего мира и тех изменений, которые вносит в него деятельность человека, а также для принятия соответствующих решений» [1].

К областям естественнонаучной грамотности относятся:

1. Узнавание жизненных ситуаций (контекст);
2. Понимание окружающего мира на основе научных знаний (знание);
3. Демонстрирование компетенций, применение научных знаний для объяснения естественнонаучных явлений (компетенции);
4. Интерес к естественнонаучному знанию, включение естественнонаучной любознательности в собственную систему ценностей (аффективный компонент) [2].

Для развития естественнонаучной грамотности учащихся большое значение имеет использование информационно-коммуникационных технологий (ИКТ). «Умение проводить, наблюдать и объяснять химический эксперимент является одним из самых важных компонентов химической грамотности. Работа в химической лаборатории с веществами и оборудованием, несомненно, имеет первостепенное значение для развития навыков постановки эксперимента. Но информационные технологии при обучении химии незаменимы в том случае, если идет изучение токсичных или взрывоопасных веществ. В этом случае возможность проведения эксперимента в виртуальном мире является единственной» [3].

В ГОСО основного среднего образования 2016 г. [4] умение использовать информационно-коммуникационные средства и технологии определяются в качестве базовых ценностей. Поэтому применение компьютерной техники на уроке организует полноценную познавательную деятельность и учителя, и учеников, что положительно влияет на формирование предметной грамотности школьников, но и способствует развитию умений учащихся применять ИКТ в образовательной деятельности.

Информационные технологии, включающие в себя современные мультимедиа-системы, можно использовать для поддержки активного обучения. Все главные направления современного процесса информатизации школьного химического образования – открытое дистанционное образование, виртуальные лаборатории и медиабibliotheki, способствуют повышению качества знаний школьников и реализации творческого потенциала учащихся и учителя. В современной школе предусмотрено обязательное использование компьютеров. Это развивает компьютерную грамотность и информационную культуру ребят.

В качестве примера применения ИКТ можно привести урок химии в 9 классе «Серная кислота и ее соли».

Согласно нормативным документам [5] в школе на уроках химии наряду с прочими современными методическими подходами рекомендуется «использование интерактивных форм обучения, современных информационно-коммуникационных технологий». Обращается внимание на необходимость применения мультимедийных средств и исключения использования веществ в химическом эксперименте, входящих в «Перечень прекурсоров», в том числе серную кислоту. Однако по программе тема «Серная кислота и ее соли» изучается довольно подробно. Чтобы урок по этой теме сделать более интересным, насыщенным и разнообразным можно применить видеофайлы,

отражающие лабораторные эксперименты с серной кислотой. Проведение урока осуществляется с использованием компьютера и интерактивной доски. На уроке применяется презентация, выполненная в программе Ms. Power Point.

На данном уроке учащиеся смогут не только ознакомиться с материалом из учебника, но и провести наблюдения за виртуальными опытами, характеризующими свойства этой кислоты. Это ведет к лучшему усвоению материала. На подобных уроках очень высока целесообразность использования средств ИКТ.

Данная тема курса химии 9 класса позволяет применить для изучения нового материала имеющиеся у учащихся знания о химических свойствах важнейших классов неорганических веществ, которые в презентации отражены наиболее выпукло и доходчиво.

Использование компьютерной техники позволяет школьникам за минимальное время выполнять большой объем работ, одновременно трудиться по нескольким направлениям над выполнением нескольких заданий. Применение информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) на уроке способствует формированию у учащихся умений работать с информацией и развитию у них коммуникативных способностей. Они формируют у учащихся исследовательские навыки и умения принимать оптимальные решения.

В современных условиях необходимо готовить школьника к быстрому восприятию и обработке поступающей информации для ее успешного применения. Компьютерные технологии в процессе преподавания химии используют для повышения интереса школьников к изучению предмета, для активизации познавательной деятельности учащихся на уроке, а также для организации оперативного контроля знаний и умений ребят. Конечным результатом внедрения информационных технологий в процесс обучения химии является овладение учащимися компьютером в качестве средства познания процессов и явлений, происходящих в природе и используемых в практической деятельности. Далеко не все химические явления и процессы можно показать в школьной лаборатории. Их можно продемонстрировать с помощью компьютера. Информационные технологии в преподавании химии позволяют поднять на качественно новый уровень процесс обучения учащихся, развивают у них новый тип мышления, а также способствуют рациональной организации умственной деятельности школьников.

Применение компьютерной техники на уроке организует полноценную познавательную деятельность и учителя, и учеников, что положительно влияет на формирование предметной грамотности школьников.

В настоящее время учитель должен заниматься не только теоретической подготовкой учащихся, но и подготовкой их к реальной жизни. Он должен формировать у ребят способность и готовность к освоению знаний, к их самостоятельному пополнению, способность к сотрудничеству и коммуникации, к решению лично и социально значимых проблем. Сегодня одним из актуальных направлений в образовании является формирование общих учебных умений, которые в будущем помогут выпускнику школы решать задачи жизненного и практико-ориентированного характера [6].

Список литературы:

1. Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2016-2017 учебном году: Инструктивно-методическое письмо. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2016. -277 с.
2. Троеглазова Г.В. Развитие естественнонаучной грамотности на уроках химии // Химия в Казахстанской школе. 2013 . №3. С.9. (Журнал).
3. Попов С.Ю. Создание и применение компьютерной анимации на уроках химии / Профильное обучение: проблемы и перспективы развития: сборник тезисов Всероссийской научно-практической конференции (28 октября 2011г.) / Алтайская гос.академия об-я им. В.М.Шукшина. - Бийск: ФГБОУ ВПО «АГАО», 2011.-258 с.
4. Государственный общеобязательный стандарт основного среднего образования. Приложение 6 к постановлению Правительства РК от 13.05.2016 г. № 292.
5. Об особенностях преподавания основ наук в общеобразовательных организациях (в том числе, реализующих инклюзивное образование) Республики Казахстан в 2014-2015 учебном году. Инструктивно-методическое письмо. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2014.– 181 с.
6. Пономарева Е.С. Формирование метапредметных умений учащихся в профильном обучении при развитии коммуникативной компетентности / Педагогический профессионализм в образовании: материалы IX Международной научно-практической конференции, посвященной 120-летию со дня основания города Новосибирска (21-22 февраля 2013 г., г.Новосибирск): в 2 ч./под науч.ред.Е.В.Андрюченко. - Новосибирск: Изд. НГПУ, 2013. -Ч.1. -372 с.

Ә. Талғатқызы, Г.К. Джумажанова
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Қазақстан, Семей қаласы

СТУДЕНТТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстандағы жоғары білімнің стратегиялық міндеттері ұлттық білім беру жүйесіндегі жетістіктерді сақтай отырып, оны әлемдік білім берудің ең озық үлгісімен сәйкестендіруге негізделеді. Бүгінде Америка мен Батыс Еуропаның көптеген елдерінде кредиттік оқыту жүйесі қолданылады. Осы кредиттік оқытудың ережелері Қазақстанда да енгізіліп, жетілдіріліп келеді. Қазақстанның білім беру заңдары мен білім стандарттарында әрбір азаматтың сапалы білім алып, өзінің алдына қойған мақсатына жету үшін, өз бетімен жұмыс жасаудың маңызы зор екені атап көрсетілген. Осыған орай, кредиттік оқыту жүйесінде қолданылатын маңызды оқыту нысандарының бірі – білімалушылардың яғни студенттердің өздік жұмысы.

Өздік жұмыстың мақсаты – студенттерге аудиториялық сабақтар материалы бойынша СӨЖ қосымша тақырыптары бойынша жеке кеңес алуға, оған қоса курстық жобаларды, есептеу – графикалық бақылау жұмыстарын орындауға мүмкіндік туғызу.

Жоғары оқу орындарында СӨЖ ұйымдастыру сыртқы және ішкі мақсаттарға сәйкес қызмет атқарады және дамытылады. СӨЖ атқарудың сыртқы мақсаты қоғамның мамандарды даярлауға қоятын талаптарымен анықталады. Мамандарды дайындаудың сапасын арттыру міндетін шешудің негізі оқыту сапасын күшейту болып отыр. Ол бірнеше факторлармен айшықталады. Ең бастысы, маманды даярлау деңгейіне нарықтың қояр талабы және оқытудағы экстенсивті және интенсивті факторлардың арақатынасының өзгеруі болып табылады. Әрине, осы орайда мәселе қарқынды фактор пайдасына шешілуі керек екендігі түсінікті.

Жұмыста болашақ педагог-психологтардың өзіндік жұмыс істеу технологиясын педагогикалық негізде жобалаудың жүйесі ұсынылды. Сонымен, студенттердің өзіндік жұмыстарының тиімділігін арттыру екі бағытта жүргізілді: біріншіден – студенттердің орындаушылық қызметтерін белсендіру (жандандыру); екіншіден – өзіндік танымдық қызметті кеңінен ұйымдастыру.

Кредиттік жүйе бойынша оқыту кезінде білімді бақылау ұпайлы-рейтингті жүйе бойынша іске асырылады. Ал өзіндік жұмыс сапасын бақылауды кафедра жүзеге асырады. Кафедра СӨЖ есебін беру формасын, мазмұнын белгілеп, өзіндік жұмыстың орындалу ретін, орындалу уақытын анықтайды, оқытушылар мен студенттердің өзіндік жұмыс нәтижесі туралы есептерін қарастырады. Өзіндік жұмысты бақылау ауызша және жазбаша түрде болуы мүмкін.

Жазбаша формада өзіндік жұмыс нәтижесі, тестілеу, конспект, реферат, баяндама, шығармашылық, бақылау, курстық, диплом жұмыстары, ғылыми мақала, шығарма, аудио, видеосепп түрінде болады.

Өзіндік жұмыс нәтижесін ауызша бақылау коллоквиум, конференция, іскер ойын, шығарма, мәлімдеме, жеке әңгіме және т.б. түрде болады.

Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызығушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі. Өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды.

Өзіндік жұмыс түрлері сан алуан. Оларды топтастыру күрделі мәселе. Оның жиі кездесетін бір тобы сабақ мақсатына қарай қолданылатын жұмыс түрлері:

а) жаңа білімді меңгеру, материалды жан – жақты талдау.

ә) жаңа білімді бекіту, түрлі жаттығулар, практикалық жұмыс, оқулықпен жұмыс, шығармашылық жұмыс, реферат пен баяндамалар, тест жұмысын орындау.

Өзіндік жұмыстың тиімділігі:

1. Зерттелетін тақырыптың, қарастырылатын мәселенің төңірегінде білім алушылардың білімін тереңдету;

2. Студенттер өз пікірін айтып, оны дәлелдей алуы;

3. Студенттердің ізденушілік қабілетінің ұшталуы;

4. Теория мен практиканы ұштастыра қолдануға мүмкіндіктің жасалануы.

Студенттердің қызығушылық танымдық қызметі барысында өзіндік жұмыстар жүргізудің маңызы зор. Өзіндік жұмыс өз бетінше іс-әрекет арқылы іске асады.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың өзіне тән ерекшеліктері бар. Пән бойынша студенттердің өзіндік жұмысын жоспарлау пәннің бекітілген жұмыс жоспары негізінде орындалады. Пән бойынша СӨЖ-ді жоспарлау нәтижесі белгіленген формадағы нормативті құжат түрінде пәннің жұмыс бағдарламасының қосымшасы ретінде беріледі.

Студенттер үшін өзіндік жұмыстың маңызы зор. Өз еңбегімен ізденіп қараған болса, ол студенттің жадында көп уақыт сақталады. Егер әрбір студент дәрісте белсенді ой әрекетіне қосылса, күші жететін қиыншылықтарды жеңу қажеттілігі алдында тұрса, қорытынды мен жалпылау жасауға, әр түрлі сұрақтарға жауаптарды өздігімен табуға ұмтылса, танымдық белсенділігін қалыптастыру мүмкін болады.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені, сол арқылы студенттердің іс-әрекетінің дербестігі артады. Студенттің өзіндік жұмысы кез-келген пәнді оқуға өзіндік жұмыстың орындалу әдістерінің қалыптасуына бағытталғанымен, бұл жұмыс - студенттің ғылыми, оқу кәсіби қызметін қалыптастырып, мәселелерді өзіндік шешуіне оптималды шешімдерді қабылдауға, дағдарыстық жағдайлардан шығуға арналған.

Студенттің өзіндік әрекетінің нәтижесінде оның бойында төмендегідей қасиеттер қалыптасады:

1. Өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздылығы.
2. Оқуға деген қабілеттілігінің артуы.
3. Берілген білімді игеру.
4. Жеңілден қиынға қарай қиналмай өтуі.
5. Рухани байлығы молайады.
6. Өз ойының дербестігі байқалады.

Өздік жұмыстың жалпы оқу үрдісіндегі маңыздылығы мынадай ерекшеліктері бойынша сипатталады:

- өздік жұмыс студент ойларын жазбаша түрде көрсете білумен қатар шығармашылық ойлауының және зерттеу жұмыстарының негізін бекітуін қамтамасыз етеді;

- дәрістен алған білімдерін кеңейтіп, тереңдетумен қатар теориялық, түпнұсқалық материалдарды талдау дағдысын қалыптастырады;

- оқу бағдарламасына сәйкес студенттің қаншалықты белсенділік, шығармашылық бағытта өсуін бақылауға мүмкіндік береді.

Өздік жұмысты орындаудың тәрбиелік мәнінде атап көрсету керек. Студенттердің ынтасын, маман ретінде алдына қойған мәселесін табандылықпен орындау дағдысын қалыптастырады. Сол себепті оқытушы дұрыс талап қоя білуі шарт.

Сонымен, мынадай қорытындыға келеміз, өзіндік жұмысқа жұмыс бағдарламасы бойынша көбірек тақырыптарды қалдырып отыруға болады. Білім алу үрдісінде кредиттік технология бойынша оқыту кезеңінде студенттердің өздік жұмысының алатын орын маңызды.

Өздік жұмыстың жалпы оқу үрдісіндегі маңыздылығы мынадай ерекшеліктері бойынша сипатталады:

- өздік жұмыс студент ойларын жазбаша түрде көрсете білумен қатар шығармашылық ойлауының және зерттеу жұмыстарының негізін бекітуін қамтамасыз етеді;

- дәрістен алған білімдерін кеңейтіп, тереңдетумен қатар теориялық, түпнұсқалық материалдарды талдау дағдысын қалыптастырады;

- оқу бағдарламасына сәйкес студенттің қаншалықты белсенділік, шығармашылық бағытта өсуін бақылауға мүмкіндік береді.

Өздік жұмысты орындаудың тәрбиелік мәнінде атап көрсету керек. Студенттердің ынтасын, маман ретінде алдына қойған мәселесін табандылықпен орындау дағдысын қалыптастырады. Сол себепті оқытушы дұрыс талап қоя білуі шарт.

Сонымен, мынадай қорытындыға келеміз, өзіндік жұмысқа жұмыс бағдарламасы бойынша көбірек тақырыптарды қалдырып отыруға болады. Білім алу үрдісінде кредиттік технология бойынша оқыту кезеңінде студенттердің өздік жұмысының алатын орын маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2015 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2005.
2. Үздіксіз білім жүйесінде жаңа формация мұғалімін даярлау Тұжырымдамасының жобасы. – Астана, 2005.

3. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. - Алматы, 2004
4. Абдыгапарова С.Б., Ахметова Г.К., Ибатуллин С.Р., Кусаинов А.А., Мырзалиев Б.А., Омирбаев С.М. Основы кредитной системы обучения в Казахстане. - Алматы: «Қазақ университеті», 2004.

ӘӨЖ: 372.881.151.212.2

М.Қ. Танашанова

«№4 нашар еститін балаларға арналған мектеп - интернат» КММ
Қазақстан, Семейқ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

«Ойын - бала үшін өмірлік тәжірибе»

М. Жұмабаев

Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Балалардың ойлауын, қиялын, сөйлеуін дамыту үшін түрлі ережелер мен ойнайтын ойындардың да үлкен дидактикалық мәні бар.

Бір ойын түрі ойлау мен қабылдауын жетілдірсе, ал екіншісі ойлау қабілетін, үшіншісі есте сақтау қабілетін жетілдіреді. Сонымен қатар сабақ үстінде ойын түрлерін қолдану нашар еститін оқушылардың оқып, отырған сабағына қызығушылығын арттырады, түсінуге мүмкіндік туғызады.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілі пәнінің мақсаты – нашар еститін балалардың қарым-қатынасын қалыптастыру, дамыту, тілдік және танымдық біліктілігін қамтамасыз ету. Мұғалім үшін басты міндет оқушының қызығушылығын арттыру, әсіресе нашар еститін оқушылар үшін, сөйлеу қабілетін дамыту маңызы зор. Орыс сыныптарындағы қазақ тілі сабағында ойын түрлерін қолдану тиімді. Ойын дегеніміз-баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар [17].

Тілді үйренудегі ойынның мақсаты:

Ойын арқылы оқушылардың білім-білік дағдылары қалыптасады.

Оқытудағы ойынның міндеті:

Білім деңгейі мен дағдыларын жетілдіре отырып, ойын арқылы оқу мен тәрбие ұштасады. Мұғалім ойната отырып, жаңа білімді меңгертеді. Оқушының танымдық қызметі мен ой-өрісі кеңейеді, оқушының өзіне деген сенімі артады, оқуға деген қызығушылығы, белсенділігі дамиды.

Оқушыларды адамгершілікке, бір-бірін сыйлай біліп, қол ұшын беріп, көмектесуге үйретеді. Балаларды оқытудағы ойынның ерекшелігі: сабақ сапасы жақсарады, пәнге деген қызығушылығы артады, логикалық ойлай білуге итереді, тәртіп сақтау дағдысы қалыптасады, есте сақтау қабілеті дамиды. Ойын барысында оқушының ой-өрісі дамиды, сөйлеу қабілеті жетіледі, қарым-қатынас жасауға үйренеді, көңіл-күй көтеріледі, оқушы жалықпайды, сөздік қоры көбейеді.

Әр түрлі ойын түрлерін тиімді қолдану үшін сабаққа сыныптағы оқушының барлығын қызықтыра отырып қатыстыру қажет. Бес саусақ бірдей емес, яғни әр оқушының сабаққа қызығушылығы, дүниетанымы, даму ерекшеліктері әртүрлі. Сондықтан нашар еститін оқушылардың осы топтарына әртүрлі деңгейде талап қоюға тура келеді. Ал ойын элементтері кез-келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті үлгерімі төмен оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды.

Әр түрлі зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып нашар еститін балалардың тілінің дамуында сөйлеу қабілетін жетілдіріп, дүниетанымын кеңейтуде сөздік ойындардың атқарар рөлі ерекше екені дәлелденді. Сондықтан барлық сабақтарда сөздік ойындарын қолдануға болады. Сондай ойынның бірі – «Керекті сөзді тауып айт». Басқарушы көкөніс, жеміс, оқу құралдары, ойыншықтар т.б. сөздерді атаса, оқушылар сол топқа жататын заттарды атауы керек[3,47].

Тізбек ойыны: берілген сын есімнің соңғы дыбысынан басталатын басқа сын есімді тауып айту тапсырылады: таза – ақылды -

Сабақты «Сөйлеу минуты» ойынымен бастауға болады. Ойын мақсаты – балаларға үйде не істегенін ауызша диалог түрінде айтқызып, әңгімелеп беруге үйрету. Ойын сұрақ-жауап түрінде өтеді.

- Кеше қайда болдың?
- Теледидардан қандай кино көрдің?
- Кино не туралы?

Қай буынды жоғалттым? Ойынның мақсаты: сөздерді буынға дұрыс бөлуге жаттықтыру.

Сандар әлемі ойынның мақсаты: сөз құрамында сан есімдері бар сөздерді жазу арқылы еске түсіру қабілеттерін жетілдіру. Сөздік қорларын кеңейту. Қай жұп құрамында сан есімдері бар сөздерді көп жазса, сол жұп жеңімпаз атанады.

Мысалы: 2+бастұз, к+3+ік, т.б.

Бұлқалайөзгерген? Ойынның мақсаты: бір әріптің өзгеруінен сөздің басқа мағынаға ауысып кететіндігіне оқушылардың назарын аудару, ойында шағын топ болып жасырын түрінде өткізуге болады. Екі топқа бір сөз беріледі. Әр топ берілген сөздің бір әрпін өзгерте отырып жаңа сөздер жазу қажет. Қай топ көп сөз жазса, сол топ жеңімпаз аталады. Мысалы: қала– бала– дала.

Кім? не? Ойынның мақсаты: заттың атын білдіретін сөздер туралы білімдерін пысықтау. Ойын шарты: бұл ойынды жарыс түрінде немесе топтар бойынша ойнауға болады.

Кім?

Не?

Сөз тізбектерін жазу, ойынның мақсаты: сөздік қорды молайту. Ойын шарты: бір тақырыпта сөздерді айту. Мысалы:

1. мектеп... парта, орындық, мұғалім...
2. оқушы... дәптер, мектеп, кітап...
3. Қазақ тілі... жаттығу, сөйлем, тыныс белгісі...
4. Әке... , әже, ана, ата-ана...

Оқушылардың қарапайым түрде орындай алмаған тапсырманы ойын түрінде 50 пайыздан астамы орындайды.

Қазақ тілінде ойын элементтерін енгізудің маңызы зор. Ол оқушының шығармашылық қабілетін, сабақта белсенділігін арттырады, қазақ тіліне деген қызығушылығын оятып, білімін молайта түсуіне әсерін тигізеді [2, 97].

Менің қазақ тілі сабағында алға қойған мақсатым - нашар еститін оқушыларды дидактикалық ойындар арқылы әлемдік ізгілік пен әдептілік негіздерімен тәрбиелеу. Бұл үшін әлемдік тәрбиенің озық үлгілерін, сыннан өткен тәрбие көздерін қазақ тілін оқыту барысында тиімді қолдану қажет. Қазақ тілі сабақтарында өнегелі өсиеттерді үйрету арқылы оқушыларды адамгершілік құндылықтарын түсініп, оны келешек өмірінде дұрыс қолдана білуге дағдыландырылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбішева А. Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері // Бастауыш мектеп. - №3. 2003. – 17 б.
2. Оралбаева Н., Жақсылықова Қ. Қазақ тілі сабағында қолданылатын ойындар және оларды ұйымдастыру жолдары // Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. - №3. - 1996. - 186-202 б.
3. Баялиева С. Сабақта ойын түрлерін қолдану // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. - №3. - 2004. - 97 б.

ӘӨЖ: 373.1

Н.С. Танбаева

Қалижан Бекқожин атындағы №12 жалпы білім беру мектебі
Қазақстан, Павлодар қаласы

САНДАРДЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ ҰҒЫМЫ

Әр ұлттың мәдениеті мен дәстүрі, дүниетанымдық ұстанымдары мен көзқарастары мақал-мәтелдерде айқын көрініс табады. Мақал-мәтелдерде адам мен табиғат, қоғам мен адам, адам мен адам арасындағы қатынастарды береді. Қатынастар адамгершілік (гуманизм) пен парасаттың, ақыл мен ойдың, қайрат пен сезімнің бірлігі, біртұтастығы түрінде сипатталады. Мәселен, «өзін табиғаттың «бел баласы» санаған қазақтың философиялық толғанысы: Адамгершілікке арналған үш сауал бар: шөлге құдық қазған бір сауап, өзенге көпір салған бір сауап, жолға ағаш еккен бір сауап, Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады.

Рухани жағынан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлер жүйе құрайды десек, оның басты атрибуттарының бірі *жеті аталық дәстүр* қазақ ұғымында ұлт рухының өміршеңдігін ұстап тұратын генеалогиялық тілдік тұғыр болып саналады. Жеті атасын білмеген – жетімдіктің

белгісі. Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер. Адамға екі нәрсе тірек-тегі, бірі – тал, бірі – ділің жүректегі. Жетімнің қарны жетеу *т.б. тілдік модельдер арқылы көрініс береді.*

Сөз саптауда адам мен адам арасындағы қарым-қатынастағы рөліне айрықша ден қойған қазақы діл оның алғышарттары Көп сөздің емі – бір-ақ сөз, құр сөзге дауа жоқ. Мың сөз де бір істің жарымына татымайды. Мың сөзді бір сөзбен тоқтатар. Мыңға татыр бір сөз бар. Мақтан тілге – мың бәле. Отыз тістен шыққан сөз, тоғыз рулы елге тарайды. Арлы адамға бір сөзде жетеді, арсыз адамға мың сөз де жетпейді *т.б. деп көрсетеді.*

Қазақ этносының дәстүрлі тұрмыстық өмірлік көзқарастарға қатысты сан арқылы кодқа түсірілген ұғым-түсініктегі тұрақты теңеу, фразеологизм, мақал-мәтел, жұмбақ, нақыл сөз, поэтикалық сөз-бейнелер т.б. этнолингвистикалық арналардың барлығынан табылады. Сандарға негізделген мақал-мәтелдерді «киелілік» және «дәстүрлік» сипатына қарай қарастыру шынайы өмірлік жағдаяттар астарындағы рухани-мәдени және қоғамдық-әлеуметтік факторларды айқындауға мүмкіншілік береді.

Қазақта 3, 7, 9 және 40 сандары дәстүрлік ұғым тұрғысынан қасиетті, киелі болып есептеледі. Киелі сандарға қатысты этникалық білім қорындағы бейнелі пайымдар мақал-мәтелдерде былайша көрініс береді: Үшеудің бірі шарана, төртеудің бірі қаймана, Үш тағанның бірі қисайса, қалғандары құлайды, Үш нәрсе тұрақтамайды: Бірі – саудаға түспеген мал (дүние), екіншісі – таласқа түспеген ғалым, үшіншісі – саясаты жоқ патша, Үш болмайтын екілік жоқ, Түйе мінген адам үш бүктетіле алмайды, Жаман мерген теке атқан жеріне үш барады, Жыланды үш кессе де кесірткелік әлі бар т.б. үш санына қатысты мақал-мәтелдер арқауына басы бір нүктеде тоғысатын үш тірек бағандық және үш қаттық дүние моделі алынып, үш саны кез келген құбылыстың тұрақтылығы мен орнықтылығын бейнелейтін сан қилы үштік одақтар мен өзара тығыз байланыстағы үштік құрылымдардың (триада) символикасы ретінде жұмсалатыны байқалады.

«Жеті» санының киелі сипат алуы ертеде «Жеті қарақшы» жұлдызына оны киелі санауына тікелей қатысты деуге болады. Адам болмысының тігімен үш қат, көлденеңнен төрт құбыла, ал екеуінің қосындысы жеті, сондықтан жеті бүкіл әлемнің символы. Бүкіл дін саласында «жеті» ерекше рөл атқарады, христианның дініндегі крес те осыған байланысты.

Сандарға негізделген мақал-мәтелдердің ең жиі кездесетіндері де жеті санына негізделген. *Қарғыс жеті атаға жетеді, Жеті кедей жиналғанмен ортасынан бір бай шықпас, Кедейдің жеті қаңтары бар, Жетім бала жеті күлішеге тоймас, Жетімге жеті бидай да тамақ,* деген мақал-мәтелдер пәле, дау, жетімдік, жоқшылыққа байланысты болса, *Айла алтау, ақыл жетеу, Жеті атасы би болған, жеті жұрттың қамын жер. Қыстың соңы жеті тоғыс, көктем басы бес тоғыс,* қырағылық, жолсапар, тектілік, заман уақыт мағынасын береді, *Жігіт бір сырлы, сегіз қырлы болсын, Алты аға бірігіп әке болмас, жеті жеңге бірігіп ана болмас, Алты жастан жинасам асырам, жеті жастан жинасам жеткізем, Жетелі мен іскерге жеті күннің бәрі сәтті.*

Тоғыз санының қатысуымен жасалған *Тойған үйге тоғыз бар, Егістікті бір рет сыйламасаң, ол сені тоғыз рет қинайды, Отыз тістен шыққан сөз, тоғыз рулы елге тарайды. Тоғыз ат бір қазыққа байланбас* т.б. мақал-мәтелдердің негізіне әлем тоғыз бөлектен құралады деп таныған жалпыалтайлық дүние моделімен сабақтасатын көне әдет-ғұрыптар, ескі наным-сенімдер, дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің элементтері алынады. *Жақсы атаның аруағы қырық жыл сүйрейді, Қырық жыл қырғын болса да, ажалы жоқ өлмейді, Қызға қырық жігіт сөйлеседі, бірі алады, Қыз қырық жанды келеді, Бір қыз күйеуге шықса, қырық қыз түс көреді, Қыз алмаған жігіттің қырық қызда дәмесі, Қырыққа келсе де, ырыққа келмеген, Құлықсыздың қырық желеуі бар, Қырсық қырық ағайынды, Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ,* сияқты тілімізде «қырық» саны ұйытқы болып келетін көптеген мақал-мәтелдер молынан кездеседі. Қырық санымен кодқа түсірілген мифтік-танымдық және діни сипаттағы сан алуан ақпараттар орын алады.

Қазақ этносының тым көнеден жалғасым тауып келе жатқан санау жүйесінде айрықша «киелілік» сипатымен ерекшеленетін сандардан басқа да, мағыналық-мәндік өрісі этностың дәстүрлі ұғым-түсініктеріне қарай жетелейтін сандар орын алады. Дәстүрлі сан есімдер қатарына бір, екі, төрт, бес, алты, он екі, жүз, мың сандары жатады.

Мақал-мәтелдер құрамында екі саны тақ пен жұп, аздық пен көптік, жақсы мен жаман аралық қарама-қайшылықты бейнелейді. *Екі қошқардың басы бір қазанға сыймас, Екі қылыш бір қынапқа сыймайды, Күн екіге бөлінбес, ай екіге жарымас, Ер жігіттің екі сөйлегені өлгені, Екеуге иық көрсеткен біреу – өзінің соры, біреуге иық көрсеткен – елінің соры.*

Төрт санының қатысуымен жасалған *Төрт аяғы тең жорға, сүдігерге сүрінеді, Төрт түліктің төресі түйе* сияқты мақал-мәтелдер мал шаруашылығына байланысты болса, *Дұшпан көзі төртеу, Екі аяқтыда құрдас тату, төрт аяқтыда бота тату* деген мақал-мәтелдер достық пен

дұшпандыққа байланысты, *Өтірік екеу, шын төртеу, Өтірік пен шынның арасы төрт елі, көзбен көрсең шын, құлақпен естісең өтірік* деп шындық пен өтірік байланысты айтылса, *Төрт тұрманы түгел бай, тырнақтай тарту алады, Төртеу түгел болса алар, алтау ала болса алдырар* деп ынтымақ-бірлікке байланысты айтылады. Сонымен, төрт саны дүние моделіне енетін белгілі бір құрылымның бүтіндігін сипаттап, оны құрайтын барлық элементтердің түгел екенін білдіреді. «Төрт» сан атауының «тұтастықты», «бүтіндікті» бейнелейтін символдық мағынасы жалпы адамзаттық дүниетанымдық құндылықтардың тұғырына алынатын дүние жаратылысының төрттік элементі от, су, топырақ, жел және оның түс-түрлік (ақ – су, қызыл – от, қара – жер, сары – жел), бағыттық (1.Шығыс, 2.Оңтүстік, 3.Батыс, 4. Солтүстік), діни (төрт халифа, төрт қасиетті кітап, төрт періште т.б.) т.б. семантикалық түрленімдерінен бастау алады.

Мифтік-танымдық, тұрмыстық, шаруашылықтық, мәдени, діни, жаугершілік сияқты өмір тынысының көптеген қырына байланысты ұғым-түсініктердің (бес аспап, бес анық, бес парыз, бес жақсы, бес қару т.б.) негізін құрайтын бес саны даналық қазынасында *Аласыға алтау аз, бересіге бесеу көп, Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады, Алдыңа бір қарасаң, артыңа бес қара, Алпыс батпан көтерген кісі бес батпан қосқаннан қорықпайды, Бес саусақ бірдей емес, Бестің басы болғаниша, алтының аяғы бол, Білмесіңді бес жасар баладан сұра, Бесіктегі бала бес түлейді, Күніне бес рет балық асса да балықшы болдым демейді* т.б. мақал-мәтелдердің жасалуына ұйытқы болады. Олардың компоненттік құрамдық және жалпы мағынасы бес санының аздық пен көптік ұғымды өз бойына қатар жинақтайтынын көрсететеді. Демек, бес саны көнеден келе жатқан сандық жүйеде аздықтың шегі, көптіктің басталар тұсының белгісіне алынатыны байқалады.

Дәстүрлі сандардың бес санынан кейінгі атауыштық мағынасына мақал-мәтелдер құрамында көптік реңкі үстемелене бастайды. Мысалы: *Алпыс күн тасыған су алты күнде қайтар, Алты күн атан болғаниша, алты күн бура бол, Туғанда алтау едік, өле-өле жетеуміз, Алпысқа келгенде, алты ағаң болсын, жетпіске келгенде, жеті жеңгең болсын, Сегіз кессе сіркедей қан шықпас, Жаманның аяғы сегіз, бірі шалмаса, бірі шалады, Сексен де сегіз байлық, сегіз жарлық, Мың қосшыға бір басшы, Батыр мың қолды бастайды, шешен тар сөз бастайды, Жүзден біреу шешен, мыңнан біреу көсем, Жүзден жүйрік мыңнан тұлпар, т.б. Жалқауға мың сылтау, Жын соққаннан, мың соққан жаман, Жақсының бір-ақ сөзі – мың алтын, Жүз жылдығын ойлаған жығылмайды, т.б.*

Қорыта айтқанда, қазақ этникалық салт-дәстүрлерінің, қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде жинақталған тәжірибенің пайымдық санау жүйесіне қандай да бір қатысы барларының «киелі» және «дәстүрлі» сандар арқылы кодталуы тілдің куммулятивтік қызметімен астасып жатады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қайдар Ә. Қазақ этнолингвистикасы // Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. - Алматы: Ана тілі, 1998. - 356 б.
- 2 Қайдар Ә. Қазақ этнолингвистикасы // Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. - 8-29 бб.
- 3 Жәрдем Кейкін. Қазақ атаулар мен байламдар. - Алматы: «Өлке» баспасы, 2000. - 256 б.
- 4 Дүсіпбаева Қ.С., Ахмеджанова Ф.Р. Қасиетті сандар қатысқан қазақ ескіліктері. - Өскемен, 2001.
- 5 Құралұлы А., Оспанова Г.Б., Әбдірахманова З.Б. Сандардың құпиялары мен мағыналары. - Шымкент, 2003. - 80 б.

ӘӨЖ: 355.232

А.К. Төгісова

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы атындағы
Ұлттық қорғаныс университеті, Астана қ.

ӘСКЕРИ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ІЗГІЛЕНДІРУ ТУРАСЫНДА (ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ НЕГІЗІНДЕ)

Әскери білім берудің жетекші факторларының бірі -білім алушылардың оқыту және тәрбиелеу жүйесін ізгілендіру болып табылады. ХХІ ғасырдың армиясына әскери кәсіпқой, гуманитарлық мәдениетке, көшбасшы қасиеттеріне ие, жауынгерлік міндеттерді дербес шешуге қабілетті офицерлер қажет. Қорғаныс министрлігі алқасының кезекті отырысында сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев: «... қазір біз ХХІ ғасырдың қазақстандық жауынгерінің ұжымдық бейнесін қалыптастырудамыз, оның басты қасиеттері: патриотизм,

зияткерлік даму, салауатты өмір салты болуы тиіс. Бұл жауынгер шет тілдерін, компьютерді және басқа да күрделі техниканы жетік білуі тиіс», - деп атап айтқан болатын [1].

Ізгілендіру- барлық пәнде болады, бірақ та қоғамдық пәндерде ерекше орын алады. Осы тұрғыдан келгенде, әскери кадрларды даярлауды жетілдіру бойынша әлемдік тәжірибе қоғамдық-саяси, әлеуметтік пәндердің үлес салмағы әлемнің әскери ЖОО-дағы оқу жоспарларында елеулі артқанын растап отыр. Мысалға, АҚШ ЖООда әскери пәндердің көлемі оқу сағатының жалпы санының 15 пайызынан аспайды, ал әскери колледждердегі гуманитарлық пәндерге бірінші курста 50 пайызға дейін, екінші курста -30 дейін, үшінші курста-60 дейін және төртінші курста -70 пайызға дейін оқу уақыты бөлінеді [2].

Ғылыми дереккөздерге [2, 23 б; 3] жүргізілген талдау Вест-Пойнт академиясының негізгі оқу бағдарламасын қамтамасыз ететін 13 кафедрасы, 28 оқыту бағыты және 20 элективтік бейінді пән, 6 кафедра гуманитарлық дайындықты жүзеге асыратынын көрсетіп отыр (ағылшын тілі, шет тілдері, тарих, құқық, әлеуметтік ғылымдарының кафедралары).

АҚШ әскери қызметшілерінің кәсіби қызметі мен мәнсабы оның жеке басынан жатсыну болып табылмайды, керісінше, жеке басының үздіксіз дамуының маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Осы себептен оқыту моделінің негізіне айқын құндылықтары мен мақсаттары бар, әлеуметтік тұрғыдан жауапты, жаңа жағдайларға бейімделе алатын және өз еркімен шешім қабылдай алатын, басшы қасиеттеріне ие әскери қызметшінің жеке басы мен кәсіби қызметі туралы біртұтас түсінік арқау болған.

Осыған ұқсас нақты мәліметтер бірқатар дамыған әлем елдерінің жоғары әскери мектебін сипаттайды.

ГФР әскери кадрларды қоғамдық-саяси даярлаудың нақты жолға қойылған кешені құрылған. Білім алушылар көбінде: саясаттану, әлеуметтану, тарих, мемлекеттік және халықаралық саясаттану, әскери құқық, христиан әдебі, экономика және қоғам, басқару теориясы, философия, педагогика және психология, тұлғаны қалыптастыру теориясы, өзекті идеялық ағымдар және қоғамның даму теориясы, әскери география, экономика және қарулы күштер, әдебиет пен өнер, қауіпсіздік саясатының негіздері, шет тілдері және т.б. гуманитарлық пәндерді зерделейді. Екі бағыттың біріне жататын- гуманитарлық немесе техникалық болашақ мамандыққа байланысты бұл пәндерді зерделеуге 20-дан 50 пайызға дейін оқу уақыты беріледі. Оқу кезеңінде білім алушылар әскердегі қызметке қажетті теориялық, арнайы білім және педагогикалық дағды алады [4].

Басылым материалдары бойынша Бундесвер әскери ЖОО-да офицер кадрларын даярлаудың тәжірибесіне жүргізілген талдау, офицер мектебіндегі тәрбие офицерге үміткерлердің оқуымен және әскери-қызметтік әрекетімен бірге үйлесте біртұтас үрдіс ретінде қарастырылатынын растайды. Оқу процесінің құрамдас бөлігінде бундесвердің болашақ офицерлеріне көпшілік алдындағы дискуссиялар, жаппай ақпарат құралдарында сөз сөйлеу барысында қарым-қатынас жасау қабілеттерін шыңдауды, әдістемелік, белсенді оқыту технологиялары мен дидактикалық принциптерді мақсатқа сай қолдануды, бундесверлік болашақ офицерлерін тәрбиелеуде өзінің әскери мамандығына деген мақтаныш сезімінің басымдығын қарастыруға болады.

Оқу уақыты жалпы бюджетінің шамамен 5% әр түрлі мемлекеттік құрылымдардан (400 адамға дейін) шақырылатын оқытушылардың үлесіне келеді. Бұл оқытудың жоғары уәждеме деңгейін, қазіргі заманғы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ ГФР әскери қызметшілерін даярлау жүйесінде азаматтық оқытушылардың үлесін арттыру беталысын қамтып көрсетеді [5].

Сондай-ақ Францияда офицерлерді даярлау белгілі бір қызығушылық тудырады. Оқу жоспарына сәйкес уақыттың шамамен 50% әскери пәндерді зерделеуге, 40%-ға жуығы жалпы білім беру пәндеріне және 10% дене дайындығына бөлінеді [6]. Негізгі дайындық мектептерінде білім алушылар бөлімдер мен бөлімшелерді ұйымдастыру және олардың іс-қимыл тактикасын зерделейді, құрамаларды жауынгерлік қолдану туралы жалпы мәлімет алады, Қарулы күштердің жарғыларымен, әскер тектерінің қаруымен және әскери техникасымен егжей-тегжейлі танысады, жалпыәскери оқу-жаттығуларға қатысады.

Білім алушыларға гуманитарлық немесе жаратылыстану пәндері бойынша мамандануға таңдау құқығы беріледі. Мамандануға байланысты білім алушылар математика, физика, география, тарих және басқа да ғылымды зерделейді. Гуманитарлық пәндерді зерделеуге үлкен көңіл бөлінеді, оның қатарына философия, саясаттану, әлеуметтану, көшбасшы теориясы, экономика, педагогика және психология кіреді. Әрбір білім алушы екі шет тілін зерделейді - бірі міндетті, ал екіншісі факультативті, және де шет тілін еркін білу офицер даярлығының қажетті элементі болып саналады [7].

Ұлыбританияның Қарулы Күштеріндегі әскери оқу орындарында, сонымен қатар әскерлердегі педагогикалық қызметке де офицерлік кадрларды даярлаудың ұлттық жүйесі жұмыс істейді. Әскери-кәсіби оқытуға және әскери қызметшілерде моральдық-жауынгерлік қасиеттерді қалыптастыруға, педагогикалық қызмет және оған дайындау үшін басты жауапкершілікті барлық дәрежедегі командирлерге жүктеу тән нәрсе [2, 23 б.]. Құрлық әскерлерінің офицерлерін алғашқы әскери-арнайы және әскери-кәсіби даярлау Сандхерстск әскери училищесінде жүзеге асырылады. Әскери училищедегі оқу тек әскери пәндерді зерделеумен ғана шектелмейді. Офицер, басшылықтың пікірінше, бірінші кезекте өзінің зияткерлік дамуымен бағыныстылары алдында беделге жетуі керек. Сондықтан да училищеде психология, әдеп, қоғамдағы мінез-құлық мәселелері зерделенеді [8].

Лауазымдық тағайындалуына сәйкестікте ЖООдағы білім алушыларды мамандандыруға байланысты бағдарламаның тарауына олардың ақпараттық және педагогикалық технологияларды қарым-қатынас құралдары мен тәсілдерін дағдыландыруға (ауызша және жазбаша түрде) және де әсіресе күйзеліс жағдайында айналасындағыларға жеке әсер етуге мүмкіндік беретін оқу пәні ретінде коммуникацияны зерделеу кіреді. Ұлыбританияның Қарулы күштерінің жеке құрамын даярлау жүйесін зерттеген мамандар офицерлік құрамды даярлау бағдарламасын осылай құру біріншіден, практикалық бағыттылықты, екіншіден, білімнің қазіргі заманғы салаларында әскери-кәсіби дайындықтың жеткілікті жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, деп атап көрсетіп отыр. Ол, сондай-ақ басшылық кадрларын даярлаудың педагогикалық бағыттылығын жеке құрамға, оларды оқытуға және тәрбиелеуге ықпал ету субъектілері ретінде көрсетеді [2, 24 б.].

Сонымен, әлемнің жетекші армияларының әскери ЖОО-ның білім алушыларын даярлауына жүргізілген талдау гуманитарлық білім беруге үлкен мән берілетінін көрсетіп отыр, оны адамның жеке құндылығына, жалпы мәдени деңгейін арттыруға, білім алушылардың білімдарлығын дамытуға, адамдармен қатынасу іскерлігіне бағытталған мамандарды кешенді түрде даярлаудың неғұрлым маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Жоғары әскери оқу орнының түлегі ең алдымен жоғары интеллектуалды, білімді офицер болу керек. Әскери колледждердегі гуманитарлық пәндердің кеңейтілген курстары олардың әскери ұжымдардың басшысы ретінде қалыптасуына мүмкіндік берері сөзсіз.

Білім алушылардың гуманистік ажарланған кәсіби қызметін тиімді қалыптастыру мақсатында:

- жоғары басшылықпен педагог құрамының сапалы дайындығы арқылы әскери ЖООда білім берудің педагогикалық мәдениетінің деңгейін арттыру қажет;
- оңтайлы тәсілге негізделі отырып, қызмет өткеру барысында субординациялық субъект-объектілік өзара іс-қимыл мен оқу қызметі барысында демократиялық субъект-субъектілік қарым-қатынас арасындағы теңгерімді табу қажет;
- білім алушының субъектілігінің рухани-адамгершілік бастауын көп деңгейлі интегративтік білім ретінде қабылдау қажет;
- тұлғаның адамгершілік (моральдық) мақсаты мен ішкі (рухани) талпынысын «идеалмен» ара қатысын белгілеу және оған сәйкес келе отырып, практикалық кәсіби қызмет шеңберінде әрекет жасау қажет.

Болашақ офицердің рухани-адамгершілік мәдениетінің деңгейін тиімді арттыру білім беру процесінде гуманистік және әлеуметтік-антропологиялық көзқарастарды синергетикалық үйлестіру кезінде мүмкін деген пікірдеміз. Білім берудің жалпы ғылыми және кәсіби беталыстары әрбір білім алушының субъективтік жекелігінің шығармашылық әлеуеті деңгейін арттыруға бағытталуы тиіс. Ізгілендіру және гуманитаризациялау беталыстарымен сәйкестікте білім беру процесінің күрделілігі кәсіби және педагогикалық әдепті лайықты және адал орындау қажеттілігінен туындайды. Сондықтан да, біздің ойымызша, *педагог білуі керек (міндетті)*:

- өз мүмкіндіктерінің әлеуетін ескеріп, осы мамандық үшін елеулі қасиеттерін, өзінің күшті және осал тұстарын белгілей білу керек: өзін-өзі бағалай білу, өзін-өзі бейімдей білу қабілеті, дидактикалық және коммуникативтік іскерлігі болу керек;
- мінез-құлқының жоғары мәдениетіне, педагогикалық ойлауға, интеллектуалды және рухани қызметтің жалпы мәдениетіне ие, еліктеуге тұрарлықтай болуы керек;
- білім алушыны түсіне білуі және құрметтей білуі керек.
- білім алушылардың шығармашылық және танымдық белсенділігін ынталандыратын оқытудың белсенді түрлері мен тәсілдерін қолдана отырып, білімнің көпдеңгейлі жүйесін табысты игеру үрдісін басқара білуі керек.

Мұндай кәсіби дағдылар кәсіби тренингтермен үйлесетін, терең теориялық негізделген педагогикалық және психологиялық білімді талап етеді. Оқытушы құрамның үздіксіз өзін-өзі

жетілдіру қалай талап етілсе, алынған білімді тексеру мен бақылаудың дәстүрлі емес нысандарын белсенді енгізу де солайша талап етіледі. Бұл «дөңгелек үстелдер», «іскерлік ойындар», шағын тақырып бойынша білім алушылар арасында өткізілетін конференциялар және т.б. Бастамашылықты жан-жақты көтермелеп, қолдап, рухани қажеттіліктің дамуына да мүмкіндік жасау керек.

Сонымен, әскери білімді гуманитаризациялау, байқап отырғанымыздай, өте күрделі көпжоспарлы мәселе, бұл әскери білім органдарынан, ЖООлардың басшылық және оқытушы құрамынан кешенді, терең ойлы тәсілді талап етеді. Білім алушыларға гуманитарлық білім беру және гуманистік тәрбиелеудің табысы көбінесе ұйымдастырушылардың осы үшін қолайлы жағдай жасай білу іскерлігіне байланысты болатынын естен шығармағанымыз абзал.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Казахстанская армия - в тройке лучших среди стран СНГ [Электрондық ресурс]. - Рұқсат ету режимі://<http://mod.gov.kz>.
- 2 Кудрявцев Ю. Подготовка командных кадров к воспитательной деятельности в вузах США, ФРГ и Великобритании // Зарубежное военное обозрение. - 2001. - № 5. – С. 97.
- 3 Карпова Т.А. Педагогические основы гуманитарной подготовки офицерских кадров в высших военно-учебных заведениях США: автореф. дис. канд. пед. наук. - М., 2000;
- 4 Ожгихин В. Система подготовки офицерского состава Сухопутных войск США//Зарубежное военное обозрение.- 2002.- №5.- С.19-26.
- 5 Стрелецкий А. Система подготовки офицерских кадров в США//Зарубежное военное обозрение.- 2002.- №11-12.- 20-27б. - С. 16-21.
- 6 Кириленко Г.В. Основные направления развития системы подготовки военных кадров в России: история и современность //Право и безопасность.-2003.-№1-2.
- 7 Андреев В.И. Сравнительный анализ подготовки офицеров в армиях зарубежных государств и Республики Беларусь//Наука и военная безопасность.-2007.- №1. - С.58-63
- 8 Чернов В. Подготовка офицерских кадров Сухопутных войск Германии //Зарубежное военное обозрение.-1992.-№1.-С.23-27; Румынов Д. Система подготовки офицеров вооруженных сил ФРГ //Зарубежное военное обозрение.-2014.-№9.
- 9 Костина Н.К. Педагогическая система подготовки офицерских кадров для сухопутных войск: межвузовский сборник научных трудов -Ряз. гос. ун-т им. С.А. Есенина. -Рязань, 2008.-Вып. 2.- С. 79-83.
- 10 Береговой А. Подготовка военнослужащих ВС Франции//Зарубежное военное образование. – 1999. – № 4. – С. 9–13.
- 11 Симаков М. Военно-учебные заведения Франции//Зарубежное военное обозрение. -1990. -№ 10.– С.12-16.

ӘӨЖ: 159.9.01

А.Д. Төлеуханова

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Қазақстан, Өскемен қ.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ - БІЛІМ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА ЖОЛЫ

Қоғам өмірінің барлық салаларында, яғни экономикасы мен әлеуметтік қатынастарында көптеген өзгерістер туып отырған жағдайда білім беру ісінде де өзгерістердің болуы заңды нәрсе. Себебі, білім беру саласы мен мектеп ісін қоғамнан тыс алып қарауға болмайды. Бүкіл қоғам өмірінде бой көрсеткен жаңалықтардың білім беру саласын да соқпай өтпейтіні мәлім.

Дәстүрлі оқыту әдістемесінің заман талабына сай толық білім беруге, меңгеруге кепілдік бермейтінін заман талабы көрсетіп отыр. Елімізде соңғы жылдары оқытудың жаңа технологияларын оқу үрдісінде пайдалану мәселесі арнайы зерттеле басталған мәселелердің бірі.

Ғылым мен техниканың дамуы еліміздің техникалық прогресске жеткізері мәлім. Ал техникалық прогресс қоғамның және бәсекеге қабілетті мамандардың жоғарғы деңгейде білім алуларын қажет етеді. Сонымен, білім беру жүйесін қоғамдық өмірдің өзге салаларының да негізі деп білуіміз керек.

Жаңа технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғы шарттар қажет: оқу үрдісін интенсификациялауды жаппай қолға алу; оқушылардың сабақтастылығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру. Оның ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу,

пәндік білім стандартымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу, оқыту үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу.

Сондықтан, әртүрлі оқыту технологияларын білім беру мазмұнында тиімді пайдаланып, бәсекеге қабілетті маман дайындаудың маңызы зор. «Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгерту интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі», - деп көрсетеді С.В. Селевко.

Қоғамдық-тарихи тәжірибені игерудің басты әлеуметтік-қызметі білімді жинақтауда емес, бар білімді қайта жаңғыртуда, яғни педагогикалық технологияларды тиімді игеру мәселесі туып отыр. Сондықтан қазіргі заманда бәсекеге қабілетті мамандардың ойлау белсенділігін кеңінен дамытып, білімді өзіндік жаңарту мен толықтыруға, оларды теориялық және тәжірибелік міндеттерді шешкенде алған білімдерін тиімді пайдалана білуге үйретуге міндетті. Мұны П.П.Блонскийдің, Л.С.Выготскийдің, С.Л.Рубинштейннің, А.Л.Леонтьевтің, В.Я.Гальпериннің, Н.Ф.Талызинаның, Дж.Брунердің және т.б. зерттеулері дәлелдейді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда Ш.Қаланованың, Ж.Қараевтың, Ш.Таубаеваның, Қ.Қабдықайыровтың, С.Лактионованың, М.Жанпейісованың, Ә.Жүнісбек пен Қ.Нағымжанованың, С.Көшімбетованың, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан-жақты қарастырылады.

Білім берудің сапасын мәнді жоғарлату жолдарын іздестіруде, нақтырақ айтсақ, жоғары білімнің Н. Чабышев пен В.П. Коган пәнаралық байланыстың тұжырымдамасын негіздей отыра оны жоғары білім беру тәжірибесіне енгізудің нақты оқу-әдістемелік механизмін ұсынады. Бұл бағыттағы инновациялық іс-әрекет мәселесі білім беру мекемелерінде шешілуі қажет.

Қазіргі кезде әдебиеттен осы заманғы білім берудің даму бағыты мен тенденцияларын қамтитын технологиялардың түрлері баршылық. Бүгінгі таңдағы өзекті мәселе бәсекеге қабілетті мамандар дайындап, өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту жолдар ең алдымен мектеп қабырғасынан бастаған жөн. Себебі, білімнің бастау бұлағы деп мектеп қабырғасын аламыз.

Оқу-тәрбие үрдісінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген жаңа педагогикалық технологиялар мыналар: дамыта отырып оқыту әдістемесі (Л.Занков, Д.Эльконин, В.Давыдов, В.Репин, В.Левин); оза отырып оқыту (С.Лысенкова); іс-әрекетті бағалау (Ш.Амонашвили, И.Волков); тірек және тірек конспектілері арқылы оқыту (В. Шаталов); саралап оқыту; шоғырландырып қарқынды оқыту жүйесі; деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту; жобалап оқыту технологиялары.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту.

